




ӘУЕЛСІЗДІК
ОЛҒАУЫ



Ғабит **МҮСІРЕП**



Тарихты
тұлғалар жасайды



**ТӘУЕЛСІЗДІК
ОЛҒАУЫ**

Ғабит
МҮСІРЕП



**Тарихты
тұлғалар жасайды**

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44
М 88

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

МҮСІРЕП Ғ.

М 88 «Тарихты тұлғалар жасайды» / Ғабит Мүсіреп – Алматы: «Қазы-ғұрт» баспасы, 2012. – 304 бет.


ISBN 978-9965-22-416-4

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ғабит Мүсірептің «Тарихты тұлғалар жасайды» атты жинағына баспасөз бетінде әр жылдары жарық көрген жарияланымдары топтастырылған. Автордың басты кейіпкерлері ел тәуелсіздігін қалыптастыруда өзіндік орны бар тұлғалар болып табылады. Қаламгер, сондай-ақ, өз мақалаларына мемлекеттілік, ұлтжандылық мәселелерін арқау етіп, өтпелі кезеңнің проблемаларын да назардан тыс қалдырмайды. Жинақ ұлтжанды оқырманды бейжай қалдырмасы анық.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-9965-22-416-4

© Мүсіреп Ғ., 2012
© «Қазығұрт» баспасы», 2012



**ТӘУЕЛСІЗДІК – ҒАСЫРЛАР
БОЙҒЫ КҮРЕС НӘТИЖЕСІ**



*Мәмбет Қойгелді,
тарих ғылымдарының докторы, профессор:*

ТАРИХТЫ ТҮЛҒАЛАР ЖАСАЙДЫ

– Биыл ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесі кең ауқымда тойланғалы отыр. Бұл аралық тарих үшін қасқағым сәт болғанымен, түйін жасайтын, ой қорытатын мәселелер аз емес. Сол себепті әңгімеміздің әлқиссасын тәуелсіздіктің билік пен халық арасындағы көрінісінен бастасaq деймін.

– Дұрыс-ақ, тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуі жетіп артылады ғой. Ол көзі қаракты жанның бәріне мағлұм. Тәуелсіздікті ресми түрде жариялау бар да, мемлекеттіліктің іргесін нығайту бар. Бұл біраз уақытты талап етеді. Мемлекеттілігіміз уақыт өткен сайын қалыптасып келе жатыр. Оның қалыптасу барысында өзіндік кемшіліктері болуы мүмкін, алайда өз бағытымен келеді. Біздің үлкен жетістігіміз осы. Шынымен, мемлекеттілігі жоқ халық – жетім халық. Бұл 1917 жылғы қазан революциясына дейінгі қазақ елінің жүріп өткен жолын негізге алып Әлекеңнің (Әлихан Бөкейхановтың) жасаған тұжырымы. Кеңестік кезеңдегі жетпіс жылдық тарихымыз Әлекеңнің бұл жасаған тұжырымының толық негізі екендігін көрсетіп берді. Мәселен, 1917 жылдың қарсаңында қазақ халқының саны 5,5 миллионнан асып түскен. 1921-1922 ж.ж. және 1931-1933 ж.ж. аштық нәтижесінде халық жартысынан астамын жоғалтты.

1959 ж. халық санағы бойынша Қазақстандағы қазақтардың саны 2,7 млн.-ға түсті. Бұл сандық фактілер кеңестік биліктің өзінің алғашқы жиырма жылдығында қазақ халқының өміріне қаншалықты «жағымды» ықпалы болғандығын көрсетіп-ақ тұр. Бұл цифрлік фактілерге түсінік берудің өзі артық. Жан-Жак Руссоның: «Халықты сандық тұрғыдан азайтып, азып-тоздырған билік – ең нашар билік» деген сөзі бар.

– **Санның сапаға әсер ететіні тағы белгілі емес пе?**

– Ал мәселенің сапалық жағын алсаңыз, ұлт өмірінің қаншалықты терең дағдарысқа ұшырағандығына көзіңіз жете түседі. Халық өзінің белсенді басқарушы тобының (саяси элита) екі бірдей буынын жоғалтты. Олар мақсатты түрде жүргізілген саяси репрессияның құрбаны болды. Бұл екі бірдей буын ғасыр басындағы ұлттық сілкіністің, жаңғырудың нәтижесі еді. Олармен бірге ғасыр басындағы зиялылардың азапты рухани ізденісінің өтемі ретінде өмірге келген ұлттық идея да тұншықтырылды, күнделікті қолданыстан шығып қалды. Міне, осындай қоғам басына түскен ауыртпалықтың адамдардың жеке тұлғалық болмысына тигізген жағымсыз әсерін ешкім де арнайы ғылыми талдаған емес. Алдындағы екі бірдей жігерлі де шыншыл буынды баудай түсірген саяси жүйенің беталысын байқаған кейінгі буын енді билікке ұнау, оның талап деңгейінен шығу жолына түсті.

– **Тәуелсіздік туралы әңгімеге қайта оралсақ. Халық пен биліктің ара-қатынасы қазір қай деңгейде?**

– Соңғы жиырма жылдықта қазақ мемлекеттілігі жақсылы-жаманды қалыптасу үстінде. Оны мойындауымыз керек. Бірақ оған қандай мазмұн береміз? Әңгіменің төркіні осында. Оны немен толтырамыз? Біз үшін ол басты мәселе. Сондай-ақ бұл екі жаққа бірдей артылған жүк, яғни қоғамға да және билікке де. Үйлесімді әрекет жасау – екі жаққа бірдей артылған міндет. Мазмұн толтыру мәселесі. Мәселен, ұлтта: «мына мемлекет менің мемлекетім, мына билік менің билігім. Бұл билік менің мүддеме сай қызмет атқарады. Сондықтан оны мен қолдаймын, қорғаймын» деген сана қалыптасқаны абзал. Өйткені, патша өкіметі, кеңес өкіметі тұсында халық пен биліктің бір-

бірінен алшақтау процесі жүрді. Бір-біріне сенімдері болмады. Патшалық билік те, кеңестік билік те қазақ халқына сенген жоқ. Асқар Сүлейменовтің «Бесін» атты повесінде осыған қатысты мынадай түйін бар: «Халық пен биліктің арасынан қара мысық өткен бе?» Сәруардың әкесінің айтқан сөзі. Түсініспеушілік негізінде алшақтық пайда болу деген сөз бұл. Өзара жатсынудың салдары. Қысқасы, қоғам мен билік өзара үйлесім тапқанда ғана мемлекеттің асығы алшысынан түседі.

– Жоғарыда сіз айтқан азаматтардың бойына «менің мемлекетім», «менің билігім» деген ұғымды ұялату үшін қандай шаралар атқарылуы керек?

– Ең басты мәселе, халық пен билік арасындағы алшақтыққа жол берілмеуі қажет. Ол үшін билік халыққа риясыз қызмет жасайды. Халықтың мүддесін қорғау, әлеуметтік жағдайын көтеруге мақсатты бағдарламалық шараларды іске асыру... Сонда халықтың санасында «менің мемлекетім», «менің өзімдікі» деген жауапкершілік оянады. Осы процесс жүруі қажет. Екі жақты бірдей. Әсіресе, билік жақтан белсенділік мейлінше жоғары деңгейде болғаны дұрыс-ақ. Мақсатты мемлекеттік билік – ұлтты қалыптастырушы фактор. Өйткені, ол ұлттың тұлғалық сипатына ықпал жасай алатын күш. Бұл ретте мемлекет – ұлт өмірінің локомотиві. Сол сияқты жауап сезім, жауап қадам, әрекет ұлт жағынан да болады. «Менікі» деген ұғым. Біз осы мазмұндағы жұмысқа пәрменділік беруге міндеттіміз.

– Большевиктер билік басына келісімен өз «геройларын» асқақтату үшін мемлекеттік мәшиненің бүкіл тетігін іске қосты емес пе? Санаға сіңіп кеткені соншалық, «батпандап кірген дүниені мысқалдап шығарып» біте алмай жатырмыз әлі...

– Оныңыз рас. Тарихшы ретінде есімнен кетпейді. Кеңес өкіметі большевиктер билікке келе салысымен-ақ халықтың санасында коммунистік құндылықтарды қалыптастыруды қолға алды. Мысалы, кеңес өкіметі орнай салысымен көше аттарын өздерін қолдаған революционер тұлғаларға берді. Соларға арнап самсатып ескерткіштер қойды. Соларға арналып шығармалар жазылып, фильмдер түсірілді. Спектакльдер

дүниеге келді. Мұның бәрі ненің көрінісі? Кеңестік биліктің, компартияның өз құндылықтарын орнықтыру әрекеті. Бұрынғы құндылықтарды ығыстырып, жаңа құндылықтарды қалыптастыру әрекеті. Бұл – мемлекеттік биліктің ең жоғарғы деңгейде жүргізілген идеологиялық саясаты. Осы мазмұндағы әрекет біздің билік тарапынан да байқалғаны жөн. Өкінішке қарай, жаңа биліктің осы бағыттағы саясаты әлсіздеу.

– Жаңа биліктің идеологиялық саясаты әлсіз деп қалдыңыз. Ол қай тұстан көбірек көрінеді?

– Айтайын. Тарихшы болғандықтан өткен кезеңдердің куәліктерімен көбірек жұмыс жасауға тура келеді. Біздің тәуелсіз мемлекеттігімізге дейінгі жолда елдік үшін, ұлт мүддесі мен құндылықтары үшін халқымыздың ұлдары мен қыздарының санғасырлық күресі жатыр. Қазақ мемлекеттілігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен біз бірінші буын емеспіз. Бізден бұрын да талай буын өз заманына лайық күрес жолымен жүріп өткен. Сол алдыңғы аға буындардың қызметін, еңбегін, әрине, ұмыта алмаймыз. Бұл мемлекеттілігіміздің негізі болуы тиіс. Рухани, идеологиялық негізі. Бұл бағытта да істеліп жатқан жұмыстар бар. Мақсатты бола түссін деген тілек қой.

– Сонда қай тұлғаларымыз өз деңгейінде бағаланудан қағажу көріп отыр?

– Осыдан бір-екі жыл бұрын Алаш қозғалысына байланысты Балқаш қаласында конференция өтті. Сонда шақырылып, Балқаш қаласының орталық мәдениет сарайында баяндама жасадым. Сонда бір байқалған жағдай. Сол Балқаш қаласынан 40 шақырым жерде Тоқырауын өзені бар. Ә.Бөкейхановтың туған жері сонда. Балқаштан қырық-ақ шақырым жердегі Тоқырауынның бойында. Ал Балқаш қаласында Әлихан Бөкейхановты еске салатын ештеме жоқ. Большевиктердің, коммунистердің атындағы көшелер қаз қалпында тұр.

Сол жерде Балқаш қаласының әкімінен сұрадым: «Әлихан осы жердің тумасы. Мына мәдениет сарайында неге бірде-бір портреті жоқ. Неге ұлт қайраткерінің атында көше жоқ? Неге ол атаусыз қалады? Бөкейханов – қазақ мемлекеттілігін жаңғырту үшін басын қатерге тіккен, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін

күрескен тұлға. Ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ мемлекеттілігінің теориялық негізін қалаушы, қазақ азаттық қозғалысының көшбасшысы. «Алаш» партиясының негізін қалаушы. Алашорда үкіметін құрушы, төрағасы. Мемлекеттік тәуелсіздігімізге дейінгі кезеңде Бөкейхановтың ізі жатыр. Тәуелсіздік үшін күрес Әлекең бастаған буынның әрекетінен бастау алады ғой...» Бұл сөзім әлгі әкімге онша ұнай қоймады-ау деймін, селсоқ қабылдады.

Одан бұрын Қарағандыда мынадай бір жағдай болды. Қарағандылық бір топ азамат қаланың қақ ортасындағы көшенің біріне Әлихан Бөкейханов есімін беруді ұсынады. Осы әңгіме шыққаннан кейін жергілікті орыстілді газеттің бір журналисі мақала жазыпты. «Бөкейханов – террорист» деген. Солай. Біздің төрімізде отырып осындай сөзге ерік береді. Осыдан кейін сол кездегі Қарағанды облысының әкіміне хат жаздым. «Әлихан Қарағанды өңірінің тумасы. Әлихан Бөкейхановтың 140 жылдығына байланысты ғылыми конференция өткізейік, қайраткердің қызметі туралы жұртқа айтайық. Сіз Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоратына тапсырма берсеңіз» деп. Оған облыс әкімшілігінен тікелей жауап болған жоқ. Жауап Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің проректорынан келді. Онда «университеттің ғылыми конференциялар бойынша жасалған жоспарында Бөкейхановқа арналған конференция өткізу қарастырылмаған, жоспарланбаған» депті. Міне, бұған не дерсіз?!

– Ұлт тарихындағы дара тұлға Әлихан Бөкейхановты ардақтау барысындағы әрекетіміз осындай болса, алаштың басқа қайраткерлері туралы әңгіме қозғау артық болар?! Әйтпесе, тәуелсіздік үшін басын тіккен өткен ғасырдың өзінде қаншама тұлғалар бар? Керісінше, елге беймәлім, кеңестік идеологияның сойылын соққандар тұғырдан әлі түсе қойған жоқ...

– Алматыда әл-Фараби даңғылынан жоғары Бағанашыл деген шағынаудан бар. Сол Бағанашылға апаратын көшеге кезінде Ф.Голощекиннің зорлықшыл саясатына ашық қолдау көрсеткен, Смағұл Сәдуақасовтың тобымен «аянбай» күрес жүргізген

Н.Сырғабековтың аты берілген. Ол РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің төрағасы қызметінде болған. С.Сәдуақасов, Ы.Мұстамбаев, Ж.Сұлтанбеков сияқты тұлғаларды қудалауға алған қызметін айғақтайтын құжаттар мұрағаттарда сақтаулы. Солардың бірінде Н.Сырғабеков Голощекинге жолдаған ұсынысында «Бұдан былай Мұстамбаев біздің қатарымызда болуға тиіс емес..., сол сияқты оның идеологы Сәдуақасов та партия мүшесі деген атақты заңсыз иемденіп жүр, ал шын мәнінде бізден **(яғни коммунистерден – авт.)** кеткен».

Осы мазмұндағы басқа да құжаттар баршылық. Өкінішке қарай, бүгінге дейін Ы.Мұстамбаев сияқты күрескер тұлғалардың есімі көлеңкеде қалып келеді.

– Қазақ ұлтының өзіне ғана тән шектен тыс кешірім-шілдігі, «өткен өтті» деген болмысы тарихты таразылауда да зиянын тигізіп отырған тәрізді...

– Бұл ретте мынадай бір жағдайға көңіл аударуға тура келеді. Біздің халық XVIII ғасырдан бері Ресей империясының құрамында болды. Қазақ қоғамына бұл мемлекеттен біраз нәрсе өтті. Қайсыбірін өзіміз қабыл алдық, қайсыбірін бізге күшпен қабылдатты... Міне, сол орыс қоғамынан үйренген бір әдетіміз – ол барлық қоғамдық мәселелердің шешімін тек биліктен күту. Бәрін билік шешуге тиіс, ал қоғам билік рұқсат берген нәрсені ғана орындай алады. Мұндай әдет халықтың шығармашылық, жасампаздық қабілетін әлсіретпек, одан жетекшіл тобырды қалыптастырмақ.

Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру ісінде қоғамның белсенділігі қажет-ақ. Ол белсенділік, әрине, қоғамдық ұйымдардың қызметі арқылы көрінеді. Қазір қоғамда үкіметтік емес ұйымдарды қолдау үрдісі бар. Бұл халықтың шығармашылық әрекетіне қолдау көрсету.

Ресми орындар көше аттарын белгілеуде, жалпы тарихи мәселелерде ресми емес қоғамдық ұйымдармен кеңесіп, олардың пікірін ескеріп отыруға міндетті. Әкімдіктердің құрамында ондай қоғамдық комиссиялар жұмыс істейді, ұйымдастырылған. Бірақ оларға белсенділік жетпей жататыны бар. Қызметіне өмірлік ұстанымы бар тұлғалы азаматтарды тарту кемшін түсіп жатады.

– Әлихан, Әлімхан және тағы басқа да алаш қайраткерлерін насихаттауды кейбіреулер бүгінгі билік-тегілерге көлеңке түсіреді деп ойламай ма?

– Мен олай ойламаймын. Бәлкім, ондай ұстанымдағы кісілер де бар шығар?! Бірақ, менің түсінігімде бұл жете түсінбеуден туып отырған жағдай. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымдар тарапынан, зиялылар тарапынан белсенділік жоқ деп айта алмаймын. Белсенділік бар. Жазушыларымыз да, ғалымдарымыз да айтып, жазып келе жатыр. Әйтсе де, ол билікке бірде жетсе, бірде жетпейді-ау. Өткен жылы Петропавл қаласында Солтүстік Қазақстан облысы әкімі Серік Біләловтың қолдауымен Қызылжар өңіріндегі тарихи тұлғалардың өмір жолы мен қызметіне арналған ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Алматыдан, Астанадан және басқа қалалардан келіп біраз ғалымдар қатынасты. Сонда, мәселен, кезінде өз еліне білек сыбанып қызмет жасаған Ахмет Жанталин, Жұмағали Тілеулин, Есім Байғаскин, Абдолла Байтасов және басқа осы өңірде туып өскен азаматтар жөнінде баяндамалар жасалып, олардың есімін ел есінде сақтауға байланысты біраз ұсыныстар айтылды. Сол айтылған ұсыныстар жергілікті билік және қоғамдық ұйымдар тарапынан пәрменді қолдау тапса жақсы болар еді.

Біздің қоғамда өз дәрежесінде қойылып, шешімін таппай келе жатқан бір мәселе бар. Ол – жергілікті жерлердегі өлкетану ісі. «Сен, өз өлкенді, өз ауылыңды, өз қалаңды білесің бе?» сияқты мазмұндағы аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі конкурстар өткізілгені абзал. Патриоттық, отаншылық сана әрбір тұлғаның өз ауылын, елді мекенін, қоршаған ортасын танудан басталады ғой. Бұл ретте бастама жергілікті әкімшілік орындарында, мектеп және басқа оқу орындары ұжымдарының қолында болғаны жөн. Жергілікті билік орындары аздаған қаржы көздерін тауып бұл шаруаға жергілікті мектеп оқытушыларын тарта алса дұрыс болар еді. Мектептегі тарих пәнінің мұғалімі сол елді мекеннің тарихына, оның жеке тұлғаларының өмір жолына қатысты материалдар жинап, ал биолог маман сол өңірдің өсімдіктер әлемі жөнінде

бай материалдар жинастырып, мектеп жанынан қызғылықты да тартымды мұражай ашуға болады ғой, әрине, болады. Осы бағыттағы белсенділік жетпей жатыр.

– Қалай дегенде де, «алмас кездік қын түбінде жатпас» дегендей, ақиқат түптің түбінде өз тұғырына қонып, ұлт қайраткерлері туралы әділдік салтанат құратыны анық қой...

– Ол сөзсіз. Мысалы, Смағұл Сәдуақасов сияқты тарихи тұлға жөнінде бір ауыз сөз. Кезінде 1989 жылы партия тарихын зерттеу институтына қабылдандым. Сонда партия мұрағатында Казкрайком бюросының материалдарымен жұмыс істеуге тура келді. Өткен ғасырдың 20-жылдарындағы Голощекин басқарған тұста Сәдуақасовтың ізі сайрап жатыр. Мен тарихшы ретінде көп нәрсені тура түсінбейтіндігіме көзім жетті. Мұрағат құжаттары арқылы Смағұл Сәдуақасовтың тұлғасымен кезіктім. Сөйтіп, ол туралы мақалалар жаза бастадым. 1990 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің бірнеше нөмірінде жарық көрді. Қарасаңыз, сол кездің өзі де қарапайым кезең емес-тін. Партиялық идеологияның құрсауында, соның арнасынан шыға алмай, әрі-сәрі болып жүрген кезіміз. Содан бері 20 жыл өтті. Қазір халық Смағұл Сәдуақасовты сол кездегіден мүлдем басқаша қабылдайды. Халықтың тарихи санасы да өзгеріске ұшырады. Қоғамдық құндылықтар да өзгерді. Тарихты басқаша түсінетін, басқаша қабылдайтын жаңа буын, ұрпақ қалыптасып келеді.

Ал 1990 жылы Смағұл Сәдуақасов туралы алғаш жазғанымда қоғамның реакциясы басқа-тын. Халықтың кейбір бөлігі оған ұлтшыл ретінде, белгілі дәрежеде солшыл тұлға ретінде қарайтын. Ал қазір Смағұлды қоғам отаншыл, жанаотаршыл кеңестік билік жүйесіне тайсалмай қарсы шыққан, саяси ұстанымы негізді, ұлт тағдырына байланысты тура бағыт ұстанған тұлға ретінде қабылдайды. Ұлттық құндылықтар үшін күрескер тұлғаға айналды. Қазіргі қоғамға Смағұл сонысымен бағалы. Сондықтан тарих ілгері жылжыған сайын ұлт қайраткерлерінің қызметі өз орнын тауып қана қоймайды, олардың қызметінің маңызы барған сайын айшықтана түспек.

– Тарихшылар әр кезеңнің, заманның оқиғалармен өрілген деректерін зерделеп, ел тарихын бүкпесіз баяндайтыны хақ. Ел тарихының әр кезеңінде кейінгіге қызметі үлгі болар тұлғалар да аз емес. Ендеше, сол тұлғалардың ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі қандай?

– Сіз әбден орынды сұрақ қойып отырсыз. Біздің елімізде қазіргі уақытта «Мәдени мұра» бағдарламасы жүргізілуде. Бұл біздің тәуелсіз мемлекетіміздің мәдениет саласында атқарып отырған зор кешенді қызметі. Отан, ел тарихына қатысты біраз жұмыстар атқарылды. Ендігі уақытта осы бағдарлама аясында ХХ ғасырдағы саяси репрессиялар құрбаны болған тарихи тұлғаларға арнайы назар аударылып, түрлі ғылыми жобалар іске асырылса әбден орынды және өз уақытында атқарылған жұмыс болар еді. Мен бұл ұсынысты репрессияға қатысты мұрағат құжаттарымен жақсы таныс маман ретінде жасап отырмын. Егер қоғамдық ұйымдар тарапынан осындай ұсыныстар түсіп, оны үкімет колдап жатса, қане.

Осы ретте біздің қоғамның рухани тазалығы үшін қажет аса маңызды бір мәселе ұмытылып қалмағаны жөн. Ол өткен замандарда билік алдында қазақ елінің жоғын жоқтап, сөзін сөйлеген орыс және басқа ұлттардың азаматтары болған. Мәселен, Ресей Мемлекеттік Думасының депутаттары Николай Лукич Скалозубов, Тимофей Седельников, мемлекет қайраткері Орест Авеньярович Шкапский сияқты тұлғалардың есімі ел есінде сақталуға әбден лайық. Олар жөнінде кітаптар даярланып, оқулықтар мен оқу құралдарында айтылғаны орынды болмақ. Н.Л.Скалозубов өмірден қайтқанда көңіл айту жазған Әлекең (Әлихан Бөкейханов) «**Бірігіп іс қылған есіл ер Николай Лукич кезегің мезгілсіз жетіп, кеткенің де! Сен кеткен соң қазақ ісінің көбі жетімсірер!**» деп жазғаны бар.

Өткен ғасырдағы біздің қоғам жеке талантты тұлғаларға бай болған. Олардың өз ортасына ықпалы да зор еді. Сондай-ақ, біздің қоғамда жеке талантты тұлғаға деген сұраныс та, құрмет те жоғары болатын. Өкінішке қарай, маған осы дәстүр сәл әлсіреп қалғандай көрінеді. Өзін-өзі, өз құндылықтары мен қасиеттерін

бағалай алмаған ел, табиғатына жайт басқаның қадір-қасиетіне еліктегіш келеді. Алла мұндай жолдан сақтасын.

– Тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл болса да, осы уақыт ішінде мемлекеттіліктің іргесін нығайтуға үлес қосқан тұлғаларымыз да болды ғой. Бүгінгі ұрпақ солардың есімдерін де жадына тоқып өсуі тиіс қой?..

– Задында, кез келген мемлекет өз тұлғаларын құрметтеу арқылы өзінің идеологиялық ұстанымын бекіте түседі. Тарихты халық, оның тұлғалы азаматтары жасайды. Өткен тарих тағы жақсы істер бүгінге жалғасып, біз кешеден келген ұлттық игі құндылықтарымызды жас ұрпаққа бере алсақ, өмір сабақтастығы осы да.

Әңгіме тәуелсіздік мерейтойының төңірегінде өрбіп отырғандықтан, бүгінгі заман тұлғаларының да еңбегін лайықты бағалаған абзал. Тәуелсіздік туралы заңның қабылдануы сәтінде арыстандай арпалысқан Салық Зиманов, Шерхан Мұртаза, Манаш Қозыбаев сияқты тұлғалардың рөлі зор болды. Екінші дүниежүзілік соғыста қаһармандық көрсеткен Сағадат Нұрмағамбетов қазақ армиясын қалыптастырудың да ұйытқысына айналды. Айтпақшы, ұлты бөлек болса да, қазақ тілінің ұпайын түгендеуге жанын салған Жоғарғы Кеңестің сол кездегі депутаты болған Александр Княгининге қазақ жұрты қашан да разы. Ел тәуелсіздігін нығайтуға өзіндік үлес қосқан саясаткер, мемлекетшіл тұлға Алтынбек Сәрсенбайұлының орны ойсырап тұр бүгінде. Төкетері, қазақ халқы қашанда тұлғаларға кенде болмаған. Бүгінгі біздің басты міндетіміз – соларды өз деңгейінде бағалай білу. Тарихи тұлғаларын дәріптеген халықтың алар асуы да асқақ, тәуелсіздігі де баянды болмақшы.

– Әңгімеңізге рахмет. Ұлт үшін атқарып жүрген еңбегіңіз жемісті де жеңісті болсын.

2011 жыл



Сұлтан Сартаев, академик:

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҒАСЫРЛАР БОЙҒЫ КҮРЕС НӘТИЖЕСІ

Сұлтан аға, Тәуелсіздік туралы заңның қабылдануының басы-қасында болдыңыз, мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегі іргелі заңдардың қабылдануына ат салыстыңыз. Осы тұрғыда әуелі халқымыздың азаттық жолындағы күрес тарихына тоқтала кетсеңіз.

– Тым алысқа бармай-ақ, XVIII-XIX ғасырларға қарасақ, қалмақтардан, қоқандықтардан, орыс патшалығынан қазақ еліне, оның мекендеген жеріне басқыншылық шабуыл көп болған. Қазақ халқы, тарихымыздың көрсетуіне карағанда, өздігінше бөтен халықтарға тиісіп, оның жеріне басқыншылық ниетпен шабуыл жасаған халық емес. Ата-бабаларымыз шамасы жеткенше тек қана елімізді қорғаумен, қазақ мемлекетін қалыптастыру әрекетімен болды. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тарихында Абылай ханның іс-әрекеті, саяси-қызметі қазақ мемлекетін қалыптастыруға бағышталғанын сеземіз, оны ұлттық батыр ретінде ардақтаймыз. Амал не, Абылай ханның жолын қуған хандарымыз да, батырларымыз да орыс патшалығының жорықтарына төтеп бере алмады.

Өмірінің аяғына дейін, туралап айтсақ XIX ғасырдың 20-40-шы жылдары патшалық Ресейдің бөтен елдерді бодан ету саясатына қарсы, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың ең

соңғы ханы Кенесары Қасымұлы болды. Бұл қасіретті ғасыр еді. Бірақ, қазақтың қай ғасыры қасіретті болмады дейсің. XV ғасырдың басында Жәнібек хан мен Керей ханның құрған Қазақ хандығынан бастап халқымыздың ғасырлар бойы бостандық, тәуелсіздік жолында төккен тері мен қаны сел болып ақса да бостандық жеңісіне жете алмады. Оған көптеген әлеуметтік, экономикалық, саяси себептермен қатар, ата-бабаларымыздың қолында тек қана найза, шоқпар, қамыс оқ, қозыжауырын жебе, біттелі мылтық сияқты ғана қарулар болды. Олардың сауыт бұзар, камал алар құралдары, оқ дарытпайтын сауыттары да болған жоқ.

Осындай қантөгіс пен колониялық жағдайда 1917 жылғы Қазан төңкерісіне де жеттік. Қазан төңкерісі халықтар өз бостандығын, ел тағдырын өздері шешеді деп бүкіл дүние жүзіне жариялады. Әйтсе де, жарияланған бостандық, халықтар теңдігі социалистік құрылыстың барысында халықтың көңілін, бостандық ойын тауып, демократиялық мемлекет құрудың орнына өте қатыгез қуғын-сүргін әрекеті күшті, халықты бұғауда ұстайтын тоталитарлық жүйені қалыптастырды. Мемлекет басшылығына өз диктатурасын бірде ашық, бірде жасырын жүргізген коммунистік партия келді. Оның ел үшін жасаған көп ұлтты мемлекеті – КСРО-ны тоқырау заманына алып келді. Бұл барлық тоталитарлық жүйеге тән заңдылық деп ойлаймын.

– Тоталитарлық жүйенің ақыры Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне ұласты емес пе?

– Иә, 1986 жылғы желтоқсан айында Қазақстанда халықтық қозғалыс болды. Қазақ жастарының тоталитарлық жүйеге қарсы ұйымдастырған халықтық қозғалысы барлық Одақтас республикаларға халық қозғалса, ол өз мақсатына жететіндігін көрсетіп, әлем халықтарына біздің бодандық ұйқыдан ояңғанымызды көрсетті. Сонымен, ең қатаң орталықтандырылған тоталитарлық империяның соңғы тірегі болған мызғымас Одақ көктемгі сендей қалай бұзылып жатқанына бүкіл әлем куә болды.

– Желтоқсан көтерілісі азаттық төңірегіндегі сананың оянуына әкеліп, тәуелсіздік төңірегіндегі түпкі ойдың бас көтеруіне түрткі болғандай...

– Тәуелсіздік идеясы Қазақстан сияқты алыпты да дүр сілкіндірді. Бұлай болатын жөні бар еді: біріншіден, орталық оның ұлттық байлығын сыпыра тонап, көп ұлтты Қазақстан халқын бейшара күйге жеткізді; екіншіден, нені дамытуды, нені өндіріп, шығарылған өнімді қайда жіберуді тек қана орталық өзі шешті; үшіншіден, ол біздің республикаға қазақстандықтар жыл сайын зардабын сезініп отырған әскери нысандар мен полигондарды зорлап қоныстандыратын жерге айналдырды; бесіншіден, республикамызды «Карлаг» пен «Гулагқа», «Степлаг» пен «Алжирге» айналдырған орталық оны барлық сыртқы байланыстардан шетқақпайлап ұстады; алтыншыдан, ол біздің экономикамызды өзінің шикізат базасына айналдырды; жетіншіден, республикамыздағы стратегиялық нысандарды Орталық қатаң бақылап отырды. Міне, осының барлығы қазақ жұртының ашу-ызасын тудырды. Тәуелсіздік, азаттық туралы ойлардың бас көтеруіне әкелді.

– **КСРО қазақ жерінің бар байлығын сыпырып алғанымен қоймай, көзі ашық оқығандарымызды қуғын-сүргінге ұшыратып, арыстарымызды оққа байлады емес пе?**

– Біздің тарихшыларымыздың деректері бойынша бұрынғы Кеңес Одағында саяси қылмыскер деген жаламен сотталғандардың жалпы саны 3 770 000-нан асқан екен. Оның ішінде 642 980 адам жазықсыздан-жазықсыз халық жауы деп атылған, 2 369 000 адам сотталған.

Тарихшы Рой Медведевтің деректері бойынша, 1923 жылдан 1953 жылға дейін КСРО-да 4 миллион адам қуғын-сүргінге ұшыраған, оның ішінде көптеген ұлттар өзінің елінен зорлықпен Орта Азияға, Сібірге көшірілген. Мұның ішінде Қазақстаннан мыңдаған адам қуғын-сүргінге ұшырап, орталық Ресейге, терістіктегі Соловецк аралдарына, Сібірге жер аударылды. Ал 25 мың адам «халық жауы» деп атылды. Осы елім деп еңіреп өткен азаматтардың ішінде – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жанша Досмұхамедов, Тұрар Рысқұлов,

Сәкен Сейфуллин, Санжар Аспандияров, Ораз Жандосов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты халқымыздың мыңдаған азаматтары қатал тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Соңғы деректерге қарағанда азамат соғысы жылдарында 1,5 миллион және ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезіндегі қасақана жасалған ашаршылықтан 3 миллионға жуық қазақ қырылды. Одақты Н.С.Хрущев билеп-төстеп тұрған кезде Қазақстанға 4 миллионнан астам келімсек қоныстандырылып, қазақ халқы өз елінде азшылыққа айналды. Осы әрекеттердің бәрі республиканың демографиялық жағдайына нұқсан келтіріп, қазақ халқын ұлттық апат жағдайына әкелді. Коммунистік партия мұның бәрін социалистік демократияның үлкен жеңісі деп түсіндірді.

– **Ноқтаға басы сыймаған қазақтың қайраткерлері елдің азаттығы, жерінің тұтастығы үшін талай мәрте атқа қонып, аттан салғанын тарих жылнамасы да айғақтайды емес пе?**

– Ел тәуелсіздігі үшін күрес, азаттық үшін арпалыс ғасырлар тереңінде жатыр. Патшалық империяның отаршылдық саясаты езілген халықтың үнемі наразылығы мен ашу-ызасын тудырды. Қазақ халқының тарихында XVIII ғасырдан Қазан төңкерісіне дейін 200-ден астам ұлт-азаттық толқу, көтеріліс болды. Бірнеше ғасырға ұласқан тәуелсіздік жолындағы күрестің маңдай алдында Абылай хан, Кенесары Қасымов, Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Қабанбай, Бөгенбай, Жанқожа сияқты алып тұлғалар мен хас батырлар жүрді.

– **Бабалар қан төккен, аталар армандаған тәуелсіздікке өткен ғасырдың аяғында ғана қол жеткіздік. Тәуелсіздік туралы, заң туралы баяндама жасау Сіздің еншіңізге бұйырды. Жиырма жыл бұрынғы оқиғаға қайта оралсақ. Тарихи заң қалай қабылданып еді?**

– 1991 жылы бұрынғы Кеңес Одағының құрамындағы республикалар өздерін тәуелсіз мемлекетпіз деп бүкіл дүниежүзіне өз декларацияларын, заңдарын жариялай бастады. Әдеттегіінше, бұл мәселені шешуде кешігіп жатқан біз болдық. Тәуелсіздік ту-

ралы Конституциялық заңның жобасын мен, Еркеш Нұрпейісов және Талғат Донақов үшеуіміз жасап, 1991 жылдың шілде айында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумына тапсырдық. Бірақ бұл құжаттың жобасы көпке дейін жатқан «жабулы қазан» күйінде жата берді. Кейбіреулер, «бұл заң болмаса да тәуелсізбіз ғой, осы заңның енді қажеті бар ма» дегенді де айтты. 1991 жылдың 9 желтоқсанында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының отырысында депутат Манаш Қозыбаев және мен Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңды қабылдау қажет екендігі туралы мәселе көтердік. Бұл мәселе депутаттардың ойында жүрген болу керек, бұл ұсынысты Жоғарғы Кеңес Президиумының мүшелері бірауыздан қолдап, мені баяндамашы етіп бекітті.

– **Баяндама жасаған тарихи сәттегі көңіл күйіңіз қандай болды?**

– 1991 жылдың 16 желтоқсанында Жоғарғы Кеңестің мінбесіне кеудемді кернеген ұлттық-патриоттық сезіммен шығып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Конституциялық заңның жобасы туралы баяндама жасауға кірістім. Байқаймын, залда отырған депутаттар тоталитарлық жүйенің атына айтқан зілді ойларымды басым көбі қолдағанмен, әр жерде күбір-күбір сөйлеп, менің айыптау сөздерімді қолдамайтындардың да бар екені аңғарылып тұрды.

Мен депутаттардың көңілі мен назарын бүкіл дүниежүзі халықтарының бір кезде бүкіл дүниеге айбынын шашқан әрі күшті, әрі мызғымас, қатал орталықтандырылған империялық мемлекет – Кеңес Одағының күйрей бастағанына, жаһан халықтарының оған куә болып отырғанына аудардым. Дәл сол сәтте Латвия, Литва, Эстония, Грузия, Армения, Әзірбайжан, Молдавия, Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстан Кеңес Одағының құрамынан шығып, тәуелсіз мемлекеттер ретінде өркендейтінін, қиын да болса болашағы мол, қуанышты бостандық жолына түскендігін шамамның келгенінше паш еттім.

– **Ол кезде Жоғарғы Кеңес депутаттарының ішінде заңға қарсы болғандар бар екендігінен де хабардармыз. Заңды талқылау қандай жағдайда өтті?**

– Тәуелсіздік туралы Заңның жобасын талқылағанда әртүрлі, тіпті бір-біріне қайшы келетін ойлар, ұсыныстар айтылды. Кейбіреулер заңның жобасына оны байытатын, толықтыратын өмірдің талабына байланысты ұсыныстар жасаса, енді бірі бұл заңды қабылдауға болмайды, әлі де ойлану керек деп, қорқақтығын көрсетті. Мысалы, Қазақстан Республикасының сол кездегі мемлекеттік кеңесшісі Юрий Хитрин мұндай заңды қабылдаудың қажеті жоқ десе, Әділет министрінің орынбасары Серік Темірболатов мұндай заңды қабылдау уақытының жеткендігін, оның қажеттілігін атап көрсетіп, заңның жобасын жақсартуға бағытталған өзінің бірнеше ұсынысын ортаға салды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бірнеше сағатқа созылған талқылаудан соң Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңды 1991 жылы 16 желтоқсанда кешкі сағат алтыдан он төрт минут өткенде басым көпшілік – 270 дауыспен қабылдады, 12 депутат қарсы болды. Мен осы кезге дейін бұл депутаттардың кімге, неге қарсы болғандығын түсіне алмай-ақ келемін.

– Тәуелсіздік туралы түйінді пікіріңізді айтсаңыз.

– Ендігі мақсат – қалай болған күнде де, аш болсақ та, жалаңаш болсақ та бодандық құрығына қайта түспеуді естен шығармау. Бостандық пен тәуелсіздік осының құнын ақтайды. Бостандық пен тәуелсіздік – елдің өркендеуінің ең шешуші негізі.

– Сұхбатыңызға көп-көп рақмет.

2011 жыл



НҰРАҒА

«Бұл – төңкеріс!» деп жазды ол Мәскеудегі тамыз бүлігі туралы.

Задында, оның бұлай сөйлеуі кездейсоқ емес-тұғын. Мінезіндегі ірілік, табандылық, өз кәсібіне құлай берілгендік тағдыршешті кезеңде үнсіз қалуға мүмкіндік бермеген-ді. Осыдан 20 жыл бұрынғы оқиғаға қайта оралсақ. Мәскеу қайда, Қарағанды қайда? Мәскеудегі саясат тамырының бүлкілін бірден дөп басып айтатындай Оразбектің баласының не кереметі бар? Оның осындай пайым жасауына қандай жағдаяттар себепші болды?

Сөйтсе, Нұрағаңның іші толған «бүлік» екен ғой. Кеңестік қоғамның кесір мінезіне наразылық әу бастан бар болып шықты. Әуелі орыстың өркөкірек жастарының өктемдігіне төзбей, талай мәрте бетпе-бет сөз таластырды. Бәтуалы сөзге тоқтамағандарымен білектің күшіне сүйеніп, төбелескен кезі де аз болған жоқ. Осының бәрі ұлттық мүддені, намысты аяққа бастырмаудан туған амал еді. Осқырынған орыс шовинистерінің сөзін басынан асырмас үшін де көп оқыды, орыс әдебиетінің классиктері түгілі, дүние жүзінде «жұмақ орнатамыз» деген сақалды көсемдердің іргелі еңбектеріне дейін жатқа соғатын деңгейге дейін өсті. Соққанда да қарсыластарына солардың тілінде толыққанды қарымта қайтарып, теңдік туралы теорияның қағидаттарымен саналарын

сілкілейтін дәрежеге жетті. Қазақтың мүддесі кемсітілген тұста «аттандап» шыға келетіні де сондықтан.

Нұрағаң, қарап жүрмей, КазГУ-ді бітірер тұста «Қазақстан және «Правда» деген тақырыпта диплом жазды. Газеттің 1919-1925 жылдарғы тігінділерінен Қазақстан туралы жазылған мақалаларды тұтастай қолмен көшірді, мәшінкеге басқанда 500-дей бет. Солардың көбі дипломда келтірілді. Мысалы, азамат соғысы кезінде Орынбор майданы ашылғаннан кейін Орта Азияға Фрунзенің әскері келген. Одан соң «Красный Восток» деген пойыз жіберген. Соның құрамында, Лениннің еңбектерінде аты 400 рет еске алынатын атақты Георгий Сафаров деген қайраткер пойыз Қазақстанға кіргеннен бастап «Правда» газетіне мақала жазады да отырады. Сафаров жазған мақалаларында Түркістан республикасының алғашқы басшыларының шовинистік ұстанымын сын садағымен түйрейді. «Олардың басты идеясы: Біз билікке жеттік, Түркістанның қожасы біз, Совет өкіметі деп келеді. Негізгі теориялық тезисі: Октябрь революциясы дегеніміз – пролетариат диктатурасы, ал Түркістандағы пролетариат тек орыстар ғана» дегендерін аяусыз әшкерелейді.

Осыны оқи отырып Нұрмахан шамданбағанда, намыстанбағанда қайтсін.

Сафаров тағы бір мақаласында: «В Перовске сидел самодержец Гержот», – дейді. Бұл қазіргі Қызылорда ғой, ал ана аты аталған Гержот сондағы ревком төрағасы. Соның аса қатаң билігі кезінде бір миллионға жуық қазақ үдере көшіп, қуғын-сүргінге ұшыраған... Бір қызығы, әлгі, қазақты қырғынға ұшыратқан Гержот 50-жылдардың ортасында Қазақстан үкіметінен «персональная пенсия» сұрап келіпті... Осындай жайлардың беті ашылған диплом жұмысын қорғатуға болмайды деп, бұл Оразбеков өзі баяғыдан ұлтшыл еді, мына жұмысында ұлтшылдық иісі аңқып тұр деп, сонысын тіпті күшейте түскен деп ұстаздары түтіп жей жаздағаны бар. Әйтеуір, мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы Қасым Шәріпов зордың күшімен сүйреп алып шыққан бұл у-шудан.

Нұрмахан Оразбекұлының ұлттық дүниетанымы, өмірлік ұстанымы осындай күрес жолынан бастау алған-ды.

«...**Кеңес Одағында төңкеріс жасалды**» деп жазу нағыз жүрекжұтқандық қой ол кезде. «Жыланды қанша кессең де, кесірткелік халі бар» демекші, қанша жерден КСРО-ның көбесі сөгіле бастады дегенімен, тоталитарлық жүйенің құрсауы әлі де мығым болатын-ды. Соған карамастан Оразбектің баласы қаймыққан жоқ, айтарын газет бетіне бүкпесіз ақтарып салды. ГКЧП-ға, бәлкім, осындай бағаны батыс баспасөзі берсе берген шығар, ал кеңестік кеңістіктегі бірде-бір басылым дер кезінде ашық айта алған жоқ. Мәскеуден әлдеқайда шалғайда, кеншілер қаласы Қарағандыдағы облыстық газеттің бас редакторы Нұрмахан Оразбек мәселенің мәнісін бір қайырды. Қайырғанымен қоймай, **«Иә, бұл – төңкеріс!»** деп түбегейлі анықтамасын, байламын жасады. Орталық үшін провинция саналатын Қарағандыда, осылайша, Мәскеудің империялық саясатына біржола нүкте қойылды. Кескекті ердің сойының қолынан ғана келетін ірілік бұл. Қазіргі кезде жағымпаздықтың жалауын желбіреткендерді көргенде Нұрағамның көрігіне сондайлардың жон арқасын сәл жібітіп алар ма еді деген ой келеді.

Нұрмахан Оразбекұлының Мәскеудегі оқиғаға орай айтқан ойына оның мінезін білетіндер әсте таңданбайды да. Кесірлігі мен кедергісі көп кеңестік жүйенің өзінде ақиқаттың ауылын ардақтаған журналист Нұрмаханның қаламы мұқалып көрген емес-ті. Шамырқанып, іштей тынып жүрген қаламгер қайта құру тұсында жариялылық лебін пайдаланып, ұлттық мәселелердің шоғын үрлей түсті. Тіпті, 1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Орталық Қазақстан» газеті пролетариаттың басты ұранымен қош айтысып, басылым маңдайшасына «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» атты ұлттық ұранды орнықтырды. Осыдан кейін бас редактордың батылдығын бағаламай көріңіз.

Нұрағаң сол бір күндердің көрінісін төмендегіше еске түсіреді:

– Қаңтардың екісі күні обкомның хатшысы звондады: «Аға, бұл қалай болды?» Мен: «Өмір өзгереді, диалектиканың да өз

заңы бар, – дедім хатшыға. – Алпысыншы жылдары партияның бір съезінде Н.Хрущевтің өзі «біз жұмысшы табының ғана емес, бүкіл халықтың партиясымыз» деп айтқаны бар. 1985 жылы сәуірде М.Горбачев та «бізге бәрінен ең қымбаты – адамзаттың құндылықтары» деген болатын. Осы тақылеттес пікірлердің алғашқысының айтылғанына 30 жылға жуық уақыт өтіпті. Қазір дүниежүзіндегі жұмысшы табы 20 пайыздың шамасына да келмейді. Дамыған елдердің өзінде. Сондықтан біз неге оны қайталаймыз? Сол күйінде сақтай берсек, біз айта беретін диалектика емес, догматик боламыз ғой».

«Бір ауыз ақылдаспадыңыз ба?» деп сұрады хатшы.

«Сендермен ақылдассақ, ешқашан оған рұқсат бермейсіңдер. Партия жұмысы да қазір догматикаға айналып кетті. Идеология жұмысында осыны ескере бермейміз» дедім.

– Нұраға, тамыз бүлігі болған күнді қайта еске алып көрсек қайтеді?

– 1991 жылғы тамыздың 19-ы, дүйсенбі күні таңертең жұмысқа барсам, Марат Хасенов деген журналист кабинетіме кіріп келді:

– Ойбай, Нұреке, Мәскеуде бірдеңе болып жатқан сияқты...

– Не болып қалыпты?

– Білмеймін, әйтеуір, сондай әңгіме бар.

– Мәскеу радиосы азанғы сағат 11-де жаңалықтарды қайталап береді ғой. Сол кезде қояйық.

Сағат 11-ге жақындағанда, радионы қоссам, сарнап тұр. Бір хабардың соңы секілді. Сағат 11-ді соқты да, радио қайтадан сарнап қоя берді. Әдеттегідей жаңалықтар жоқ. КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Лукьяновтың мәлімдемесі, КСРО вице-президенті Г.Янаевтың жарлығы, КСРО-дағы төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің үндеуі. Диктофонға жазып алдым.

Бірден аласапыран ойлар қаптады. «Бұл соңғы жылдардағы өзгерістерге қарсы жасалған төңкеріс» деген байлам миыма сақ ете қалды. Жетінші қабатқа көтерілдім. Онда әріптесім, «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы Эдуард Широкобородов бар. «Мынаған бірдеңе беру керек» дедім.

Ойым – бірігіп пікір білдіру. Әрине, қостап емес, оқиғаның шын мәнін ашып көрсететін пікір. «Біз не айта қоямыз» деді әріптесім шарасыз күйде. Сыңайынан байқадым, бүгежектеп, қорғалақтап тұр. Түңіліп қайттым.

Сағат 12-де қалыпты лездемеміз бар. Ол әдетте 15-20 минуттан артыққа созылмайды, бос сөзге тыйым салынған.

Жігіттер жиналды. Лездеменің өзі әдеттегіден қысқа өтті. Қорытындысында: «Сұмдық оқиғалар болып жатыр, халыққа оның ақ-қарасын түсіндіру – бізге міндет. Лукьяновтың мәлімдемесін, төтенше комитеттің үндеуін нөмірге бермейміз. Янаевтың жарлығын ғана жариялаймыз, басқасы өзіміздің материал болады, бірінші беттен орын қалдырындар» деуге тура келді. Жігіттер ләм-лим демей үнсіз тарады.

Түскі астан орала салысымен кабинет есігін іштен бекіттім де, жазуға отырдым. Неден бастау керек? Оқиғаның мәнісі оқырманға бірден анық болу керек. Түлкібұлаң жүрмейді. «Жексенбіден дүйсенбіге қараған түні Кеңес Одағында төңкеріс жасалды» деген сөйлем түсті ақ қағаздың бетіне. Арғы жағы белгілі. «Иә, бұл – төңкеріс». Тақырып жағы шешілді. Әрі қарай қаламның қуаты біледі...

Нұрағаң бүлікке қарсы жазылған бүтіндей мақаланың басын осылайша бір қайырған. Әрі қарай төңкеріс жасаушылардың әрекетіне жіліктеп баға берді:

«Төңкеріс жасаушылар Конституцияны сақтауға сілтеме жасайды. Бірақ олардың өздері Конституцияны тәрк етіп отыр. Өйткені, оларға ешкім өкілеттік берген жоқ. Сондықтан олардың күні ертең тарихтың «қара тақтасына» жазылатынына ешқандай күмән болмаса керек.

Жоғарыдағы хабарлар беріліп болған соң радио мен теледидардан әдеттегідей хабарлар, көңілді музыка беріліп жатты. Жок, бұл күні қаралы, азалы музыка берілуі керек еді. Өйткені, бұл – біздің елде демократия жерленген күн». Мақаланы осылай аяқтады. Соңғы сөйлемнің жүгі тым ауыр. Қуғын-сүргін жылдарындағыдай бас кетпегенімен, «сау басқа сақина тілейтін» сөйлемнің өзі. Біз мақаламыздың басында

Нұрағаның бұл әрекетін жүрекжұтқандық деп айтуымыздың да себебі осы. Былайғы күнде айтылса бір сәрі, тағдыршешті кезеңде осылайша байлам жасау басты қатерге тігумен бірдей-тұғын. Қаламгермен әңгіме барысында көкейдегі осы сауалды да іркіп қала алмадық:

– **Нұраға, төңкерістің қалай аяқталатыны белгісіз болды ғой ол кезде. Аталған мақала үшін жазаға тартуы мүмкін екендігін ойладыңыз ба?**

– Ой арбасқан сәт еді ғой. Әншейінде, анау-мынау сылтаумен кабинетке кіріп-шығып жүретін жігіттер жағы да тым-тырыс қалды. Бір кезде Жайық ақсақал келді. Жайық Бектұров. Қарағандыға келгелі жақын араласып кеткенбіз. Аптасына екі-үш мәрте соғады. Өткен-кеткен туралы әңгімелесіп, кей мәселелер төңірегінде ақылдасып тұрамыз. Ақсақалдың жазғандарын жариялаймыз. Кейде өзіміз де тақырып ұсынамыз. Жақаңның әлденені айтқысы келгені байқалады. Бірден кірісе алмай отыр.

«Құлағым сізде, Жақа», дедім.

«Кішкене жұмсартсаң қайтеді...»

«Өзі де тым жұмсақ секілді».

«Совет Одағында маңызды оқиға болды десең де жетпей ме? Айтамыз деп көрдік қой көресіні» деді.

«Әр ұрпаққа бір зауал, көріп аламыз да», дедім.

Дегенмен, кәдімгідей ойланып қалдым ақсақалдың сөзінен кейін. Шынында да ертең не боларын кім біледі. Аласапыран басталып кетсе, жазықсыз жігіттер зардап шегуі мүмкін ғой. Материалдың соңғы парағын алдырдым да, аяқ жағына бір абзац қостым: **«Соңғы айтарым, бұл асығыс жазба – қайғылы хабардан туған алғашқы әсер, жеке пікірім. Ертең төтенше жағдай деген желеумен қаратүнек күндер туа қалса, редакция коллективінің басқа бірде-бір мүшесін айыптамауды өтінемін»** деп жаздым.

Бұл не? Қолмен істегенді мойынмен көтеру ме? Тасқа басылған, тарихқа айналған осы азатжолдан-ақ Нұрмахан Оразбектің өзіндік мінезі, «мені» қасқайып тұр. Қазақ журналистикасының тағы бір тарланы Камал Смайылов «ба-

сылым бастығына тартады» деп айтқандай, Нұрағаң тізгінін ұстаған кезде облыстық газеттің даңқы алаш алабын шарлап кеткені анық. Оның басты себебі, бас редактордың «Орталық Қазақстан» халықтың газеті болуға тиіс» деген принципінде жатыр. Сол себепті жүйенің қалыбына сыймайтын редактор басқаратын басылымның да мінезді болуы заңдылық.

Айтпақшы, Нұрағаның Кәкен Қазыбаев туралы жазған керемет естелігі бар. Сол естеліктен бір штрихты оқырманға ұсынуды жөн көріп отырмыз: «1966 жылдың қара күзінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов қайтыс болды. Барлық газеттерге жоғары жақ дайындаған қазанама түсті. Өзім істеп жүрген «Лениншіл жасқа» да. Нөмірге салынды. Түн ішінде «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» жарияласа жетеді, басқа газеттер бермесін деген нұсқау түсті. Сол күні номердің кезекшісі едім. «Лениншіл жастың» да, «Жетісудың» да, басқа газеттердің де бетінен қазанама алынып тасталды. Түнгі оннан аса Кәкең келді баспаханаға. Келді де қазанаманы қайта салдыртты бетке. Оның қызметкерлері «осындай нұсқау түсті» деп еді, «**Жүмекең екі рет өлмейді**» деп қысқа қайырды, «Жетісу» ротациялық машинада басылып біткенше қайтқан жоқ. Жоғары жақтың нұсқауын бұзды Кәкең. Осындай ағадан алмағанда, кімнен алам тәлімді? Жалтақтардан ба?» деп жазған еді Нұрағаң ұстазы туралы. Осы сөзін Нұрағаға біздің де «шапан жауып қайтарғымыз» келіп отыр: «бүгінгі ұрпақ тағылымды Нұрмахан Оразбектен алмағанда кімнен алады?! Бір күндік қызмет үшін құл болған жағымпаздардан ба?..»

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында ұлт қайраткерінің үлгі тұтар осындай бір қарекетін оқырманның есіне тағы бір салуды жөн көрдік. Сұлтанмахмұт айтқан «Ердің еңбегін ел білерлік заман» дегеніміз осы емес пе?!

2011 жыл



САҒАТХАН

Кейбіреуді көргенде ойыңа белгілі бір оқиға түседі.

Кейбіреуді ойласаң көз алдыңа тұтас бір кезеңдер келеді.

Сағат Әшімбаевтың соңғы санатта екені даусыз.

Әбіш Кекілбайұлы.

Әдетте қарапайым халық әділетсіздіктің азабын тартқан сәтте қорған болар азаматын іздеп, шарқ ұрады емес пе. Содан да шығар, арашашы болар, төрелігін айтатын тұлғаны арқа тұтатыны. Қай кезеңде де сол. Бағзы бір замандарда бабаларымыз тығырыққа тірелгенде, кара қылды қақ жарған билердің төрелігіне жүгінген. Қазір де солай. Алайда, қарапайым халықтың арман-аңсары барлық уақытта орындала бермейтіні әмбеге аян. Қанша жерден бүгінгі судьяларды байырғы төбе би дәрежесіне көтеріп асқақтатқанымызбен, айтқан төрелігі «тоғыздыққа» дөп тимеген соң, қашан да олқы соғып жатады.

Содан да болар, Алаш жұрты өз аманатын аузы дуалы азаматтар ұлықтарға жеткізсе деп тілейді. Көкейде шемен боп қатқан мұң-наласынан, арыз-шағымынан ұлтжанды азаматтар арқылы керенау кеңседегілер құлағдар болып, сол мәселенің түйінін тарқатуға назар аударса дейді. Бұқараның жаны қысылғанда, ел басына «мұнар да мұнар, мұнар күн» туғанда, тірілерден қайран болмаған соң, бакилық болған тұлғаларды іздейтіні де тағы заңдылық...

Ұлт мүддесі үшін жанын шүберекке түйген Сағат Әшім-

баев сияқты тұлғаны аңсайтынымыз да сол. Абзал азаматтың құрдастары бүгінде елге төрелік айтатын жасқа келіп отырған тұстың өзінде, Оны іздеуіміз – орны толмас дара екендігінде. Қайраткерлігін көңілге тоқып, өнегесін көргенімен, замандастарының қай-қайсысы да «ұқсап баққысы» келсе де, Әшімбаевтың кесек болмысын қайталауға қауқары жетпей жатады. Ұлт қайраткерінің ірілігін осыдан-ақ аңғаруға болады. Бұл жерде ең бастысы, Оның интеллектуалдық әлеуеті жоғары ой алыбы болғандығы ғана емес, қазақ деген ұлттың намысын жерге таптатпауға деген жанкештілігі-тұғын!

Мәселе – адамның қанша ғұмыр кешкенінде емес екен. Гәп – азаматтың халық жүрегінде жатталған жеке-дара қолтаңбасында болып шықты! Сағат Әшімбаевтың қайраткерлік тұлғасы сонысымен де асқақ. Бақилық болғанына жиырма жылға жуық уақыт болса да, жұртының ардақты азаматын сағынышпен еске алатыны да сол. Әсіресе, ұлт намысына, мемлекеттілік мәселесіне, қарапайым халықтың жағдайына қатысты пікірталас туындаған сәтте. «Әшімбаев болғанда қазақ телевизиясының басынан бағы тайып, ұлттық идеологияның рухы төмендемес еді-ау. Амал қанша...» дейді бүгінгілер.

«17-18 декабрь! 1986 жыл! Мен бұл күндерді ұмытқан күні ұлт намысы деген ұғымды да ұмытатын шығармын. Ал, оны ұмытқан жерде барыңнан да жоғың жақсы» (22. XII.86 ж.). Алаш өрендерінің қолына кісен салып, абақтыға қамап, қатаң үкім шығарып, жан-жақтан қыспаққа алған сол күндері осылай жазу – жеке басын қатерге тігумен пара-пар еді-ау. Қырықтың қырқасына енді қадам басар сәтте ойдағы өткір тұжырымды күнделік бетіне түсіруді ерлік демей көріңіз! Ұлт жөніндегі ақиқатты айтпақ түгілі, керісінше, жағымпаздықтың классикалық үлгісін көрсеткен ағалар қаптап жүрді емес пе сол кезде? Қазір де ондайларды аз деп айта алмайсың?!

Сағат Әшімбаев ұлттық сананың жанартауы іспетті. **«Алматы бұл екі күнде өзін-өзі танымай қалған шығар. Мына оқиға бізді оятып кетті»** (22.XII.86 ж.) деп күнделігінде жазғанындай, Желтоқсан оқиғасы ардақты азаматтың өмірінде өшпес із қалдырды. Кеңестік жүйе қолшоқпарларының

колынан қазақтың өрімдей жастары сокқыға жығылғанын көзімен көрген ол жантүршіктірер көріністерді көпке дейін ұмыта алған жоқ. Желтоқсан оқиғасы жүрекке салмақ түсіріп, ұлты үшін аласұрған абзал азаматтың ғұмырын қысқартуға себепші болды. Ойындағысын жұртымен бөлісуге асыққан азаматтың қимылы оны қысқа кезеңде «Парыз бен қарызды» таразылауға, қазақ санасына қопарылыс жасауға жетеледі. Елдік мүдде туралы еркін әңгіме өрбіді аталмыш бағдарламада. Тарихтағы талай-талай тағылымды жайттар айтылды: ұлт рухын асқақтататын деректер көкейге ұялады.

«Сағат қазақтың бірлігін аңсаған, ұлтжанды азамат еді. Оның бүкіл тірлігі, мінезі, шығармасы – бәрі-бәрі қазақты бір-біріне қауыштыруға бағытталды» (Төлен Әбдік). Тұтас ұлттың қамын ойлаған азаматтың қандастарын қауыштыруға құштар екендігіне әсте күмән жоқ. Ағалар айтқан естелікке көз жүгірте отырып, Әшімбаев әлеміне енген сайын, оның тұлғалық болмысының асқақ екеніне көзің жете түседі. Елдік мәселеге ғана емес, жеке адамдардың басындағы қиындық үшін де күйіп-пісетін азамат құдды бір өзі өмір сүрген кезеңде қазақ қоғамының жанайқайын жеткізуші тұлға болғандығы аңғарылады. Сағаттың атқарған істері осының айғағындай.

Ардақты тұлғаның көзін көрген, сөзін естіген ортада тек әділеттілік салтанат құруы тиіс сынды көрінеді де тұрады. Сол себепті де Әшімбаевтың қайраткерлігін, тағылымын замандастарының бойынан көруге ынтық болып жүрген жайымыз бар. Ұлтжанды азамат туралы түйгенімізді оқырманмен қауыштыруға ұмтылып отырғанымыз да сол. Оның өзі де халықпен қауышуға асығатын еді. Теледидар арқылы болса да, көрермен-жұртымен дидарласқанды жақсы көретін. Телевизия арқылы қазақтың талай-талай қазынасын жарыққа шығаруды ойлаған-ды. Бұ дүниедегі жақсылардың қадірін арттыра түсейін деді ме, ойдағыны жүзеге асыруға ажал мүмкіндік бермеді...

«Біз болашақта қазақша жеке телеканал ашу мәселесімен күресеміз, соны жолға қоямыз. Себебі бізді қазақ тілінің қасиеті, ертеңі ойландырады. Бізге ата-бабамыздан қалған,

біздің қанымызға, жанымызға жақын, ең басты нәрсе болса: ол – тіл деп білемін. Сол тілдің тағдырына байланысты жеке телеканал міндетті түрде болуы керек» деген еді Сағат Әшімбаев жиырма жыл уақыт бұрын. «Қазақша арнаны бұйырса, тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында тамашалайтын боламыз». Бүгінгі жағдай боямасыз осы. Ол таза қазақ тіліндегі телеарна болып түбегейлі қала ма, жоқ па, белгісіз. Басында қазақ тілінде сайраған «Еларна» да кейіннен қостілді арнаға айналып кетті емес пе? Сол сияқты болып жүрмесе. Ұлттың ұпайын түгендейтін тұлға, «қара нар керек бұл іске». Амал қанша, өткеннің өнегесін бүгінгіге жеткізіп, санасының саңылауын іздеуге тырысып бағып жүргеніміз.

«Жұмыс істеген адам қателеспей, артық-кем пікір айтпай, біреуді сынамай жүрмейді. Өзіңнен жоғарының кемшілігін көріп тұрып қалай үндемейсің? Біреулер, әсіресе шен-шекпені барлар халқына, оның арына, намысына тиетін сөзді айтып жатса, аузын бұған өгізше қалай бұға түсерсің? Талайға тиіскен, сөз жарыстырған, пікір таластырған кезіміз бар. Ол білімділікті көрсету үшін емес, шындықтың шырайын шығару үшін! Біреулер бүгін айтқанына ертең жауап бергісі келмейді. Құдай сондайлардан сақтасын».

1991 жылғы тамыз оқиғасы кезінде Қазақ радиосында болған лездемеде Сағат Әшімбаев осылай ағынан жарылғанды. Ойындағысын бүкпесіз ақтарған. Министр деңгейіндегі тұлғаның осылайша ағынан жарылуы арман бүгінде! Қазіргілердің бәрі бір қалыптан шыққандай. Сөйлеген сөздеріне дейін. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, жетістіктің желпінісімен біраз қиырға көз салады. Айтқандарына құлақ түрсең, «аспанда бар, жерде жоқ» мемлекетте өмір сүріп жатқан тәріздіміз. Қазақ қоғамы кемшіліктен ада-сынды. «Шындықты шырайын шығару үшін» сөйлесе, әңгіме басқа. Осындай кезде тағы да халықтың намысын ту етіп ұстаған Сағат Әшімбаевты еске аламыз. Ол тірі болса, халықтың көкейіндегісі шерге айналмай, ақиқаттың ауылына қонсы қонар еді ғой. Сонда

әлеуметтің де жүзі жарқын болар еді, сөзін сөйлеген арысының арқасында.

...Әзірге Сағат Әшімбаевтың орны ойсырап тұр!

Алаштың ардақты ғалымы Зейнолла Қабдолов айтқан екен кезінде: «Сағатқа қарап Уақыт-Сағатын анықтап отырамыз» деп. Біздікі де осымен үндеседі. Сағат Әшімбаевтың қайраткерлік қолтаңбасына қарап, болашақ ұрпақ Азаматтық-Ұстаным бағытын айқындап отыратын болады.

2011 жыл





АЛТЫНБЕК

Ел басқаратын тұлғалар туралы, әділеттілік туралы сан ғасырдан бері айтылып келе жатқанымен, әл-Фараби сынды ғұламалардың «Қайырымды қала» туралы трактаттарында ел билеушісі қандай болуы керек деп тайға таңба басқандай жазылғанымен, дүниеде түпкілікті әділеттілік орнай қойған жоқ әлі. Билік бишігін ұстағандардың барлығы дерлік ел қамын, мемлекет мүддесін ойлайды деп кесіп айту да қиын. Өркениетті қоғамға аяқ басқан қазіргі кездің өзінде билік үшін бәсекелестік барысында ақыл сайысынан гөрі қаруға жүгінетіндер әлі де жеткілікті...

Арғы-бергі әлемдік тарихты қазбалайтын болсақ, оққа байланған тарихи тұлғалар жеткілікті. Халықшылдардың қолынан қаза тапқан Ресей императоры Александр II, АҚШ президенттері Авраам Линкольн, Джеймс Гарфильд, Уильям Маккинли, Джон Кеннеди саяси қастандықтың құрбаны болды. Беріректе Үндістанның премьер-министрі Индира Ганди, оның ұлы Раджив Ганди де қарақшылардың қолынан қаза тапты. Жаңа ғасыр басында Пәкістанның премьер-министрі Беназир Бхутто да саяси қастандықтың құрбаны болды.

* * *

Жер бетіндегі болып жатқан жағдайдың барлығы сол дүниенің бір бөлшегі саналатын қазақ қоғамына да тән. Билік үшін күрес барысында ықпалды тұлғаларға қастандық жасау әрекеті арғы-бергі қазақ тарихында да кездеседі.

Қазақ тарихында орны бөлек қолбасшы Әбілқайыр ханның өлімін ел билеушілерінің арасындағы қырғиқабақ қақтығыс деп түйіндеу жаңсақтық болар еді. Бұл жерде сыртқы күштің ықпалы да көзге ұрып тұр. Оны бір-біріне иілгісі келмей, өшпенділік отын тұтатқан шамшыл төрелер арасындағы алауыздық деп бағалау қазақи ұғым-түсініктің көлеңкесінде қалуға әкеледі. Яғни бүгінгіше бағамдар болсақ, тұрмыстық деңгейдегі дүрдараздық деу қисынсыз. Өйткені, Әбілқайыр қатардағы көп ұлықтың бірі емес, қазақ ұлысына елеулі ықпалы бар тұлға. Олай болса, орыс патшасының оны өз уысынан шығармас үшін алуан түрлі айлаға жүгінетінін жоққа шығаруға бола ма?

Әу басында орыс патшасынан пана іздеп, бодандыққа бас ұрып, билігімді күшейтіп аламын деген Әбілқайырдың ойы кейіннен әдіра қалды. Сосын, амал жоқ, бұғаудан босануға ұмтылып, «мінез» көрсете бастады. «Бүлікшіл» ханды құрығы ұзын орыс патшасы өз қандасы – Барақ сұлтанның қолымен жазалады. Осылайша, былайғы жұртқа орыс патшасы бұл оқиғаны қазақтың өз арасындағы билеушілерінің қақтығысы, жеке бастың өшпенділігі ретінде көрсетіп қойған-ды. Әйтпесе, мұның сыры тереңде жатқаны көкірегі ояу жанға түсінікті емес пе?

Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлы жазғандай, «күшті Ресейге арқа тіреп, Хиуалықты, Қарақалпақты бағындырамын; Үш жүзге үлкен хан боламын; Тақты мұралы қыламын; Қол-аяқты жинап болған соң, Ресейден бөлініп кетемін деген Әбілқайырдың ойы жүзеге асқан жоқ. «Қарақалпақты қаратуға шыққан бетінде Әбілқайырды Барақ өлтірді. Сонымен, Әбілқайырдың хукіметке қарсы наразылығы аяқталмай қалды» (Қ.Кемеңгерұлы).

Қазақ тарихындағы трагедиялық тұлға Әбілқайыр ханның өліміне ел арасындағы төрелердің өзара қырқысы себеп болды деген жаңсақ пікірден арылып, оған қазақ-орыс қарым-қатынасындағы ызғарлы қабақ себепші болды деп пайымдауға толыққанды негіз бар. Орыс патшасы әу бастағы келісім негізінде көрсетілетін қолдаудан бас тартты. Сондықтан орыс

какпанына түсіп қалғанын түсінген Әбілқайыр хан кейінгі кездері өзіндік амал-қимылын көрсете бастады. Бұл бодандық бұғауын біржола үзіп тастамағанымен, орыс патшасына кәдімгідей қиындық әкелетін еді. Сол себепті де олар Әбілқайырды құрбандыққа шалды...

Жалпы, ертеректе ел ішіне тек ұлықтардың емес, қарадан шығып, билік айтқандардың, төрелік жүргізгендердің, аузы дуалы ақындардың ықпалы зор болғаны тарихтан мәлім. Бұқара өздерінің сөзін сөйлегендерінің айтқанына ұйыды, сол себепті әділеттік іздеу барысында «өздерін хан ұлына теңгергендерден» пана іздеді. Ал ондай ерлер биліктің басындағыларға жаққан ба? «Ақиқатын айтамын деп ағайынына жақпағандарды» қашан да ұнатпаған ғой. Арда туған Махамбет те солардың санатынан.

«Махамбет – «өзімнен бұрын өзгеге болсам» дейтін жалғыз ғана тілекті бар ынтасымен малданған, сол тілек жолында өмірін сарп еткен, сол тілек жолында сөзі мен ісі қылдай алшақ етіп көрмеген елті тұлға» деп ғалым Мақсат Тәж-Мұрат айтқанындай, жауынгер-ақынның «ақырып теңдік сұрағаны» берісі қазақдаласындағы билеушілердің, әрісі орыс патшасының зәре-құтын қашырды. Теңдік сұрап таңды таңға ұрып жорықта жүрген Махамбеттің қолы жеңіліске ұшырағанымен, ақынның рухты жыры қабырғалы қалың елдің жадына тоқылып қалған еді. Ақынның көзін жою арқылы көңілден өшіремін дегендердің үкімі Ықылас сынды сатқынға ат-шапан болып бұйырғанымен, аламан жұрттың асқақ рухын аласарта алмағаны анық.

Бас көтерер перзентінің басын алып, елінің үрейін ұшырып, уысында ұстаймыз дегендердің арам ойы жүзеге асқан жоқ. Жауынгер-ақынның бұ өмірдегі өмірбаяны тоқтанымен, «қара қазан, сары баланың» жүрегіндегі бейнесін өшіре алмағаны хақ. Қайта қара жұрттың көкейіндегі кектің шоғын маздатты. «Кезенген жаумен кескілесіп тұрып өлісуге шыдайтын ұл болмаса, сондай ұлды туғызып тұрған ел болмаса, қазақтың қай ісі өрге басар дейсің?!» деп Кенесары айтқандай, Махамбет «кескілесіп тұрып өлісуге шыдайтын» ердің сойынан еді ғой. Махамбеттің басын алдық деп, қазақты баскөтерер тұлғасынан айырдық деп шуласқандар оңбай кателесті...

Айтпақшы, Кенесары батыр да халқының азаттығы үшін күрес барысында жанын пидә етті. Қазақтың соңғы ханының басын шапқанымен де, қара халықтың наразылығын баса алған жоқ Ресей патшалығы.

*«Баспақ ел болдық неге біз,
Бопсаға көніп не түрлі?
... Біз –
Бассыз қалған денеміз –
«Бассыз салт атты» секілді!!!»*

деп ақиық акын Ақсұңқарұлы «Кенесарының басы» деген өлеңінде жырлағандай, қазақтың ерлері «бассыз қалғанымен», «ақырып теңдік сұраған» ерлердің ерлікке толы жолы жалғасып келеді...

* * *

Жыл басында жолаушылап Алматыға ат басын тірегенбіз. Сол жолы қазақтың марқасқалары, ірілері мәңгілікке қоныс тепкен «Кеңсай» зиратына арнайы барып, дүниеден өткендердің аруағына құран бағыштағанбыз. Сол бір күні, ақпанның үшінші күні жылап тұрды Алматы аспаны. «Кеңсайға» көтерілер тұстағы жылғалардан төмен қарай қар суы ағып жатты. Жаңбырлы ақпан. «Кеңсайға» кезекті мәрте барғанбыз сол күні. Алаштың маңдайына сыймай кеткен ұлтжанды тұлғаның қазіргі «қонысы» «Екінші «Кеңсай» аталатын зираттың биік тұсында орналасқан. Жерде қар болғанымен, қар астынан күн көзіне жамырай ұмтылған көк шөптің басы қылтияды. Қаһарлы қыстан кейін шуақты көктем келетінін сездіріп жатқан тәрізді ме, қалай? Оның да арман-аңсары сол көктемді көптен күткен тәрізді еді ғой, қазақ елінің еркін тынысты, өркениетті қоғамда өмір сүру сәтін көру-тұғын... **«Бір сөзбен айтқанда, халық өз жеңісін тойлайтын кез келеді. Бірақ ол үшін ұзақ жұмыс істеп, халықтың көзін ашу керек»** деген тұжырымы да жадымызда жаңғырады бүгінде...

Алайда, Оған ол күнді көруді жазбапты... Одан енді біз үміттіміз. Жалпы, адамның айтқаны емес, Алланың дегені бо-

лады десек те, пенде өз өмірін өзгертуге қашаннан мүдделі. Адам біткеннің жақсы өзгеріске ұмтылатыны қадым заманнан белгілі емес пе. Басқаны айтпай-ақ, Қорқыт бабамыздың ажалдан қашып, дүниенің бұрыш-бұрышын шарлағанының өзі неге тұрады? Оның бер жағында Асан қайғының халқын құтты мекенге қоныстандырамын деп, Желмаяға мініп Жерұйықты іздеп сабылатынын да бекер дей алмаспыз тегінде. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» бабам қазақ ғасырлар бойы арман еткені анық. Аяз бидің қазақ болмысынан орын алуы да кездейсоқтық емес. Әділеттілік символы іспетті Аяз би. Туған жұртын жақсы күнге жеткіземіз деген ұмтылыс жиырма бірінші ғасырдың биігінде де жалғасып келеді. Арғысын айттық, бергісі алаш қайраткерлерінен тартып, бүгінгі ұлтжандылардың маңдайына жазылған ақық аманат. Сол аманатқа адалдық танытып, қайраткерлік қасиетімен елдің ертеңіне алаңдағандар әлі де бар. **«Менің мақсатым — елдегі жағдайды жақсы жағына қарай өзгерту. Қазба байлыққа аса бай мемлекеттің азаматтары да сол Тәңір сыйлаған байлыққа сәйкес, бақуатты өмір сүруі керек. Мен осыны қалаймын»** деп айтқан-ды ол әңгіменің бір орайында. Бұл мәселе Алаш жұртының күн тәртібінде әлі тұр!

Исламда бес нәрсені: Отаныңды, дініңді, ұятыңды, жаныңды, дүниенді қызғыштай қорғау міндеттеледі. Осы құндылықтарды қорғау жолында қайтыс болғандар шейіт саналады. Ал шейіттердің ақыретте есепсіз жәннатқа барары мәлім. Құранда бұл жөнінде «Шейіттерді өлдіге санамаңдар. Олар тірі, Алла біледі, сендер білмейсіңдер» («Бақара» сүресі, 154-аят) делінген. Отанды қорғау дегеннің баламасы елдік мүддені, ұлттық мүддені қорғау дегенді білдіреді емес пе. Ендеше, қазақ қазақ болғалы шейіт болғандар шоғыры қанша екенін бір Құдай біледі. Қазақ сахарасында асқақ абыройы мен тулақтай жер үшін көз жұмғандар қаншама? Оларға Алла тағаланың рақымы жаусын деп, күн сайын құран бағыштаса да артықтық етпес еді.

«Отанды сүю – иманнан» деген қасиетті ұғым бар Құранда. Алтынбек Сәрсенбайұлы да имани адам еді. «Қара қазан, сары

баланың қамы үшін» күрес жолында ештеңеден қаймыққан емес-ті. Бәзбіреулер сынды бұра тартқан жоқ, биліктің дегеніне көніп, айдауына жүріп жағымпазданған жоқ. Қатерлі болса да, халқының қажетіне жарайтын жолды таңдады. «Мен өз көзқарастарымнан бас тартпаймын» деп байлам жасағаны да сол себепті. Артына, кейінгі ұрпаққа «өлдіге санамайтын» іс қалдырды. Басын бәйгеге тігіп, туған халқын шын мәніндегі азат қоғамда өмір сүруі үшін күрес барысында мерт болды...

Алтынбектің қазасы туралы сол кездегі елдің Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев Алтынбектің өлімін «саяси қылмыс» ретінде қарастыру керек деп мәлімдеген болатын. «Мемлекеттік қызмет жүйесінде, оның ішінде Сыртқы істер министрлігінде, сондай-ақ оппозицияда да жоғары лауазымды қызметтер атқарған белгілі саяси қайраткер өлтірілді». Саясат деген сан қатпарлы саланың бүге-шігесіне дейін терең білетін Кемелұлының айтқанына бірдеңені алып-қосудың өзі қиын. Тоқаевтың төрелігінің тереңдігіне қазақ қоғамы көп уақыт өтпей-ақ куә болары сөзсіз деген сенімдеміз.

* * *

«Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп, тарих жолында артта қалады. Бақыт, махаббаттан тысқары болады. Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?» дер еді Әлихан Бөкейханұлы өткен ғасырдың басында ұлт азаттығы үшін күрес барысында.

«Билікте жүру – ешкімнің басты мақсаты болмауға тиіс. Саясаткердің басты мақсаты – ұлттық мүдде мен халықтың ең зәру талап-тілектерімен сәйкес, үйлес болуы керек» дейді Алтынбек Сәрсенбайұлы бір ғасыр жуық уақыт өткен соң.

Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан туған жұртының мақсат-мұратын шегендесе, тәуелсіз елдің саясаткері Алтынбек Сәрсенбайұлы бір ғасыр бұрынғы ұлттық мақсат-мұратты жүзеге асыратын тұлғаның қандай болуы керек екендігіне тоқталады.

Кездейсоқтық па?! Жоқ! Халықтың арман-аңсары қашан жүзеге асқанша мұндай ойлар ұлттың мүддесін ту еткен жан-

дарды мазалай беретіні анық. Бұл ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан заңдылық. Ендігі айтарымыз, алаштың азаттығы үшін шейіт болған тұлғалардың ойлағаны жүзеге асатын күнге тезірек жетсе деген тілегіміз бар.

2011 жыл





КНЯГИНИН

Тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелді бір сұхбат барысында өткен ғасырдың басындағы орыс демократтарының өмірінен тағылымды жайтты әңгімелеп берген еді. Мемлекеттік Думаға 1906 жылы сайланғандардың қатарында Тимофей Сидельников деген депутат бар екен. Ол І Мемлекеттік думада жүргенде патша билігіне «ішкі губерниялардан қазақ жеріне переселендерді көшіруді тоқтатындар» деп талап қойған 57 депутаттың үндеуі қабылдануына ұйытқы болады. Осылайша өзге ұлттың өкілі саналатын Сидельников алаш жерінің мүддесін жанталаса қорғаған, қазақ жерінің қилы тағдырына қатысты кітап та жазған.

Сидельников алаштың ардақты перзенті Байтұрсыновпен дос болған, екеуі Орынбордағы переселен мекемесінде бірге қызмет істеген. Тағдырлары кейін де тоғысқан көрінеді. 1919 жылы құрылған Казвоенревкомның төрағалығына Пестковский, орынбасары болып Байтұрсынов, мүшелігіне Сидельников сайланады. Сол тұстары Тимофей Сидельниковтің Ленинге жазған хаты сақталыпты.

Ол Ленинге жазған хатында орыс шовинистерінің бөтен пиғылын, астамшыл әрекетін әшкерелейді. «Башқұртстандағы сияқты Қазақстанда да үстіне «кожанка» киген орыс

революционерлері өріп жүр. Олар қазаққа халық деп қарамайды. Қазақ қайраткерлерін менсінбейді. Өйткені, өздерін төңкеріс жасаған ұлттың өкілдеріміз деп санайды. «Мені бәрің тыңдауға тиістісіңдер. Менің айтқанымның бәрі дұрыс» дейді. Ленин жолдас, ұлттық аймақтарда осындай ұстанымдағы орыстар жүргенін ұмытпаңыз. Олардан болашақ мемлекетке төнетін қауіп зор» деп жазады. Сидельниковтің бұл азаматтығы – өткен тарихтың бір тағылымды тұсы.

Жетпіс жылдан астам уақыт өткеннен кейін де демократияшыл бағыттағы осы дәстүрдің үзілмегенін аңғардық. Сидельниковтер қатары сирегенмен, әділеттікке арашашы болатын орыс демократияшылдарының озық өнегесін ту еткендер бар екен. Солардың бірі – ақиқат үшін арпалысқан Александр Княгинин.

Александр Княгинин Қазақ елі тәуелсіздігін алар қарсаңда Семей қаласының Зауыт ауданынан он екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Оның депутат болып сайланғанға дейінгі атқарған шаруасы бір төбе. Жаңашылдығы, өнертапқыштығы оның өндірістегі шаруасын өрге домалатты. Ал қара қылды қақ жарған турашылдығы партноменклатураға ұнай қойған жоқ. «Турасын айтып туғанына жақпайтын» қасиетінің арқасында Семейдегі қой шаруашылығы кешендерін өнеркәсіптік негізде дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік зауыттың директоры Александр Александрович талай теперішті де көрді. Оның обкомның екінші хатшысына: «өзің білмейтін іске араласпа» дегені кейіннен өзіне таяқ болып та тиді.

Жерлестері Сан Саныч деп атап кеткен өнертапқыш-директор жаңашылдығының арқасында «талай адамды жұмыссыз қалдырғысы келді». Ол сон-ау айдаладағы Австралияда 25 мың қойға небәрі төрт-ақ адам иелік ететінін айта отырып, соны Қазақстан жағдайына орай икемдеп, өндіріске енгізгісі келді. Жылжымалы жайылымдық шарбақ дегенді

ойлап тапты. Малдың оты да, суы да осы құрастырмалы қораның ішінде болады. Сөйтсе, бұл жаңалықтың жерді аздырып, тоздырудан сақтап қалуда да маңызы зор екен. Әйтсе де, сан Санычтың қикарлығын көңіліне кек сақтаған басшылар мұны басқаша түсіндіреді. Яғни, Княгинин «социализм идеясына қарсы, ол қойшыларды жұмыссыз қалдырғысы келеді» дегенді алға тартады. Біздің жоғарыдағы «талай адамды жұмыссыз қалдырғысы келеді» дегеніміз осы.

Сан Саныч 1987 жылы төрт жыл жазаға кесіліп, Қиыр Шығысқа айдалып, төрт ай түрменің де дәмін татты. Әйтеуір әділеттіліктің арқасында біржола ақталып, Княгинин Семейге қайтып оралды. Арада екі жылдан соң «Огонек» журналының кітапханасы» сериясымен мәскеулік журналист Юрий Лушиннің «Неудобный» атты А.Княгинин туралы деректі кітапшасы 150 мың тиражбен жарық көрді. Онда әділеттілік үшін арпалысқан өнертапқыш директордың тағдыр-талайы жан-жақты баяндалады.

Княгинин Семейге ғана емес, өзінің бұрынғы қызметіне де қайтып оралған-ды. Әділеттілікке бола абақтыға қамалса да, ол бұрынғы күрескерлігінен бас тартқан жоқ-ты. Қайта ол ширап, ширыға түскен еді. Қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Қысқасы, Семейдегі, жалпы әлемдегі ядролық сынақтарға қарсы табанды күрес бастаған «Невада-Семей» халықаралық қозғалысының бел ортасында жүрді. Бұл өз кезегінде Сан Санычтың алаштың ақиық ақыны, қозғалыстың көшбасшысы Олжас Сүлейменовпен сыйластығына ұласты.

Александр Княгининнің Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайлануы – оның азаматтың тұлғасын бұрынғыдан да асқақтата түсті. Оны республика халқының жете біліп, тани бастайтыны да осы кез. Өйткені, ол тоқсаныншы жылдардан бастап ізді-ізімен жалғасқан айтулы оқиғалардың басы-қасында жүрді. Ол депутат ретінде Егемендік туралы декларацияның қабылдануына үлес

қосты. Қазақ мемлекетінің тәуелсіздік туралы заңының, тәуелсіз елдің тұңғыш Конституциясының қабылданатын сәтінде Сан Саныч өзінің азаматтық болмысын танытты. Қазақ елінің тағдыры, мемлекеттілік мәселесі таразыға тартылғанда Княгининнің ұтымды сөзі, орнықты пікірі өрекіген шовинистік пиғылдың арынын басып, шиеленіскен түйіннің тарқатылуына елеулі үлес қосты.

«Кейбіреулер тарих пен бүгінгі жағдайдың аражігін шатастыратын секілді. Бүгінге өткен күннің өлшемімен қарауға болмайды. Айталық, республикамыздың бірқатар облыстарын Россияға қосу жөнінде базбіреулер даурығып жүр, мен оларды үзілді-кесілді айыптаймын. Мәселен, Орал қазақтың жері ме – қазақтың жері! Оған енді ешкімнің де қол сұғуға қақысы жоқ!»

Міне, біздің Княгинин сепаратистік пиғылдағы саясаткерлерге осылайша тойтарыс берді. Осыдан кейін Сан Санычтың азаматтығына риза болмай қайтесің! Қазақтың намысын жыртып, абыройын асқақтатқан депутаттың осы сөзі жиі ойға оралатыны да рас. Алаш тарихын бұра тартпай, ақиқатын айтатын Княгининдер болмағанда, өтпелі кезеңде жағдайымыздың мүшкіл болатынын несіне жасырайық?!

«Турасын айтқанның туғанына жақпайтынын» жоғарыда да айтқан болатынбыз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің мүшкіл халін қозғаған Княгининді өз ағайындары сатқын ретінде бағалады. Оны басқа да орыстілді жандар ұната қойған жоқ. Ақиқатты айтқаны үшін! «Қазақ мемлекетінің мемлекеттік тілі – қазақ тілі болуы керек» дегені үшін!

«Мен сессияда сөйлеген сөзімде қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі – ресми тіл болсын деп, сондай-ақ Қазақ КСР-і халықаралық қарым-қатынаста және Біріккен Ұлттар Ұйымына тек қана қазақ ұлтының өкілеттігі мойындалады деген пікір айттым. Ондағы мақсатым – көп ұлтты республиканың заңды иесі жергілікті халық екендігін көрсету еді». Бұл пікір қазір құлаққа үйреншікті

болып көрінер. Ал осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын заң шығарушы органның мінберінен осылайша сөз қозғау, сөз жоқ, батылдықты талап ететін еді. Оған қоса, өзіміз ғасырлар бойы «ұлылығына» бас иіп келген ұлттың өкілі қазақ ұлтының мүддесін қозғауы мүмкін еместей көрінетін. Ол задында, ердің ерінің қолынан келер іс-ті. Сондықтан да тәуелсіз Қазақ елінің тарихында Александр Княгининнің де ойып тұрып алатын орны бар.

Депутаттық қызметінен кейін Сан Санычты семейліктер айрықша құрметтеді. Ол Ұлыстың ұлы күні иығына қазақы шапан жамылып, басына тақия киіп берекелі дастарханның төрінде отырар еді. Сол баяғысынша бауырмал қалпынан айнымай, өзінің қазақ достарына «ең болмаса Наурыз мейрамында ұлттық киімдерінді неге кимейсіндер» деп кейістік танытатын. Онымен де шектелмей, ана тілінен бейхабар жандарды сын тезіне алатын. «Менің өзім қазақ тілін үйренуге талпынып жүргенде, сендерге не жорық» дейтін ренжіп.

Қазақ елінің адал азаматы Александр Княгинин 1999 жылы 63 жасында өмірден озды. Мәскеуде тұратын ұлдары әке сүйегін сол жаққа апарып жерледі. Алайда, тәуелсіз қазақ елінің дамуына өзіндік үлес қосқан тұлғаға әлі күнге дейін өз деңгейінде құрмет көрсетілмей келеді. Рас, Астана қаласы «Шұбар» алабындағы «НовостройТЕЛЬный» көшесі бүгінде Александр Княгинин атында. Әйтсе де, тәуелсіз елдің қалыптасуына айрықша үлес қосқан Княгининді жан-жақты насихаттау артықтық етпейтіні сөзсіз. Болашақ ұрпақтың бойына княгининдік қасиетті сіңіре берген абзал. Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік тілді, отаншылдықты, мемлекеттілікті насихаттау барысында Александр Княгинин атындағы арнайы сыйлық тағайындаса, керемет болар еді. Сонда сонау Сидельниковтердің сарқыты іспетті Княгининнің де өнегелі ісі өркенін жаятынына күмән жоқ.

«Что благо для русского языка, то может обернуться смертью для казахского языка. Ареал существования

казахского языка – только здесь, в Казахстане, иначе он погибнет», – деп сонау Қазақстан тәуелсіздік алған тұста жанайқайын жеткізген еді Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Александр Княгинин.

Астамсыған, империялық пиғылдағы талай жандардың аузына қақпақ қойған Княгининнің осындай сөзі-тұғын.

Ендеше, Алаш жұрты бір тұлғаға ескерткіш қойса, Княгининге қоюы тиіс!

2012 жыл





ТОҚТАР

Өткен жылдың жазында ақиық ақын Қасым Аманжоловтың ғасырлық мерейтойы Қарқаралы төсінде дүркіреп өткенді. Бәлкім, бұрын-сонды ұлы перзенттерін ұлықтаған талай той, талас ас өткен шығар алаш даласында. Алайда, өзіміз куә болған Қасым тойы соңғы кездегі шоқтығы биік, ұлттың рухын асқақтатқан алқалы жиынның санатынан көрінді.

«Ей, тәкаппар дүние, Маған да бір қарашы; Танысың ба, сен мені, Мен қазақтың баласы!» деп мынау аласапыран дүниеге, жыр көгіне өзіндік үнімен, өзіндік жырымен, өзіндік мінезімен еңселей енген ақын Қасымның асқақтығы кейінгі алаш ұрпағына жұғысты болсын дейміз де ендігі жерде!

Қасым демекші, ақын кіндігін кескен жұрт – мінезділер мекені, тұлғалар томағасын сыпырған қасиетті орта. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» деп шырқаған Мәди Бапиұлы қандай кескекті тұлға! «Алаштың» көшбасшысы Әлихан Бөкейхан Тоқырауында дүниеге келгенмен, дүниетанымдық көзқарасы Қарқаралыда қалыптасқан, осындағы мектепте білім алған. Ал Ленин, Сталин сынды кеңес өкіметі көсемдерінің өзін шешендігіне ұйытып, қазақ елінің шекарасын біржола шегендеген Әлімхан Ермеков те Қарқаралының тумасы.

Қарқаралы баурайында дүниеге келген Алаш қайраткерлерін айтпаған күннің өзінде, осында табан тіреп, тұрақтаған орыс перзенттерінің ішінен де талай мықтылар шыққан. Ұлты бөлек демесеңіз, азаматтық ұстанымы адамзаттың қай

баласына да өнеге боларлық тұлғалар. Қазақ топырағының қызуын бойына сіңірген генерал Корниловты осал еді деп кім айтады! Патша өкіметіне қызмет етті демесеңіз, білікті сардар болғандығын тарих беттері таратып айтады. Кеңес дәуірінде генерал атанған Николай Мордвиновтың да кіндігі Қарқаралы қаласында кесілген. Қарқаралылықтар өздеріне жерлес санайтын Петр Теряев екінші дүниежүзілік соғыста жанқиярлық ерлігімен көзге түсіп, Кеңес Одағының Батыры атанды.

Қарқаралы – қырандар қияға канат қаққан өңір. Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіров осы өңірде арман-қиялымен қияға самғаған. Ұшқыш соғыс кезінде Отанын қорғау жолында ерлікпен қаза тапты.

Түркі жұртынан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров та Қарқаралыдан түлеп ұшқан қыран. Қыран болғанда да КСРО деген апайтөс мемлекеттің алып тұлғалы марғасқаларын мойындатып, сынақшы ретінде күллі дүние азаматы тәуекелге бара алмаған дыбыстан да жылдам «МиГ-29К» супер-ұшағын кеме-бортынан ұшырып, қас пен көздің арасында кеңістікке бір айналып келіп, нүктеге қайта қондырған хас батыр.

* * *

Қыран тәріздес өреннің қиялы әуелі батырлық рухымен ауызданатыны әлімсақтан мағлұм ғой. Батыр бала кезінен ауыз әдебиетінен сусындап, батырлар жырын құлағына құйып өскен-ді. Әсіресе, анасы оқыған «Қобыланды батыр» мен «Қыз Жібек» жырлары оның жадына бала кезден біржола жазылып қалды. Болашақ ұшқыштың бала санасына бабалардың батырлығы осылайша ұялады.

Тоқтар батыр балалық кезеңнің осы бір көрінісін төмендегіше тарқатады:

– Біздің санамызға жыр оқитын бала кезеңнен сәуле түскен болуы керек, батырлар жырына деген құмарлығым арта түсті. Хат таныған соң, өзім де оқып, батырларға еліктей бастадым. Бала қиялымда үнемі Қобыланды батыр жүретін. Оның таудай тұлғасы, берендігі мен бес қаруы ойымнан бір сәтке шыққан да емес. Осылардың бәрі әсер еткен болуы керек, кішкентай

кезімнен ұшқыш болуды армандадым. Бір сәтке осы арман-аңсарымнан айныған емеспін. Сабақ оқуға деген құлшынысым да заңғар көкке көтерілумен астасып жатты.

Иә, армандау бар да, сол арманның жүзеге асуы жолында жанын сала еңбектену бар. Ол бұл жағына келгенде шүмектеп тер төгіп, жастығына қарамай жігерін жанып, еңбек етті. Әкеден жеті айлығында айырылған бозбала Токтар ендігі жерде анасын асырау үшін жанталасты, жұктасушы болды. Екі иығына 50 келілік екі қапты көтеріп жүре беретін. Намысын камшылай жүріп, Теміртаудағы литейлі-механикалық зауытка токарьдің көмекшісі болып орналасты. Жанын жеп жұмыс істеді, атқарған жұмысынан кілтипан табылмайтындай етіп, еңбектенді.

Сөйтіп жүріп, асқақ арманына бастайтын жолды да ұмытқан жоқ. Апта сайын Қарағандыға аэроклубқа үш мәрте баратын еді. Осылайша бала Токтар арманына 15 жасында біржола бет бұрды. Сол жылы Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіров атындағы аэроклубта тұңғыш рет парашюттен секірді. Аэроклубта ол әу басында парашют секциясында шұғылданатын еді, кейіннен ұшу секциясына ауысты. 1965 жылы мектепті де сәтті аяқтап, сонымен бірге аэроклубта жазғы тағлымдамасын да тәмамдады. Асқақ арман осылайша болашақ батырды Әуе қорғанысы күштеріне ұшқыштар даярлайтын Армавир жоғары әскери авиациялық училищесіне алып келді. 1976 жылдың тамызынан А.Микоян атындағы орталық конструкторлық бюрода ұшқыш-сынақшы болып қызметке кірісті.

* * *

Токтардың ерлігі туралы ең әуелі туған халқы емес, мұхиттың арғы бетіндегі АҚШ жұрты хабардар болды. Құпия саналатын ақпаратты америкалықтардың қандай амалмен қолға түсіргені өз алдына бөлек әңгіме. Алайда, тоталитарлық жүйе ішкі дүниесін қымтап ұстап, сыртқа шашау шығармай тұмшалаған тұста, 80-нші жылдары АҚШ-та шығатын «Авиация әлемі» атты беделді журналда әлемнің ең үздік деген он

сынақшы-ұшқышының тізімі жарияланған. Сол ондықтың ішінде Тоқтар Әубәкіров есімі де болды. Аты-жөні ғана емес, бүкіл өмірбаяндық шежіресі толық қамтылған-ды. Батырың Артем Микоян атындағы орталық конструкторлық бюросында 50-ден астам ең соңғы техникамен жарақталған ұшақты сынақтан өткізіп тастаған еді.

— Мен үшін де, қызметтестерім үшін де бұл күтпеген жағдай болды. Қызмет бабына қатысты барлық ақпарат құпия сақталатын еді. Оның үстіне жаңа истребитель ұшақты сынаған сәттерімізді шағын топ ғана білетін. Кеңес Одағында тұңғыш рет дыбыстан жылдам ұшақты әскери кеменің палубасына қондырған сәтім осы саланың әлемдегі бірегей мамандарының назарын аударған болуы керек, - дейді Тоқтар аға.

Дыбыстан жылдам зымырайтын ұшақты «Тбилиси» әскери кемесіне қондырғанға дейін-ақ, Тоқтар Әубәкіров ұшқыш-сынақшы санатында ұзақ жылғы ерлікке пара-пар еңбегі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған еді.

Тоқтар Оңғарбайұлы өзінің көңілі қалаған, көк жүзінде қалықтап сынақшы ретінде жаңа ұшақтарды сынақтан өткізіп жүре берер ме еді, кім білсін, өміріне түбегейлі бетбұрыс жасаған кездейсоқ оқиға болмаса...

— Шынымды айтсам, ғарышкер боламын деген ой менің үш ұйықтасам, түсіме кірген жоқ. Мен сынақшы-ұшқышпын. Ал, сынақшы-ұшқыш болу — ғарышқа ұшудан да қиын кәсіп. Біздің әр самғауымыз қауіп-қатерге толы болады. Өйткені, біз зауыттан шыққан емес, қолдан құрастырылған әскери ұшақтарды сынақтан өткіземіз. Жігіттер апатқа жиі ұшырап жататын. Біздің әскери әуе компаниясы үшін 1977 жыл өте ауыр жыл болды. Сол жылы біздің 13 әріптесіміз апатқа ұшырап, көз жұмды. Өзім де талай мәрте апатты жағдайға тап болдым. Бабалар аруағы қолдап, аман қалдым. Әсіресе, анам марқұмның рухы үнемі желеп-жебеп, жанымнан табылатын.

Ұшқыш болу бала кезімнен арманым болғандықтан, мен осынша қатерлі кәсіптен айни алмадым. Небір жауапты сынақтарға қатысып, әскери тапсырмаларды мүлтіксіз орындап жүрдім. Қиындықпен бетпе-бет келген сәттерімде мені

мақсатшылдығым тығырықтан алып шығатын. Құдайға шүкір, абырой-атақтан да кенде болған жоқпыз.

Алайда, Қазақ елінің басшысымен кездесу батырдың өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Ол 1990 жылы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесті. Нұрсұлтан Әбішұлы ол кезде Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болатын. Назарбаев батырға ғарышқа ұшу жөнінде ұсынысын айтып, қолқа салғанды. Ұшқыш ә дегеннен қарсылық білдірді, тәуекелі басым қызметінен қол үзбейтіндігін аңғартты.

Араға бір жыл салып, 1991 жылы Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы бір алқалы жиын үстінде: «Ғарышқа Тоқтар Әубәкіров ұшады. Ол дайын» деген мазмұндағы ресми мәлімдемесін жасап келіп жібергені. Ол кезде болашақ ғарышкер Алматының іргесіндегі Шымбұлақта шаңғы теуіп жүрген. Жан-жақтан жолдас жігіттері телефон шалып, реніштерін білдірді дейсін. «Сенің ұшатыныңды бірінші біз неге білмейміз?», - деп өкпелерін айтып жатыр. Батыр бәрінен бейхабар-тұғын. «Ештеңе білмеймін» деп, ақталған болады.

– Ертеңіне Нұрекең қабылдады да, намысымды жаныды. Қатты айтты. «Сен ұшуың керек. Бұл – қазақ халқының 30 жыл бойғы арманы. Отыз жыл бойы қазақтың Байқоңырынан кімдер ұшпады?! Қазақтан басқаның бәрі ұшты. Елдің намысы – бәрімізге ортақ», - деп, елдік мұратты көздеген талабын қойды. Мен қарсылық танытып едім: «Жарайды ұшпай-ақ қой. Маған да керек емес!», - деген сөзі өтіп кетті де, мен келісімімді бердім. Сөйтіп, Нұрекеңнің намысымды қамшылауымен бір-ақ күнде ғарышкер болып шыға келдім.

* * *

Көк жүзінде тәуекелмен қалықтаған Тоқтар ағаның туған жерге деген, елге деген арман-аңсары да айырықша. Әсіресе, ауыл десе жаны ауырады.

– Қазақ ауылының алшысы түспей тұр бүгінде. Ауылдағылардың көріп отырған бейнетін айтып жеткізу қиын, кара жұмыстан көз ашпайды. Ауылдағылардың еңбегін мемлекет өз деңгейінде бағаламай отыр. Олар өндірген өнімді өз


деңгейінде сатып алуға келгенде, сарандық танытады Үкімет. Сөздің токетері, ауылдың әлеуметтік жағдайын көтермей, дәулетін арттырмай, бақуатты ел бола алмаймыз. Өйткені, қазақтың болашағы ауылда, - дейлі Токтар аға.

Жоғарыда біз сөз еткен Қарқаралы баурайында өткен Қасым ақынның тойына Токтар аға Мәскеуде өтіп жатқан жиыннан ұшып келіпті. Сөйтсе, ресейліктер қазақтың тұңғыш ұшқышын алқалы жиынға арнайы шақырыпты.

Мәселе, алқалы жиында емес, гәп Токтар ағаның айтқанында. «Жігіттер, тойдың болғаны жақсы ғой, жақсылықтың белгісі. Алайда, мынадай кезеңде тойды дабырайтпай атап өту керек. Жаңаөзендегі мұнайшылар қиналып жатқанда, елдің тағы бір бөлігінде ұлан-асыр той жасап, дабырлату қисынсыз. Тойға да ой керек» депті батыр ағамыз Қасымның тойында жігіттермен әңгіме-дүкен барысында...

2012 жыл





ЖЕЛТОҚСАН ЖЫЛНАМАСЫ



АЛАҢДАҒЫ АРПАЛЫС ӘЛІ БІТКЕН ЖОҚ

Жылдар бойы республиканы жеке бір адамның басқаруы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының алғашқы себебі болды. Бұл, біріншіден. Екіншіден, алаңға шыққан жастар 1985 жылы сәуір айынан басталған жариялылықтың шынайылығына сенгендіктен, өздерінің талап-тілегін, наразылығын білдіруді мақсат еткен-ді. Бірақ, олардың көздегені бола қойған жоқ... Жылдар бойы «халықтар достығының лабораториясына» айналған республиканың астанасы бір күнде дүр сілкінді. Жастар «әр ұлттық республикаға жергілікті ұлттың басшысын қою» жөніндегі талабы жазылған плакатты алаңға көтере шықты. Алайда, «бұзақы, нашақор студент-жастармен» партияның серкелері келіссөзге барғысы келмеді. «Тараңдар жақсылықпен, әйтпесе көресіні көрсетеміз. Жағдайларыңыз қиын болады» деп дөңайбат көрсетті. Шынында солай болды да...

Барлық іс-әрекет кейінірек «Құйын» атымен мәлім болған қанды операцияның негізінде жүзеге асырылды. Операцияны жүзеге асыру үшін Алматы гарнизонының бүкіл күші 5700 адам (оған қоса резервтегі 1993 адам), одан басқа төтенше жағдай енгізбей-ақ астананың көшелеріне ішкі әскерлердің жауынгерлері (КСРО ПМ-нің арнайы Алматы қаласындағы 5449, 7552, Алматы облысының Қаракемер селосындағы 6654, Фрунзе қаласындағы 3408, Ташкент қаласындағы 5452, Челябинск қаласындағы 5426, Новосібір қаласындағы 5427, Уфа қаласындағы 5424 әскери бөлімшелері – барлығы 2169 адам (резервте Новосібірдің 5424,

9449 әскери бөлімшелері 203 адам) болды. Сөйтіп, барлығы 7869 адам «бұзақыларды» ауыздықтауға ат салысты. Мұның сыртында алақанын сойыл темірмен ысқылаған 6457 халық жасақшысы «қоғамдық тәртіпті» қалпына келтіруге белсене кірісті. Сонымен, Компартияның өкілдері «айттық бітті, біздікі дұрыс» деп шорт кесті. Ал өздерінің өрекіген жалыны қоғамдық қауіп-қатер туғызады деп күтпеген студент-жастар да өршелене түсті...

17 желтоқсан күнгі сағат 18-дің шамасында Қазақ ССР Ішкі істер министрінің орынбасары Э.Басаровтың шешімімен Алматы қаласы өрт қорғау басқармасының бастығы М.Абдулмановтың жүзеге асыруымен 20 өрт сөндіру мәшинесі аязды күні демонстранттарды сумен атқылады. Бұл туралы қалалық атқару комитеті ішкі істер басқармасының бастығы, отставкадағы полковник Олег Елеонский төмендегіше баяндайды: «**Өрт сөндіру автомәшинелерін қолданудың қажеті жоқ еді. Мұның өзі керісінше жиналғандардың қарсылығын, белсенділік әрекетін күшейтуге себепші болды. Қазақ тілінде нашар сөйлеу жағдайды күрт шиеленістіріп жіберді. Әсіресе, бұл Басаров жиналғандар алдында сөйлеген кезде сезілді. Оның үстіне Басаровтың сөзінен түсіндіру нышаны емес, көбіне қорқыту әдісі байқалды**» дейді. Шындығында да күш, қару-жарақ қолдану демонстранттардың ашу-ызасын туғызды. Оған қоса жастардың іс-әрекеттерінде сындарлы сабақтастықтан гөрі сезім ауанына берілушілік басым болды. Стихиялық түрде өршіген текетірестің ақыры қанды сойылға ұласты. Кейін құқық қорғау, қауіпсіздік органдары іздеген «ұйымдастырушылардың» болмағандығы алаң төрінде анық байқалған. Бағдарлы кимыл, жастардың бүкіл талап-тілегі бір арнада тоғысып жатты деп айту қиын-тұғын. Әйтеуір, алаңға барған жастардың қай-қайсысына да «бізді неге басынады» деген көзсіз батылдық тән еді. Сондықтан бір-біріне тоқтау айтып, сабыр сақтай алмады. Басу айтса «бүлдіріп» алатындай көрінді. Әу бастағы Қазақстан Компартиясының ғимаратына «елшілікке» жіберілгендердің қойған талаптарының жүзеге аспауы, осы мақсатта үйлестіруші топтың немесе жеке беделді

тұлғауы болмауы оқиғаның ушығуына әкелді. Шын мәнінде бұл оқиға ұлтшылдық, СОКП Орталық Комитетінің шешіміне қарсы және КСРО мен Кеңес құрылысына қарсы деп есептелді. Сондықтан да оған қарсы күш жұмсалды.

Оқиғаның алдын алуға болмас па еді деген еріксіз сауал туындайды. Қандай түйіні қиын мәселенің де іздесе оңтайлы шешілетін тұсы болатыны мағлұм. Бірақ, негізгі гәп сол проблеманы шешуге деген құлшыныстың жоқтығында. Немесе жалған намыс, жасанды беделдің жетегінде бірбеткейлік танытуда. Әйтпесе, Желтоқсан оқиғасын қанды лаңға, жаппай жазалауға ұластырмаудың жолы табылатын еді. Бұл пікірді сол кезде Талдықорған облысын басқарған В.Ануфриев те қостайды. **«Трагедияны тоқтатудың жолы болды ма? Болды, Колбин отставкаға кетуі керек еді деп ойлаймын. Бірақ, Колбинмен екі арадағы әңгімеден түсінгенім, Горбачев бұл идеяны қабылдамаған».** Мінекейіңіз, Бас хатшы ұсынған кандидатура қалай болған күнде де өтуі тиіс! Тіпті, қанша қырғын болса да!.. Осындай орталықтың империялық үстемдігі бүкіл арнайы дайындықтан өткен әскери бөлімшелерді Алматыдағы Брежнев алаңына шоғырландыруға өкім айтты. Аз мерзім ішінде Горбачевтің өзі жастарды тәубасына келтіріп ауыздықтау мақсатында жедел хат жолдады. Онда:

«1.1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Алматыда қоғамдық тәртіп бұзушылыққа және басқа да жат құбылыстарға қарсы Қазақстанның партиялық және кеңес органдары, сондай-ақ МҚК және ПМ тарапынан қолданылатын шараларды қуаттау керек;

2. Жағдайдың шиеленісуіне байланысты әскери құрылымдарды пайдалана отырып Алматыда коменданттық сағат енгізу қажет;

3. Қаланың қазақ жұртшылығы мен басқа ұлт еңбекшілерінің арасында қандай да қақтығысты болдырмас үшін баса назар аудару керек» деп жазылған. СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.Горбачев қол қойылған телефонограмма 18 желтоқсан күні сағат 21.20-да жолда-

нады. Яғни бұдан Алматыдағы бүкіл заңсыздықтардан, әскери құрылымдардың жауыздық әрекетінен Бас хатшының өзі толық хабардар болды деп сеніммен айтуға болады. Сондықтан да Желтоқсан қасіретінің бір тұптамасы СОКП Орталық Комитеті қабылдаған шешімде жатыр.

Алаңдағы жауыздықтарға куә болған Р.Қағарманованың куәлік етуінше, «демонстрацияны қуып-таратқаннан кейін жанында 7-8 жауынгері бар бір майор қазақ қыздарының ізіне түсті. Оларды алаңның жанындағы үйдің 16 қабатында қуып-жетіп, резеңке сойылмен ұрғылады, етіктерімен тепкіледі». Тіпті кейбір қыздар есінен танып қалған.

Ал Ш.Қажиева бұл әрекеттің 18 желтоқсанында да жалғасқанын айтады. Оны Совет аудандық ішкі істер бөлімінің камерасына қамайды. Төрт күн бойы суық, тамақсыз ұстайды. Екі күннен кейін су сұрағанда, милиционер балағаттап, оның саяси тұтқын екендігін сол себепті ішуге, жеуге, ешнәрсе беруге болмайтындығын айтады. Ал «саяси тұтқын» сол кезде бар болғаны 14 жаста еді. Алаңдағы сойқаннан ауыр жарақат алғандығын құжаттар да дәлелдейді. Бір ғана жедел жәрдем ауруханасына алаңдағы оқиғадан кейін 142 адам жедел жәрдемге жүгініпті. Яғни, осы 142 кісінің медициналық картасы тіркелген. Ал басқа ауруханаларға барған немесе ішкі істер органдарының қудалауынан қорқып, жарақат алса да ауруханаға бармағандар саны қанша екені беймағлұм. Қаладағы осындай бар деректің өзі біраз жайтты аңғартады.

Желтоқсан оқиғасының толық көрінісімен таныса келгенде бір байқалғаны, алаңда қаруға қарсы шыққандар немесе өздерінің наразылығын білдірушілердің түгелдей дерлік жұмысшылар мен төменгі курс студенттері еді. Наразылық үн катудың алдыңғы қатарында жұмысшы өкілдерінің болуы астанадағы әлеуметтік теңсіздік жағдайдан келіп туындады. Өйткені, өз астанам деп қиырдан, ауылдан келгендер қалада тіркеуге алынбай жылдар бойы сандалып жүрді. Тіркеуге алынған күннің өзінде де бес жылдан соң барып пәтер кезегіне тұруға рұқсат етілді. Ал екінші жағынан «аға ұлттың» өкілдері жалақысы жоғары жұмыс та істеп, пәтерін де алып,

салтанатты өмір сүрді. Орталықтың аймақтарға деген солақай көзқарасы, өзiмбiлемдiкке салып билеп-төстеудiң ақыры төзiм шынжырының бырт-бырт үзiлуiне әкелiп соқты. Жылдар бойы қалыптасқан санда бар санатта жоқ жұмысшылар арасындағы әлеуметтiк әдiлетсiздiк саяси пайым-парасаттың биiгiнде болмағанымен, бұла күш пен сезiм ауанында өз талаптарын бiлдiруге мәжбүр болды. Ал студенттердiң басым көпшiлiгi алаңға алғашқы қақтығыстан кейiн жинала бастады. Әскерилер тарапынан болған қорқыту-үркiту жастардың намысына от тастады. Тiптi олардың кейбiреулерiнiң санасында әу бастағы Орталыққа қойған ұсыныс-талаптардан гөрi оқиға шиеленiсiнiң арқауы болған «жастарды неге сокқыға жығады» деген себептiң салмағы басым болды. Сол себептi де үлкен мақсаттың ақыры жеке қасiреттерге ұласты...

Зиялы қауымның iшiнен тек бiрен-сараны ғана өз қарсылығын бiлдiрмесе, басым көпшiлiгi үнсiз қалды. Тек Жұбан Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, Салық Зиманов сынды қайраткерлер Желтоқсандағы Орталықтың ұйымдастыруымен болған iс-әрекеттi батыл айыптады. Әу бастағы бейбiт шерудiң соңы қанды алаңға ұласуы жастардың ортасында сарабал зиялы қауымның болмағандығында. Бейбiт жолмен мәселенi шешу, құқықтық бостандықтарды заңдылыққа сай талап ету, көңiл ауанына берiлушiлiкке жол бермеу бағытында iстер атқаратын зиялылардың үйлестiрушi халде болмағандығының орны байқалды. Ал саяси шынайы тәжiрибеде шындалмаған жастар қағаз жүзiнде «күрғақ демократияға» сенiп арандап қалды. Тiптi, Желтоқсан оқиғасы бойынша құқық қорғау, сот органдары тарапынан үкiм шығарылған 103-нiң 7-еуiнiң ғана жоғары бiлiмi бар екен. Ал оның iшiнде өзiндiк парасат-пайымы, саяси көзқарасы бар Әркен Уақовты, Хасен Қожахметовтi, Жансая Сәбитоваларды қауiпсiздiк комитетiнiң қызметкерлерi «оқиғаны ұйымдастырушылар» деп тауып, оқиғаның нүктесiн қойғандай күй кештi. Шын мәнiнде орталық тарапынан «ұйымдастырушыларды табу керек» деген өкiм айтылды. Сонымен саяси көзқарасында кеңестiк жүйеге деген «ауытқушылық» бар зиялыларды аяқ асты «ұйымдастырушыларға» айналдырды.

Әрине, қысылтаяң сәтте, аумалы-төкпелі кезеңде ақиқатты арашалап қалу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оған тек әділеттік үшін, елдік намыс үшін әсілі ғұмырын арнауға бар адамдар ғана бара алады. Мәселе бүгінгі күні неге солай істемедіңіздер деп кінә артып, жазғыруда емес. Гәп тарихи заңдылық пен сол кезеңнің толық көрінісін беретін деректерде ғана. Бір қуанарлығы, әйтеуір қандай сұрапыл кезең болса да халықтық аттан сап, ақиқат үшін әлі де атқа қонатын ержүрек азаматтар бар екен. Мұнысына да шүкіршілік. Сол сияқты жылдар бойы тоталитарлық жүйенің қағидасымен тәрбиеленген ұрпақ үшін бір сәтте тәуелділік нөқтасын сыпырып тастап, «демократ» бола салу да қиын. Бұл табиғи заңдылық. Базбір аға ұрпақтың өкілдері СОКП-ның сорақы іс-әрекетінің заңсыз екендігіне көз жеткізе алмады. Осындай үрдіс сол кездегі басым көпшілігіне тән жағдай еді. Осыған орай бұрынғы Алматы қаласы Калинин аудандық прокурорының орынбасары Мәриям Қабденова өз ойын төмендегіше жеткізеді.

«... Дегенмен, мойындауға тура келетін бір жәйт, сол кезеңде басқалар сияқты менің де заңсыз іс-әрекет туралы мәселені қоюға күш-жігерім жетпеді». Ағынан ақтарылған ащы шындық. Талайдың басында болған трагедия...

Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы басқа аймақтардағы наразылық шеруіне ұласты. Алматы мен басқа облыс орталығындағы наразылыққа қатысты тікелей байланыс болмағанымен, жер-жерде СОКП Орталық Комитетінің елдік құқын белден басқан төрелігіне қарсылық білдірушілер үн қата бастады. Бұл құжат жүзінде де көрініс тапқан. Қазақ ССР МҚК тергеу бөлімі бастығының орынбасары, подполковник С.Мурзалин 85 қылмыстық іске байланысты құжатта **«... сол кезеңде Арқалық, Ақтөбе, Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Өскемен, Талдықорған, Целиноград және Шымкент қалаларында Алматыдағы жаппай тәртіпсіздікті қолдау мақсатымен студенттердің ішінен ұлтшылдық әрекеттері байқалды. Бірақ олардың жолы кесілді»** деп жазады. Алайда оларды қалай тәртіпке шақырғаны

жұмбақ. Республика мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің өкілі осылай деп отырса, өтірік болмағаны ғой. Қауіпсіздік комитеті мемлекетте болып жатқан ұсақ-түйекке дейін назарынан қалт жібермейтін «қырағы» орган болды емес пе. Яғни Желтоқсан оқиғасында Алматы қаласындағы саяси бас көтерудің тарихта өзіндік орны бар екеніне дау жоқ. Әйтсе де Желтоқсан кезінде облыс орталықтарында болған наразылық шерулер туралы деректер әлі де түбегейлі анықтауды қажет етеді. Еліміздің басым бөлігін қамтыған бас көтеру туралы сонда ғана толыққанды айтуға болады.

Желтоқсан оқиғасынан бері он жыл өтті. Қандай өзгеріс болды? Жетістігіміз қайсы? Кемшілігіміз неде? Рас, одан бері Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Әлемдік қауымдастыққа мүше болды. Бірақ бар мәселенің түйіні осымен шешілді ме? Жоқ. Басшылық бұрынғыдай Мәскеудің өктемдігімен сайланған жоқ. Әйтсе де, елдің жағдайы өркендеуде деп айту қиын. Сондай-ақ, Желтоқсан оқиғасында өткір қойылған мәселенің бірі – жастардың әлеуметтік жағдайы әлі күн тәртібінен түскен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы лебімен тіл төңірегінде, мемлекеттілікті нығайту барысында алғашқы қадамдар жасалғанымен, соның бәрі қазір тоқырап тұр. Тіпті жастардың бойында осыдан он жыл бұрынғы «елім, жерім, ұлтым» деп кеудесін резеңке сойылға тосқан қарқын әлдеқашан баяулаған. Оның үстіне шенеуніктер тарапынан жасалған жасанды кедергілер, бюрократиялық тоңмойындық ертенге деген, мемлекеттіліктің, ұлттық қалыптасудың өркениет көшіне иек артуға деген игілікті істердің дер кезінде жүзеге асуына кедергі жасауда.

Жаңа қоғам жаңа қажеттіліктерді туындатады. Осыған орай еліміздің идеологиясында «Қазақстан патриотизімін қалыптастыру» идеясы өмірге келді. Бірақ қазір осының өзі мимырт тірліктің көлеңкесінде қалып қойды. Кешегі елім деп шыққан желтоқсандық жастардың жаңа патриотизммен үндестігі жарасым таппады. Сонда «қазақстандық патриотизмді» іс жүзіне асыратын түпкі дінгегіміз қайсы? Бұл жағы да жұмбақ әлем. Сол баяғы «кеңес адамының» жаңаша

бір түрі тәрізді қайталау теоремасы сынды... Қазақтың байырғы жерінде мемлекет құрып отырғаннан кейін, негізгі бағыт-бағдар сол жердің мемлекеттілігінің, тілінің, тарихының айналасына топтасқаны жөн болар. Шынайы патриотизм осындай діңгектен туындамай ма?

Тарих тағылымы елдің еркіндігі, тәуелсіздігі мен гүлденуіне деген арпалыстан тұратындығын айғақтайды, Ал елдің өркендеуін тежеп ұстаудың аяғы әлеуметтік, саяси апатқа апарып соқтырады. Желтоқсан оқиғасы осының дәлелі. Ол каншалықты мәскеулік билеушілердің ықпалы негізінен болды дегенмен қашанда билеуші жүйенің әдіс айласы ұқсас келеді. Жүзеге асырып отыратын мемлекеттік механизм тегершігі орнықты ретімен іске аспаса, ол уақытқа емес, оқиғаға тәуелді болып шығады. Бұл тұрғыда бүгінгі кезең үшін кешегі желтоқсаннан алар тағылым жеткілікті.

P.S. Мақаланы дайындау барысында Желтоқсан оқиғасын зерттеумен айналысқан комиссияның материалдары пайдаланылды.

1996 жыл





ҚЫРШЫННАН ҚИЫЛҒАН ҒҰМЫРЛАР

Желтоқсан оқиғасын түбегейлі зерттеп, оның анық-қанығына көз жеткізіп, түпкілікті баға беру жөнінде Мұхтар Шаханов басшылық жасаған комиссия үлкен жұмыстар атқарды. Осы комиссияға қолғабыс жасаған, Желтоқсан оқиғасы кешінде құрбан болғандарды, ауыр жараланғандарды анықтау, тексеру тобына жетекшілік еткен Төлеген Әлжановпен сұхбатты оқырман назарына ұсынып отырмыз.

– **Ресми органдар Желтоқсанда құрбан болғандар жоқ дегенімен, оның ақиқаты уақыт өте келе айқындалды. Бұлтартпас деректердің ашылуына тоқталып өтсеңіз.**

– Ең алдымен Ләззат Асанованың жұмбақ қазасының мән-жайына назар аударалық. Ол бертінге дейін, ресми құжаттарға қарағанда, оның өлімінің Желтоқсан оқиғасына қатысы жоқ деп келінді. Яғни, онда Асанованы ұрлық жасады деп бөлмелес қыздары әшкерелегеннен кейін, ол шыдай алмай 1986 жылы 25 желтоқсанда бес қабатты үйден секіріп кетті делінген. Бірақ кейін, тәуелсіз тексерудің нәтижесінде белгілі болғанындай, Асанова 19 желтоқсанда құқық қорғау органдары тарапынан ұсталынғаны анықталды. Оған қоса оның ұсталған кезде соққыға жығылғаны, қорланғаны, үстінен 65-баппен қылмыстық іс қозғалғаны мәлім болды. Дегенмен, Желтоқсанға қатысты қозғалған қылмыстық істі орган қызметкерлері жойып жіберген. Тек қана біздің қолымызға тигені – 1986 жылғы 25

желтоқсанда №30484 жүргізілген іс. Яғни, бұл тек қана Асанова Ләззаттың үйден қарғып кеткендігіне қатысты.

Асанованың 19 желтоқсанда ұсталғанын қалалық прокуратураның тергеушісі Алдыбаев айқындап берді. Ол бұрынғы Желтоқсан оқиғасы кезіндегі республикалық тергеу тобының құрамында болған. Алматы музыкалық училищесінің жатақханасы Чапаев көшесінде орналасқан. Қайғылы оқиға болған жер Совет ауданына қарайды. Осы ауданның бұрынғы прокуроры Ж.Ысқақовтың берген түсініктемесі бойынша да Асанованың 19 желтоқсанда ұсталғаны, 65-баппен іс қозғалғандығы белгілі болды. Ішкі істер министрлігінен қосымша тіркелген тізім табылды. Оған ішкі істер министрінің сол кездегі бірінші орынбасары Э.Басаровтың қолы қойылған. «Алматы қаласындағы жаппай тәртіпсіздікке қатысканы үшін жауапқа тартылғандар мен ұсталғандардың тізіміне қосымша» деп аталған әлгі құжатта 87 адамның аты-жөні жазылған. Тізімге №76 болып Асанова Ләззат Оразханқызы тіркелген. 1970 жылы туылғаны, Алматы музыкалық училищесінің студенті екендігі, 65-баптың II тармағымен іс қозғалғандығы жазылған. Әрі онда «Қаз ССР Прокуратурасының тергеу тобы» деген белгі соғылған.

Жоғарыда алғаш рет аталған №30484 қылмыстық істе Асанованың жаппай тәртіпсіздікке қатысканы туралы ешқандай дерек жоқ. Ал Асанованың өліміне қатысты қылмыстық іспен шұғылданған тергеу тобының тергеушісі Ю.В.Чуприлин комиссияға берген өз түсініктемесінде төмендегіше баяндайды: «1986 жылы 25 желтоқсанда мені ҚазССР Прокурорының орынбасары А.Мызников кабинетіне шақырып алды. Онда Бас прокурордың көмекшісі Стрельников, ҚазССР Прокуратурасы тергеу бөлімшесінің бастығы В.Волтунов және МҚК және Ішкі істер министрлігі басшылығынан адамдар болды. Мызников маған 24 желтоқсанда Совет ауданындағы Алматы музыкалық училище жатақханасының шатырынан секірген дерек КСРО Прокуратурасының ерекше назарында, өйткені, қалада 18 желтоқсанда демонстранттарды ұрып-соққанына қарсылық ре-

тінде оның өзін өлімге қиғаны туралы қауесет бар дегенді айтты».

Егер №30484 қылмыстық іске сүйенсек, Асанованың өлімі курстастарының араздығынан туындаған ғой. Оған КСРО Прокуратурасының не қатысы бар? Совет ауданындағы «қатардағы» өзін-өзі өлтірушінің ісімен аудандық прокуратура емес, республикалық прокуратура тобының айналысқаны қалай?

Түйіндеп айтқанда, біздің дәлелдегеніміз, Асанова Ләззаттың өлімі тікелей Желтоқсан оқиғасына қатысты болған.

– **16 жасында өзін өлімге қиған Сәбира Мұхамеджанованың қазасы туралы не айтасыз?**

– Өскемен педагогикалық училищесінің студенті Сәбира Мұхамеджанованың өлімі де Желтоқсан оқиғасына қатысты екендігі айқындалды. Оның қазасына ұлттық қауіпсіздік басқармасы қызметкерінің себепкер екендігі белгілі болды.

Куәгер Қасымованың түсініктемесінде: «Сәбира орган қызметкерімен әңгімеден соң бөлмеге жылаған күйінде келді де, бірден терезе жаққа беттеді» деп жазады. Ал Үлбі аудандық прокуратурасының тергеушісі А.Альферов Мұхамеджановаға қатысты №8652048 қылмыстық істі 31.12.1986 жылы тоқтату туралы қаулысында төмендегіше жазады: «1986 жылғы 22 желтоқсанда ол (**Мұхамеджанованы айтады. - автор**) барлық тобымен сабаққа барған жоқ, сол арқылы Алматы қаласындағы ұлттық толқуларды қолдады. Класс жетекшісі Мұхамеджанованың Алматыдағы ұлттық толқуларды қолдау көрсетудегі қателігін түсіндіріп, әңгіме өткізді». Осылайша тергеуші Мұхамеджанованы кінәлайды. Әрі қарай ол: «С.Мұхамеджанова прокуратура, милиция органдарына шақырылған жоқ» деп жуып-шаяды. Ал, іс жүзінде әңгіме училищенің ғимаратында, оқушылардың жеке бөлмесінде өткен. Оны МҚК-ның өкілі Шушеньков жүргізген.

«Қыздар іс жүзінде күні бойы тамақтанған жоқ. Мен Шушеньковтан әңгімелесуді таңертеңге дейін тоқтата тұруды сұрадым. Мұхамеджановаға тамырға тамызатын дәрі құйылды. Сол күні (22.12.1986 жылы) сағат 23.00 шамасында С.Мұхамеджанова сабаққабармағанекі топтың ұйымдастырушысы болғанын хабар-

лады» (Училище директоры Николай Николаевич Барановтын 30.12.1986 л/д 20-21 берген көрсетпесінен.). Осы пікірімен-ақ Н.Баранов МҚК-нің өкілі Шушеньков тарапынан болған заң бұзушылықтың бетпердесін аша түседі. Ал сұралған куәгерлер Мұхамеджанованың сабаққа қатыспауға ұйытқы болғандығын жокқа шығарады. Шушеньковтың болуы, қыздармен түн ортасына дейін С.Мұхамеджанованың «ұйымдастыру қызметі» туралы амалсыз жасаған мәлімдемесіне дейін «әңгімелесуі» істі мәреге жеткізді. Ол қысым жасауы негізінде Мұхамеджанованың өз өмірін киноға мәжбүрледі, соған түрткі болды. Әлі он екіде бір гүлі ашылмаған өрімдей қызды өлімге итермеледі.

– Әлі көпшілікке белгілі бола қоймаған Ләззат Шораеваның өлімі жөнінде қандай қорытындыға келдіңіздер?

– Алматы дәрігерлік институтының студенті Шораева Ләззат 1987 жылы 3 ақпанда қайтыс болған. Оған да қылмыстық іс қозғалған. Онымен айналысқан – Ленин аудандық прокуратурасының қызметкерлері. Қаза тапқандығы қылмыстық істі таптық. Одан байқағанымыз, істің немқұрайлы қаралғаны, Шораеваның үйден не үшін секіргені туралы жайттар анықталмаған.

Тергеудің тағы бір жіберген қателігі – медициналық сараптаудың қорытындысы ескерілмеген. Ең бастысы, негізгі куәгер Райса Петровна Евдокимовадан жауап алынбайды. Хаттамада оқиға болған жер суретке түсірілді деп жазылған. Бірақ істе не сурет, немесе оның кескіндемесі табылмады. Тергеуші тек Шораеваның сөмкесінен табылған хатты ғана көрсетеді. Жазылған хатта оның өліміне ешкім кінәлі емес-сынды. Ал сол хаттың өзіне байланысты жазу мәнеріне қатысты да сарапшының қорытындысы жоқ.

Бір қасіреті сол, хаттамада Шораеваның киімдерін тексерген кездегі тергеуші мен медициналық-сот сараптаушысы қорытындысының арасында алшақтық бар. Осыған орай медициналық-сот сарапшылары тексерген мүрде шын мәнінде Ләззат Шораеваның мүрдесі ме екен деген заңды сауал туын-

дайды. Сондықтан Шораеваның қылмыстық ісі табылмағаннан кейін, оның «құпия өлімі» туралы істі егжей-тегжейлі тексеру керек деген қорытындыны комиссияға бердік. Дегенмен, комиссия тарапынан прокуратура орындарына жолданған бұл қорытынды ешқандай нәтижесін беретін емес. Біздің негізгі қорытындымыз, Ләззат Шораеваға да Желтоқсан оқиғасына қатысты іс қозғалып, ол өзін өлімге итермелеуге мәжбүр болған.

– Брежнев алаңындағы қанды сойқан кезінде Алматы энергетика институтының студенті Ербол Сыпатаевтың өлімші боп жараланғаны, осының әсерінен қаза болғаны белгілі. Сараптау тобында бұл жөнінде қандай деректер бар?

– Ербол Сыпатаев бас сүйек-ми жарақатымен 1986 жылы 18 желтоқсанда сағат кешкі сегіздер шамасында қалалық №2 ауруханасына түсіп, 23 желтоқсанда қайтыс болғаны мәлім. Оның негізгі жарақаты, ауыр соққыны алаңда болған кезінде алған. Оның мүрдесі туған жеріне автоматшылардың қоршауымен, қауіпсіздік комитеті қызметкерлерімен бірге апарылғаны да белгілі болды.

Біздің Ербол Сыпатаевтың өліміне қатысты қорытындымыз әскери прокуратураға жіберілді. Ал әскери прокуратура біздің оған ешқандай қатысымыз жоқ деп, оны кері қайтарды. Осылайша Ербол Сыпатаевтың өліміне қатысты қылмыстық іс екі ортада аяқ допқа айналды. «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» деген осы болар. Әйтеуір, қолы жетіп тұрған қорытындының өзі көрінбес сағымға айналып барады.

Біз Ерболдың өліміне қатысты жаңа деректерді де ұсындық. Комиссия жұмысы кезінде Алматыдағы коньяк, шампан, вагон жөндеу зауыттарын тексеруіме тура келді. Оған себеп, таяғын сүйретіп келген үлкен бір ақсақалдың әңгімесі болды. Сол кісі жоғарыда аталған үш зауыттың 1986 жылы 19 желтоқсан күні біріккен жиналысы болғанын айтты. Сол жиналысты қазіргі коньяк зауытының директоры, сол кездегі директордың орынбасары Карапетян басқарады. Сондай-ақ,

жиналысқа Министрлер Кабинетінің өкілі де қатысады. Жиналыста М.Горбачевқа жазылған арнайы Үндеу қабылданып, соған қол қойғызады. Үндеуде: «Алматыдағы қазақтардың бәрін жер аудару керек. Алматы қазақтардың жері емес, бұл – ұйғырлардыкі. Осы жерді ұйғырлардың автономиясы жасау керек» деген сияқты «тарихи» сөздер жазылады. Жиналыста болған бар-жоғы 6 қазақ беттерін басып, жиналысты тастап шығып кетеді. Қол қоймаған екі неміс — Рихтер мен Бойко ғана. Оларды ақыры осы «ерлігі үшін» вагон жөндеу зауытындағы жұмыстарынан шығарып жібереді. Сондай-ақ, үндеуге татар ұлтының өкілдері де қол қоюдан бас тартады. Ал қалғандары үндеуге өздерінің қолдарын қойып, Мәскеуге жолдайды.

Осы әңгімеден кейін мәселеге ден қойып тексере бастадым. Сөйтіп, Алматы вагон жөндеу зауытының цехында қолшоқпар-арматура дайындалғаны мәлім болды. Бұл ерекше дайындалған темір қолшоқпар. Оның басына гайка орнатады. Сондай-ақ, алаңға апарылған жасақшыларға арнайы спирт бөлініп отырған.

Ербол Сыпатаевтың алаңда соққыға жығылып, ауруханаға әкелінгендігі басындағы жарақат шабылған емес, ісік те емес, опырылып, ойылып түскен жарақат екендігі анықталды. Яғни, бұл резеңке сойыл мен темір қалақшаның ізі емес. Міне, сондықтан осы зауытта арматура дайындатқан, жасақшыларды басқарған адамдардың аты-жөнін комиссия мүшелеріне баяндап бердім. Ол комиссия тарапынан қалалық прокуратураға жіберілді. Дегенмен, жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Бірақ ақиқаттың ауылы алыс емес болар, уақыт өте бәрі де айқындалады. Темір қолшоқпар тек қана Сыпатаевтың өліміне емес, талай қазақ жастарының жарақат алғандығына себепкер болғандығы сөзсіз.

– **Көпшілік арасында Желтоқсан кезінде жерленген мүрделердің саны жөнінде әртүрлі әңгімелер айтылып жүр. Осы қаншалықты шындыққа саяды? Комиссия тарапынан осындай деректерге назар аударылды ма?**

– Халық арасында ондай әңгіменің бары рас. Бірақ мүрделердің қайда жерленгені, қанша екендігі дәлелденбеген

дерек. Оны кесіп айту қиын. Дегенмен, күмән-күдік бекерге туындамайды. Осындай мәселеге қатысты бізге төмендегідей дерек келіп түсті. Алматы облыстық ішкі істер басқармасының шаруашылық саласында тракторшы болып істеген неміс жігітінің түсініктемесі-тұғын. Ол жігіттің баяндауынша 18 желтоқсан 1986 жылы оны түнгі сағат 3-те үйінен шақырып алып қала сыртындағы 2-ші жылу-энергетикалық стансасының маңынан жер қазуға бұйрық береді. Облыстық ішкі істер басқармасының қызметкерлері оған жерді қазасын да, кейін қайта көміп, тегістеп тастайсың дегенді айтады. Сол жерде екі жүк мәшинесі тұрады. Бірақ, жігіт олардың үстінде не бар екенін білмейді. Тек мәшинелердің руліндегі жүргізушілердің шені милиция подполковнигі дәрежесінен кемі жоқ. Жанындағылардың да бәрі солай екендігін айтады. Алматыда толқу болып жатқанын білетін жігіт іштей милиция қызметкерлерінің суық жүрісінен күдіктенеді де ыңғайын тауып, қаша жөнеледі. Жас жігітті қуғанымен оларға ұстатпай кетеді. Екі күн бойы жұмыс орнынан әлдекімдер іздеп келіп, неміс жігітімен жолығыса алмайды. Содан кейін оны іздеп келушілер болмаған. Осындай деректер Желтоқсан кезінде адамдардың құрбан болғандығы туралы ойға жетелейді.

– Осыған қосымша тағы бір деректі Абай даңғылының бойында орналасқан дүкенде сатушы болып қызмет ететін бір әйелдің түсініктемесі толықтыра түскендей. Қаладағы бүкіл зираттардың үстінен қарайтын бұрынғы бастығы Дробышевтың сатушы әйел танысы екен. Ол өзі баяндап отырған жайтты Дробышевтан естігенін «Я слышала, что массовое захоронения были» дегенді айтып берді. Оны комиссия төрағасы Мұхтар Шахановтың өзі де естіді. Осы тектес деректерді қорытындылап, комиссия тарапынан Алматы қалалық прокуратурасына жібердік. Дегенмен, күні бүгінге дейін бұл туралы рас-өтірігін тексерген ешқандай нәтиже көрінбейді.

– Сонда Желтоқсан оқиғасы кезінде болған заңсыздықтардың ақиқатын айтар кез әлі келмеген бе?

– Қалай десек те, Желтоқсанның ақиқатын ашып айтуға

кедергі органдар әлі бар. Сондықтан қалың жұртшылық әлі сол кездегі қолшоқпарлардың жазаланбай келе жатқанының куәсі болып отыр. Дегенмен, уақыт өте тарих өзінің бағасын беріп, әділеттілік қалпына келеді деген үміттеміз.

– Әңгімеңізге рахмет. Сол күнді тезірек көруге жазсын!

1996 жыл





«ҰЛТШЫЛ» ҰСТАЗ

Алматыдан арнайы вагонмен Колымаға айдалған Әркен Батталұлы жолшыбай өз қасындағыларға құқықтық жағынан түсініктеме беріп, баз-біреулердің кешірім беру жөніндегі және істі қайта қарау мәселелеріне қатысты құжаттарын жазуға жиі жәрдемдесті. Талай-талай нақақтан сотталғандарға шарапатын тигізді. Оның бұл қызметі қарымтасыз да қалған жоқ. Зонаға кірер-кірместен түрмедегілердің бірі жүгіріп келіп, оның үшінші отрядқа бөлінетіндігін, онда монша меңгерушісі болатындығын айтып та үлгерді. Шынында да дәл солай болып шықты. Осы жұмыста жүріп, жолшыбай түрмеге түскендерге берген көмегін енді зонадағыларға да көрсете бастады. Адам құқығын аяққа таптаған жүйеден қаймықпастан ақиқаттың өмірдегі үстемдігі үшін арпалысып бақты.

Ал темір тордың сыртындағылар, яғни адам бостандығын басқа тепкендер өктемдіктерін мәңгілік мызғымастай көрді. Олар «Желтоқсан оқиғасының ұйымдастырушыларын» тапқан болды. Әркен Уақовтың ісімен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің 57 (!) тергеушісі айналысыпты. Оның қай жерде оқығаны, жұмыс істегені – бәрі-бәрі туралы тіміскілеп жүріп мол мағлұмат жинап, «әлсіз» тұстарында табуға тырысқан-ақ екен. Сөйтсе Уақов деген «ұлтшыл» не пионер қатарында, не комсомол сапында болмапты. Партия мүшелігіне де

қабылданбапты. Әркен Батталұлы бітірген Мәскеудің тау-кен бақылау институтынан «комсомол қатарында болған жоқ, қоғамдық істерге араласпаған» деген құжат алдырыпты. Бұдан артық қандай «ұлтшыл» керек?

Коммунистік қоғамды мойындамайды. Кеңес өкіметіне қарсы бүлікті Уақов ұйымдастырмағанда, кім ұйымдастырады? Оған қоса Қайрат Рысқұлбеков те Алматы сәулет-құрылысы институтының студенті. Ендеше, Әркен Уақов сынды адам ұстаз болып тұрғанда, одан тағылым алған шәкірттері де «ұлтшыл» болатыны сөзсіз. Мінеки, тоталитарлық жүйенің қолшоқпарлары осындай тұжырымға келеді.

Әркен Батталұлы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тас қамау камерасында сегіз ай бойы отырды. Осынша уақыт бойы «ұлтаралық наразылықты» қалай ұйымдастырғаны туралы тергеушілердің сансыз сұрақтарына жауап беруіне тура келді. Ойдан құрастырған, жабылған жаланы қайдан мойындай қойсын. Мойындаған жоқ. Алайда, сен мойындамайды екенсің деп МҚК уысынан шығарып жібереді дейсіз бе. Қылмысы дәлелденбесе де, сот үкім шығарды. Сөйтіп, 1987 жылы 24 шілдеде Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 60,65-баптары және 146-баптың 1-тармағы бойынша, бәрін жинақтай алғанда Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 37-бабы бойынша 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Яғни осы баптар бойынша Әркен Батталұлы ұлтаралық наразылықты қоздырушы (60-бап), жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушы (65-бап) және пара алғаны (146-баптың 1-тармағы) үшін қылмыскер деп танылды.

Қорқытып-үркітіп балаң студенттерді куәға тартты. Олар қорыққанынан-ақ көрмегенді «көрдім» деді, болмаған дүниені «болды» деді. Бәлкім, қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің қокан-лоқысына шыдамаған жастарды кінәлауға болмаса. Бірақ елге аға боларлық азаматтардың ақиқаттан аттап, бейшаралық танытып, табансыздық көрсеткендерін ешкім де кешіре алмайтыны анық.

Сегіз ай бойы тергеуде болған кезде доцент Уақов өз құқықтарын, жалпы заңдарды үйренуге ерекше ден қойғанды. Әу баста орган қызметкерлері мұндай «сауаттануға» қарсы болды. Ондай жағдайда доцент жауап беруден бас тартты. Сонымен олар амал жоқ, келісімге келуге мәжбүр болды. Сөйтіп «желтоқсан оқиғасы жетекшілерінің бірі» кеңес заңдарын том-томдап ақтарып, бүге-шігесіне дейін жілікше шағуға кірісті. Бүкіл заңдарды тау-кен саласындағы бағалы тастардың түр-түсін білетіндей игергені де осы тұс. Кейін өмірлік қажетіне жараған, өзгелерге қол ұшын беруге себепші болған заңдарды МҚК камерасында осылайша үйренген-ді.

Жылдар бойы құдайы көрші болған қазақтың зиялы ақсақалы қысылтаяң сәтте сыр берді. Талайдың тағдырына балта шапқан 17 желтоқсан күні ақсақал Әркен Батталұлына келіп: «Айналайын, қызым алаңға кетіп еді, бір бәлеге ұрынып қалар, соны іздеп келші» деп жылағандай болып өтінген. Әркен жасы үлкеннің тілегін қимай мәшинесімен алаңға жөнелді. Ол көрші қызды көп іздеген жоқ. Милициядан қашып келе жатқан оны Абай даңғылының бойында кездестіріп, үйіне алып келді. Қауіпсіздік комитеті тарапынан жала жабылған уақытта «үйде болдым, оған көршім куә» деп ақсақалды куәге тартқанда, ол басын ала қашты. «Мен білмеймін, оның үйде болғанын көргенім жоқ», деді.

... Ал түрмедегілер Әркен Батталұлын екі рет ажал тырнағынан арашалап алды. Екеуінде де сотталғандардың «сымсыз телефоны» арқылы алдын ала түрме бастықтары тарапынан ұйымдастырылған іс белгілі болды. Олар Уақовты шаруашылық зонадан өнеркәсіптік жағына ауыстырып, өнеркәсіптегі кездейсоқ жағдайға байланысты «өлтіруді» көздеген. Тағы да түрмедегі «қамқоршылардың» ақылымен «ауыра» тұруға тура келді. Сөйтіп, түрме бастықтарының жоспары жүзеге аспай, Әркен өлімнен аман қалды.

Бар мәселенің түйіні Алматыдан аттанғанда-ақ шешілген екен. «Заңды» түрде Әркен Батталұлын сегіз жылға бас бостандығынан айырғанымен, оны нақты түрде «өлім жа-

засын» кесіпті. Қолымаға барғаннан кейін білді. Тағы да түрмедегілердің арқасында өзімен бірге ілесіп келген бүкіл «қылмыстық ісі» туралы құжаттары бар папкімен танысты. Қайда, не үшін сотталғаны және үкім шығарылған мерзімін, қайда жіберілгені туралы жан-жақты деректер жазылған. Соған қоса папкінің ішінен «ұлтшыл» ұстаздың ғұмырлық мәселесін шешуге тиіс тілдей қағаз шықты. Онда былай деп жазылыпты: **«Подлежит ликвидации».**

Уақовтың көзін жоюға жасалған әрекет кейін темір тордың арғы бетін шарлап кетті. БҰҰ жанындағы адам құқығын қорғау комиссиясының талап етуі, Андрей Сахаров пен Елена Боннэрдің тікелей араласуы, отбасының, Алматыдағы Хельсинки тобының және ААСИ-дегі жұмыстан босатылған оқытушылардың арыздануы арқасында республиканың бас прокуроры өзінің қаулысымен Уақовтың ісіне қатысты үкімді орындауды тоқтатуға мәжбүр болды.

Енді түрмеде басқаша жағдай қалыптасты. Әркен Батталұлы жағындағы әділеттілік жеңіп кетпес бұрын шенеуніктер, социалистік жүйенің маркасқалары басқалай амал-айла қарастыра бастады. Бір күні оны түрме бастығы шақырып алып, «Сізді босататын болдық, тек кешірім беру жөнінде өтініш жазыңыз», деді. Өзі нақақтан сотталған адам, қай қылмысымды мойындаймын деп кешірім сұрауы тиіс. Уақов өтініш жазудан бас тартты. Ол «қылмысымды кешіріңіз» деп жазса, нағыз қылмыскер болып шықпай ма? Өтініш жаздыру туралы түрме бастықтарының екі әрекетінен де түк шықпады. Сонымен, амал жоқ, Уақовты темір торлы вагонмен қайта Қазақстанға аттандырды.

Новосібір түрмесінде Ташкент бағытына жүретін темір торлы вагондарды күтуге тура келді. Пойыз сегіз күннен соң жүрмекші. Алдында не тосып тұрғаны бұлдыр. Қазақстанға алып бара жатқанымен, жолшыбай не боларын кім біледі? Сансыз ойлармен бас қатырып отырғанда кезекші оның аты-жөнін атап шақырды. Сөйтіп, Қазақ ССР бас прокурорының

үкімді тоқтату туралы шешімімен құлықсыз танысып, қол қойды. «Аңсаған бостандығы осы ма? Киімсіз, қаражатсыз қайда бармақшы? Бәлкім, осылар әдейі бірдеңе ұйымдастырып отырған шығар? Қой, одан да түрмеден шықпай-ақ қояйын». Қақпа алдындағы кезекшіге қайта келді. Ішке кіргізуді сұрады. Қаржысыз, киім-кешексіз ешқайда бармаймын, деді ол. Кезекші сонда ғана оны әйелінің сыртта күтіп тұрғанын айтты. Сөйтсе, қақпадан сәл қашықтау жерде әйелі тұр екен. Сонымен отбасына оралды. Жылға жуық үй тұтқыны болды. Үш жылға жуық уақыт ішінде «ұлтшылдығы» арқасында өмірдің қиындығымен қатар парасаттылықтың, азаматтықтың не екенін түсінді. Сатқындықтың сары жебесінің ұрымтал тұстан атылатынын да ұғынды...

1986 жылғы желтоқсаннан басталған сергелдеңге сегіз жылдан кейін ғана нүкте қойылды. Яғни сегіз жылға бас бостандығынан айырылған Әркен Батталұлы, оның жартысын тұтқында болмады дегені болмаса, толық ақталған жоқ-ты. Тек 1994 жылдың 5 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты төрағасының бірінші орынбасары М.С.Нәрікбаев қол қойған ақталғаны туралы анықтама қағазы қолға тиді. Онда «... 1994 жылғы 27 мамырдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты пленумының қаулысымен 1987 жылғы 24 шілдедегі Ә. Б.Уақовқа қатысты Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасының үкімі бұзылды. Және оның әрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан, іс өндірісі тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаға қатысқаны үшін жауапкершілікке тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығына сәйкес Уақов Әркен Батталұлы ақталды», деп жазылған. Мінеки, сегіз жылға созылған сергелдең осылай аяқталды. Алайда, осыншама уақыт бойы жүйкені жұқартқан, денсаулыққа залалын тигізген, кісілігіне кірбің түсірген жағдаят үшін кім жауап береді? Әрине,

сот арқылы материалдық, моральдық шығынды қаржылай өндіріп алуға болатын шығар? Әйтсе де, оның осыншама уақыт бойы тозақпен теңдес өткен өмірін ештеңе де толтыра алмасы хақ.

1996 жыл





ОН БЕС КҮНДІК ОҚИҒА

Ол он бес күн ішінде тозақ атаулының сүзгісінен өткендей болды. Осы он бес күн жүрекке шемен боп қатқан қара түйткілге айналды. Сәби жастан санаға сіңген «күн көсем» идеясына деген сенімді күлпарша етіп талқандады. Жасанды қоғамдық құрылысты біржола құлатып тынды...

Қиын сәтте, ел басына күн туғанда Отанын сататын азаматтарды (осы атауға лайық болса?!) сонда көрді. Әділетсіздік алдында бұқпантайлап, қарақан басының қамы үшін қандастарын өзектен тепкілеген ағаларын сонда байқады. Қазақ деген ғаламдық шежіреде өзіндік орны бар халықтың Отырарды қорғаған Қайырхан мен қаланың қақпасын жауына ашып берген Қарашоқысы бірге туатындығын, Махамбет бар жерде зұлымдықтың көлеңкесі Ықылас қоса жүретінін сол сәтте терең ұғынғандай болды. Әйтеуір, тағдыр тезіне түсіп, дүниеден, жақсылық атаулыдан түңілген кезде жылт еткен үміт ұшқыны қылаң беріп отырды. Бәлкім, осы болмашы үміт сәулесі шығар ертеңгі күнге деген сенімін, адам атаулының бәріне зұлымдық тән емес екендігін сездірген. Осының бәрі-бәрі арадан он жылға жуық уақыт өтсе де қасіретті қанды сойқан күні кешегідей көз алдында. Жүрегінде шемен боп қатқан түйдек ретінде қалды...

1986 жыл. 16 желтоқсан. Қыздар педагогтік институты физика-математика факультетінің 3-курс студенттері түстен кейін оқитын-ды. Дәл осы күнгі сабақтың бірі – саяси экономия пәні. Дәріс оқитын оқытушы ауырып қалды да, оның орнына

басқа бір кісі келген. Қонаевтың орнынан алынғанын, ол кісінің орнына орталықтың шешімімен Геннадий Васильевич Колбин деген «мықты» келгенін тұңғыш рет студенттер «политэкономист» ағайдан естіді. Сөйтіп, қыздар арасында сансыз сауалдар туындады: Қонаевты не үшін орнынан алады? Қандай кемшілігі үшін? Неге басшыны сырттан әкеледі? Әр ұлттық республикаға басшы жергілікті ұлттан болады деген принцип қайда?

Сансыз сауалдар соңы пікірталасқа ұласты. Қалай болғанда да дәрісханадағы да, жатақханадағы да негізгі әңгіменің арқауы осы мәселеге қатысты өрбіді.

17 желтоқсан. Ертеңгілік жатақханаға жаңа басылымдарды әкелген. Сандаған көздер басылым бетіндегі Колбинмен алғаш осы күні дидарласты. Қазақстанның тағдыры «сеніп тапсырылған» басшының партиялық өсу жолымен қыздар осылайша танысты. Одақтағы үлкен республиканың тізгіні берілген Грузиядан жергілікті ұлт тілін «үйреніп қайтқан» басшының өрлеу сатысы көпшілікке осылай мағлұм болған.

Түстен кейін бір топ жастар Брежнев алаңына қарай кетіпті деген хабар студенттер арасына лезде тараған. Онсыз да өзара наразылық танытып жүрген қыздар өз пікірін білдіруге тырысты. Іштегі алай-дүлей сансыз сауалдарға жауап іздеп, алаңға барған. Жауабын тапты. Бірақ мүлдем басқа арнадағы жауап. Әділеттілік іздегенді, өзіндік пікір айтқанды білеу сойылға жықты. Бас көтергендерінді түрмеге тоғытып, қуғындап тірлігіңнің тоз-тозын шығарамын деген империялық астамшылық әрекет еді бұл...

Брежнев алаңына әділеттілікке жүгініп, төрелік іздеп барғандардың санатында Қалдықыз да бар-ды. Жастардың өкіметке наразылығын, бейбіт шеруін, әскер басшыларының кокан-лоқысын тұтастай көзбен көрді. Алайда, қарусыз жастарды қанға бояйды деп ойламаған. Алаңды түгелдей әскерилер мен ішкі істер органының қызметкерлері құрсауға алғанымен, соның ішінде қыз-жігіттерді темір сойылға жығып, әскери қалақшамен бас жарады деген ой қаперіне де кірген емес. Ойдың да алдамшы болатынын, зұлымдық әрекеттің оның ырғағына бағынбайтындығын кеш ұқты, кейін түсінді...

...Кұрсаудан шығар жол іздеп тұрып қалды. Бір кезде сап құрап мұздай темір құрсаңған жауынгерлер келе жатты. Олардың адам шошынарлық сұсын байқаған бір жігіт Қалдықызға: – Қарындасым, қаш! Олар ешкімді де аямайды! Соққыға жығады! Жылдам! – деді.

Бірақ оған Қалдықыз аса мән берген жоқ. «Бекерден бекерге қарап тұрған адамды неге соққыға жығады? Олар да адамның баласы ғой. Түсінетін шығар. Оның үстіне бүлдірген ештеңеміз жоқ қой...».

Дегенмен, бет-бедерінен кісі шошынарлық жендеттер жақындаған сайын Қалдықыз шынында да олардың жанарынан аяушылық сезімін көре алмады. Сөйтіп, кері қарай бұрылып, енді жылдам жүрем дегенде, аяғы көк мұздан тайып құлап түсті. Сол кезде орыс ұлтының жасы отыздағы өкілі Қалдықызды ту сыртынан басынан білеу таяқпен бір-ақ ұрды. Бір сәттен соң есін әрең жиып, енді орнынан сүйретіліп тұра бергенде иығынан тағы бір соққы тиді. Қолы жансызданып қалған тәрізді. Білеу таяқтың созылмалы серіппесінің ауыр соққысын сезер емес. Екінші соққыдан кейін ол мүлдем есінен айырылды. Сәлден соң көзін ашса шашынан сүйреп дедектетіп бара жатқанын бір-ақ білді. Үстіндегі ақ пальтосы қып-қызыл қанға боялған. Басынан тиген соққыдан сорғалап аққан қан тұтас үстіндегі киімін жуып кетті. Қанша жерге дейін сүйрелегені беймағлұм, бір кезде милиция жасақшыларының автобусына алып келді. Жауынгерлер (жендеттер деп айтқанымыз дұрыс болар!) Қалдықызға автобуска мін деп әмір берді. Қатты тиген соққыдан аяғынан әрең тұрғандықтан, қанша талпынғанымен аяғын баса алмады. Ал әскерилер оны тепкілеп-тепкілеп автобустың ішіне лақтырып жіберді. Автобустың іші бірінің үстіне бірі құлаған жастар. Бұрыш-бұрыштан ыңырсыған дауыстар естіледі.

Автобустың ішіндегі милиция қызметкерлері әскерилерден де сорақы болып шықты.

– Немене алаңға шығып Қонаевты қайта орнына қоямын деп ойладыңдар ма? Өңшең сілімтіктер! Ақымақтар, құтырған екенсіңдер, әлі көздеріңе көк шыбын үймелетіп, түрменің

төрінде шірісіндер! – деп қана қоймай, балағат сөздері қосарлана шығып жатты. Басқа емес, сол сөздердің бәрін қазақ тілінде есту қандай қасірет еді. Қалдықыз әлі күнге дейін сұрықсыз жандардың фашистік қарекетін жадынан сызып тастай алмай жүр.

Милиция мәшинесі оларды Фрунзе ауданының ішкі істер бөліміне алып келді. Қалдықызды бір жас қазақ жігіті тергеді. Оның да қойған сауалынан көрсеткен қоқан-лоқысы көп болды. – Алаңға шығып Қонаевты орнына қайта қойдың ба? Қабырғаға сүйенбей отыр, қанға былғайсың, – деп келемеждеп бақты. Егер де офицер шеніндегі орыс жігіті келіп кірмегенде маскаралау әрекеті жалғаса берер ме еді, кім білсін? Қайта офицер тергеушіге: – Соққыға жығылып, құлағалы әрең отырған адамнан қалайша жауап алып отырсың? Жылдам «жедел жәрдем» мәшинесін шақыр! – деп бұйрық берді.

«Жедел жәрдем» мәшинесі оны қалалық екінші ауруханаға апарғанымен, мұндағылар Қалдықызға нақтылы дәрігерлік көмек көрсеткен жоқ. Қайта олар жарақат алған қазақтың қыз-жігіттерін ең алдымен аудандық ішкі істер бөліміне хабарлап, соларға аманат етіп жіберді. Сөйтіп, Қалдықыз да дәрігерлердің арқасында Совет аудандық ішкі істер бөлімінен бір-ақ шықты.

17-19 желтоқсан. Үш күн бойы Қалдықызды тергеді. Үш күн бойы басынан алған жарақат бас көтертпеді. Сан рет орамалмен таңылған басымен суретке түсірді. Қылмыскер тәрізді. «Өкіметке қарсы шыққандарды кешіруге болмайды. Кеңестің «әділ заңына» сай жазасын алуы керек». Үш күннен соң тергеушілер өз құжаттарын абыройларына нұқсан келтірмейтіндей тап-тұйнақтай етіп толтырды да, Қалдықызды қос милиционер жатақханасына әкеп тастады. «Керек болса, өзіміз іздеп тауып аламыз» деген сыңайлы.

20-23 желтоқсан. Оқытушылар дәрісті жатақханада жүргізді. Күнде жи-налыс. Сыртқа бір қадам басуға тыйым салынған. Ал Қалдықызды ұстаздары денсаулығына байланысты сабақтан босатты. Ол ауыр жарақаттан бас көтере алмайды. Басының ішінде қорғасын бар сияқты. Жұрттың бәрінің қабағы салыңқы, бір-бірімен үнсіз ұғысады. Ішкі сырын сыртқа

шығармағанымен, әйтеуір бәрі бір-біріне тілектес қалыпта. Ұстаздар қауымы да алаңға шыққан студенттерді «тәртіпсіздігі үшін» жазалай алмады. Әсіресе, әншейінде қатал көрінетін кураторы Қанат Мұқашевты Қалдықыз ұрсады деп ойлаған. Керісінше ол кісі бәрін түсінетін терең адам болып шықты...

24 желтоқсан 1986 жыл – 3 қаңтар 1987 жыл. Қалдықызды жатақханадан милиция қызметкерлері алып кетті. Сөйтіп, қалалық Калинин аудандық соты Жұмағұлованың басшылығымен Қыздар педагогтік институтының III курс студенті Қалдықыз Атемоваға 24.12.1986 жылы Қазақ КСР Әкімшілік кодексінің 174-бабына сай «Бұзақылыққа жауапкершілікті күшейту» туралы қаулы шығарады. Қаулыда «17.12.1986 жылы жаппай тәртіпсіздікке қатысқан, ескертуге құлақ аспаған» деп жазылды. Сонымен осы қаулының негізінде «Бас сүйек-ми жарақаты» диагнозына қарамастан, Қалдықыз Атемова он күндік «жазасын» өтеп шығады. Осылайша қолында сойылы барлар емес, керісінше, соққыға жығылғандар сотталды.

3 қаңтардан соң. Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін Атемованы институттан шығару туралы шешім сол мезетінде-ақ қабылданды. Дегенмен, кураторы Мұқашев Атемованың нақақтан жазаланғандығын, оны жақтап әділеттілік іздеп республикалық прокуратураға шағым түсіруге ұйытқы болатындығын айтты. Керек десе осы үшін өзі қызметімен қоштасуға дайын екендігін де білдірді. Бірақ, прокуратураға хат жазған жағдайда бүкіл курс қайта тергеуден, қайта тексерістен өтеді.

Әділеттілік арнасына түссе жақсы, олай болмай тіміскілеп жазаланатын жастардың санын көбейту мақсатымен олардың жаңа «бүлікшілерді» табуға тырысуы да ғажап емес. Сондықтан Қалдықыз басқа курстастарына зияным тимесін деп шешті. Сонымен алай-дүлей аласапыран кезеңде аяқ асты Алматымен, институтымен, достарымен қоштасуға мәжбүр болды.

Ақпан. 1987 жыл. Институттан академиялық демалысқа қатысты құжатты реттеуге байланысты хат алды. Сөйтіп, Қалдықыз оқуды қайта жалғастыруға мүмкіндік беретін құжаттарын қалпына келтірді. Бәріне мұрындық болып жүр-

ген сол баяғы кураторы – Қанат Мұқашев. Аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде де ол кісі ойындағысын айтудан жасқанбаған. Студенттердің Желтоқсан оқиғасынан кейін көңілдеріне кіреуке түскен сәтте жігер, сенім нәрін құя білген. – Сендер жасымандар, айналайындар! Әлі осы оқиғаға әділетті бағаны тарих беретін болады. Ол шежіреге өзіндік үрдісімен енеді. Сондықтан түңілудің қажеті жоқ, – деген еді. Студенттер «қатал» ағайларының әділеттілігін, парасаттылығын сонда бұрынғыдан да тереңірек ұғынғандай болды.

– Әкем ғана істейтін жақсылықты жасаған Қанат ағайға өмір бойы қарыздармын. Бәлкім, жігерімді жасытпай, ертенге деген сенімімді сөндірмеген осындай кісілердің шапағаты болар, – дейді Қалдықыз.

...Алматыдағы шенеуніктердің салқын көзқарасы аймаққа, одан әрі Сарыағаш ауданына да жеткен. Желтоқсанға қатысқан қызды емдеуге дәрігерлердің ешқайсысының жүрегі дауаламады. Олар өздерінің ісі арқылы өкіметке, партияға қарсы «әрекет еткісі» келмеді. Сөйтіп, Қалдықыз басындағы жарақатты Ташкенттегі №16 қалалық ауруханасына барып емдетуіне тура келді.

– Желтоқсан кезіндегі он бес күн ішінде талай-талай дүниені көріп-білгендей күй кештім. Шен-шекпен үшін ар-намысын сатып жіберетін, керек десе ұлтына, халқына қарсы қару жұмсайтын қолшоқпарларды да көрдім. Кімнің кім екендігі шынында да тар жол, тайғақ кешуде танылады екен. Қарақан басының қамын күйттегендер мансап үшін бәрін де құрбандыққа шалуға дайын. Тек әйтеуір, некен-саяқ болса да өзінің батылдығымен жаныма ұялаған жандар ғана бүкіл әлеуметтен түңілмеуіме себепкер болды. Әйтсе де Желтоқсанның жанды сыздатар қасіреті естен кетпес, сірә. **Қалдықыздың өткен оқиғаға деген жүректегі ақтарылған ашық та ащы сыры еді бұл.**

Әңгіме барысында ол іштегі жылдар бойы сақталып келе жатқан қара түйткілдің әсерінен қол орамалы жиі көзіне бара берді. Қой деп жұбата алмадық. Желтоқсан қасіретін оны көзбен көрген жанның өмір бойы ұмытпайтындығы заңдылық. Желтоқсан оқиғасының маңызы Қалдықыз өзі сабақ беретін

Жамбыл облысы Құлан ауданындағы мектеп өрендеріне де үлкен дәріс болатыны анық. Көңілге кірбің түсіретін бір жайт, кейбіреулер Қалдықыздың Желтоқсан кезінде басынан жарақат алды дегенді мүлдем басқа сипатта түсінетіндігі. Желтоқсанда нақатан зардап шеккен оны «ауру» деп қарайтындар да жоқ емес. Пендешілік пайым дегенді қойсаңшы. Кейбір мәселенің мәнісіне терең бойламайтындардың арқасында он жыл бұрын басынан алған жарақаттың салмағы енді бүгінде жүрекке түсіп жатады. Жаныңды жегідей жейтіні жетесіз жандардың шолақ түсінігі ғана. Әйткенмен, Қалдықыз ертеңге деген жақсылықтан үмітін үзген емес...

20 шілде, 1996 жыл. Қалдықыз Атемова сынды қаншама қазақтың өскелең ұрпағының жүрегінде Желтоқсан алау болып жанып жүр екен? Қанша қыздың тағдыры Желтоқсан қасіретіне айналды екен? Әрине, нақты мөлшерін айту қиын. Алайда, алаңға барған қайсыбір қыз-жігіттің көкірегінде болмасын ұлттық рухтың қашанда өшпейтіні айдан анық. Тағзым етсек, солардың алдында тағзым еткеніміз жөн болар!

1996 жыл





ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛҒАН ҚАҒАРМАНДАР

Билікке ұмтылушылар, оның үстіне қолдан келсе бүкіл ғаламды уысында ұстағысы келгендердің саясаты да сан қилы. Күші қаншалықты мықты болғанымен, көп жағдайда оны ысырап еткісі келмейді. Шамасына қарай алдайды, арбайды, марапаттайды. Көбінесе алаңда ашық айқасқа түсуден гөрі қулық-сұмдық арқылы діттеген мақсатына жетуге ұмтылады. Ынтымағы жарасқан қарсыластарының арасына ши жүгіртеді де бірінен екіншісіне үстем ете көрсетіп, өзара іріткі туғызады. Әлсізін шектен тыс көтермелейді де, рухы биігінің жігерін жасытуға барын салады. Әлсіз өзінің қарым-қабілет деңгейін білсе жақсы, егерде «шынымен де мен керемет иесі екенмін» деп сезінсе, ел арасы бүлінді дей беріңіз. Бұл – ежелден келе жатқан қоғам өзгергенмен құйтырқы әдіс-айласы сол қалпында сақталған әрекет. Кәдуілгі, айласы мол, тырнағы мықты, азуы күштінің әлі күнге дейінгі қолданатын негізгі құралы да осы. 1986 жылы да «озық ойлы» Орталық осы үрдісті пайдаланды. Ел арасын екіге жарды да бірі – «нашакорлар, маскүнемдер, ұлтшылдар» болып шыға келді. Мемлекет маңдайынан сипаған екінші топ – «қоғамдық тәртіпті орнықтырушылар, интернационалистер» болып саналды. Алдыңғы топты соңғылардың белсенділігімен түрмеге тоғытты, итжеккенге айдатты, қызметінен қудалады. Ал осы «үлкен еңбегі» үшін екінші топтағылар құрметке бөленді, марапатқа ие болды. Бірақ соның барлығы уақытша екенін тағзым етіп, Орталыққа бас ұра қызмет етушілер білді ме?

Бәзбіреулері білгенімен азаматтық танытып, қарсылық жасай алған жоқ. Алған атағы мен орден-медалына мәңгі-бақи сыйынып өтетіндей күй кешті...

Сөйтсек, Желтоқсан кезінде ерлік пен құрметке бөленгендер жетіп артылады екен. «Ерліктің» ең үлкені Қызыл Жұлдыз орденіне ие болыпты. Ондай марапатқа ие болғандар саны бесеу – Э. Басаров, В. Петров, (Қазақ ССР-і ПМ), О.Әлімбаев, Н.Мотин (Алматы қаласының ІІБ) және М.Айдарқұлов (АОАММ) Отан алдындағы «парыздарын» ойдағыдай атқарыпты. Сондай-ақ, «Ерен еңбегі үшін» медалімен – 6, «Үздік еңбегі үшін» медалімен – 5, «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медалімен – 160 қызметкер және 28 халық жасақшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен – 30 қызметкер және 15 жасақшы, «ПМ-дегі үздік қызметі үшін» белгішесімен – 217 қызметкер, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен 113 қызметкер және 30 халық жасақшысы, кезектен тыс шенге (КСРО ПМ бұйрығы) 24 қызметкер ие болып, КСРО ПМ бұйрығымен ақшалай сыйлықпен – 53 қызметкер, Қазақ ССР ПМ бұйрығымен ақшалай сыйлықпен 561 қызметкер марапатталған. Бірақ осы мыңдаған адамның бірде-біреуі дер мезетінде осы марапатқа лайық емеспін деп жар салған емес-ті. Оның үстіне біз марапатталғандардың тізімін жартылай ғана беріп отырмыз. Бәлкім, дәл сол мезгілде тоталитарлық жүйеге қарсы шығу ауыр болған шығар. Бірақ уақыт өте айтуға болатын жайт еді ғой бұл...

Арылуға шақырған алғашқы үн 1990 жылы қазанда естілді. Оны да басқа емес, қырғыз бауырымыз Талайбек Ылаев өзіне берілген Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің мақтау қағазына **«Мен мына бұйымды өздеріңе қайтарамын. Себебі, ол менің үйімде сақтайтындай құнды емес. Мен өзімді фашист, мәңгүрт сезінгім келмейді»** деп қайтарыпты (мақтау қағазы төменде мақалаға қоса беріліп отыр). Арылуды бастап берген Талайбек бауырымызға рахмет. Әйтеуір осыдан кейін сен қозғалғандай болды. Сөйтіп, 1 Қызыл Жұлдыз ордені (Э.Басаров) кері қайтарылды. Бұған, бәлкім Желтоқсанның негізгі қолшоқпарының бірі болған оның ұдайы нысанада

жүргендігі әсер етсе керек. Сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін» медалінен – 1, «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медалінен – 23, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасынан – 2, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасынан 10-ы тиісті жеріне қайтарылып берілді. Алайда, мыңдаған адамның санаулысы болса да өздерінің «ерлігінің» шынайы еместігін кеш те болса сезінген тәрізді. Ал қалғандары күні бүгінге дейін өздерінің әділеттілікті, қоғамдық тәртіпті сақтағандардың сардарлары санатында санайды...

«Қырағы» қоғамдық тәртіп сақшыларының іс-әрекетінің аркасында Желтоқсанда Қайрат пен Ербол, Ләззат пен Сәбира бақилық ғұмыр кешті. Оның бер жағында Мырзағұл Әбдікүлов өлім жазасына кесіліп, кейін 20 жылға ауыстырылды. Түгелбай Тәшенов, Жамбыл Тайжұмаев, Қайыргелді Күзембаев, Әркен Уақовтарды іздеп-тапқаны үшін де кейбіреулердің сыйсияпатқа, шен-шекпенге ие болғаны ақиқат. Енді араға жылдар салып, әділеттілік арнасына түсе бастаған сәтте халықтың шынайы өзінің батыр ұл-қыздарына құрмет көрсетілсе артық болмас. Өйткені, Желтоқсан қаһармандары десе ең алдымен жоғарыдағылардың есімдері тілге оралады. Сол себепті Желтоқсан ерлеріне қадір-құрмет көрсетіліп жатса, мемлекет тарапынан жоғарыдағы аталған қайсар жандардың есімі ұмыт қалмас деген ниеттеміз.

Бірақ... батылдығымыз бен шенқұмарлығымыз қатар жүретін халық емеспіз бе?! Ресми ақпарат көздерінен мәлім болғанындай, жақында «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігі атынан Президент аппаратының награда бөліміне ұсыныс, хат түсіпті. Онда жоғары атаққа лайықтылар қатарында біз қаһармандар деп санайтын ардақтылар әлгі ұсыныс хатқа еңбей қалыпты. Әрине, желтоқсандықтардың қай-қайсысы да үлкен құрметке лайық. Әйтсе де, «өлі риза болмай тірі байымайды» деген бар емес пе. Әлде қазіргі нарық заңының «өзінді өзін асыра» деген идеологиясы қазақи қағидаға өзгеріс енгізіп, «өзіне қажет дүниені өзін сұрап ал» деген заңдылыққа сайып отыр ма? Әйтпесе, жылдар бойы, жылдар бойы дейміз-ау, ғасырлар бойы үздіксіз жалғасып келе жатқан аруағын құрметтеу қасиетін, батыры мен шешенін

пір тұтар заңдылықты бұзу жарасымдылық деп айту қиын-ау, сірә. Ал кешегі Желтоқсанда орталықтың өктемдігіне қарсы шыққан жастарға мұны түсіндіріп жатудың өзі артықтау болар. Ендеше, ең алдымен Желтоқсан қаһармандарын құрметтеу, оларды халыққа таныту, дәріптеу сол «Желтоқсан» ұйымының өзінен бастау алмай ма? Әлде, кешегі алаңға әділеттілік іздеп, елім деп барғандар қаһармандарын ұмытып, пысықтық танытып «еңбегінің өтеуін» әрқайсысы өздері сұрап алуға көшкен бе? Бақилық болғандар тіл қатпайды. Сонда олар атаусыз қала бермек пе? Сондай-ақ ерлікке теңдес от-тозақты бастан кешкен, бірақ сонысын «мен осындай едім» демейтіндер де назардан тыс қала ма? Қалай десек те желтоқсандықтар үшін ерлік пен ездікті сараптайтын сәт туды. Бір мезет бір ғана сауалға жауап беруге тура келеді. Осыдан он жыл бұрын алаңға не үшін шыққан еді? Бар жауап осында.

1996 жыл





ДАРА ТҰРАР ДАТАЛАР

Желтоқсан көтерілісі! Басында қаһарлы қыстың аязымен коса тұншықтырылған оқиғаның кейінгі кездері де тарихи мәні жете бағаланбай келеді. Әйтпесе тәуелсіздікке жетуімізді жеделдеткен Желтоқсан құрбандарын ақтау, олардың материалдық және моральдық шығынын өтеу, Желтоқсанды халық жадында қалдыру үшін көше, алаңдарға оқиғаға қатысты аттарды беру немесе Желтоқсанға арналған ескерткіш орнату – бітпес дауға, сиырқұйымшақтандырып соза беретіндей соншалықты күрделі мәселе ме еді?! Бүкіл дүниеге наразылық тудырып, Сахаров сынды тұлғалар БҰҰ-ға Алматыдағы оқиғаға қатысты хат жолдаған мәселенің мәнісін, әлде өзіміз шынымен түсінбейміз бе. Демократиялық, адам құқын қорғайтын дүниежүзілік ұйымдардың бәрі Горбачевтің атына Желтоқсанға қатысты қарсылық білдіріп, үндеу жолдап жатқан ұлы оқиғаға сол жақ шекемізбен қарайтынымыз несі екен?! Тіпті аузы дуалы, әлемге әйгілі құқық қорғаушы Елена Боннэр де Мәскеудегі 1991 жылғы тамыз төңкерісі кезінде: **«Қоғамдық жүйеге деген саяси бас көтеру бұрынғы Одақ көлемінде тұңғыш рет Алматыдан басталды»** деп ғаламға жар салған-ды...

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі желтоқсандықтарға тағзым ете отырып, өзінің шынайы пікірін білдіргенді: **«...Ес жиып, еңсе көтеруіміздің, егеменді ел болуымыздың бастапқы қадамы да сол күндері (Желтоқсанды айтып от-**

ыр. – Ғ. М.) жасалғанын ашып айтуымыз керек. Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының тарихынан лайықты орын алатыны сөзсіз». (Жас алаш», 5.09.1992 ж.). Бұған алып-қосудың қажеті шамалы.

«...Бісіміллә» дегеннен ол бүкіл қазаққа «ұлтшылдық» таңбасын ала келді. Одан жылдар бойы жабулы қазан жабулы күйінде қалып, өзін ақтауға, әділеттілікті қалпына келтіруге қаншама уақыт кетті. 1990 жылы тұңғыш құрылған Желтоқсанға қатысты түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары аяқсыз қалды. Одан соң 1991 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланды да, 17-18 желтоқсан – қаралы күннен қуаныштың мәртебесі биік тұрды. Сөйтіп, Желтоқсан тағы да көлеңкеде қалды...

1994 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі депутаттарынан Желтоқсан оқиғасына саяси және құқықтық баға беру жөніндегі мәселеге қатысты парламенттік келесі комиссия дүниеге келді. Оқиғаны бүге-шігесіне дейін зерттеп, соңғы нүктесін осы қояр-ау деп үміттенген Конституциялық сот жай кетпей, өзімен бірге Желтоқсан оқиғасына қатысты мәселені тұйыққа тіреді. Конституциялық соттың шешімімен Жоғарғы Кеңес тарарды. Әрине, онымен бірге Желтоқсанға түпкілікті баға береді деген комиссия да біржола кетті. Осындай ұзақ-сонар сәтсіз іс-әрекеттен кейін амал жоқ, ойың сан-саққа жүгіреді. «Апыр-ай, осыншама жолы ауыр болар ма, бұл мәселенің...»

Тағы бір тілге тиек етер жайт, желтоқсандықтардың өшпес рухын мәңгі есте қалдырамыз деп Бейбітшілік даңғылын Желтоқсан деп атауға шешім шығарылды. Масқара болғанда, оның әу бастағы ұзындығы Республика алаңынан Абай даңғылына дейінгі аралық 200 метрдей-ақ жер болды. Әйтеуір «сырт көзден ұят, бұл не деген масқара» деп айқайлай жүріп, жартыкештенген дүниені ақырына дейін қайта создырдық.

Жоғарыдағыны осылай болған екен деп қоялық. Ең болмаса болашаққа аманат, келер ұрпаққа тұңғыш рет қоғамдық жүйеге қарсы үн қатқан аға ұрпақтың ерлігін үнемі еске ала жүретін ескерткіш орнату керек деп ұйғарылды. Кезіндегі қанды қырғынның куәсі, талай жасты табаныңда таптаған

кешегі Брежнев алаңында, қазіргі Республика алаңына «Желтоқсанда орталықтың өміршіл өктемдігіне қарсы батыл наразылық көрсеткен халқымыздың ұл-қыздары құрметіне ескерткіш орнатылатын болады» деп белгітас қойылды. Бірақ соның іргетасы қаланбай жатып, қасына тағы бір «тәуелсіздік» тасын тізгіндедік. Тәуелсіздік туралы тұрғызылғалы жатқан мемориалдық кешенде қазақ халқы тарихының бір кезеңі ретінде Желтоқсан да қамтылатын болыпты. Апыр-ай, қазақ халқының қаралы таңбасына айналған әрбір кезең үшін жеке-дара зәулім ескерткіш орнатса артық па?! Қалай болғанда да «Алқакөл сұламаның», үстіміздегі ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтерілістің, аштық пен репрессияның қай-қайсысы да қаралы шежіре емес пе?..

Осы жылдың көктемінде Республика алаңында Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға орнатылған ескерткіш-тақтаға ақырзаманның бұлты үйіріліп, дәл сол жерді су басып, ескерткіш-тақта құлап түсті. Онда «1986 жылғы 17-желтоқсанда осы алаңда әкімшілік-өміршілдік жүйенің өктемдігіне қарсы демократиялық наразылық білдіру болды.

Бұл оқиға туралы естелік халықтарды бірлікке және ынтымаққа шақырсын!» деп жазылған еді. Оның орнынан түскеніне қаншама уақыт өтсе де қалпына келтірілген жоқ...

Қанша кедергі кездесе де Желтоқсан үшін күрес үздіксіз жалғасып келеді. Желтоқсанда арын алаңда шындағандар енді ғана іс жүзінде «ақталды» деген тілдей қағазға ие болуда. Он жылдан соң. Он жыл демекші, бұрынғы КСРО империясын «ұлтшылдығымен» бір дүрліктірген Желтоқсан көтерілісінің он жылдығын атап өту жөнінде арнайы жоспар жасалынған. Бірақ орындалуы ойдағыдай емес. Неге? Қазіргі кезең белгілі ғой, қиын, қаржы жоқ. Берілетін жалғыз жауап осы. Сондықтан кең көсілуді уақыт көтере бермейді.

Айтпақшы, нақты ресми ақпараттар көзінен белгілі болғанындай. Республика алаңында төрт үлкен тарихи кезеңді атап өтуге құжат дайындалып жатқан көрінеді: Қазақ мемлекеттігіне – 530 жыл, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне – 80 жыл, Желтоқсан оқиғасына – 10 жыл, Қазақстанның өз тәуелсіздігін

алғанына – 5 жыл. Тағы да тіркесу, тағы да тарихтағы «елім-айлар» жеке дауыста емес, төрт дауыспен қосыла шырқалатын болады. «Жалғыздың үні шықпас» демекші, бәлкім, осылай қосарланғанда дүбірі бүкіл дүниеге естілетін болар деп топшылайтын шығар құжатты дайындаушылар. Бір оқпен бірнеше қоянды сұлатуға ниеттенгендердің іс-әрекетін қалай түсінуге болады? Қаржыны, уақытты желеу етіп бір ғасырда болған, бірақ әрқайсының өзіндік маңызы бар оқиғаларды бір мерзімге тоғыстырғанды жөн санайды. Ғаламға аттандап, той өткізіп жатқан, аруақтардың рухы разы болсын деп әрбір шараны жеке-дара өткізгенде кім-кімде оған қарсы болмаса керек-ті. Қайта қалың жұртшылықтың көкейінде елдік рухтың оянуына себепкер болар еді.

Осылайша қазақ тарихында өзіндік орны бар кезеңдер тағы да бір есепке сайды. Яғни қазіргі «уақыт талабына сай» бірнеше тарихи оқиға бір-ақ аталып өткелі отыр. Оның қатарында Желтоқсан оқиғасының он жылдығы да бар. Мұндайда қазақ не деуші еді, «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы болар, сірә. Бірақ, іс басындағы ағайындарға деген көкейдегі сауалымызды ірке алмадық. Неге бұлай?..

1996 жыл





«ЖАЙЫМА ҚАЛДЫРЫҢЫЗДАР МЕНІ...»

Осыдан тура он жыл бұрын 1992 жылы Конституциялық Сотта Желтоқсан оқиғасы туралы ақиқатты ақтару үшін арнайы іс қозғалғанынан бүгінгі жастардың көбі бейхабар. Онда қоғамдық пікір Қазақстанның бұрынғы бірқатар басшыларын ғана емес, сондай-ақ бұрынғы Кеңес империясының басшыларын да жауапқа тартуды талап еткен еді. Күні кеше Желтоқсанда халықтың бостандыққа деген арпалысын тұншықтырған жендеттердің өздері сөйтіп айыпкерлер ретінде жауап беруге тура келді. Біз міне, сол жөнінде бұрынғы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының мүшесі Сабыр Ахметжанұлы Қасымовпен сұхбаттасқан едік.

– **Сабыр Ахметжанұлы, алдымен баршаға түсінікті болу үшін Конституциялық Сотқа кім және қашан арызын тапсырды? Жауапкершілікке кімді тарттыңыздар?**

– 1992 жылы қыркүйек-қазан айларында Республиканың Конституциялық Сотына Қазақстанның «Азат» азаматтық қозғалысының басқармасы (үндеуге «Азат» азаматтық қозғалысы төрағасының бірінші орынбасары Жасарал Қуанышәлин қол қойған) және азамат Хасен Қожа-Ахмет мәлімдемемен қайырылды. Мұның екеуі де қазір елге танымал қоғам және саяси қайраткерлер, екеуі де туған Отанының шынайы патриоттары. Сәл кейінірек ондаған талап-арыз, жүздеген, мыңдаған қарапайым мәлімдемелер мен хабарламалар келіп түсті. Ал соттың ісі негізінен Хасен Қожа-Ахмет пен Жасарал Қуанышәлиннің арызынан басталды.

Мәлімдеме жасаушылар мемлекеттік билік пен басқарудың жоғары органдары тарапынан қабылданған шешімдерді заңсыз және конституциялық емес деп тануды сұрады. Сондай-ақ, әкімшілік, сот және құқық қорғау органдарының, олардың басшыларының Желтоқсан оқиғасы кезінде және одан кейін азаматтарға қарсы әскерді пайдаланудың заңсыздығына, заңсыз қамауға алынғандарына, жазықсыз үкім кесілгендеріне, заңсыз жұмыстан, оқудан шығарылғандарына, кінәсіз азаматтарды жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқандарына қатысты конституциялық құқы тапталғандарын айтады.

Конституциялық Сот тарапынан Жоғарғы Кеңес Президиумы, Министрлер Кабинеті, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура, МҚК, ІІМ, Әділет министрлігі, осы органдардың бұрынғы басшылары (С.Мұқашев, Т.Айтмұханбетов, Ғ.Елемесов, В.Мирошник, Э.Басаров, А.Мызников және И.Тетеркин), сол кездегі Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Г.Колбин, Қазақстан КП ОК екінші хатшысы О.Мирошхин, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Г.Шулико және тағы басқалар сот жауапкершілігіне тартылды.

– Бұрын-соңды мұндай бір мезгілде мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарын, ірі лауазым иелерін сот жауапкершілігіне тарту Қазақстанның тарихында ғана емес, ТМД шеңберінде де болған емес. Билік қабылдаған шешімдердің ара-жігін ажырату жоғары құзыреттілікті, кәсіби шеберлікті талап ететіні сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, өз қызметіңізді қалай жүзеге асырдыңыз?

– Біріншіден, бұл жұмысты мен жалғыз атқарған жоқпын. Менімен бірге аталған істі Конституциялық Соттың судьясы Георгий Ким әзірледі. Бізге кеңесшілеріміз бен көмекшілеріміз, сондай-ақ қоғамдық көмекшілеріміз өте үлкен септігін тигізді. Екіншіден, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде жұмыс істеп жүрген кездің өзінде, 1988 жылдан бастап Желтоқсан оқиғасында қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау ісімен айналыстым. Сол уақыттан-ақ партия-кеңес, құқық қорғау және сот органдарының осал тұстарын білетін

едім. Үшіншіден, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы комиссиясының мүшесі болдым. Аталған оқиғаға байланысты талай мәрте комиссияға жетекшілік жасауға тура келді. Сол себепті істің бүге-шігесіне қанығуға, құпия мұрағаттармен танысуға, ашық куәлік жасай алмайтындармен әңгімелесуге мүмкіндік болды. Төртіншіден, бұрын тергеуші, прокурордың көмекшісі, халық судьясы, Қазақстан Компартиясы ОК мен обкомда құқық қорғау органдарының қызметін жүргіздім. Осындай тәжірибе өз пайдасын тигізді деп ойлаймын.

– Көтерілісті жаншуға, жазалау шараларын ұйымдастыру мен жүргізуге кімдер кінәлі? Сот бойынша лауазым иелерінің ішінен кімдер жауапқа тартылды?

– Сауалдың ауқымы өте кең. Көтерілісті басып тастауға кімдер кінәлі, оны кімдер ұйымдастырды, Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды қуғын-сүргінге ұшыратуға басты кінәлі кімдер дейтін болсақ, онда талай-талай құжаттарды ақтаруға тура келеді. Ол үшін Конституциялық Соттың, Жоғарғы Кеңес Президиумы комиссиясының материалдарын, Желтоқсан оқиғасына байланысты жеке архивті қопарып, әрбірінің кінәсін жан-жақты айтып беру керек. Бәлкім, оған кейінірек қайта оралармыз. Әзірге қысқаша өз көзқарасым тұрғысынан жауап берейін.

Біріншіден, кінәлі тоталитарлық партиялық-кеңестік жүйе, ол халықтың еркін білдіруге мүмкіндік бермеді. Екіншіден, Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасына байланысты кадрлар тұрғысынан саяси шешім қабылдаған Одақтың басшылары кінәлі.

Желтоқсан оқиғасына тек Колбин, Камалиденов, Меңдібаев, Мұқашев, Елемесов, Айтмұханбетов, Басаровтар ғана емес, есімдері айтылмай жүрген талайлар кінәлі. Ашық айтатын болсақ, біздің қорқақ, сатқын зиялыларымыз да кінәлі. Сондай-ақ, жазалау науқандарына қатысқан, жаңа билікке жалпақшешейлік көрсетіп, Қазақстан мен қазақ халқының намысын Желтоқсанда қорғағандарға жала жапқан, әртүрлі деңгейде болғанымен, шенеуніктер де кінәлі. Кейбір, жеке тұлғаларды айтпағанда, үндемей қалу немесе билікке жағым-

паздану зиялыларымыздың талайының қанына сіңген қасиет секілді. Олардың ерлік пен намыс күтіп, халықтың жағына шығып, жұмылған жұдырық күйі: «Өктемдік жасауға жол бермейміз, әрекеттеріңді тоқтатындар!» – деудің орнына билікке жағымпазданды.

Зиялылардың бір бөлігі жылтыраққа жаны құмар жеңілтек әйел сияқты ұсақ марапатқа сатылып кетеді. Кейбіреулері бәлесінен аулақ деп, үнсіздік танытады. Биліктің соншалықты құрметіне бөленген бір зиялыдан сан мәрте төмендегіні естігенім бар. «Тек қана ұсақ шенеуніктерді ұрсуға болады. Жоғарғы биліктің шешіміне қарсы шығу, сынау пайдасыз және ақымақтық, ең дұрысы және даналығы – үнсіздік». Зиялылар мен шенеуніктердің келесі бір тобы өздерін ақтау үшін алуан түрлі әдіс-айла қолдана отырып, билікпен бірігіп қазына қазанын тонайды.

Қазақ жастарын Одақтың түкпір-түкпірінен іріктеліп әкелген арнайы мақсаттағы әскерилер, сондай-ақ темір сойылмен қаруланған жұмысшылар соққыға жығып жатқан кезде мұның зорлық-зомбылық екенін зиялылардың ішінен айтатын адам табылған жоқ. Тек ұлты татар И.Дәуренов қана «Қазақстандық интернационалдық комитет» атынан қазақ ұлтын қорғауға жанын салып, жендеттердің масқарасын шығарды. Керісінше, қазақтар Алматы медицина институтында Дәуреновті қуғындап, жұмысқа қайта алмай қойды.

– Зиялы қауымға деген ренішіңіз жеткілікті көрінеді. Алайда, бүгінгі бар зиялы қауымымыздың болмысы осы. Сондықтан енді сіздің сауалдарыңызға «мәскеуліктер» қалай жауап берді, соған тоқталсақ.

– Рас, қиын-қыстау кездегі зиялы қауымның рөлі туралы көптен бері айтсам деп жүредім. Олардың ішінде өзім сыйлайтын, қадір тұтатын тұлғалар да бар. Ондай ағаларымыздан кешірім сұрауға әзірмін. Алайда принципсіз жандарды ұнатпайтыным айқын. Бәлкім, менің айтқаным біреулерге ауыр болуы мүмкін. Бірақ, атам қазақтың сөзі бар емес пе: «Ауруын жасырғанды өлім әшкерелейді», – деп. Ендеше, біздікі де сол ыңғайда.

Ал енді «мәскеуліктерге» келейік. Бұл тұрғыда олардың берген жауаптарын сол күйінде ұсынғанды жөн көріп отырмын. Шын мәнісінде, олар бізбен кездескісі де келмеді, әйтеуір жоқ жерден сылтау тауып ат-тонын ала қашумен болды. Мәселен, М.Горбачев екі мәрте өзінің көмекшілері В.Медведев (бұрынғы СОКП ОК хатшысы) және Г.Остроумов арқылы кездесу белгілеген-ді. Алайда, сан түрлі сылтаумен оны кейінге қалдырып отырды. Ол өз көмекшілері арқылы Желтоқсан оқиғасын еске алғысы келмейтіндігін, болған жайға өкініш білдіретінін жеткізді.

– Ал енді Қазақстанның бұрынғы басшысы Г.Колбин сіздің сауалдарыңызға қалай жауап қайтарды?

– Оның жауабы төмендегідей: «Мен сізге көптен бері басқа мемлекеттің азаматы екенімді бірнеше мәрте мәлімдедім. Сіздердің мемлекеттеріңіздің заңдарына бағынбаймын. Қазақстанмен ешқандай іспен байланыс жасағым келмейді. Сот процестеріңізге қандай тұрғыда болса да қатысқым келмейді. Сот процестеріңіз мен үшін бәрібір.

Өз мемлекеттеріңізді құрыңыздар, тәуелсіздіктеріңізге рахаттаныңыздар. Бір-бірлеріңмен туыстасындар, аймаласындар. Ұлтшылдықты көтермелеңіздер. Енді мұның бәрі сіздердің проблемаларыңыз. Сіздер енді тәуелсізсіңдер, ойларыңа не келсе, соны істеулеріңізге болады.

Менен нені талап етесіздер? Жайыма қалдырыңыздар мені! Маған енді қоңырау шалмаңыздар! Сіздермен кездесуден үзілді-кесілді бас тартамын. Өздеріңнен қандай да бір материал алғым келмейді. Сіздермен келіспек түгілі, сіздерді көруді және тыңдауды қаламаймын». Колбиннің көзқарасын осыдан-ақ аңғаруға болады.

– Сабыр Ахметжанұлы, Желтоқсан оқиғасының бір бастауы Алматыға ат басын бұрған бұрынғы СОКП ОК-ның хатшысы Г.Разумовскийдің әрекетімен астасып жатқандай. Г.Колбинді «қазақ халқымен қауыштырған» хатшының Конституциялық Сотқа берген жауабы қандай?

– Оның да жауабын сол күйінде берелік. «СОКП ОК-ның жоғары деңгейдегі басшылығы Қазақстанға адамды сырттан

жіберу жөнінде шешім қабылдады. Г.Колбинді М.Горбачев ұсынды. Оның айтқаны, Колбинді Э.Шеварднадзе жақсы біледі және онымен Грузияда бірге жұмыс істеген кезіне жақсы сипаттама берген. М.Горбачев те Г.Колбинді сол кезеңнен біледі деп ойлайтынмын. Мен Колбинді Ульяновскіде жұмыс істеген кезінен білетінмін, оның кандидатурасымен келіскенім сондықтан. Осындай шешім туралы Д.Қонаевқа хабарлаған едім, ол қарсы болған жоқ. Егер де, ол өзінің беделімен СОКП ОК-ына қарсы шығып, Қазақстаннан өз кандидатурасын ұсынған жағдайда, ол міндетті түрде СОКП ОК басшылығы тарапынан қаралып, талқыланатын еді. Меніңше, ол өз кандидатурасын ұсынған жоқ», деді Разумовский.

– **Осы жерде тағы бір сауал. «Дүниені дүрліктірген» Разумовский тікелей Желтоқсан оқиғасы жөнінде не айтты?**

– Ол Алматыдағы оқиға жөнінде тікелей Колбиннен ақпарат алып отырғанын айтты. Қазақстанның сол кездегі басшысы СОКП ОК хатшысына «шерушілер тарапынан жасалған жаппай тәртіпсіздік туралы» хабарлап тұрған көрінеді.

– **Желтоқсан оқиғасынан кейін Г.Колбин Д.Қонаевқа жала жауып, оны жауапкершілікке тарту жөнінде М.Горбачевтің атына шифрлы жеделхат жолдаған көрінеді. Осыны анықтаудың сәті түсті ме?**

– Г.Разумовскийдің айтуынша, Г.Колбин Кремльге ақпаратты жиі жолдап отырған. Бірақ Д.Қонаевты жауапкершілікке тартуға рұқсат сұрау Разумовскийдің ойынша түсініксіз нәрсе тәрізді. СОКП ОК хатшысы аталған мәселе партиялық емес, басқа жауапкершілік жөнінде қозғалып отырғандықтан, бұл Колбиннің құзырындағы мәселе емес екендігіне сенімдімін дейді. Ендеше, жоқ жерден бәле іздеген Колбиннің жоспары жүзеге аспаған деп айтуға болады.

– **Желтоқсан оқиғасының Мәскеуден қарағандағы картинасын көрсететіндей жауап бергендер болды ма? Болса, олар кімдер?**

– Бұрынғы КСРО Ішкі істер министрі В.Власовтың жауабын Мәскеудің, яғни Орталық тарапынан қабылданған

қатығез шешімінен қабылдауға болады. Сонымен, бұрынғы кеңестік министрдің сөзіне назар аударалық. «Оқиғаның бірінші, яғни 1986 жылдың 17 желтоқсанында Алматымен тікелей байланыс болды. Мен Г.Колбинмен де, басқалармен де сөйлестім. Әйтпесе, негізгі ақпаратты Г.Князевтен алдым. Болған жағдайды М.Горбачевқа хабарлап отырдым. Біздің тарапымыздан, КСРО ПМ басшылығы тарапынан төмендегідей шешім қабылданды: Қазақ КСР ПМ басшылығына оқиғаға қатысушылардың әрекетіне жергілікті жерде баға беру, әрине, қажетті жағдайда заңдық шаралар қолдану тапсырылды. Қазақ КСР ПМ органдары алдында қоғамдық тәртіпті сақтау мен оқиғаны болдырмау міндеті тұрды. Іс жүзінде республиканың ПМ органдары қандай қимыл көрсетті, жекелеген мәселелер бойынша оның басшылығы қандай шешімдер қабылдағаны есімде қалмапты.

Кешке қарай Г.Колбин бірнеше мәрте қоңырау шалып, жалпы тәртіпсіздіктің болып жатқанын, оған қатысушылар дүкен аралап жүрген, көшедегі қарапайым азаматтарды соққыға жыққанын айтты. Ол қатысушылардың көпшілігі мас күйінде және есірткі шегіп, жағдай бақылаудан шығып жатқанын жеткізді. Ол өзіміз тыя алар емеспіз деп, Орталықтан көмек сұрады. Колбин адамдарды күшпен таратып, ОК ғимараты алдындағы алаңды тазартуды көздепті. Кавказдағы жұмыс тәжірибесіне сәйкес, ұлттық республикалар мұндай жағдайды әлеуметтік құрылымдарды пайдалану арқылы шешумен келіспедім.

Алайда, өкінішке қарай, Кеңес пен Қазақстанның Жоғарғы Кеңес басшылығы соған барды. Шешім негізінен республика басшылығының өтінішіне сәйкес қабылданды. Өйткені, оқиға жергілікті жерлерге көбірек белгілі деп саналды. Аталған жалпы жағдайға Кеңестің жоғарғы басшылығы жауап берді. Түнгі сағат 24.00-де үйге М.Горбачев қоңырау шалып, Алматыдағы жағдайдың асқынуына байланысты өрт сөндіру мәшинелерін пайдалану мен шеруге шыққандарды тәртіпке шақыруды құптап, келісімін бергенін айтты. Аталған шешім Г.Колбиннің бастамасымен қабылданды деп ойладым.

1986 жылы 18 желтоқсанында СОКП ОК Саяси бюросының отырысы болып, онда Алматыдағы оқиға бойынша шаралар қабылданғаны туралы мәселе арнайы қаралды. Отырысты М.Горбачев жүргізгені есімде, МҚК төрағасы, Н.Рыжков, Қорғаныс министрі және тағы басқалар сөйледі. Талқылау Қазақстаннан түскен ақпараттар негізінде жүзеге асқан болуы мүмкін. Тағы жаппай тәртіпсіздік, оқиғаға қатысушылардың азаматтарды сокқыға жығуы, дүкендердің, өрт сөндіру мәшинелерінің өртелуі, ұлтшылдық туралы айтылды. Саяси бюрода әңгіме негізінен Алматыдағы жаппай тәртіп бұзушылық туралы және тәртіп бұзғандарға шаралар қолдану жөнінде болды. Яғни, онда Г.Колбиннің тағайындалғанына қарсылық ретінде қарастырылған жоқ. Ол әу басынан жаппай бұзақылық ретінде бағаланды. Г.Колбинді ауыстыру жөніндегі мәселе қойылмаған да болуы ықтимал.

Алматыға арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерді жеткізу қажеттілігі туралы мәселе ерекше талқыланып, шешім қабылданды. Н.Рыжков менен жедел түрде (бірнеше сағат ішінде) әскерді Алматыға жеткізуге мүмкіндігіміз бар ма деп сұрады. Мен ол үшін ұшақтар керектігін әрі олардың әр аймақтан болуы қажеттігін айттым. Сол жерде Қорғаныс министрлігінің тиісті мөлшерде көлік ұшақтарын бөлуге рұқсат берілді.

Әскерлерді қолдану туралы операцияның менің білуімше, Алматыда Г.Колбин, Ғ.Елемесов және Дубиняқтың басшылығымен әзірлік жүргізілді. Келесі күні таңертең маған Г.Колбин қоңырау шалды. Ол: «Рахмет. Операция табысты өтті», – деп айтты. Қарсылық танытып, жағдайды жергілікті күш арқылы бақылауға алғаннан кейін екі-үш күннен соң біз әскерді бұрынғы орындарына қайтару жөнінде бұйрық бердік. Әскер өзінің алдына қойған міндеттерін орындады.

Арнайы мақсаттағы әскерлер Алматыдағы қарсылықты басқаннан кейін КСРО ИМ аталған оқиғаға араласқан жоқ. Оқиғаға қатысушыларды іздестіру, ұстау, қамауға алу бойынша одан әрі шаралар жергілікті құқық қорғау органдары тарапынан қолданылды». Міне, Власов осылай деді.

– Кінәлілер бар, олардың жазаланбауы қалай?

– Бұл жердегі ең бастысы – қоғамдық сананың әділеттілік тұрғысындағы төрелігі болмақ. Кінәлілерге халық өз тұрғысынан баға береді.

– Әңгіменізге рақмет!

2001 жыл





ЖЕЛТОҚСАН ЖАСТАРЫ ЭКСТРЕМИСТ ПЕ?

Желтоқсан көтерілісінің қадір-қасиетін, мазмұны мен тағылымын басқалар түгілі, өзіміз әлі толыққанды түсініп болмағандаймыз. Әйтпесе, азаттық үшін арпалысқан жастардың ерлігін ұлықтауды басқаға үлгі етерлік деңгейде көрсетіп жатсақ, көрші-қолаң кәдімгідей ойланар еді ғой. Тарихи әділетті бағаның кемшіндігінен орыс ғалымдары Желтоқсан көтерілісін «бұзақылардың бас көтеруі» деп бағалайды. Ұлтының азаттығы үшін, ұлт теңдігі үшін күрескен желтоқсандықтарды «экстремистер» қатарынан бір-ақ шығарған...

2001 жылы Мәскеу қаласында «Царицыно» метросының тұсында бір топ жасөспірім бұзақылық жасаған. Осы оқиғадан кейін Ресейдің «Право и безопасность» журналы (№1, 2001г.) 15 жыл бұрынғы Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасын еске алады. Ғылым кандидаты, тарихшы және саясаттанушы В.Журавель мырза «жаппай тәртіпсіздіктің төркінін» Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына әкеліп тірейді.

Журавель мырза қалың қазақ рухына тағзым еткен желтоқсандықтарға «бұзақылар» деп баға береді. Автордың айтқанына жүгінсек, Брежнев алаңын «бұзақылар» билеп алып, «ұлттық сипаттағы паракшалар таратқан». **«Ко времени прибытия оперативного резерва на площади собралось уже более 2,5 тысяч человек. Хулиганы распространяли листовки националистического характера, высказывали несогласие с решениями органов государственной власти, ЦК Компар-**

тии Қазақстана». «Ұлттық мәселені жоғары билік орындарына талап ретінде қоя білетін қандай сауатты бұзақылар?!» деп ойға қаласың.

Сөйтсе, автордың пайымдауынша, бұзақылар түрлі металл кеспелтекпен, шынжырмен, таспен қаруланып, әскерлерге қарсы қимыл көрсеткен. Тіпті, бұзақылар құқық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерді кәдімгідей таяққа жығып, жарақаттаған. Әскерилер де «өліспей, беріспеген». Оны Журавельдің мына дерегі «айғақтайды».

«Личным примером воодушевляли своих подчиненных командиры, политработники. Когда поступило сообщение, что хулиганы захватили троллейбус с пассажирами, подразделение, во главе которого был майор Э.Ыктыбаев, решительными действиями рассеяло нападавших. Однако сам офицер в ходе схватки был тяжело ранен». Қысқасы, әділеттілік үшін арпалысқан әскери қызметкерлер болып шығады. «Бұзақыларды» ауыздықтауға жұмылдырылған күштің қаншалықты әлеуетті екені В.Журавельдің деректерінде жетіп артылады. Ішкі істер әскерлері – 2414, милиция мектебінің курсанттары – 400, өрт-техникалық училищесінің курсанты – 280, ішкі әскер қызметшілері – 548. Барлығы – 3642 адам. Мұның сыртында екі мыңға жуық штаттан тыс милиция қызметкері мен ерікті халық жасағының мүшесі тартылған.

Алаңға әкелінген әскерлердің мұздай қаруланғанын қосыңыз. Олар сапер күрекшелерімен қазақ жастарының басын жарып, резенке сойылдармен қабырғасын қақыратып, өрт сөндіргіш мәшинелерден суық суға малшындырып, иттерге талатып, қан-жоса қылды емес пе. Сонда соққыға жығылған кімдер? «С целью прекращения бесчинств генерал-полковник внутренней службы Б.К.Елисов решил совместным и одновременным воздействием сил и средств на митингующих с трех направлений при поддержке 10 БТР и 10 пожарных машин во взаимодействии с группами оцепления вытеснить бесчинствующие элементы с прилегающих к площади улиц и восстановить общественный порядок в городе». Журавель мырза осылайша құқық

қорғау органдарының жастарды бұғалықтауға қандай күшпен кіріскенін өзі деректермен «ақтап» береді.


«Бұзақылық жасағандардың 400-і қолға түскен. Оның 25-і қылмыскер, соның ішінде 6-уы халықаралық іздеуде жүргендер, 62 суық қару, 5 оқ қаруы алынды» дейді бояуды қалыңдата түсіп ғылым кандидаты. Оған қоса, ауыр жарақат алған 225 әскери қызметкердің әрбір үшіншісі арнайы емдеу мекемелеріне жіберілгенін айтып, қабырғасы қайысады. Орыс ғалымы 99 адамның сотталғанын да «әділеттіліктің салтанат құрғанымен» байланыстырады.

«Опыт применения частей внутренних войск при пересечении массовых беспорядков учащейся молодежи и экстремистских элементов на национальной почве в г.Алматы показал, что они, особенно, оперативные части являются эффективным средством решения таких задач». Ал керек болса. «Әскердің күшімен ұлттық баскөтерулерді тұншықтыру тиімді құрал болып табылады». Ресейлік ғалымның бүгінгі пайымы.

Ғалым В.Журавель мақаланы әзірлеу барысында желтоқсандықтарды жазалауға қатысқан лауазымды тұлғалармен де тілдескен. Соның бірі И.Яковлев, армия генералы, КСРО ІІМ Ішкі әскерлерінің бастығы (1968-1986ж.ж.). Ол: «80-жылдардың ортасынан бастап, демократияны арқау етіп ойына келгенін істей бастаған тұста, КСРО-ның одақтас республикаларының кейбірінде ұлттық көңіл күй өршіп, экстремистер, сепаратистер тобы пайда болды. 1986 жылғы желтоқсанда Алматыда болған оқиға осының айғағы».

Енді не дейміз? Ресей ғалымдары күні ертең өз ішіндегі экстремистік, сепаратистік пиғылдағы әрекеттердің бәрін желтоқсаншыларға таңып жүрмесе болғаны ғой...

2008 жыл



АРЫЛУ



ЕР БОЛАТЫН КЕЗЕҢ ЕНДІ КЕЛДІ!

Өскеменде болған соңғы сепаратистік оқиға неден басталды? Оның түп-тамыры қайда жатыр? «Жерімізде жүргені аз болғандай»(Қадыр Мырза-Әлі) олардың бүлік жасауға бейім тұратыны неліктен? Қысқа жауаппен түйіндер болсақ, қазақты басынғандық дер едік. Ал тереңірек үңілетін болсақ, кетпеннің сабы келіп өзімізге де тиеді...

Азсың деп айбат көрсеткісі келеді. Көптігін алға тартып, күпінеді. Елдің солтүстік өңірінде қазақтың аздығын бетке салық етеді. Ол қандай жағдайда, қалай болды – оны сарапқа салғысы жоқ. Тіпті өздерінің қасиетті қазақ топырағына қашан келгендерін де қаперлеріне алмайды. Тағы да Қадыр ақынның «Жоғалмайды көп халық көптігімен, мықты болмай болмайды ал біздерге» деген рухты сөзі тіл ұшына оралады...

Осыдан келіп ой туындайды. Ой – болашақ істің тамызығы. Ал тамызықты маздату – ұлтын сүйетін нағыз азаматтардың міндеті. «Егемен Қазақстан» газетінің де «Қазақты қайта қоныстандырсақ...» деп бұқараға ой тастап отырғандығы осының дәлелі. Жоғарыдағыдай қасаң қағидаларға қарсы қоятын әдіс. Ойдың қолдаушысы көп болғанымен, әлі «тәуекел» деген жұрт табылған жоқ. Кенжелеу кимылдайтын әрекеттің әсері бұл.

«Көп түкірсе – көл». Жұртшылық қалауын тапса, асар салып үй тұрғызады. Оның қасында халықтың тағдыры, ортақ үйіміздің, шаңырағымыздың мәселесі күн тәртібінде тұрғанда

мәрттіктің мәртебесі биік болса деген базына ғой біздікі. Оның бер жағында қауіпсіздікке қатысты Өскеменде «алғашқы сынақ» та қылаң берді. Бүгін ынтымағы жарасқан тыныштық делік, ертеңгі ахуал қалай болмақшы? Сансыз сұрақ тұр көкейде...

Саясат сахнасында бүгінгіні мансұқ ету белең алып барады. О заманда бұ заман басқаларға ықпал жасамаған кезі болды ма? Қазір де солай. Қалт етсе, әлімжеттігін көрсетіп, тырнағын батырғысы келеді. Оның үстіне жер аумағы кең, байлығы мол мемлекетке көз тікпегенде ше. Бұл қадым заманнан бері келе жатқан жәйт. Сондықтан «өзіне өзің берік бол, көршінді ұры санама». Осы ұстаным тұрғысынан мемлекет өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүдделі болуы тиіс. Әрине, дипломатияның орны бөлек. Әйтсе де, толыққанды қауіпсіздікке дипломатиялық амал-әдіс аздық етеді. Өскемендегі тәрізді ауық-ауық «қырағылығымызды» бакылауға арналған бакылау үшін сенімділік қажет. Ол үшін «Егемен Қазақстан» көтеріп отырған мәселенің шын мәнінде жүзеге асуына мемлекет назар аударғаны орынды болар еді. Ендігі жағдайда сыртқы көші-қон мәселесіне де баса назар аударған жөн. Үкімет осы мәселелерді жүзеге асыратын шараларды қабылдауға ұйытқы болып, солтүстік өңірдегі табиғаты жақсы, күнкөріске тіреу болатын жерлерге экологиялық апат аймағында отырғандарды қоныстандыру мәселесі жөнінде шешім қабылдағаны дұрыс.

«Солтүстіктегі жер атауларының барлығы орыс тілінде, яғни орыстың жері». Осы сияқты пікірге не дерсің? Қазақтың, Қазақстанның тарихынан бейхабарлық деген осы. Шын мәнінде, республикадағы басқа ұлттың өкілдері қазақтың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін жеткілікті деңгейде біле ме? Бар мәселе осыдан туындап отырған жоқ па? «Караван» газеті әжуаға айналдырған Ұябаев көшесінің атауын қадірлемеу де жергілікті халықты сыйламаудан шығады. Алматының әлі күнге дейін орыстілді басылымдарда «Алма-Ата» деп аталуы да осының дәлелі. Сондай-ақ, Уральск, Семипалатинск, Усть-Каменогорск, Караганда аталуы да осындайдан туындайды. Осыған орай, жергілікті көше, елді мекен атауларын өзгертуді аудандық, қалалық мәслихаттардың құзырына

беру қаншалықты тиімді болмақ. Бұл одан әрі қарай жалғаса беретін болса, еліміздің оңтүстік-шығыс өңіріндегі елді мекен атауларының ертедегі тарихи атауларымен қауышуы жуық арада жүзеге аспайтын болар. Бәлкім, оны шешуді ономастикалық комиссияның құзырына берген дұрыс болар. Әйтпесе, қазақ тарихына қатыссыз атаулар қаптаған жердің бәрін әркім өз ыңғайына тартып жүрмей ме? Өскемендегі оқиғаға қатысушылардың «Русская земля» республикасын құрамыз?» дегені осыны меңземей ме?

Павлодар, Петропавл, Лениногорск, Зыряновск, Рудный, Лисаковск сияқты орыстанған қала атауларын өзгертудің қажеттілігі әлдеқашан туды. Бұдан әрі сөзбұйдаға салудың қажеті шамалы. Әйтпесе, халық қадір тұтқан ұлыларымыздың есіміне көше беру үшін әлдебіреулерді «аға», «көкелеп» жүргеніміз жалғаса береді. Ғалам мойындаған Қаныш Сәтбаевтың атына Павлодар қаласынан бір көше берудің ақыры айғайға ұласты. Петропавл да қазақ зиялыларына қырын қарайды. Оралдың да оңып тұрғаны шамалы. Қостанайда ақиық акын Ғафудың атына көше беру қиын-қияметке айналды. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» кезінде жазды да. Бірақ, оны құлағына ілген кім бар? Өскеменде де қазаққа қатысты атауға деген қарсылық басым. Қысқасы, қазақ аз қоныстанған қалалар қазақ мәселесіне келгенде сіресіп отыр.

«Қазақстан көпұлтты». Соңғы кездері ресми құжаттарда осылай таңбаланып жүр. Көпұлтты дегеннің астарында қандай сыр бар? АҚШ, Ресей көпұлтты мемлекет, бірақ олар федерациялық елдер. Ал Қазақстанның федерацияда не шатағы бар, ол унитарлық мемлекет емес пе? Әлде кейбіреулер оны алдыңғылардың сапынан көргісі келе ме?

Задында ұлт ұғымының өзіндік мән-мағынасы, тұжырымы, қалыптасқан заңдылығы бар. Енді соған жүгінелік. «Ұлт дегеніміз – тарихи және әлеуметтік-этностық құрылым. Одан ішінара бөлінген және басқа елдерде жиынтықты орналасқан халық этностық топтар болып табылады» (Камалбай Марданов). Осы тұжырым тұрғысынан келсек, Қазақстан ешқандай да көпұлтты мемлекет емес. Өйткені, Қазақстанда көп ұлт

жок, жалғыз ғана қазақ ұлты мен басқа этностық топтар бар. Басқаша айтқанда, моноұлтты мемлекет. Мәселенің ақиқаты осы. Сол себепті оны бүркемелеудің, қолдан ғылыми термин жасаудың қажеттілігі жоқ. Осы жерде тағы бір сауал туындайды. Қазақстанды «көпұлтты» деп тану кім үшін, неге тиімді? «Қазақстан жас мемлекет. Буыны енді бекіп келеді». Бұл қазақ елінің бұрынғы мемлекеттілігіне көлеңке түсіреді. Рас, қазақ халқы талай-талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткізді. Өз алдына Орда болды. Хандық құрды. Амалдың жоқтығынан бодандыққа бас ұрған кезі де болды. Тарихтың аумалы-төкпелі кезеңінде, XX ғасырдың басында тәуелсіздік алуға талпынып та көрді. Алайда, кеңестік темір құрсаудан шығу мүмкін болмады. Дегенмен мемлекеттігімізді тәуелсіздік алғаннан кейінгі соңғы сегіз жылдың бер жағынан бастауға басымдық беруге болмайды. Керек десеніз, түп тарихын жеткілікті білмейтін жетесіздікке бастайтын да осы ұғым, осы түсінік.

«Осы 1456 жыл, еркіндік аңсаған Керей мен Жәнібек жаңа ұлыстың дербестігін жариялаған шешуші оқиға – халқымыздың тарихындағы кезенді құбылыс, мемлекеттік құрылым бастау алған, қазақ деп аталатын жаңғырған этностың дүниеге келген мезгілі деп есептелуге тиіс» (Мұхтар Мағауин). Олай болса жас тәуелсіз мемлекетпіз деу жаңсақтыққа апарып соқтырады. Оның алдын өзіміз алмасак, басқа біреулердің аузына өзіміз «сөз салып бергендей» боламыз.

Басқа сәтте, басқа ыңғайда айтылғанымен, жазушы Әбіш Кекілбайдың мына сөзін дәйектемеге ұсындық. **«Біз ешкімге күш көрсетпейміз. Біз де адам перзентіміз. Кем перзенті емес, тең перзентіміз. Керек кезінде кең де бола аламыз. Керек кезінде ер де бола аламыз».**

Ұлттық рухтың бүгінгі ұраны осы болса керек. Кең болып көрдік. Кеңдігімізді қадірлемеді. Тендігімізді де тепкілеп, тегеурініне бұғалық салатындай ыңғай көрсетті. Тәңірі жарылқаған жұрт едік, қайта тізгінге ие болдық. Ендігі мақсат – соны баянды ету. Ұлт жүрегіне, ұрпақ санасына бабалар рухын сыналап енгізіп, ұйыстыру болмақшы. Осы тұста министрлердің бойынан, әкімдердің іс-қимылынан ұлтжандылықты көргіміз

келетіні рас. Бұл дегеніңіз елдіктің басты нышандары – тілді, ділді, жерді, қауіпсіздікті қадір тұту. Осыдан туындайтын мәселе, басқа ұлттық топтарға «байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құрып отырғандығын» шын мәнінде ұғындыру қажет. Сонда ғана сенімімізге селкеулік түспейді. Ортамызда күмән болмайды. Басқаның айтағына үн қосатындар азаяды. Сонда ғана мемлекеттің ішкі тұрақтылығына қуат бітеді. Сансыз сауалдарға тапқан жауабымыздың бір парасы осындай.

1999 жыл





АЛАШ РУХЫН АҢСАП ЖҮРМІН...

Байлық іздеп, мұхиттың арғы жағынан қазақ жеріне сабылған шетелдіктерді кінәлай алмаймын. Пайда таппаса, олар мұнда неге келмек. Кез келген жолмен қазақ жерінің байлығын пайдаланып қалуға ұмтылып жатыр деп айыптаймыз ба? «Интеграция», «инвестиция» дейді мұны бүгінгі қарым-қатынас тілінде. Саудаласа білмесең, өкпені кімге артуға болады.

Елдік мүддені жеке мүдденің құрбандығына шалып жатқан Қазақстан шенеуніктерінің қимылына айналадағы ағылшын кінәлі ме екен. Сондай-ақ, Ресей өз отандастарының құқығын қорғап жатса, ал туған мемлекеті сырттағы түгілі атамекенге оралған бауырларына жағдай жасамай жатса, оған біреуді кінәлауға бола ма? Осыдан кейін қат-қабат қордаланған проблемалардан бас айналады. Осы мәселелерді жұмылдырып, бұқараның үнін билік деңгейінде шешуге ықпал ететін ұйымның қажет екендігі туындайды. Осындайда Алаш рухын аңсаймын... Бәлкім, сол рух қазақ саһарасына қайта бір айналып соғар болса, кем-құтығымыз бүтінделер тәрізді көрінеді маған.

Рас, бүгінде партиялар жеткілікті. Саны көп... Халық бірлігі партиясы, Демпартия, Либералдар қозғалысын бауырына алған «Отан» партиясы дүниеге келді. Мүшесінің көптігі жағынан дөкейі осы. Билік басындағылардың мақсат-мүддесін қорғайды. Басқаша айтқанда, шенеуніктердің намысын жыртады. Ал бағдарламасы тұнып тұрған «демократия», Бірақ,

мемлекеттік тіл, қазақ халқының ұлттық мүддесі, жерге халықтың тұрғыдан қарау жөнінде қойылған мәселе жоқ.

Одан кейінгі орында шетелдік капиталдың қоржынына үміт артқан Азаматтық партия тұрады. Өндірісшілерді қолдаймыз дейтін осылар. Әйтсе де, жеке-дара партиясы болғанымен, Қазақстанның өндірісі оналып кете қойған жоқ. Сондай-ақ, Аграрлық партия атқа мінгенімен де ауылдың жағдайы құлдырап барады. Өткен жылы еліміз 16 миллион тоннаға жуық астық өндірді. Ол әуелі ауа райының ықыласына (қашанғы каталдық таныта берсін?!), одан соң диқандардың жанқиярлық еңбегінің арқасы. Аграрлық партия «здесь не при чем». Таяуда «Жер туралы» Заң жобасы қайтадан көкпарға түскелі жатыр. Ғасырлар бойы бабалар найзаның ұшымен қорғаған жерді жекеменшікке бермек ниетте. Аграрлық партия осы тұста азуын көрсете ме, қайдам? Әлде нарық пен шетелдік капиталдың мүддесін көздейтін «Отан» мен Азаматтық партиясының жағына шығып кете ме?

Компартияның бүгінгі бағыты бұрынғысынан өзгеше деп түсіндіреді оның тізгін ұстарлары. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы олардың мүмкіндігінше көбірек ұпай жинауына себеп болып отыр. Әйтсе де, жалпы халықтық мүддені қозғайтын, біріктіретін бағдарлама оларда да жоқ. Мұның сыртында Үкіметке оппозицияда жүргендер де жетеді. Қазақстанның жылдар бойы жинап-тергенін жекешелендіруге ұйытқы болған Әкежан Қажыгелдиннің де өз партиясы бар. Республикалық халықтық партия. Оның бер жағында «Азамат» партиясы, «Өрлеу» қозғалысы, тағы басқалар жетіп артылады. Айтайын дегенім бұл емес еді. Гәп басқада. Алуан түрлі партияның ішінде тікелей ұлт мүддесін қозғайтын партия жоқ. Бұл күнде бәріміз «ұлтшылдықтан» жеңіліп барамыз. «Космополитизмнің» бастауы шығар... «Әркімнің өз еркі өзінде. Қандай ұлт болып жазыласың. Қандай дінді қабылдайсың». Өйткені, демократия. Сыртқы ықпалды күштерге қарсы тұруға елді жұмылдыратын ұйым бар ма Қазақстанда? Кезінде қазақтың ұлттық санасының қайта оянуына жарықшақ түсірген «Азаттың» ішінен жік

шығып, топ-топқа бөлінді. Тәуелсіздік алар тұста елге танылған Сәбетқазы Ақатай кейінірек Республикалық партия құрды. Одан соң оның атын «Алаш» деп атау жөнінде ат төбеліндей аз-ақ адам ұйғарымға келді. Сөйткен партия ішінде тағы да алауыздық туып, Парламентке сайлау тұсында қос тізім ұсынылды.

Бүгінгі мәселе қазақта емес, гәп қазақты жұмылдыратын ұйымда болып отыр. Алаш рухын аңсап жүрміз деп айтатынымыз да сондықтан. Ұлт үшін ұран көтерер жолбасшы жетіспейді. Қазақ рухын қайта саясат сахнасына шығаратындардың үні естілмейді. «Азаттың» саясаткерлері болған Михаил Есенәлиев, Айтан Нүсіпхан да өтті дүниеден. Ал ұлтжанды деген азаматтың бірі Жасарал Ақтөбеге кетті. Мақаш Тәтімөвтің жеке университеті бар. Өз тірлігі өзінде. Дос Көшімов болса демократия тағлымын үйренумен жүр. Әйтеуір Әзімбай Ғали ғана баспасөз беттерінде қазақ намысын қамшылап, жөн-жоба көрсетіп жатады. Саясаткерлер «қазақ ауылына» аяқ басқысы келмейді. Бәрі қазақ мүддесінен «қазақстандық» мүддеге ойысқан...

Қай ғасыр тоғысында қазаққа оңай болып еді. Бүгінде де солай. Қазір қазақ өз жерінде 53,4 процентті құрайды. Бұған да шүкіршілік. Әйтсе де әлі әлсізбіз. Мемлекеттік тіл кеңсенің тіліне жуықарада айналатын түрі көрінбейді. Жер жекеменшікке берілген күнде қалың қазаққа тағы да қу тақыр тиетін түрі бар. Исламнан жерінген қазақтың өрімдей жастары пұтқа табынып жүр. Іздегенін солардан тапқан тәрізді. Қазақтың саны басым болғанымен, қазақ мектебінің саны кемшін. Осындайда Алаш рухын жалғастырар ұйымды аңсайсың. Барыңа бас-көз болса дейсің.

Қазақстанда «Орыс қауымдастығы» атты ұйым бар. Ол ұлттық мүдде тұрғысынан проблема жоқ болса да, республика басшылығы алдына «орыс мәселесіне» назар аударуға ықпал етумен келеді. Оның сыртында осы ұйымның ықпалымен Ресей басшылары бүгінде Қазақстан жағына қарап, «Қазақстанда тұратын миллиондаған орыстардың тағдырына алаңдайтынын» айтады. Ал қазақтарға осындай ұйым құру өз жерінде «ұлтшылдық» болып саналатын тәрізді ме, қалай?

Саяси партия ғана қоғамдық мүддені білдіріп, ұйымдасуы және бірзділігі саяси тұрғыда шешім қабылдауына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда қазақтың мұң-мұқтажын жоқтайтын партияның қажеттілігі туындайды. Қазақ мүддесін мұрат тұтатын бір партия керек. «Алаштың» ұстанымын жалғастыратын, оның рухани ізбасары болатын ұйымның алдында шешетін мәселелер жеткілікті. Тек әйтеуір, тағы да ішінара тайталасқа түсіп, алауыздыққа ұласып жатпаса болғаны. Алаш рухын аңсап жүрмін деп отырғандағы айтпағымыз осы еді.

2000 жыл





АРЫЛУ

Қазақтың бағы мен соры араласып келеді әманда. Даналығы мен балалығы, мәрттігі мен қырттығы ылғи итжығыс түсіп жататыны да рас. Қазақ атты халықтың тарих кемесінде біреуден ілгері, біреуден кейін болып келе жатқанына да талай ғасыр. Бірақ осы кезең аралығында өзінің кежегесін кейін тартқан кесірліктен де арыла алмай келеді. Сан рет қайталанған қателік ылғи да аяғы қасіретке ұласып қайтара соғып жатады.

Қазақтың үлкен жазушысы Әбіш Кекілбаевтың мынадай деп жазғаны бар-ды. «Біздің де кешкеніміз зая тағдыр. Әлеуметтік озбырлықтың айтқанынан шыға алмай, асыл мұраттардың өзін асыра сілтейтін алаңғасарлыққа айналдырып алдық. Соның салдарынан да еткеніміз еш зая ұрпаққа айналып отырмыз. Кейде әділ, кейде нақақ сөзді естуге мәжбүрміз. Біз көргенді өзіміз бастан өткерген біздер жазсақ қана арылу әдебиетіне айналмақшы. Ал бізден кейінгілер жазса, ұрпақтар өшпенділігін өршітетін, онсыз да көсегемізді көгертпей келген әлеуметтік кекшілдік өртіне май құятын, табашылдық ағымы қаулауы ғажап емес. Оған жол бердің деген сөз, бас-аяғымызды түгендеп, екі қолымызды төрт етіп, егемен ел, азат қоғам боламыз деген дәмеміздің көзіне өзіміз құм құйғандық болып шығар еді».

Өзінің өмір сүрген кезеңін Зая тағдыр деп айтуға екінін бірінің дәті бара бермейді. Әсте бүгінде сол кезеңді сағына әңгімелейтін аға ұрпақ өкілдері де аз емес. Әсіресе, кеңестік

кезеңде майлы жіліктің басын ұстағандар ол қоғамның көлеңкелі тұстарына көзжұмбайлықпен қарайды. Азды-көпті әміршіл қоғамның айтқанымен бәзбіреулерге тізе батырғанын, жасаған қиянатын Уақыттың талабы деп бағалайды. Бар кінәны Уақыт пен Қоғамға артып, өзін-өзі Ар сотынан арашалағысы келеді. Бірақ сол уақыттың, тар жол тайғақ кешу мен зобалаңға толы күндердің өзінде әділеттілік пен ақиқат үшін арпалысқан жандар аз ба еді. «Жаным – арымның садағасы», – деп рухын биік ұстаған қазақтың айтатыны сондықтан.

Рухы мықты қазақ Жұбан Молдағалиев те сол қоғамның, темір құрсаулы тоталитарлық жүйенің перзенті емес пе еді. Керек десеңіз атақ пен даңққа бас иіп, соның шырмауынан шыға алмай қалатын екі адам болса, соның біреуі Жұбан ақын болатын. Бірақ қайсар рухты ақын Жанынан Арының биік тұрғандығын қоғамға бүкіл қоғамға қарсылық ретінде көрсете білді. Ашына, күйіне айтатын себебі де сол.

«...Бірақ, естігенімдей, өртсөндіруші машиналарды – су атқылағышты, айбарлы иттерді, көп қатпарлы резеңке тоқпақтарды сұрқия арандатудың құрбаны болған жас жігіттер мен қыздарға қарсы ойланбастан шұғыл ала жүгіруді қостаймын десем, өз арымның алдында, сіздердің барлықтарыңыздың алдарыңызда ақ-адал болмас едім... Мен сондай ұят оқиға және оның артынша не болғанын естігенде, жасырып қайтейін, осы күнге дейін өмір сүргеніме өкіндім».

Өмірден де күшті құдірет бар екендігін от жүректі ақын оқырманына осылайша тағы бір мәрте ұқтырды. Ал заман солай болды деп басын арашалауға ұмтылатындардыкі ащы шындыққа қарсы болмашы сылтау іздеу ғана.

Билік тұтқасын ұстағандардың саясат арбасындағы божыны қағатыны белгілі. Ондайлардың қоғамның қағидасына сәйкес қызмет ететіні де мағлұм. Алайда жалғандық пен ақиқат жағаласқанда, қайсысы жеңеді? Қылышынан қан тамып тұрған Сталин басқарған тұста кез келген басшының құрбандыққа үкім шығарудан бойын аулақ салуы әсте мүмкін емес-ті. Ал тарихта ақыры ақиқаттың жеңетіні туралы заңдылық тағы бар.

Бірақ қашан, мәселе – сонда. Сталин билік жүргізген тұста Қазақстан Үкіметін он үш жыл басқарған Нұртас Оңдасынов аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде есіміне жамандық жалғауын қоспауға тырысқан көрінеді. Жақында қоғам қайраткерінің күнделігімен таныса отырып осындай ойға келдік.

«Үш нәрседен тазамын:

Бірінші – сонша жыл ел басқарғанда, біреуге нақақтан жала жауып, қиянатқа барған емеспін, арым таза;

Екінші – 1937-1938 жылдардағы қаралы күндерде, боздақтарды атып жатқанда, бір қағазға қол қойған емеспін, сенбегендер архивті ақтарып көрсін, қолым таза;

Үшінші – адамдарды жершілдікке, атаға, руға, жүзге бөлген емеспін, жүзім таза».

Егер кез келген билік биігіндегі тұлға жоғарыдағы аталған үш мәселеден аулақ болса, онда арылу жөнінде әңгіме қозғаудың өзі артық болар еді.

1990 жыл. Желтоқсан оқиғасының тоңы енді жібі бастаған тұс. Жазықсыз жапа шеккендердің алды ақталып, түрмеден босатылып жатқан уақыт еді. Ол кезде «Өркен» республикалық студент-жастар газетінде жұмыс істеймін. Бір күні осы басылымда «Арылуға шақыру» атты мақала жарық көрді. Онда қырғыз жігіті Талайбек Ылаевтың жүректі тебіренерлік жанайқайы берілді. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы атынан «Алматы қаласындағы қоғамға жат құбылыстардың алдын кесудегі көрсеткен ерлігі мен жанқиярлық әрекеті үшін» марапатталған көрінеді. Ылаев Желтоқсан оқиғасы кезінде ішкі істер әскері қатарында Алматыда қызметін өтеген, яғни «алаңдағы тәртіпсіздікті қалпына келтіруге қатысқан».

Әскерден оралған соң Талайбек Ылаев Мақтау қағазын: «Мен бұл бұйымды өздеріне қайтарамын. Себебі, ол менің үйімде сақтайтындай құнды дүние емес. Мен өзімді фашист, мәңгірт сезінгім келмейді», – деп Алматыдағы үлкен ұлықтарға кері қайтарыпты. Бауырлас қазақтың өрімдей ұлқыздары қуғын-сүргіннің зардабын тартып жатқандағы қырғыз Талайбектің осы әрекеті қазақтың рухын көтеретін үлкен қолдау еді. Бұл Желтоқсан оқиғасына байланысты Арылуға

шақыратын алғашқы азаматтық үн болатын. Содан бері он шақты жылдың жүзі дөңгеленді. Арылуға үн қосуға тиістілер әлі үнсіз. Құдды бүкіл дүниені Мәскеуден келгендер ғана бүлдіріп кеткен тәрізді көрінеді...

Тағы бір қазақтың ақиық ақыны Әбділдә Тәжібаевтың өмірінің соңғы кезеңінде жазған өзекті өртейтін жырлары бар екен. Зер салыңыз.

*Көсемнің сөзін жатқа алдық,
Қара сөз айтып ақталдық.
Көсемшілдікке жеттігіп,
Көсемшіл болып топталдық.
Ұлтын сүйгенді қаралап
Халқын сүйгеннен сақтандық,
Қазақты қырып мақтандық...*

Бұл немене? Кешегі күннің елесі ме? Көңіл түкпірінде шемен боп қатқан қасірет дертінен арылу ма? Зады осылай болса керек-ті. Ақын пәниден бақиға дейінгі аралықтағы көзбен көргенін, пендешілігі мол өмірде адамның мансұқ ететін сәттерінің барлығын таразылай келіп, айтарын айтып кетуді жөн санаған тәрізді.

Арылу әсте қуғын-сүргін кезеңіне қатысты емес. Күнделікті тіршіліктің өзінде адам баласы пенде ретінде құлқынның, жеке бастың қамымен әділеттілікті аяқ асты етіп жатады. Тіпті, күні кеше ұлттануды жоққа шығарған ғалымдар, қазақтың төл тарихын мойынсұнбағандар тәуелсіздік алғаннан соң осы саланы «өркендетуге» барын салып жүр. Қандай кереғарлық. Қазақша арылу мен тазарудың сиқы бұл. Тіпті, олардың кеңес тұсында айтқан сөздері архивте қатталып жатыр. Соған қарамастан, ғасырлар бойы аңсаған азаттық төңірегінде әңгіме қозғауға әуес. Осы жерде қазақтың қабырғалы жазушысы Ғабиден Мұстафиннің айтқан мына бір сөзі ойға оралады. **«Мен өзім жеткен жеріме дейін әділ болуға тырысатын адаммын».** Мұстафиннен гөрі кеңестік кезеңнің бүкіл оқуын тауысқан ғалымдардың алған білім деңгейіндегі әділеттілік үшін күресуге қауқары жетпегені ме?

Ұлт тазару арқылы ғана, дамуына кедергі жасайтын гадеттерден арылу негізінде ғана өркендейтін болады. Өзіне өзі сын көзімен қарау да осындай ниеттен туындайды. Әйтпесе ұлы Абай қазақты жаман көргендіктен сынады дейсіз бе? Өзінің кемшілігін мойындай білу де мықтылық. Сол себепті **Арылу дегеннің өзі әрбір адамның келер ұрпақ алдындағы өзінің биіктігін таныту болмақшы.** Қазақ зиялысы осындай биіктен көрінуге дайын ба?

2001 жыл





«РУХЫҢДЫ ТҮСІРМЕ, ҰЛЫМ!»

Шартарапқа шашырап кеткен қазақтың атамекеніне деген сағынышын енді түсінгендеймін. Түркия мен Алманияда жүрген бауырды жусанды далаға елжіреуін жаныммен ұғына түскендеймін. Байырғы бабалар мекенінде қалың шоғырланған Қытайдағы қазақтың да атажұртына деген ынтызарлығын тебіреніспен қабылдауға болады. Өйткені, Одақ ортақ болған республикалардағы қазақтардың өздерінің де сол кездің өзінде Алматыға, Қазақстанға деген құштарлығы керемет еді. Одақ ортақ болған күннің өзінде де осындай болатын. Шалғайдағы қазақтардың төл мемлекеті мен астанасына деген асқақ сезімі атойлап тұрады екен. Айқайлап, аттан салмағанымен, талайының жүрегінің тылсым төрінде жатқан туған халқына деген мақтаныш пен сағыныш қосыла табысып жатқанға ұқсайды. Қасіретіне қамығып, жетістігіне марқайып жүреді екен. Өткенді ой елегінен өткізе отырып осындай тоқтамға келдім.

...Ол кезде үшінші сыныпта оқитынмын. Балалық құмарлық па, әйтеуір үлкендердің кітаптарын ақтаруды қызық көретінмін. Бар қызық әпкем мен ағамның кітаптарында сияқты болатын-ды. Бір күні ақтарыстырып отырып, оныншы сыныптағы әпкемнің «Қазақ совет әдебиеті» оқулығындағы ерекше жайттың куәсі болдым. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин бір жылда туып, таңданарлығы сол, бір жылда қайтыс болыпты. «Арасынан қыл өтпес дос-

тар болған-ау, сірә!» Соның ішінде екеуі тіпті бір күнде жарық дүниемен қоштасыпты. Ал үшіншісінікі жазылмапты. Сәйкестік тапқанымға қуанып, салып ұрып әкеме жетіп бардым.

– Папа, үш жазушы бір-бірін қимас достар болған ба? Неге үшеуі бір мезгілде қайтыс болған?

Әкем ә дегеннен жауап беруге асықпады. Есіне қайдағы бір жайсыз оқиға түскендей, жайлап қабағын түйе түсті.

– Балам, сені мазалаған сауалдың өзіндік сыры бар. Білмекке ұмтылғаның жақсы. Бірақ бұл сұрақтың жауабын ұғыну саған қазір қиындау. Өскен соң бәрін өзің-ақ түсінесің...– деп әкем сөзінің аяғын жұтып жіберді. Аз-кем үнсіздіктен кейін әңгімесін қайта жалғады. – Қалай болғанда да үшеуінің де қазақ халқы үшін құрбан болғанын ұмытпа, балам. Олар елі үшін опат болғандар...

Шынында да, әкемнің айтқанынан түк түсінген жоқпын. «Елі үшін бәрі бір күнде опат болуы керек пе?» Осыны түбегейлі түсіну үшін біраз жылдар керек болатынын, ол кезде қайдан білейін. Барлығын да араға уақыт сала ұғындық қой. Оның ішінде ұлтқа деген ұлы құдіреттен туған шексіз сүйіспеншіліктің мықты екендігін. Қажет болса, ұлтын сүйген адам басын қатерге тігуге де баратындығын...

Әкем «Қайраттың» ұзақ жыл бойғы тұрақты жанкүйері. Кейде жоғары топтан жылыстап, бірінші топқа түскеніне кәдімгідей ренжіп жүреді де, кейін оны бір сәтте ұмытып шыға келеді. «Советский спорт» газетінен «Қайрат» ойынының нәтижесін ылғи іздеп отырғаны. Мәскеудің азулы командасы «Спартакты» бір кездері «Қайраттың» тәубасына түсіргенін мақтанышпен әңгімелейді. Тимур Сегізбаев десе бәрін ұмытуға бар. «Біздің Құралбектен мықты қақпашы жоқ Одақта. Ол талай маркасқаларды тұсап тастайды. Әсіресе, он бір метрлік айып добын Ордабаевтай ұстайтын қақпашы әлі туған жоқ», дейтін болды кейіннен. Ол кезде әкемнің әңгімесіне қарап футболдың тұтқасын қазақтар ұстап тұрған тәрізді көрінетін маған.

«Қайраттың» бірінші топқа түскенін, өзінен деңгейі төмен командалардан тас-талқан боп жеңілгенін әкем кешіруі мүмкін. Бірақ, ол кісінің кешірмейтіні – «Қайраттың» «Пахта-

кордан» жеңілгені. Қашан «Қайрат» қарымта кездесуде есесін қайтармайынша, рақымшылық жасалмайды. Басқасы басқа, қос команданың теледидардан берілетін өзара ойынын қалт жібермейді. Келесі күнгі көңіл күйдің бәрі де «Қайраттың» ойынымен астасып жатады. Студенттік кезіндегі өзі тікелей тамашалаған екі команданың кездесулеріне дейін айызы қанып әңгімелейді.

– Біздің «Қайрат» Ташкентке келіп, «Пахтакорды» тас-талқан етіп жеңуші еді ғой. Әрбір кездесу жан алысып, жан берісетін арпалыспен өтетін. «Қайрат» гол соққан сайын Ташкенттегі қазақ студенттері айқайға басып, бөркін аспанға атып бір дүрілдеп қалатын. Ондайды «экалардың» төбемізден лақтырған бөтелкесінің өзін елемейтінбіз. «Қайраттың» жеңісі тұтас қазақтың жеңісі сияқты көрінетін-ді. Ол бір керемет күндер еді-ау...

– Папа, жерлестеріңізге, «Пахтакорға» неге жанкүйер болмадыңыз?

– «Қайрат» бар ғой, «Қайрат». «Қайрат» тұрғанда...

Енді бір сәт «осының есі дұрыс па?» дегендей маған тіктеле бір қарайды. «Баланың сұрағы екеніне» көзі жеткен соң, сөзін әрі қарай жалғастырады. – Оның ар жағында Алматы, Қазақстан, қазақ халқы бар дегендей... Қысқасы, оны өсе келе өзің-ақ түсінесің, ұлым.

Тағы да ертең. Жауап тағы да кейінге сырғиды. Әкемнің саусақпен санарлық қана қазағы бар. «Қайратты» соншама пір тұтатынын расында да, кейінірек түсіндім. Ордабаевтың аяғын жер-көкке сыйғызбай, әлемде Сейділда Байшақов пен Тимур Сегізбаевтан басқа футболшы жоқтай жұрттың аузынан суын ағыза әңгімелейтінінің мағынасы тереңде жатыр екен ғой, оның астарында Намыс. Ұлттық намыс!

Әкем қазір зейнет демалысында. Қызылқұмның төріндегі ауылға ат басын тіреген сайын «Қайраттың» қазіргі жағдайын, Алматы мен Астананың ахуалын жиі сұрағыштап қояды. Баяғыдай емес, екеуара әңгіменің аяғы көп нүктемен аяқталмайды. Бүгінде сұрақ қоюшы мен жауап берушінің де орны ауысқан. Әкем Қазақстанда болып жатқан өзгерістерге көбірек алаңдайды. Мемлекеттің, халықтың жағдайын,

ұлттық мәселенің ахуалын көбірек білгісі келеді. Онысы түсінікті де. Қарақалпақ жеріндегі қазақтар ана тіліндегі газет-журналдардан қол үзгелі қашан. Телеарналарда да қазақ тілінде хабарлар көрсетілмейді. Жұрттың көңілі де өздері әлі көрмеген Астанаға қарай алаңдаулы. Үлкен бір сағыныш бар. Атажұртқа деген сағыныш.

Кезекті демалысқа барған сапар барысында әкем Қазақстандағы бар жағдайды қазбалай сұрайды. Дүние жүзінде Қазақ мемлекетінің жақсы аты шыға бастағанына деген өзінің мақтанышын білдірді. Бұрын-соңды қозғала қоймайтын тақырып – қоныс аудару мәселесіне қарай да ойысты.

– Ертеректе шығуға болмас па еді?

– Балам, туған жерді тастап қайда баратын едік. Ғасырлар бойы ата-бабамыз мекен еткен жер емес пе. Бабалардың зираты жатыр осында. Өз жеріңді басқаға тастап, қалай кете бермексің?

– Қазір ше, қазір... туған жердің тұрағы өзгеріп кетті ме?

– Бүгінде жағдай басқа арнаға бет бұрды, балам. Соңғы он жыл ішінде дүние түбегейлі өзгеріске ұшырап, кеңестік кеңістікте жаңа ахуал қалыптасты. «Баяғыдағы бұл жерді біздің бабаларымыз мекендеген» деген кеудемсоқтықтың әмірі жүрмейді енді. Барлығы жаңаша саясаттың жықпыл-жықпылында шешіліп жатыр. Қазақ халқының да жаңа заманғы соны жылнамасы жазылу үстінде. Баяғыдағы бабаларымыздың армандаған заманы да осы...

– Алайда, онда келіп қалған екенсіздер деп, жарылқай қоятын мүмкіндік шамалы. Әркімнің өз тірлігі өзінде...

– Рухыңды түсірме, ұлым! Таусыла берме. «Көппен көрген ұлы той» емес пе. Алла нәсіп етіп, қоныс аударатын болсақ, бұйырғанын көре жатармыз, балам.

«Сағынбай барсаң таулар да алдыңнан шықпас асқақтап». Төлеген Айбергенов. Бәлкім, күллі дүние жүзіне тарыдай шашылып кеткен ісі қазақтың туған жерге деген сағынышы да Қазақстанның төрткүл әлем алдындағы абыройын асқақтата түсетін шығар.

2001 жыл



ҚАЗАҚ РУХЫ ҚАЛҒЫП КЕТКЕН СЕКІЛДІ...

Қазақ ұлты өзіне өзі төрелік жүргізе алмай отырғанда, басқа жұрт өз байламын жасап үлгереді. Қазіргі Қазақстан қоғамында қазақ ұлтының қағаз жүзінде ғана өкілетті орны бар ма деп күйінесің кей-кейде. Түптеп келгенде, тамырынан түңілгендей халде қазір қазақ. Шүкіршілік ететіні, меншікті мемлекеті, төл туы, еншісінде елтаңбасы бар. Басқалай айтқанда, мемлекеттік деп айдар тағатын ұлтқа тән рәміздердің бәрін еншілеген. Шекарасы да шиырлап, карта бетінде қолтаңбасын қалдырып, қалыптасып келеді. Оның қаншалықты тиімді, тиімсіз жүзеге асып жатқандығы өз алдына бөлек әңгіме. Билік тізгінін ұстағандардың басым көпшілігі де жергілікті ұлт өкілдері. Былай қарасаңыз, бәрі орын-орнында сияқты. Олай болса, ұлттық мүддеде ылғи ұтылыс тауып келе жатқанымыз неліктен?

Рас, бар мәселе қазақ деген халықтың атын алған мемлекет тұрғысынан қозғалады. Бірақ, қайсыбір мәселе болған күннің өзінде ондағы қазақ жұртының мүддесі қандай? Осы ескеріле ме? Бар гәп енді осы тұстан басталады. Осыны айту да ұлтшылдық па? Қазақ ана тілінде сөйлесе, ұлтшылдық болғаны ма? Биліктегілер қазақ мүддесі дегенді тек мемлекеттік тілде ғана қозғайды. Онда да қалай болар екен деп төңірегіне жіті көз тастап барып, имене айтады. Ал ұлт мүддесін ресми тілде айтуға жасқанады. Кеңестік кезеңнен қалған кесел тәріздес қорғалақтаушылық әдеттен әлі арыла алмай келеміз. Әлі де әлдекімдерге қарай жалтақтау басым. Уақыттың тиімді тұсын

пайдалана алмаған күнде күні ертең бар мүмкіндіктен ажырап қаларымыз анық. Оның алғашқы нышанын солтүстік жақтан ескен саяси суық лептен айқын аңғаруға болады...

Ұлттың мұң-мұқтажын биік мінберден айтатын қоғамдық ұйымдар әлдеқашан өзара жікке бөлініп, берекесі кеткен. Қос «Азат» бір-бірінен азаттық алып шықты. «Желтоқсан» да ішінара жікке бөлінді. Олардың тек жыл сайын желтоқсан жақындағанда ғана тамырына қан жүгіре бастайды. «Біз әлі бармыз» деген тәрізді өзінше бой көрсетіп қояды. Қысқасы, қазақ халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын қоғамдық ұйымдар жоқтың қасы. «Алаш» партиясы қайта атқа қонып, тіркеуге құжаттарын тапсырған-ды. Алайда, ол мемлекеттік тіркеуден өте алмады. Шынында қалың жұрт оның тыныс-тірлігінен, тындырып жатқан шаруасынан бейхабар. Оның бастауында тұрғандардың кім екені де халыққа беймағлұм. Соны өздері түсінді ме, партияның органы болып табылатын басылымның кезекті нөмірінде партия төрағасының бірнеше суретін беріпті. Бұқарасы білсін деген ниетпен шығар деп қабылдадық. «Алаштықтардың» Парламент сайлауы тұсында бәйгеден аты озып келеді дегенге қаншама оптимистік тұрғыда қарағанымызбен, көңілде сенімнен гөрі күдік басым. Өйткені, мемлекеттік тіркеуден өткен партиялар іле-шала сайлау науқанына әзірлікті бастап кетті.

«Алаш» алғашқы сынақтан-ақ сүрінді. Оған биліктің де іші аса жылымайды. Оның үстіне әу баста «Русская партия» атанып, одан соң «Соотечественник» боп құбылып шыға келген партияны да тіркеу керек қой. Сол үшін амал жоқ, «Алашты» да қоса құрбандыққа шалуға тура келді. Әйтпесе, биліктегілер үшін бұл «ұлтшылдық» болып шығар еді. «Алаштың» рухын көтеруге жанталасып отырғандарды керенау кеңселерден іздеп табу қиын. «Алаш» түгілі қазақ десе ат-тонын ала қашатын шенеуніктер жетіп артылады қазір. Одан гөрі жалпы адамзатқа бірдей құндылықтарды көтеріп жүрген «Отан» жақынырақ оларға. Болмаса, Қазақстанның өндіріс ошақтарының басым бөлігіне қожайындық жасап жүргендердің мүддесін көздейтін Азаматтық партиямен тіл табысу әлдеқайда тиімді. Ал «Алаштан» аулақ болған жөн, олардың ойынша...

«Соотечественник» демекші, оның жетекшісі біздің қатарымызда мүшелердің 30 пайызға жуығы қазақтар дегенді айтады. Ендеше, атын өзгерткенмен заты өзгермейтін партияның сойылын соғатын қазақтар да табылып отыр. Олай болса, орыстілді қазақтар да әу бастағы төл мәдениетіне, туған тіліне қарсы оппозицияға әзірленіп жатыр ма деп те ойлауға болады. Айтпақшы, аталған партия төрағасының орынбасары президент сайлауында өзін президенттіктен үміткерлікке ұсынатын Жақсыбай Базылбаев көрінеді. Президенттікке енді басқа ұлт өкілдерінің колдауымен түсетінге ұқсайтындай. Ендігі жерде партия ұстанымына сай үміткердің ұраны да өзгертін шығар. Несі бар, өзгелердің мүддесі күн тәртібіне көбірек қойылған сайын қазақ жұрты қайта жұдырықша жұмыла түспек. Сол себепті де орыстілділердің мүддесін көтергендерге кейде алғыс айтуға тура келеді...

Қалай болғанда да қос партия тіркеуден өте алмады «Алаштың» бағын «Орыс партиясы» байлады. Атын қоғамдық пікірдің құдіретімен өзгерткенімен, әу бастағы атауының өзі оның қандай мақсат-мұратқа байланысты құрылғандығын аңғартқан еді. Ал әзірше алаш жұртының жоғын жоқтайтын іргелі ұйым болмай тұр. Ұлт мүддесінің ұтылыс тауып отырғаны да сондықтан.

Үздіксіз қайталана беретін, бір-бірінен аумайтын мерейтойлар да адамды әбден мезі етіп келеді. Осындайда жиі айтылатын рухымыз көтеріліп қалды деген бекер сөз. Ол тек бар болғаны – бар-жоқты түгендеу болып шығады. Керек десеңіз, ол көтерем болып қалған қазақ рухын жаңа белеске шығара алмайды. Задында, ол қалғып кеткен қазақ рухын ұйқысынан оята да алмайды. Оятқанымен, сергек күйіне келмей қайта қалың ұйқыға кіріседі. Қысқасы, қазақ рухы летаргиялық ұйқыға кеткен секілді. Қай жылдардың ширегінде ояматынын дөп басып айту қиын...

Нарық – бәсекелестіктің, жанпида тірліктің кезеңі. Ал казекең әлі бейғам. Базбіреулер оның бабаларының мұраға қалған байлығын ертеңге мұртын бұзбай апаратындай сезінеді. Осы жерде туындайтын тағы бір гәп, Қазақстан-

дағы жекешелендірілген байлықтың қаншалықты мөлшері казекеннің меншігінде екендігі. Бар мәселе осы жерден көрінеді. Рас, «жас түркілердің» қоржынында қомақты байлық бар. Бірақ, соның бәрі жиыла келгенде, Қазақстандағы шетелдік жалғыз инвестордың шаңына ілесе алмай қалады. Ал байлықтың талай шаруаның басын қайтаруға ықпал ететіні тағы бар. Сол себепті, қалтасы қалыңдар арасында ұлт мәселесіне жанашырлық көрсететін тұлғалар көбейген сайын қазақтың тілі де, мәдениеті де, өнері де әлемдік өркениеттен өз орнын табатыны анық. Ал әзірге туған жұртына қолұшын беретін қалталылардың қазынасы басқалардың қасында шамалы ғана. Ұлттық мүддеде ұтылыс тауып отырғандығымыздың бір ұшы осында.

Байлық дегеннен шығады, оны кім де болсын өз мүддесін жүзеге асыруға пайдаланатыны анық. Бұл – өмірдің бұлжымас заңдылығы. Бірақ, осы жерде айта кететіні, қазақ ұлтының болашағына қауіп төндіретін лоббизм төңірегінде соңғы кезде жиі әңгіме бола бастады. Оны басқа емес, Парламент Мәжілісінің төрағасы қолдап, қуаттап отырса ше? Лоббизм Парламентте бар, жасырын түрде болса да бар, ол ешкімнен құпия емес. Соны заңдастырайық, лоббизм туралы заң қабылдайық, дейді төраға. Міне, мәселе қайда жатыр. Лоббизмді заңдастыру дегеніңізді қазақ ұлтының мәселесінің тамырына балта шабу деп пайымдауға болады. Өйткені, лоббизм арқылы қаржы кімнің қолында, соның ыңғайына қарай заң қабылданады. Еліміздегі қаржының кімдердің қолында екендігін жоғарыда тұспалдап айттық. Олай болса, заң қабылданған күнде қазақтың тілін, ділін, мәдениетін өркендетуге байланысты заңдар қабылданбайды деген сөз. Ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жеткен бабалар аманатын тәуелсіздік алғаннан кейін ерікті түрде басқаларға беру, сіңісі арқылы айрылу деген сөз бұл.

Қазақ қазірде өршілдіктің емес, көнбістік пен төзімділіктің баламасына айнала бастағандай. Қазақ «Мен – қазақпын» деп мақтанып, басқа жұрт «қазақ осы» деп таңырқайтындай биікке көтеріле ала ма? Басты гәп осында. Бүгінгі тірліктің болмысынан

бұған оң жауап беру қиын. Қайта соңғы кездері билік белесіне шыққан саяси тұлғалар өзара оппозицияға көшкен тәрізді. Топтық мүдделер ұлттық мүдделерден басым тұрғандай. Мұны біз тізгінін Иманғали Тасмағамбетов ұстаған Үкімет тұсында анық байқадық. Қазақтың мұң-мұқтажын терең білетін азамат билік басына келген тұста орыстілді басылымның көпшілігі жапа-тармағай оның осал тұсын іздеп, басқан қадамын аңдып-ақ бақты. Ұлт жанашырын бір мұқатып алайық дегендей. Одан тіпті, республикалық мемлекеттік тілдегі базбір басылымдар да қалыса қойған жоқ. Құдды Үкімет басшысы шалыс басса, айы оңынан туатындай кимыл көрсетті. Ұлттық мүдде емес, бұл жерде де жеке мүдделердің көрініс бергені де байқалады. Осындайда ұлт арасындағы пендешілік пиғылды сыртқы ықпалды күштердің, оның ішінде кейбір партиялардың жақсы пайдаланатыны анық, пайдаланып та жүр.

Елге танымал тұлғалардың да ұлттың рухын көтеруде үлкен орны бар екені тарихтан мәлім. Дуалы ауыздар төрелігін айтқанда ғана халықтың көңілі сол жаққа ауады. Ал әзірге аузы дуалы деген қазақтың мықтылары жылдар бойы «ұлтшыл» деген сөзден санасы зәрезап болғандықтан ба, ұлт мүддесін биік мінберден жұмыла айтуға тәуекелі жетпей жүр. Жеке-дара дауыстар ғана ара-тұра халықтың мұң-мұқтажын жеткізеді. Әйтсе де, оның өзі әлі халықтың санасына жетпей келеді.

Осыдан төрт жылдан астам уақыт бұрын тарих ғылымының докторы Мәмбет Қойгелдиев: «Билікте отырған басқарушы топ ендігі тарихи кезеңде басқа елдердің тәжірибесіне еліктеушілік мінезден тезірек арылып, жасампаз, нағыз ұлттық элитаға айнала ала ма?» («Егемен Қазақстан», 26 ақпан, 1999 жыл) деген сауал тастаған еді. Алайда, содан бері бесінші жылға қадам басса да, ұлттық мүдделердің шешілетін уақытын босқа жіберген тәріздіміз. Етек-жеңін жинай бастаған солтүстіктегі көршіміз ендігі жерде Қазақстанды өз дегеніне қарай көндіруге ұмтылатыны айдан анық. Ал біздің зиялыларымыз әлі әрекетсіз. Қайта басқарушы топта ұлттық мүддеден гөрі басқалардың сойылын соғуға бейімділік байқалады. Біздің қорқатынымыз да осы. Сан ғасырдан кейін сарылта, сағындыра

келген мүмкіндікті тағы да біреудің шылауына байлап береміз бе?

Қазіргі кездегі қазақ қоғамындағы жай-жағдайды саралай келіп. Қазақ рухы қалғып кеткен секілді деп отырғанымыз да сол. Күнделікті күйбең тірліктің астында ұлттың мәселесі көміліп жатқандай. Рухы түскен елдің ұрпағы әлсіз болмақ. Олай болса, болашақ ұрпақтың рухының мықтылығы – бүгінгілердің жауапкершілігінде. Бұл – билік тізгінін ұстағандарға да, бұқараға да бірдей сын болмақ.

2003 жыл





ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ ТҰМАРЫ – «АЛТЫН АДАМ»

Алтын ел АҚШ туралы әңгіме қозғала қалса, сап етіп есімізге алдымен «Азаттық ескерткіші» түседі. Одан соң ілешала «америкалық арман» қанаттасады. Германия десеніз, таптұйнақтай тәртіпке дағдыланған неміс халқы, автомобилі ойға оралады. Ұлыбритания өзінің ақсүйектік басқаруға негізделген монархиялық сипаты, халықаралық қарым-қатынас тіліне айналған ағылшын тілімен ерекшеленеді. Жапония десе самурай, технология, «жоқтан бар жасайтын» ілкімді жапондықтар көңіл түкпірінен атойлайды. Франция десе мода, Эйфель мұнарасы көзге ұрады. Бразилия туралы сөз қозғала қалса, футбол, Пеле, карнавал еске түседі. Бокс Куба елінің басты синониміне айналған. Оның ар жағында «Бостандық аралы» десе, Фидель Кастроның елін басқамен шатастыра алмайсыз.

Қазақ десе, Қазақстан десе, миға алғаш көрініс беретін сөз немесе ұлттың рәмізіне айналған бейресми белгі қандай?

Ә дегенде қазақтың қонақжайлылығын айтады. Оны айта-тындар бұрынғы Одақ тұсында «тай-құлындай тебіскен» одақтас республикалардағы кешегі бауырларымыз. Бірақ, қонақжайлылық – қазіргі заманның өлшеміне келетін болсақ, биік мәртебе емес, керісінше дарақылықты аңғартатындай. Оның үстіне үнем дегенді білмейтін кешегі кеңес кеңістігінде өмір сүргендер осындайда ішіп-жеуге деген үлкен әуестігін аңғартып қалады. Ал, шетелдіктердің көбі Қазақстан аты аталатын болса, оны Ауғанстан, Тәжікстан сияқты кедейшілік пен қақтығыс жайлаған... «стандар-

мен» қатар қоятынына талай куә болып жүрміз. Болмаса, қазақ жұртының тіршілігінен бейхабар кейбір шетелдіктер Қазақстанды стратегиялық көзқарастардың қайшылығына қатысты Каспий жағалауындағы мұнайлы ел ретінде еске түсіреді. Турасын айтқанда, «оңып тұрған» ешқайсысы жоқ. Бұл өз кезегінде Қазақстанның халықаралық деңгейдегі беделін қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Ал, бізге әлемнің қазақтарды өркениетті ұлт ретінде, халықаралық қауымдастықта өзіндік орны бар мемлекет ретінде танығаны жөн. Осыған орай өз пікірімізді ортаға салып көрелік. Айту – бізден, қабылдау – сізден.

Қазақ тарихында «Алтын адамның» орны бөлек. 1970 жылы Алматыдан 50 шақырым Есік қорғанынан археолог Кемел Ақышев бастаған археологтар «Алтын адам» сұлбасын аршып алды. Біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың екінші жартысында Жетісу өңірін мекендеген сақ тайпасының көсемі дейді тарихшылар «Алтын адамды». Оның бойынан төрт мыңнан астам әртүрлі әшекей түрлері табылған. Қорғанда қазба жұмыстарын жүргізу барысында Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі тайпалардың біздің заманымызға дейінгі V ғасыр шамасындағы мәдениеті, өнері, діні төңірегінде құнды материалдар да табылды. Бұл қазақ жеріндегі өмір сүрген халық тарихының қай қиырларға апаратынын көрсетеді. Тек тарихының ғана емес, олардың мәдениеті мен өнері жоғары деңгейде болғандығын «Алтын адам» сияқты құнды деректер айғақтайды.

Тарихшылардың дерегіне сүйенетін болсақ, сақтардың тіршілігі, тұрмысы, киім киісі Қазан төңкерісіне дейінгі көшпелі қазақтармен ұқсастығы көп көрінеді. Сондай-ақ, тарихшылар сақ тайпасының бейбіт сүйгіш тайпа болғанын айтады. Алайда, жатжұрттықтар тарапынан шабуыл жасалатын болса, сақтар шабындықтарын, сулы алқабын, малы мен баспанасын қаһармандықпен қорғаған. Осылардың барлығы қазақтың қай заманғы да өмірлік ұстанымымен астасып жатыр емес пе. Олай болатын болса, Қазақтың синониміне «Алтын адам» айналып жатса несі бар.

Бәлкім, «Алтын адам» онсыз да елдік рәміздің бір бөлшегіне айналды ғой деп айтушылар табылатын шығар. Рас,

ол – Алматыдағы Республика алаңында Тәуелсіздік монументіндегі негізгі компоненттердің бірі. Дегенмен, оның осы ескерткіште қазақ халқының тарихи кезеңдерінің тек бір бөлшегін құрап тұрғандығына ешкім дау айта алмас. «Алтын адам» үшін ескерткіш орнатса несі айып. АҚШ-тағы «Азаттық ескерткіші», Франциядағы Эйфель мұнарасы іспетті әлемдік деңгейдегі рәмізіне айналатын ескерткіш орнатылса, тамаша емес пе. Қазақ елінің, қазақтың синонимі «Алтын адам» болса, әлем жұртшылығы «Алтын адам» арқылы қазақтың қандай халық екендігін мойындайды.

Бүгінде «Алтын адамның» қазақ топырағынан табылғандығын әйгілейтін үлкен насихат жұмысы жүргізіліп жатқан жоқ. Бәлкім, тарихпен әуестенушілер «Алтын адамның» тарихынан хабардар шығар. Алайда, қалың қауым біледі деп айту қиын. «Алтын адамды» жан-жақты насихаттау арқылы қазақ елін дүние жүзіне мәшһүр етуге мүмкіндік туады. Бұл бір жағынан қазақ ұлтының тамырын қатпарлы тарих қойнауларына тереңдетеді. Оның сыртында бір ғана Есік қорғанының төңірегінде қазақ топырағындағы мәдениет пен өнердің қандай биік деңгейде болғандығын жаһанға паш етеді. «Дүниенің кілті бізде ғана болған» деп астамсыған қарт құрлықтың мәдениетіне, сол арқылы шығыс мәдениетіне деген кейбір көзқарастарын қайта таразылауына тура келеді. Оған қоса бұл моңғол-татар шапқыншылығына дейін қазақ даласында аса биік өркениеттің ордасына айналған қалалардың болғандығын тарих жүзінде әйгілей түседі. «Алтын адамды» насихаттауға айрықша көңіл бөлу керек деп отырғанмыз да сол. Бәлкім, мұндай ескерткішті елорданың төріне орнықтырған жөн болар. Бағзы бабалар армандаған, армандап кеткен тәуелсіздіктің арқасында баба бейнесі төрден орын алатын болса, осыдан асқақ не бар!

Мұндай тарихи жәдігерлер дүниенің түкпір-түкпірінен ілуде біреуі кездесетін-ақ шығар. Ал, «Алтын адам» бейнесі қазақ топырағынан бір емес, үшеуі қатар табылып жатса ше. Бұл сараң тарихтың қазақ ұлтына жасаған мырзалығы ма? 1999 жылы Атырау өңірінде Аралтөбе қорғанынан табылған «Алтын

адам» бейнесін, 2003 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті қорғанынан табылған «Алтын адамды» кездейсоқтық деп айтуға ешкімнің де тілі бармайтын шығар. Олай болса, барды бағалай білу, бабалардың рухын асқақтата түсу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. Ал, «алтын бабаларымызға» ескерткіш орнату осының алғашқы қадамы.

Шетелге қыдырып барып келген адамның сол елден естелікке кәдесый алып келетіні белгілі. Мұхиттың арғы жағындағы алып елге табан тіреген жұрт «Азаттық» бейнелі базарлықты алып қайтады. Парижге ат ізін салғандар Эйфель мұнарасының кішігірім нұсқасын сатып алады. Аспан асты еліне барғандардың, сөз жоқ, «Қытай қорғанының» жанында естелікке суретке түспейтіні кемде-кем. Үндістанға жолаушылаған туристердің Аграға ат басын бұрып, Тәж-Махалға тәу етпесе, сонда суретке түспесе, онда сапардың толыққанды болмағаны деп біледі. Мәскеуге келген қонақтардың Кремльді тамашалап, Қызыл алаңда болмайтыны некен-саяқ. Орысша айтқанда, бұлар Ресейдің «визитный карточкасы» іспетті. Олай болса, қазақ топырағына табаны тиген туристер «Алтын адам» ескерткіші жанында суретке түсіп, асқақ бейнелі «Алтын адамның» кәдесыйын қоржынына салып жатса, керемет емес пе!

...Олай болса, «Алтын адам» Қазақты күллі әлемге танытатын төл тұмары деп толыққанды айтуға әбден лайық!

2004 жыл





ДИНИ «ПЛАЦДАРМ»

Ұлты қазақтың бәрін сырттай еншілеп, мұсылман етіп жүрген өзіміз. Ал, шынтуайтына келгенде, аты қазақтың бәрі заты мұсылман болмайды екен. Оған енді түбегейлі көзіміз жетіп отыр. Дүниенің түкпір-түкпірінен ағылған миссионерлер қазақтың кең сахарасына туристік сапармен емес, өз дініне мінажат ететіндердің санын көбейтуге ұмтылатындай-ақ. Рим-католик шіркеуіне құлшылық етушілердің елімізде «десанттық тобы» ретінде 122 миссионер қызмет етеді. Одан кейінгі орында протестантизмнің өкілдері – 110 миссионер қазақ жерінің ой-шұңқырын аралап, өздерінің туын тігіп, біржола жайғасып жатыр. Оның сыртында дәстүрлі емес протестанттық бағыттағылар да бар. Дәстүрлі емес деп «қалың олжадан» құр қалсын ба, дінбасылары да олардың ішінен 25-іне батасын беріп, кең қазақ сахарасына ақ жол тілеп, шығарып салыпты. Иерусалимнен артынып-тартынып Еврей қауымдастығының жалынды сәлемін жеткізуге де 9 миссионер келіпті. Бұлардың бәрі 2003 жылдың басында қағазға қатталып, ресми тіркелгендері ғана. Әйтпесе, байқамай «адасып» жүрген, тіркелмеген миссионерлер жетіп артылады ғой. Соларды шоттап, заң бұзса сотқа сүйретіп жатқан құзырлы мекеме бар ма?

«Естімеген елде көп» деп, қазекен дәл айтқан. Естісеңіз айтыңыз, біз санамалайық. «Новая жизнь» шіркеуі, «Новое небо» шіркеуі, «Благая весть» шіркеуі, «Жатва» шіркеуі, «Живая Лоза» шіркеуі, толық Евангелия шіркеуі, Библия шіркеуі,

«Вефиль» қасиетті шіркеуі, «Иисуса Христа Святых последних дней» шіркеуі сияқты «шіркеу» атаулыдан шелкең шылқиды. Күллі дүниедегі дінге қатысты тірліктің бәрін жиып әкеліп, қазақ жеріне қотара салғандай. Соған қарап 2003 жылы сары күзде Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің өтуі заңдылық па деп қаласың. Алқалы жиын «дәстүрлі діндердің» басқосуы болғанымен, біз жоғарыда санамалаған қаптаған «шіркеулер» «дәстүрлі емес» бағыттағылар. Құдай қаласа, осы қарқыннан айрылмасак, «дәстүрсіздердің» де дәстүрлі басқосуы болатын шығар әлі елордада. Өйткені, олар елімізде еркін өмір сүріп, насихатын жүргізіп, қатарын молайтып келеді. Қазақстанда жерсініп жатқан «Новая жизнь» шіркеуі бірлестігінің саны – 53, толық Евангелия шіркеуі – 21, «Жатва» шіркеуі – 8, Библия шіркеуі – 4. Қалғанын санамай-ақ қоялық, «дәстүрсіз діндер» бірлестігінің еліміздегі жалпы саны 232-ні дөңгелектейді. Қазақтардың көңілін аулап, оларды өз қатарына тартудың амалы шығар, «Рахым» атты Евангель Христиан шіркеуі де бар.

Жалпы, бәрінен аты озып тұрған протестант бағытын ұстанушылар, олардың республикада 946 (!) бірлестігі бар көрінеді. Одан кейінгі жүлделі орынды елімізде 77 діни бірлестігі бар католиктер иемденеді. Бахаилар, кришнаиттер, вайшнавтар сияқтылардың басын біріктіретін дәстүрлі емес діндер бірлестігінің ұзын саны – 56. Ал иудаизмге құлшылық етушілердің бірлестігі әзірге 24 екен. Жоғарыда аты аталмағаны бар, түгенделмегені бар, олардың қаншасы қазекең екендігін бір құдай біледі. Соңғылары да «өз үлестерінен» құр қалмай, несібесін теріп, мінажат етіп жүрген болар.:

Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметіне жүгінсек, басқа діндердің қорын «байытып» жүрген қазақтардың саны 500 мыңды шиырлапты. Тұтас бір елорданың халқына жетеғабыл ма, қалай? Бұл өткен он жылдың еншісіндегі «жетістік». Алдағы күннің қандай «сыбаға» сыйларын кім білсін? Қазекең бұрын-соңды бас жағынан бөлінгенімен, таласқа түспеген жалғыз дүниесі бар болатын. Ол – қазақтың мазары, басқалай айтқанда моласы. Ертеректе

адамдарды зиратта арғы атасына қарай бөлек жерлегенмен, моланың жанынан өткен қазақтың қай-қайсы да бетін сипамай өтпейтіні болмаушы еді. Баба аманатына берік адамдар әлі күнге дейін осылай істейді. Ал ендігі жерде қазақтың өз арасында молалардың бөлінісі басталғалы тұр. Қазақтың кең даласы алдағы уақытта «шіркеулерден шекпен киген» қазақтардың қоныс тебетін өзіндік зиратымен толыға түссе, таңданбаңыз. Бес жүз мыңның әрқайсысына топырақ атажұртынан бұйырғанмен, қай моладан орын тиетіні белгісіз-ау. Бәлкім, бара-бара әрбір елді мекеннің жанынан дәстүрлі емес діндерге мінажат етушілер арғы дүниеге аттанған соң, олардың моласына жер бөліп беру де «дәстүрге» енетін шығар...

Шығыс әлемінің тарихында өзіндік орны бар қасиетті Тараздың төрінде қазір түрлі діни ағымдар тоғысып жатыр. Бұқаралық ақпарат құралдарынан ежелгі қаланың жұртын миссионерлердің өз ыңғайына қарай бейімдеуге жанталасқан әрекетті көрген сайын Айша бибі анамыздың аруағы алдында өзімізді құнаһардай сезінеміз. Кеңестік кезеңге кебісін ауыстырмай, сүйретіп жеткен қазекең, ел тұтқасына өзінің қолы жеткен тұста ұстанымынан ажырап қалғандай. 2003 жылы «Иегова куәгерлері» атты діни бірлестікке кірген тараздық Жанара Сүгірбекова қызы Үміткүлді әкесінен қайтарып алу үшін сотқа береді. Азаматтық іс дейін десеніз, ар жағында тағы бір ойдың ұшы қылтияды. Сот жүріп жатқан кезде Жанараның шашбауын көтеріп, тайлы-тұяғымен иеговашылар көшіп жүрді. Елімізде осы «Иегова куәгерлері» діни бірлестігінің саны 1990 жылы 27 болатын болса, 2003 жылы олардың саны 107-ге жеткен. Оның ішінде 75-і ғана тіркелген, қалғаны өз бетімен, өздерінің ыңғайларына қарай ұзын арқау, кең тұсау өмір сүріп жатыр.

...Ал Үміткүлдің әкесі Т.Көпбаев зайыбының кебін қызы да киіп кете ме деп қорқады. Жаңа ғасырда қазақтың әрбір шаңырағына діни қатер төне бастағандай ма, қалай?

Бүгінгі бір отбасының қасіреті ертеңгі бүкіл қоғамның проблемасына айналуы мүмкін-ау. «Жұрттың отбасында не шаруам бар, өз шаңырағымның ынтымағы болсын» деген астамшылықтың ақыры адуынды апат болып қайта оралуы да

ықтимал... Астанадағы қазақтың қадір тұтқан зиялысы әу басында өз қызының болашақта жат діннің жетегінде кететінін білді дейсіз бе? Елдің алдында халықтың дәстүрі, қадір-қасиеті туралы тебірене әңгімелейді. Алайда, отбасындағы тірліктің сиқы жоғарыдағыдай. Қазақтың ұлттық қағидасын мұрат тұтқан азамат кейінірек өзінің бала тәрбиесінен опық жейтінін білді ме екен?

Қоғамдағы кез келген жаман әдет «жүкпалы». Бәлкім, қазақтың «адам басына түспей білмейді» дегені де осындайдан шыққан болар-ау. Бірақ, осылардың бәрін әрбір қазақ отбасы өз басынан кешіргеннен кейін сабақ алып жатсақ, онда бабалар дәстүрінен жұрнаққа бірдеңе қалады деп айту қиын.

Сырттан келіп өз дінін насихаттаушылар қазақтар қонағының көңілін қалдырмайтындығына әбден дағдыланып алса керек, алдағы кезеңге арналған жөн-жобасын да өзімен бірге, қолтығына қыстыра келіпті. Мәселен, Евангелия сектасының «Благодать» шіркеуінің бағдарламасына үңілсеңіз, қазақтардың бәрі осы шіркеуге құлшылық етушілердің қатарын толықтыруы керек сияқты. «Ұят қой, сонша жерден, мұхиттың арғы бетінен, Лос-Анджелес қаласынан арқаланып келген екен, тапсырмасын орындасын», деген көңілжықпас ой сап ете қалады. Қараңыз.

«Мақсаты:

...2005 жылға қарай Орталық Азия мен Қазақстандағы шіркеуде іс жүзінде құлшылық етуі үшін қуатты көшбасшыларды әзірлеу жөніндегі орталықты айқындау...

2010 жылдың аяғына елді толыққанды евангелизациялауға қол жеткізу».

Құдды кеңестік кезеңдегі стратегиялық жоспарлар тәрізді. Кешегі кеңестік қоғамға өздерінің тәсілімен діни экспансия саясатын жүргізу бар секілді америкалықтардың ойларында. Амал жоқ, осыдан кейін қонағына қорадағы жалғыз қойын сойып беретін қазекеңе евангелиямен шұғылдануына тура келеді. Әйтпесе, ыңғайсыз болад-тағы әлемдік евангелистер алдында...

«Бір ұлттың бірнеше дінге бөлінуіне басталуы әрі қарай осылай жалғаса берсе қиын». Қазақстан Мұсылмандары ді-

ни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің өзі осылай қынжылады. Ендеше, қазақ топырағына діни төзімділік емес, діни бөлінушіліктің ұрығы себіліп жатқандай. Кезінде Рәтбек қажы айтқан жетпіс пайыздық мұсылмандық меже барған сайын біртіндеп азая беретін болғаны ғой. Әйтпесе, басқа діндерге құлшылық етушілердің елімізге қопарыла көшіп келіп жатқандары байқалмайды. Тек арнайы «десанттық топ» қана болашаққа «плацдарм» әзірлеп жатыр. Онысы жеміссіз де емес, әлгі бес жүз мыңдық нөпір соның алғашқы «нәтижесі». Миссионерлердің қай-қайсысы да алақандарын ысқылап, дінбасылары берген межеден көрінуге, қазақтарды өз қатарына мейлінше көбірек тартуға жанталасуда.

«Діни мәдениетке қауіп сырттан емес, іштен, біздің санамыздан, пиғылымыздан туып отыр», дейді философ Амангелді Айталы. Рас-ау, өзіңе-өзің мығым болсаң, сенде кімнің шаруасы бар? Басқалардың бағдарламасына қазақтың қатысы қанша? Бірақ, кез келген ықпалдың ыңғайына жығылуына әзір тұратын менталитетіміздің ақыры «Құдай – біреу, сондықтан түрлі дінге құлшылық еткенде тұрған ештеңе жоқ» деген қазекеннің кәдуілгі немқұрайлы тірлігіне ұласпаса болғаны. Жеке отбасының қауіпсіздігі Отанның қауіпсіздігіне ұштасатынын біреуіміз біліп, біреуіміз білмейміз ғой. Әйтпесе, «дін мемлекеттен бөлек, ал адам қай дінге құлшылық етеді, өз еркі» деп өзекті мәселелерге қатысты ұстанымымызды босаңсытып жібермеген болар едік. Бәлкім, «көпұлттылықты» «көпдінділікке» ұластыру туралы тағы біреулердің «бағдарламасы» да бар шығар?! Ал, сонда қазақ ұлты өз қауіпсіздігін қорғауға дәрменсіз болғаны ма?

Бәрін «бүлдіріп» отырған – «Діни бірлестіктер туралы» Заң. Оған өзгеріс енгізуге депутаттардың да тәуекелі жетпеді. Сөйтсе, мұхиттың арғы бетіндегі Сэм ағай қатты ренжіпті. Кәрі құрлықтағы басқа «ағайлар» да түсінбестік танытыпты. «Діни наным-сенімге еркіндік беріп, осы саладағы қарым-қатынасымызды тереңдетеміз, адам құқын алдыңғы қатарға шығарамыз деп отырғанда, қазақтардың бұл қай тірлігі?» Со-сын амал жоқ, «ағайлардың» айтқанын құп алуға тура келді. «Өзімізге ештеңе етпейді, ең бастысы көкелер ренжімесін,

олар қапаланса жағдайымыз мүшкіл болады». «Мың өліп, мың тірілген қазақ қой, бұл жолы да аман шығар?» Осылайша тірлік кешіп жатқан жайымыз бар. Бағзы бабалардың аруағына жалбарынбаса, бүгінгі жер басып жүрген жандардың қарекеті казекенді «оққа байлап» бергендей...

...Косовода тағы да қақтығыс болды, шіркеулер өртенді. Оған жауап ретінде Белградта мешіттер отқа оранды. Бұл баяғы жабайы әлемдегі «крест жорығы» емес, бүгінгі өркениетті дүниедегі Балқан түбегіндегі көрініс.

Тек соңғысының өзі Қазақстанға үлкен сабақ емес пе?

2004 жыл





ҚАЙРАН, ІРІЛІК!

Тоқтарға төрағалықты да қимапты депутаттар, төраға болғанда да комитет төрағалығын. Тұңғыш ғарышкерді қазақ жұртының қайсы төріне отырғызса да жарасымды емес пе? Жаңадан шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаттары Әубәкіровті ә дегеннен «сүріндірді». Мәжілістің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитет төрағалығына ұсынылған қос үміткер Тоқтар Әубәкіров пен Ерлан Нығматуллин бәсекеге түсіп, соңғысының «өткелден өтуіне» отандықтар «көмектесті». Нығматуллин бұрын да депутат болған, өткен Мәжілісте «халықаралық мәселелермен айналысқан». Төрағалыққа таңдау жасалған тұста аяқасты «эколог» болып шыға келді. Қысқасы, комитет төрағалығына ұсынылған өз кандидатурасын қайтарып алудан бас тартқан. Көптің даусы қоя ма, дауыс беру түймесі Ерлан Нығматуллинге тұңғыш ғарышкерді «жығып берді»(Осыдан кейін депутаттарға қалай ішің жылиды, ә...). Егер дейміз ғой баяғы, Нығматуллин ірілік танытып, Тоқтар ағасының пайдасына төрағалықтан бас тартып жатса, қандай жарасымды болар еді. Ірілік. Осы сөзді бүгінде сағына еске алатын болдық. Мәжілісте болған жоғарыдағы оқиға адамның ойын қайсыбір қиырларға жетелей түседі...

Құндылықтар өзгерген мынандай заманда қайсыбір қазақтың істеуі тиіс шаруа бүгінде сенсация тәрізді көрінеді. Сенса-

ция болатын да жөні бар секілді. Себебі, қым-қиғаш тіршіліктің ізімен кеткен, адамның ой-ақылын материалдық игіліктер, «вещизм» билеген тұста бабалар қасиетінің болмашы көрінісінің өзі іріліктің белгісіндей көрінеді. Қат дүниенің қашанда қадірі аспандап жатады емес пе!

Сонау бір жылдары Бауыржан Момышұлының Алматы қаласында өзіне берілген пәтерден бас тартуы оның өміріндегі тектіліктің, іріліктің үлгісіндей еді-ау! Жылдар бойы кезекте тұрған Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгер анасының пәтерін батырға бермекші болғанда, Баукең одан үзілді-кесілді бас тартты. Момышұлының аузынан «Солдаттың анасы» деген ұлағатты сөздің айтылатыны да осы тұс.

Момышұлы ерекше қадір тұтқан Олжаста да осындай ірілік бар. Мықтылардың бір-бірін жақын тұтатыны содан ба екен? Республиканы соншама жыл басқарып, Қазақстанды экономикалық жағынан өркендетуге үлес қосқан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты кешегі құзырындағылар алқалы жиында жан-жақтан шабуылдап, түкке алғысыз ете бастаған кездің де куәгері болғанбыз. Қарсы шықпағандарының өзі Қонаевқа араша түсуге жараматы. Жалғыз Олжас қана араша түсумен бірге, окшау отырған бірінші хатшының қасына барып отырды. Үндестік танытты. Қолдау көрсетті. Жеке басын емес, аржданының айтқанына құлақ түрді. Ірілік демей көріңіз!

Афина Олимпиадасынан Бақтияр Артаев қазақ рухын аспандатып оралды. Олимпиаданың ең соңғы, он жетінші күні Қазақстан қоржынына сағынтып, сарылта күттірген жалғыз алтын медальді салды. Афина аспанында қазақ елінің әнұранын шырқатқан ұланның жеңісіне бүкіл әлем қол соқты. Бақтияр Олимпиадада мықты қарсыластарының бәрін мойындатып, жартылай финалда екі дүркін Олимпиада чемпионы ресейлік Олег Саитовты, ал финалда кубалық боксшы Лоренцо Арагонды тәубасына түсірді. Техникасы күшті боксшы ретінде Баркер Кубогын иеленді, сондай-ақ, әлемнің үздік боксшысы атанды. Бір адам халқына қызмет көрсететін болса, осы Бақтиярдай-ақ болсын деңіз. Бұл бергі жағы ғана, Момышұлы туған Жуалы топырағының қасиеті оған да жұғысты болыпты.

Олимпиада чемпионын Жамбыл облысының әкімі Бөрібай Жексембин арнайы қабылдады. Облыс жұртшылығы батыр ұлға мейлінше құрмет көрсетті. Дүбірлі додадағы жеңісімен спортшыны құттықтаған әкім облыстық әкімдік атынан Бақтияр Артаевқа «Тойота» көлігін мінгізді, ал «Отан» республикалық саяси партиясы төрағасының орынбасары Амангелді Ермегияев спортшыға «Джиптің» кілтін сыйлады. Спортшының жаттықтырушысы Нұрлан Ақүрпековке «Жигули» бұйырды. Осы тұста шенеуніктердің жіберген олқы тұсын батыр ұлдың өзі толтырды. Қос «иномаркінің» бірін өзін биік табысқа жеткізген жаттықтырушысының тақымына берді. Бокс шаршы алаңында қазақты күллі жұртқа мойындатқан Бақтияр бұл жолы да ұлтының ірілік қасиетін паш етті. Елдің, ұлттың ұлағатты қасиетін басқаға танытатын осындай жігіттер бар кезде біздің пессимизмге берілуіміздің өзі – ағаттық. Олай деуіміздің де жөні бар. Тағы бір олимпиада жүлдегерінің өмірінен кезекті бір «штрих».

Қарағанды облысының әкімі Камалтин Мұхамеджанов та Афина Олимпиадасының жүлдегерлері Серік Елеуов пен Дмитрий Карповқа қол жеткен табыстары үшін үш бөлмелі пәтерлердің кілттерін табыс еткен-ді. Боксшы Серік Елеуов алқалы жиында алған пәтерін өз жаттықтырушысы Қанат Ғалымтаевқа беретінін, ол кісінің тұрмыстық жағдайды жақсартуға аса мұқтаж екенін айтты. Бірақ, облыс әкімі ыңғайсызданды ма, жаттықтырушыға да пәтер беруге уәде етті. Сөйтіп, Олимпиадада елінің атын аспандатуға үлес қосқан Бақтияр мен Серік бойларына бабалардың батылдығын ғана емес, ірілігін сіңіре білгендіктерін әйгілеп берді.

Осындай орам-орам ойлардан кейін «біздің кейбір депутаттарда неге ірілік жоқ?» деген «ұры» ой қылаң береді. Оған келесі жақтан тағы бір қиямпұрыс жауап шолтаң ете қалады. «Қызметке құлшылық еткендердің арасынан ірілік атаулыны шаммен іздеп табу қиын. Олар өздерінің мақсат-мүддесі жолында барлығын «құрбан етуге» әзір».

Айтқандай әу бастағы айтпағымызға қайта оралайық. Қалай болғанда да тұңғыш ғарышкердің төраға болуына

«әріптестерінің» ә дегеннен қарсы дауыс беруі Мәжілістегі ұлттық мүдде әкімшілік мүдденің астында қалып қоймас па екен деген күмән-күдікке жетелейді. Ірілік танытқан боксшылардан өнеге алатын тұстарымыз көп-ау... Оның ішінде депутаттардың да.

2004 жыл





БАҒАЛАЙ БІЛМЕГЕНГЕ БАҚ ТҰРМАЙДЫ

Қазақ жұрты өз тарихында талай-талай қуғын-сүргінді бастан кешкен: әрісі «Ақтабан шұбырынды – алқа көл сұламадан» басталып, берісі қызыл империяның қырғынына жалғасып, дүниенің түпкір-түпкіріне тарыдай шашылып кетті. Ұлттың үштен бір бөлігі атажұрттан тысқары жерде өмір сүруінің себебі де осында. Қазақтың басқа жұртқа барып бас сауғалауы өз билеушісінің өктемдігінен емес, басқаның тізесін батырған қаныпезерлігінен болды. Қазақ елі өз тізгініне өзі ие болған тұста сол Мәскеу жүргізген солақай саясаттың орнын толтырып, қандастарын атажұртқа қайта жинап жатыр. Ел тәуелсіздігінің бір күдіреті осында.

Ана бір жылы Біріккен Араб әмірлігіне барып қайтқан әріптесіміз ол жақтан жағымды жаңалық ала келген-ді. Журналист барған жерде өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ойранында атамекенінен ауып кеткен түркімендердің ұрпағын кездестіріпті. Атажұртымен қауышуды армандаумен жүрген Түркіменбашының бауыры қазақстандық қаламгерге өзінің мұңын шағыпты. «Қазақстан ғаламның түпкір-түпкіріндегі қазақтарды қара шаңырағына жинап, туған топырағымен қауыштыруда. Ала бізді туған еліміз іздемейді де» деп таусылыпты. Соған қарағанда, біздің қадірімізді шынында да «ағайын білмес, жат білетін» тәрізді...

Жат жұртта өмір сүрудің қандай күрделі екендігін дүниеде екі ұлт білетін болса, соның бірі қазақ болуы тиіс. «Жат жерде

сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дейтін де қазақ. Сандаған жылдар бойы Мысырда билік жүргізген Бейбарыс қартайған шағында жусанды даланы іздеп кетіпті деген бабалардан бізге жеткен бір аңыз бар. Аңыздың арғы атасы – ақиқат. Олай болса, дұшпанына қатал қаһарлы қолбасшының қанына тартып, сайын даласын сағынып, жол тартуы да әсте табиғи заңдылық болар. Оның бер жағында кісінің босағасында жүріп, нәпақасын теріп жеу қиынның қияметі екені айдан анық. Әсіресе, «тәуелсіздікке ие болдық!» деп бөркімізді аспанға атып, өз тағдырымызды өзіміз шешеміз деген мына заманда. Осы жағынан келгенде, кейбіреулердің басындағы халге қарап «Досқа күлкі, дұшпанға таба болмай» өмір сүріп жатқанымызға бір жағынан шүкіршілік ететін жөніміз бар-ау.

Бұлау деуіміздің де жөні бар. «Кісінің босағасында жүріп...» деген сөзді де бекерге айтып отырғанымыз жоқ. Егемендігін «ерте жариялап», тәуелсіздігін Қазақстаннан «бұрын алған» кешегі кеңестік республикалардың халі нешік?

Бүгінде бәзбіреулер «түрлі-түсті төңкеріс» символы ретінде жиі ауызға алатын Украинаның азаматтары да «жұмақты» жат жұрттан іздеп әуре болып жүр. «Билікке келсек бәрін қатырамыз» деген Виктор Ющенко елді дамуға бастамақ түгілі, өзінің одақтас серіктерімен билік үшін тартыста ат құйрығын үзісіп үлгерді. «Сайланарда бермейтін уәделері жоқ. Сайланып алған соң аспанда құдай барын, ел-жұрт алдында абырой-ұят барын ұмытып кетеді» деп жазған еді кезінде қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсірепов. Дәл осы жағдай Украинаның дәл қазіргі билігіне қатысты болып тұр.

Қарапайым украиналық бала-шағасын асырау қамымен басқа елдердің экономикасына жұмыс істеп жүр. Шетелде жұмыс істейтін украиндар саны 5 миллионнан асып жығылады екен. Бұл – елдегі жұмысқа қабілетті адамдардың 20-25 пайызын (дүние жүзінде 3 пайыз қалыпты норма болып саналады) құрайды. Олардың басым көпшілігі заңсыз жұмыс істейтін болғандықтан, тапқан табыстары еуропалық өлшем тұрғысымен салыстырғанда мардымсыз. Алайда, украиналық

гастербайтерлердің басқа елде тапқан табысы мемлекеттік бюджеттің мөлшерінен асып түсетінге ұқсайды. Осылайша, украиналықтар мемлекеттің арқасында емес, «өз қотырын өзі қасып» өмір сүруге мәжбүр.

Ал билік тұтқасын коммунистер ұстаған Молдованың жағдайы кеңестік кездегіден әлдеқайда құлдыраған. Тәуелсіздік алғаннан кейін республика тұтастығынан айрылып, ешбір ел мойындамаған, «үй ішінен үй тіккен» Приднестровье республикасы пайда болды. Молдовандар да басқа елдерде еңбек етіп жүрген ең арзан жұмыс күшінің бірі. Мәселен, Молдовадағы жұмыс істеуге жарамды халықтың 39 пайызы шет елдерде күнкөрісін айырып жүр. Басқа елдерде нәпақасын тауып, елдегі бала-шағасына жіберетін ақша аударылымы республиканың ішкі жалпы өнімінің 27 пайызын құрайды екен. Бұл елдің де әрбір отбасының берекесі өзге елде еңбек етіп жүрген отандастарының арқасында кіріп отырғаны жасырын емес.

Көршілес елдердің жағдайын сөз етер болсақ... Өзбекстанның алыс шетелге аттанған азаматтарын айтпаған күннің өзінде, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдерде қара жұмыс арқылы ырыздығын тауып жүргендері жеткілікті. Ресейді «игеріп» жатқан өзбектердің нақты саны белгісіз. Құқық қорғаушылар мен тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының деректері бойынша, бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысында маусым сайын 1 миллионға жуық Өзбекстан азаматы еңбек етеді екен. Қысқасы, күнкөрістің қамымен ошағынан «безіп жүргендер» саны жетіп артылады.

Азамат соғысынан әупірімдеп аман шыққан Тәжікстанның жағдайы тіпті ауыр. Елдегі 5 миллион халық сыртта жүрген 1 миллион тәжіктің табысы арқылы жан бағып отыр. Жылы өңірде өскен тәжіктер отбасының қамы үшін Сібірдің салқындаған аязына да төзуге мәжбүр. Көңілінен шығатын ақша төлейтін болса, Қиыр Шығысқа дейін барып жұмыс істейді.

Тіршіліктің түйткілімен басқа елді сағалап жүрген қырғыздар саны шамамен 300 мыңнан асып жығылады екен. Қырғыз сомының тұрақтылығы да туған елінен алыста от-

басын асыраудың қамымен жүрген қарапайым қырғыздарға байланысты екенін мамандар да мойындайды. Тіпті, Қаржы министрлігі мен Ұлттық банктегілер Ресей мен Қазақстанда еңбек етіп жүрген отандастарын елдің ішкі рыногына қаржы құйғаны үшін мақтаныш етеді. Мемлекеттің өз азаматтарына қамқорлық жасауы былай тұрсын, керісінше жалданып тиын-тебен айырып жүрген қырғыз азаматтарына иек артып отырғаны байқалады.

Өткенде Ресей мен Қазақстандағы қырғыз диаспорасы Қырғызстан басшылығына Үндеу жолдады. Үндеуде олар «жаңа билікті сындарлы өзгеріске әкеледі деген үмітпен қарсы алып, Бакиев пен Кулов тандеміне тұрақтылық пен дамудың кепілі ретінде сенім артқандығын» білдіреді. «Жат жерде кемсітушілік пен қиындықты бастан кеше отырып, біз оңтүстік-солтүстік болып бөлінбеуге үйрендік, онсыз да аз халыққа топтасу мен жұдырықша жұмылу аса маңызды екенін сезіндік», дейді шет жерде жүрген қырғызстандықтар.

Кейде экономикасы қалт-құлт еткен елде демократиялық қоғам орнату дегеніңіздің өзі бос әурешілік болып шығатындай. Оған «төңкеріс» жасаған қырғыздардың жағдайы дәлел болмақшы. Болмаса, «раушан төңкерісінен» үлкен үміт күткен грузиндер де жалаң демократиядан жалыға бастаған тәрізді. Экономикасы тұралаған Грузия қазіргі кезде Қазақстан салған инвестиция мен қазақтың астығына тәуелді болып отыр.

Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер азаматтары басым көпшілігінің екі қолға бір жұмыс істейтін жері – Ресей. Алайда, онда да күнкөріс көзін іздеп барғандар ақшаны күреп табады деп айту қиын. Әуелі олар жергілікті жұрт менсіне қоймайтын жұмыс түрін атқарады. Оған төленетін де ақша болмашы. Оның үстіне жергілікті халық сырттан келген жұмыс күшін аса ұната бермейді. Соңғы кезде Ресейде пайда болған скинхедтер тобы басқа елдерден, әсіресе Орталық Азия мен Кавказ бойынан келгендерге көп зәбір көрсетеді. Мәселен, Санкт-Петербургте скинхедтер қолынан 7 жастағы тәжік қызы қаза тапты. Сондай-ақ, осы қалада скинхедтер әзірбайжандық бір азаматтың өмірін қиды.

Свердлов облысының Нижний Тагил қаласында Өзбекстанның азаматы айуандықпен өлтірілді. Мәскеу облысында екі өзбек азаматын өлтіргендер үстінен қылмыстық іс қозғалды.

Қырғыз құқық қорғаушыларының айтуынша, 2005 жылдың тоғыз айы ішінде 20-дан астам оштық гастербайтер ресейлік скинхедтер мен бұзақылардың қолынан мерт болған көрінеді. Міне, туған мемлекетін тұрақсыздық жайлап, басқа елден жұмыс іздеп, сабылып кеткендердің тағдыры осындай қайғылы жағдайға ұшырасып жатады. Осындайда, Қазақстан азаматтарының тұрмыс жұтандығынан жат елден жұмыс іздеп, теперіш көріп жүрмегеніне шүкіршілік етесің.

2005 жылы Қазақстаннан тысқары жерлерге жұмыс іздеп 423 адам жол тартыпты, оның 341-і Ресейге кетсе, 82 адам Оңтүстік Кореяға жол тартқан. Сыртқа кеткен қазақстандықтар «екі қолға бір жұмыс» іздегендер емес, мейлінше ақшаны көбірек төлейтін кәсіп іздегендер. Басқалай айтқанда, төл мемлекетінде күнкөрісі соншалықты қиындап кеткендер емес, қайта дәулетін еселеу ниетімен жолға шыққандар дегеніміз жөн шығар.

Айтып-айтпай не керек, халықтың тұрмысы салыстырмалы жағдайда көрінеді емес пе. «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда» өмір сүріп жатпағанымызбен, тәуба етерлік тұсымыз бар екені айқын. Оны жоғарыдағы сөз болған басқалардың жағдайымен салыстыра көз жеткізуге болады. Ең бастысы, кісі есігінде телміріп, өзгенің күрегін күреп, басқа жұрттың үйінің кірпішін қалап жатқан жоқпыз. Әсте, бұл асқақтық, қошеметшілдік сезім емес, бұл бүгініміздің кей тұсын басқалармен салыстыра бағамдау ғана.

«Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатыны қалай?» деген екен Абай бабамыз. Сол сияқты 90-шы жылдардың орта шенінде уақтылы жалақы, зейнетақы ала алмай, сөрелер бос қалып, қатын біткен қап арқалап кеткен уақыт тез ұмытыла қалғаны ма? Бүгінгі күні бәзбіреулер аяқ асты «қой үстінен бозторғай жұмыртқалаған заман» орнатамыз дегендерге

кәдімгідей елендеп, үміттене қалады. Құдды күні ертең жұмақ орнай қалатындай. Мұнысы несі екен? Болған үстіне бола берсе екен деген ашкөздік пиғыл ма? Әлде, барды бағалауға деген құлықсыздық па?..

Мәселенің түйінін Әбіш Кекілбаевша түйіндейтін болсақ: «Қуана білмегенге – құт конбайды, бағалай білмегенге – бак конбайды». Бұған алып-қосу артық болар-ау, сірә.

2005 жыл





СОҢҒЫ МҮМКІНДІК

Бұл – ақырзаман атаулының ауылына ат шалдырғанымыз емес, айналамызға сан мәрте шола қарап, дүниеде сәт сайын болып жатқан құбылыстардан туындаған тақырып. Бұл – ақырзаманды төндіре түсу емес, «жаман айтпай, жақсы жоқ» деген абайсаясаттан туған пайым-тұғын. Қалай болғанда да, айтар әңгіmemіздің астарына үнілмей жатып «аттандамай», байыбына барып, бағасын берер деген ниетпен ойымыздағыны оқырман ортасына салып отырмыз.

Қазақ жұртының бағзы замандарда да іргелі ел, өзіндік елдік нышандары, мемлекеттілігі болғандығы қайсы қауымға да белгілі. Тамырланып талай-талай ғасырларға созылып жатқан кәрі тарих қазақ деген халықтың бастан кешкенін әйгілей түседі. Бұрынғы бабалардың да өзіндік арман-аңсары болды. Қағанат та құрыпты, хандық дәуірді де бастан өткізіпті. Басқалар қызыға да, қызғана қарайтындай кезеңдер де өткен бабалар басынан. Сахараны кең жүріп, еркін жайлаған осы жұрттың замана ауанымен билігі уысынан сусып түсіп, бөтеннің дегеніне жүгінген тұсы да аз болған жоқ-ты. Сыртқы әлемнің елдегі ішкі алауыздықты өз ыңғайына пайдалана білгені де рас. Қарт тарихтың қатпар-қатпарларында қыртыстанып жатқан, «мың өліп, мың тірілген қазақтың» шежіресі оған ендігі жерде «мың бірінші мәрте өлуге» мүмкіндік бермейді. Тарихтың ащы сабағы осыған мәжбүрлейді. Кезекті «өлімге» бет бұрған күннің өзінде «мың бірінші рет тірілуіне» ешқандай кепілдік жоқ. Ел тәуелсіздігіне

қайта ие болған осы сәтті соңғы мүмкіндік санатында қарастырып отырғанымыз да сол.

Қайта-қайта тарихтың төрелігіне жүгіне беретініміз – онда болашаққа сабақ болатын жайттардың көптігінде. Қазақ қоғамының қазіргі жай-жағдайына қанығу үшін де шежіре-тарихтың бұлтарыс-қалтарысына үңіле түссең, жетіп жатыр. Қоғамның барометрі сол кездегі оқиғалармен астаса өріле жөнеледі.

Көне түркі қағанатының бас қолбасшысы, қаған абызы Тоныкөктің (646-738): «Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі; қызыл қаным төгілді, кара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін!» деп айтқаны бар еді. Елдік үшін күрестің басты ұраны, рәмізі болар осы сөздің қазіргі сәтте де бағасы артпаса, кеми қойған жоқ. Әсіресе, әлемде аласапыран болып жатқан қазіргі кезеңде. Қазақ жұртына Тоныкөк тәрізді бабасының жолын ұстаған ерлер керек болып тұрғаны да сондықтан.

Бүгінде бұрынғыдай бір-біріне қарама-қайшы қос жүйе арасында «қырғи қабақ соғысы» жүріп жатпағанымен, әлі де болса жалпақ әлемге әмірін жүргізгісі келетіндер жеткілікті. Қазір ғалам тепе-теңдік қатынастың қанжығасына емес, бір полярлы әлемнің ыңғайына қарай ауып бара жатқаны байқалады. Социалистік жүйе жойыла қалған күнде, әлемдегі текетірестерге нүкте қойылады деп үміттену бекер екен. Дүние сол бұрынғысынша, тынши қоятын түрі көрінбейді. Атам заманнан келе жатқан адам пиғылының атом заманында да өзгертін түрі жоқ. Күштілер әлсіздерге әлі де әлімжеттік жасағысы келеді. Оның үстіне қолында күлшесі бар Қазақстан сияқты ел болса тіпті жақсы. «Күлшелі Қазақстанды» өз ыңғайына қарай икемдеуге алпауыттардың қай-қайсысы да құмар. Түпкі мүддесін жүзеге асыру үшін ал-уан түрлі айланы іске қосып – кейде алдап, кейде түртпектеп, кейде мадақтап жатады. Сөйтіп, қазақ жұрты жаңа ғасырдың басында тағы бір ықпалдас дәуірін бастан кешуде. Осындай қым-қуыт, арпалыс уақытта сыртқы ықпалдың әсеріне ішкі мықты мүмкіндіктер арқылы ғана шыдас беруге болатыны байқалады.

Елдің ішкі бірлігінің оның сыртқы қарым-қатынасында да үлкен рөл ойнайтыны қысылтаяң сәтте айрықша көрінеді екен. Әйтпесе, қазақ жұртының тағдыры тағы да әлем алпауыттарының талқысына, қақпақылына түскеннен үлкен қасірет жоқ. Қазақ елінің сыртқы қарым-қатынас саласында көпвекторлық саясатқа көбірек жүгінетіні де сондықтан.

Қазақстанның көпвекторлық саясатты ұстануында, оны ғасырлар бойы бірізділікпен жүзеге асыруында үлкен мән жатыр. Әлемдегі алып державалардың ортасында геосаяси орналасуымыз бұрыннан-ақ осыған мәжбүрлейтін еді. Ал қазіргі кезде қазақ еліне ықпалын жүргізуге деген ұмтылыс бұрынғыдан да күшейе түскендігін байқауға болады. Кенестік кеңістік шашылған тарыдай тарап кеткен соңғы жерде Ресей мен Қытайдың қатарына мұхиттың арғы бетіндегі алып ел АҚШ келіп қосылды. Одан бергі жерде байлығы мол елге кәрі құрлық та өзінің ықпалын жасауға жанталасып бағуда. ОБСЕ-ні «көзір» ретінде ұстаған Еуропа демократиялық құндылықтарды алға тарта отырып, «айтқанына көндіріп, айдауына жүргізгісі» келеді. Міне, осындай жағдайда «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмес үшін» не істеу керек? Амал жоқ, көпвекторлық саясатқа жүгінуге тура келеді. Бұл да қайсыбір айы оңынан туып тұрған әдіс дейсің, әйтеуір ел іргесін бекітіп, тәуелсіздігін нықтап алғанша жүгінетін, алайда әзірге басқа баламасы жоқ әдіс қой. Әйтпесе, біреуінің көңіліндегісін табамын деп жүріп, екіншісінің қаһары мен кәріне ұшырауы әбден ықтимал. Семсердің қылпып тұрған жүзіндегі ауытқымалы әлемде сындарлы саяси көрегенділік пен тылдың беріктігінің қажет екендігі тағы ойға оралады. Тыл дегеніңіз – елдің ішкі ынтымағы, өзара татулығы. Басқалай айтқанда, төзім мен сенімді сынап көргісі келетін сыртқы ықпалды күштердің айтағына көніп, айдауына ілесіп кетпейтіндей ел иммунитетінің мықтылығы. Өкпеге қиса да, өлімге қимас ағайынның жеке саяси шамшылдығына бола ел мүддесін өз мүддесіне жығып бермейтіндігі ғой.

Көлдің суын жамандап – Еділ қайдан табарсың,

Әкіміңді жамандап – әділ қайдан табарсың,

Өз барынды жамандап – асыл қайдан табарсың, деген екен жұртының жоғын жоқтап өткен Асан қайғы бабамыз. Бұдан асыра айтам деу асылық болар, сірә. Бар-жоқты түгендей келгенде, қанша жерден кейбір тұсы олқы соғып жатқанымен, қазақ елі өз кемшілігін өзі бүтіндейтіні анық. Олай болса, басқа жаққа қарай мойын созу мәжбүрлікті емес, басқаларға деген кіріптарлықты ғана мойындата түскендей.

Америкалық атақты дипломат Генри Киссинджердің төмендегіше айтқаны бар еді: «Опасно делать внутреннюю политику различных стран во всем мире прямым объектом американской внешней политики». Сұңғыла саясаткердің мұнысы көңілге керемет қонады. Оның үстіне бұл тәуелсіз елдердің ішкі ісіне қол сұғу болып табылады ғой. Алайда, Генри айтты екен деп қазіргі Ақ Үй әкімшілігіндегілер сыртқы саясаттағы бағытын өзгерте қоятын түрі де байқалмайды. Вашингтонды айтпағанда, кәрі Еуропа да «әртүрлі елдердің ішкі саясатын өзінің сыртқы саясатының көзірі» ретінде пайдаланып бағуда. «Еуропалық өлшемді» қазақтың шапанына үйлестіргісі келеді. «Төл менталитетті түбірімен өзгерту қажет, бәрін батыстық қалыпқа салу керек» дейді. Мұның бәрі де тәуелсіз елдердің өздеріне тәуелділігін арттыра түсу деген сөз. Осы тұста орағытып өтетін жол табу оңайға түспейтіні өз алдына бөлек әңгіме.

Көне түркі мемлекетінің билеушісі Күлтегіннің (635-731ж.ж.) айтқан мынадай тағы бір тағлымды сөзі бар: «Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанның алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі мен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады». Бұл – өткен тарихтың ащы сабағы. Ынтымақтың ауылына жиі-жиі қайырылып соғатынымыз да сол. Соңғы мүмкіндігімізді уысымыздан шығарып алмайық деген абайсаясаттан туындаған ой біздікі. Соңғы мүмкіндікті тек ынтымақ пен татулық қана алға оздырады екен. Біздің де тоқталар тұсымыз, айтпағымыз осы.

Қазақтың дана ойлы жазушысы Әбіш Кекілбайұлы айтады: «Демократиялық либерализм топтық та, жіктік те мүдделерді емес, бүкіл халықтық мүдделерді, бір басының

ғана, өз тобының ғана басын оздыратын биліктің мүддесін емес, күллі ұлт, күллі қауымның болашағын қамтамасыз ететін тәуелсіздік пен игілік, бостандық мүдделерін жоғары қояды». Олай болатын болса, біздің қоғамның да алға қойған мақсаты осы төңіректе түгенделуі, тоғысуы тиіс қой. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың «мың бірінші мүмкіндігі» орайымен орнын тауып, сәтімен жүзеге асса деген ниет біздікі.

2005 жыл





САРАЙ АҚЫНДАРЫ НЕГЕ ТАРИХТА ҚАЛМАЙДЫ?

Қайдан қалсын, жырлары түгелдей сарай билеушісін мадақтауға арналса. Әлімсақтан бері қалың бұқараның көзі әбден жеткен жайт бұл. Алайда, бұған ақын атаулының көзін жеткізу қай қоғам үшін де қиямет-қайым. Әсіресе, қолында билігі бар кісіні аяқ-қолын жерге тигізбей жырға қосу айтыс ақындарында әу бастан бар. Басқасын қайдам, бертіндегі Құнанбайдың «пиаршигі» Балта ақынды жұрт бір білсе, Шөже ақын арқылы білетін шығар, әйтпесе оның есімі ұмытылғалы қай за-ма-ан? Оның бақыты – атақты Шөжемен сайысқа түскендігінде. Шөженің «Соқыр, соқыр деп бір тынбайсың, соқыр десең құтылсайшы Құнанбайдан» деуінің өзі-ақ сарай ақынының сол мезетте «аңдамай сөйлеген ауырмай өледінің» кебін кигенін аңғартады..

Арнау жырлардың астарынан жағымпаздықтың лебі еседі. Бұл сөзді кім ұната қояр дейсің, арнау жазатын ақындар үшін өз ұстанымы «ұлтжанды тұлғаға ілтипат» ретінде саналады. Түсінбейтінің, билік тізгінін ұстағандардың бәрі ұлтжанды болса, қазақ қоғамы ұлттық мүддеге келгенде неге ұтылыс тауып отыр? Сол себепті, бұл аргумент әлсіз. Ал аргументтің дөкейі – арнау өлең кейіпкерлерінде ақынның пендешілік пейілін қанағаттандыра алатын құдырет бар екендігінде. Түйіндеп айтқанда, мұндай жыр шумақтарын «есеппен жазылған өлең антологиясына» ойланбай енгізуге әбден болады.

Жағымпаздық демекші, ерте дәуірдің өзінде Сократ деген данышпан жағымпаздарды жартылай рәкетке тенеген екен.

Қарақшылар адамдарды қорқытып-үркіту арқылы тонаса, ал жағымпаздар халықты асыра мадақтау, қошеметтеу арқылы тонайды. Мадақ жыр жазғандар да өз мәселесін осылайша халықтың есебінен шешеді ғой. Сонда бұл халықты тонау емес пе?

Ақын Ақұштап Бактыгереева ақындық әлемі туралы былай деп әңгіме қозғайды: «Ақын өтірік жаза алмайды. Ал жазса, ол ақын емес. Дей тұрғанмен де, қазір ода жазатын ақындар көбейді. Міне, бұл – нағыз жалпылдақтық. Мұның ең бір ұятты жері – жалпылдап отырған объектісі өзгерсе, тек атын өзгертіп, сондай мазмұнда тағы жазады. Оны да түсінуге болады, әрине, бәрі күнкөріс үшін. Бірақ өзгелер солай істеп, қызметтен, басқадан өсер. Ал бірақ қаламгер жалпылдап, қайда барады? Бұл деген – сатқындық, яғни ел қорғайтын қылышыңмен есекке шөп шабумен бірдей әрекет...»

Сәті түсіп Айтуар Өтегенов деген ақынның өлеңдерімен танысуға тура келді.

*Қайда да қошемет мол сүйікті алға,
Әлемді Көсемдікпен ұйыттың да.
Таныттың Қазақ деген халық барын,
Ғасырда дара туған биік Тұлға.*

(«Ата-Қазақ»)

*...Бәрі осының, осының,
Шыққан нәрсе намыстан.
Тыңдап сөзін досының,
Айдаһар мен Арыстан.
Қажет болса осы күн,
Қаймығады Барыстан...*

*Алмас ешкім қыспаққа,
Тыныш болсын ылайым.
Шызарады ұшпаққа,
Газым менен мұнайым.*

(«Барыс мінез халықпыз»)

Жоғарыдағы өлеңдердің сапалық дәрежесінің қандайлығын жақсы жырдың бағасын салмақтай білетін оқырман айта жатар. Ал біздің соңғы өлеңнен барыстың «мінезін» көре алмай дал болғанымыз рас. «Айдаһардың» кім екенін ептеп шамалаймыз, ал «Арыстаны» кім болды екен? Бұрын-соңды аю кейпіндегі көршімізді білуші едік, Арыстан жаңадан қоныс өзгерткен қоңсы болғаны ғой... Кім болса, ол болсын, әйтеуір Айдаһарыңыз да, Арыстаныңыз да біздің, яғни Барыстың алдында «қалшылдай жөнеледі» екен **(Ең болмаса, осылайша өз көңілімізді өзіміз көтергенге не жетсін! – Г.М.)**.

Соңғы кездері «Сен болмасаң дүние қараң қалады», «Дүниенің тұтқасын ұстап тұрған сен ғана», «Маңдайына сені жазған қазақ бақытты», «Сені бүкіл ғалам мойындайды» сынды теңеуге толы өлең-жыр көбейіп барады. Нақты бағасын беріп жатса, тұшынып оқысың ғой, кейде ақыны бар болғырлар да даңғыл жолға түсіп «қуып» кетеді. Сосын ұстап көр бәлем! Нұрағаңа арналған өлеңдер қанша том болғанын кім білсін? Басы Тұмағаң болып, ақыр аяғы мектеп қабырғасындағы әліппемен енді танысқан бүлдіршінге дейін арнау өлең жазады. Шын пейілден жазылып жатса, әңгіме басқа. Солардың көбісі «есеппен жазылған өлең антологиясына» ене ме деп қауіптенеміз. Бұл өлең-жырдың қасиетін төмендетумен бірге, кейіпкердің де халық арасындағы беделіне елеулі нұқсан келтіреді. «Өзіне жыр арнағанды жақсы көреді екен!». Оның ар жағында өткен кезеңде халқымыз әбден зәрезап болған «жеке басқа табынудың» ауылы менмұндалайды... Бүгінгі басшыларға осындай абыройсыз әрекетке жол беру тиімді ме?

Рейтингі жүргізіліп жатады ұлықтардың танымалдылығы, ықпалдылығы жайында. Сол сияқты ақындар арасында да арнау өлеңді кім көп жазатындығы жөнінде рейтинг жүргізсе ғой, мүйізі қарағайдай ана бір ақын көкелеріміз сөз жоқ, бас бәйгені жеңіп алған болар еді. Тұтас арнау өлеңдерден тұратын бір кітап та жарық көрді. «Объектілері» кімдер десеңші, өңшен қазақтың ығайлары мен сығайлары. Әлде, ұлықтарға арнау жазу қазақтың қанына сіңген кәдімгі қасиет пе?

Мархабатыңыз, жаза берсін, ол да тілектің бір түрі ғой.


Соны міндетті түрде басылымдарда жариялап, кітапқа енгізу қажет пе?

*Құт болып құйылды елге ер еңбегің,
Ғажайып биіктедің, тереңдедің.
Қош келдің Оңтүстік өлкесіне,
Киелі ел иесі – Кемеңгерім.*

Ыстық-суығы әлі басыла қоймаған, «сіп-свежий» «Парасат» орденінің «буымен» шығарылған өлең. Айтыс ақыны Әселхан Қалыбекова өлең шіркінді осылай бір қайырады. Сіз ойлағандай ақын емес, талай айтыста халықтың тауқыметін жырға қосқан «Халық ақыны». Айтыстағы үлкен еңбегі үшін осындай мәртебелі атаққа ие болған-ды кезінде. Апыр-ай, «елдің иесі» деген сөз тұтас қазақ жұртын меншік объектісіне айналдырып жібергендей ме, қалай? Пенденің меншігіндегі дүниеге көзқарасы да әртүрлі болады емес пе? Адам меншігін өз қалауына қарай пайдалана алады. Олай болса, тұтас елді меншік ұғымына телу үлкен қателік болар еді. Сондай-ақ, «Халық ақыны» «кемеңгер» сөзінің түбірінен бейхабар болғаны ма? Енді бір он жылдан кейін осы өлеңін қайта айтар ма еді, Әселхан апамыз? Әй, қайдам?

«Халыққа – қошеметшіл де бір, құл да бір», дейді ұлы Абай. Аға сұлтан Құнанбайдың баласының айтқанында да үлкен мән жатыр-ау. Бұған бірдеңе қосу қиын енді. Төбесінде түйсігі бар ақын болса, жөнсіз қошеметтің жақсы жырмен бауырластығы жоқ екенін пайымдайды. Қазақ әдебиетінің жылнамасынан қошеметшіл ақындардың шығармасын кездестіру қиын. Бәлкім, бұл құлдық психологиядан ірілік тумайтындығынан шығар?..

2006 жыл



**«ТОҒЫЗДЫҚҚА»
ТИГЕН ТОҚСАН ЖОЛ**



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БЕДЕЛІН ТҮСІРІП АЛМАЙМЫЗ БА?

Жиі қайталана берген дүниенің қадірі кететіні бар емес пе?! Сол сияқты біз де орынсыз жерге тықпалай беру арқылы «егемендік» пен «тәуелсіздік» атауының да беделін түсіре бастаған тәріздіміз. Өйткені, жоқ жерге осы ардақ тұтар сөздерді иіп әкеліп қыстырамыз. Сөйте жүріп «егемендік» сөзін әбден ерқашты етіп бітіретін болдық, «тәуелсіздік» те жиі «ерттеп мінген» сайын жауыр бола бастағандай.

Кез келген мақаламыздың «біссімілләсі» де, айтар әңгімеміздің әлқиссасы да «егемендік» пен «тәуелсіздік» сөзінен бастау алып жатады. Кезінде компартияны жырлағанымыздай, даңғыл жолға түсіп алып осылайша зулай берсек, қазақтың киелі ұғымдары кәдуілгі жаттандылыққа ұласып, қарабайыр ұғымдардың қатарынан орын алатыны сөзсіз. Аллергиялық ахуалға ұрынбай тұрып, аталған қос сөздің биіктігін аласартпай, орынсыз тықпалауды доғаратын кез әлдеқашан келгендей.

Біріншіден, осы екі сөзді сөз қолданысында жиі пайдалану – өзінің мемлекеттілігін әлі күнге мойындата алмай келе жатқан босаң елдің тірлігіне саяды. Басқалай айтқанда, өз аяғынан тұрып кете алмай жатқан әлсіздіктің нышаны. Олай дейін десеңіз, биліктің өзі «шекарамыз шиырланды, Қазақстанды әлемдік қауымдастық нарықты ел ретінде мойындады, мемлекеттілікке тән атрибуттардың бәрі дерлік түгенделді» деп айтудан әсте жалықпайды. Соңғылары – мемлекеттіліктің

толыққанды қалыптасқандығының айғағы. Олай болса, «қарыштаған Қазақстанға» «егемендігін жариялағанына...», «тәуелсіздік алғанына...» деген анықтауышты қыстыра берудің қажеті шамалы емес пе?!

Екіншіден, «тәуелсіздікті» жиі қайталап, оның «жас мөлшеріне» басымдық беру – билік басындағылардың өздерінің қызметіндегі кем-құтығын, қателігін жуып-шаю үшін тауып алған бетпердесі. Өйткені, олардың айтқанына құлақ түрсек, «қарт кұрлықпен салыстыратындай, Батыспен бәсекеге түсетіндей, АҚШ-пен үзеңгі қағыстыратындай біздің тәуелсіздік алғанымызға жүздеген жыл болған жоқ». Осындай добал тұжырым тұрғысынан алғанда, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуге ұмтылуы – «арыстанның айға шапқанымен бірдей». Айға шапқан арыстанның тағдыры баршаға мәлім, ендеше, арыстан сияқты емес, Қазақстанның өз алдына асқаралы мақсат қойып отырғаны рас болатын болса, ендігі жерде «жылай» беретін жөні де жоқ. Яки, біздің «егемендігін жариялап, тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге енді ғана оншақты жылдан асты» деп әспеттеуіміздің жөні жоқ.

Үшіншіден, «егемендік» пен «тәуелсіздік» ұғымдарын жиі қолдану Қазақстанның халықаралық қарым-қатынастардағы бәсеке барысында өзін-өзі жұбатуы мен алдарқатуына байланысты. Жан-жағын жалмап келе жатқан жаһандану заманында алпауыттар «сен тәуелсіздігіңді енді ғана алған екенсің» деп, маңдайдан сипап, мейіріммен қарайды дейсіз бе?

Классик жазушы Ғабит Мүсірепов ілгеріде айтқандай, «Заманауи нышан: кім бағынышты болса – сол кінәлі». Сол себепті қайраттану керек қазақтарға, Қазақ мемлекетіне. «Тәуелсіздігіміздің пәленбай жылдықтарын» тойлатып жүргенімізде, басқалар «үлкен істі үндемей тындырып», қыр асуы да әбден ықтимал. Олай болса, «кеше ғана...» деген сөзді айналымнан шығарып, ешқандай анықтауышсыз Қазақ мемлекеті, Қазақ елі, Қазақстан деп ауыз толтырып айтудың өзі айбынымызды асқақтатып, рухымызды биіктете түсер еді.



ОРЫСТІЛДІЛЕР ОТЫРАРДЫ ҚАЙТСІН, ПАРИЖ ТҰРҒАНДА!

Әу басында бұл мәселені басылым бетінде жарияламақ ойымыз болған емес-ті. Тек базынамызды «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының PR басқармасының назарына жеткізгенбіз. Онда уран өндірісін үзбей жазып жүрген қазақ журналистерінің басқа елдің тәжірибесімен танысу барысында ылғи назардан тыс қала беретіндігі айтылған-ды.

Жақында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының ұйымдастыруымен орыстілді журналистер қауымынан құралған топ Францияның атом нысандарымен танысып қайтты. Осыған орай компанияның PR басқармасына алдағы уақытта ескере жүрер деген ниетпен үшбу хат жолдағанбыз. Расын айту керек, оған жауап та күтпеген едік. Әйтсе де, бәрін «бүлдірген» осы жауап болды...

«Нұр-Астана» газетінің қазақ жеріндегі уран өнеркәсібі жайлы көптеген материалдар жариялағанын жалғыз біздің компания емес, жұртшылық та біледі» делінген «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы PR басқармасының бастығы Ш.Жәнібекова қол қойған жауап хатта. Мойындағанына, алғысына мың да бір рақмет. Еңбектің еленгеніне не жетсін?! Әйтсе де қызықтың көкесі әріде жатыр екен. «Шын мәнісінде Франция мемлекетінің атом объектілерін аралауға көпшілігі орыстілді әріптестеріңізден құралған делегацияның аттанғаны рас. Делегация құрамында орыстілді журналистердің көп болу себебі

келесі жылғы Швейцария еліне көбінесе қазақтілді журналистерден құралған делегацияны аттандыруымызбен байланысты қаржының шектеулілігі. Бұл жолы Францияға көбінесе орыстілді әріптестеріңіз аттанса, келесі жылы Швейцарияға біраз қазақтілді журналистер аттанады».

Францияға «көпшілігі орыстілді журналистерді», «Швейцария еліне көбінесе қазақтілді журналистерден делегацияны аттандырмай», «көпшілігі» мен «біразын» қоя тұрып, ең болмаса үйреншікті «елуде елу» әдісін қолдануға болмайтын ба еді? Әлде, «екі қошқардың басы бір қазанға сыймай ма?» Францияға сапар барысында «көпшілігі орыстілділер болсын», Швейцарияға «біразы қазақтілділер барсын» деген идея қайдан туындаған?

Айтпақшы, «Жуырда ғана қазақ жерінің атом өндірісінің объектілеріне болған сапарға тек қана қазақтілді қылқалам шеберлері қатысты. Онда бірде-бір орыстілді журналист болмады». Басында «қылқалам шеберлері» дегенде, ойымызға бірден суретшілер сап ете түспесі бар ма. Бұл жерге суретшілердің қатысы қанша? Сөйтсек, компаниядағылар журналистерді қылқалам шеберлері деп те атайды екен...

«Бірде-бір орыстілді журналист болмады» дейді. Күлейік пе, жылайық па? Орыстілді журналистер Отырар мен Созаққа барып, «өле алмай жүр ме?» Барса, тозаңы көтеріліп, экологиялық ахуалы асқынып тұрған өңірге қазақ тілінде қалам тербейтіндер барсын. Орыстілді журналистердің Отырарға барғаннан гөрі Парижге барғаны әлдеқайда тиімді емес пе.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы қазақтілді және орыстілді бұқаралық ақпарат құралдарына бірде-біреуін ешбір кемсітусіз қарайтынын көрсетеді. Оған қоса қазақтілді журналистерін сіздің хатта атап өткендей екінші қатарға ысыру жоқ. Оған жоғарыда көрсетілген келесі жылға арналған жоспарымыз да дәлел». Кемсітпейтініне сенгіміз-ақ келеді, бірақ деректер басқаша сөйлейді ғой. «Қазақ жерінің атом өндірісінің объектілеріне болған сапарға тек қана қазақтілді қылқалам шеберлері қатысып», «онда бірде-бір орыстілді журналист болмауы», керісінше, «Франция мем-

лекетінің атом объектілерін аралауға көпшілігі орыстілді әріптестеріңізден құралған делегацияның аттанғанының» өзі біраз жайды аңғартады. Осыдан кейін қалай кемсітпей отыр деп айтасың?

Қалай болғанда да, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы PR басқармасының бастығы Ш.Жәнібекованың келтірген уәжі сенімсіз шықты. Бәлкім, осы мәселенің қыр-сырын бір білсе, осы компанияның басшысы Мұхтар Жәкішев мырза білетін шығар?!

2006 жыл





КИМДЕР КІМГЕ ӨКПЕЛІ?!

«Орыстілділер Қазақстанда қағажу көріп отыр». Жақында Республикалық «Лад» славян қозғалысы қалың жұртқа «аттан» салып, осындай мәлімдеме жасады. Қозғалыс төралқасының пікірінше, 6 миллионға жуық орыстілді азаматтар бұрынғысынша мемлекеттік билік шеңберінен тыс қалып отырған көрінеді.

Осындайда қазақ ұлты мен басқа да ұлыстардың басын қосып отырған Қазақстан халықтары Ассамблеясының үнсіз қалғаны таңғалдырады. Елімізде «орыс тілі өркендей бермек» деп біраз дүбірлеткен Ассамблея төрағасының орынбасары Әлиев мырзаның «орыс мәселесіне» неге «отпор» бермегені тағы түсініксіз. Жалпы, «Лад» қозғалысына 6 миллион халықтың атынан сөйлеуге кім құқық беріп отыр? Өздерін орыстілді ұлыс санайтын болса, украин, неміс, өзбек, корей, ұйғыр тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары, театрлары мен балабақшалары не үшін қажет? Орыс тіліндегі баспасөзді оқып, орыс театрларына баруына болады емес пе. «Оптом» орыстілділердің санатын толтырып отырған ұлыстардың іс-әрекеті қазақ ұлтына «сенікі дұрыс», орыс диаспорасына «сенікі де дұрыс» дейтін екіұшты пікірді аңғартатындай.

Саны біршама басқа ұлыстарды айтпай-ақ қоялық, бар болғаны 120 мыңға шамалас «жергілікті емес» корей диаспорасы өкілдерінің билік құрылымындағы, бизнестегі үлес

салмағына көз тастап көрелік. Сонда салыстырмалы түрде бәрі түсінікті болады.

Корей диаспорасының «дөкейі» – Юрий Андреевич Цхай. Ол – Қазақстан корейлері қауымдастығының президенті, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі. Бокс әлемінде Серік Қонақбаев сынды қыранды баптаған кешегі жаттықтырушының бүгінде бизнес саласында да тасы өрге домалап тұр. «Достар» корпорациясының тізгіні қолында. Юрий Андреевичтің «Менің отандастарым, оның ішінде біздің қауымдастық бизнесті дамыту мүмкіндіктерін, кәсіпкерлік үшін шексіз кеңістікті сезініп отыр», деп айтуы да сол себепті. 2002 жылы «Каспийский» банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды да. Тегіне қарап тұрткілеп жатқан ешкім жоқ оны. Кеудесіне «Достық» орденін тағып алып, Цхайдың ұрпағы қашанда салтанатты жиынның төрінде отырғаны.

Мыс қазақ жерінің байлығы болғанымен, «Қазақмыс»-тың кожайындары да корей ұлтының өкілдері. Корпорацияның президенті – Владимир Ким. Серіктестікте ауыс-түйіс болғанымен, олар тізгінді бірінен екіншісіне ғана аманаттайды. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басқармасының төрағасы Руслан Юн үстіміздегі жылы тамыз айында басқа қызметке ауысқанымен, оның орнына корей ұлтының тағы бір перзенті Эдуард Огай орнықты. Аты «Қазақмыс» болғанымен, заты «Кореймыс» деген әзіл жүр халық арасында. Қалай десе де, әзілдің астарында бір ақиқат менмұндалайды.

Жақында ғана Еуропаның қайта құру және даму банкінің президенті Жан Лемьер мен қазақстандық «Банк ЦентрКредит» АҚ басқармасының төрағасы Владислав Ли кредиттік келісімге қол қойды. Еліміздің қаржы саласынан да корейлер ойып тұрып өз орнын алып алған. Ал Вячеслав Константинович Ким – «Каспийский» банкі Директорлар кеңесінің мүшесі.

Еліміздегі саусақпен санарлық ірі құрылыс компанияларының бірі «Қуат» құрылыс компаниясын Олег Юрьевич Нам басқарады. Әрі ол Алматы қалалық мәслихатының депутаты. «Трансстроймост» АҚ Директорлар кеңесінің

мүшелігінде В. Хан деген азамат тағы бар. Қысқасы, қазақстандық корейлердің қай салада да асығы алшысынан түсіп, аты озып тұр.

Корейлер мемлекеттік қызметтен шеттетілді деп кім айтады? Мәселен, Кимнің беделі кімнен кем? Ол екі қазақтың бірі қолы жете бермейтін талай қызметтің басын шалды. Басқасын айтпай-ақ, негізгі қызметтерін саралағанның өзінде біраз жерді адақтады. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциялық Сотының мүшесі, Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы, Парламент Сенатының депутаты, Әділет министрі сияқты бір адам армандайтын талай қызметтің басын қайырды. Ол бүгінде Бас прокурордың орынбасары. Осы Кимнің жергілікті ұлтқа қандай өкпесі бар?

Олег Петрович Нагай мырза да Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметінде. Оның сыртында жақында ғана Астана қаласы әкімдігіне бір емес, үш бірдей корей ұлтының өкілі лауазымды креслоға жайғасты. Ендігі жерде елорда әкімдігінің аппаратына Лев Ким жетекшілік етеді. Ал алдағы уақытта Энергетика және коммуналды шаруашылық департаментін Нина Ли, Тұрғын үй департаментін Святослав Ногай басқарады. Осылайша қазақ жұртының құрметіне бөленіп жүрген корей диаспорасының өкілдері «Лад» қозғалысының мәлімдемесіне қатысты не айтар екен? Өздерінің «жергілікті ұлтқа» деген ықылас-пейілін осындайда білдірмегенде, қай кезде білдіреді?

2006 жыл





ӘБІШҰЛЫ ДЕГЕН ӘДЕМІ ЕСТІЛЕДІ ЕМЕС ПЕ!

Қазақтың тірлігі де оның табиғи болмысы тәрізді, әйтеуір, бірі кем дүние. Әсіресе, ұлттық мәселеге келгенде. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп таңбаладық та, оған ресми тілді жалғадық. Ұлты қазақ азаматтарының тегін ұлттық ерекшелігіне сай жазу жөнінде ел Президентінің Жарлығы жарық көрді. Жарлық жарық көрді екен деп, «тегіне» тартқан қазақ жоқ. «Ов», «ев»-пен қоштасу кейбіреулерге ұнамай жүр. Әуелі «тегін» тапқанмен, кейін құжат ауыстыруға құзыреті жететіндер «орыс қалыбына» қайта түсті.

Билік басында да «тегіне» тартқандар саусақпен санарлық, 99 пайызы орыс жұрнағын қимай жүр. Жоғары лауазымды тұлғалардың санатында бұрын Өмірбек Байгелди мен Жармахан Тұяқбай кәдімгідей ұлттық болмысқа айбар беріп тұратын еді, бүгінде Тоқаевтың Қасымжомарты (Қасым-Жомарт) бөліп жазғанына шүкіршілік етеміз. Жоғарғы Соттың Төрағасы Қайрат Әбдіразақұлы Мами мырза ғана мәртебемізді асқақтатып тұр. Сандаған министр, вице-министрдің ішінен қазақи нышанға адалдық танытқан Жәніс Махмұдұлы Қасымбек қана. Ондаған облыс әкімдерінің ішінен Қызылорда облысының әкімі Мұхтар Абырарұлы Құл-Мұхаммедтің баба дәстүріне адалдығы сүйсінтеді.

Бәлкім, кейбіреулер аты-жөнінде, тегінде тұрған не тұр деп ойлауы әбден ықтимал. Олай ойлайтындар қателеседі. Адамның өз ұлтына тән тегі тектілікті көрсетеді, ұлттың абы-

ройын асқақтатады. Қажет десеніз, тегі арқылы қазақтың болмысы жарнамаланады.

Ұлықтар, бодандықтың бұғауынан босана алмай жүргендер орыс жұрнағын кимай отырғанда, ұлтын сүйетін қауымға тегіне байланысты тағы бір ұсынысты ортаға салмақпыз. Бұл – қазақылыққа одан әрі тереңдеу. Яғни, әкесінің «қызы», «ұлы» болу. Ә дегенде, амбициясы бар ағайын бұған өре түрегеліп, қарсы болатыны анық. Оның алғашқысы – кәдімгі қазақи қоңылтақсу. «Менің немерем сонда атасының атына жазылмай ма?» деген жалған намыс баяғы. Немеренің кімнің ұрпағы екендігі тегімен емес, ісімен өлшенетін болар, сірә.

Осы тұста қазақтардың қазіргі тегі кей ыңғайда түсініксіздік тудыратынын айтқымыз келеді. Өйткені, бұл әсіресе, әйел затына қиын тиіп жүр. Бірде біздің бір әріптесіміз іссапармен Мәскеуге барған еді. Мәскеудегі елшілік қызметкерлері журналист қызға жігіттер орналасқан бөлмеге алдын ала сұраныс беріп қояды. Сөйтсе, Әріптесіміз кәдімгідей ашуланады. «Мені қыздардың жанына орналастыруға ақылдарың жетпеді ме?» «Қайдан білейік, тегіңізге қарап жігіт шығар деп ойладық», деп күмілжиді елшілік қызметкерлері. Әйтеуір, әрең дегенде мәселенің түйіні тарқатылады.

Оған қоса, қазақ есімдерінің өзі алуан түрлі ғой. Оның үстіне орыс жұрнағынан жұрдай болғаннан кейін егерде тегі айтуға жеңіл болса, ол кісінің жеке атының орнын ауыстырып шыға келеді. Мәселен, кісінің өз аты Мұхамбетжан болып, тегі Қанат болса, оған жолдастары «Қанеке» деп ишарат жасайтыны анық. Күн сайын азан шақырып қойған өз атын емес, атасының атын жиі шақырғаннан мезі болған кейбіреулер, амал жоқ, баяғы «оңбаған» «ов»-қа қайта оралады.

«Ов», «ев»-ке қарап орысты, «ко»-ға қарап украинды, «ян»-ға қарап армянды, «дзе» мен «швили»-ге қарап грузинді, «оғлы»-ға қарап әзірбайжанды тап басып танисыз. Сондықтан да, қазақ тегінің жазылуын ала-құла жасамай, бір ыңғайға түсіру мақсатында қазақтың төл «туындысы» – «ұлы» мен «қызы»-на қайта оралған ыңғайлы әрі ұлттық рухымызды асқақтатар еді. Әрине, бұған қарсы уәж айтатындар да табы-

лар. Оған қоса төлқұжатында тегіне қоса «ивич» пен «овна» таңбаланған ағайындар құжаттарды ауыстырудың қиындығын алға тартып бағар. Бірақ, аға ұрпақты «ақылға салмағанның» өзінде болашақ ұрпақтың нағыз қазақ болуы үшін «ұлы» мен «қызы» керек-ақ. Мәселен, Әбішұлы деген әдемі естіледі емес ме!

2007 жыл





«ОН БЕС ЖЫЛДА АЮДЫ ДА СӨЙЛЕТУГЕ БОЛАДЫ»

Ши сындыру керек шығар, қазақ қоғамында тағы да орта жолда омбылап қалмаса, оң өзгерістің нышаны басталғандай. Қазақ тілінде ауызекі сөйлегені үшін ғана биліктің бар қызығын көріп келген Сергей Терещенко ел назарында болар қызметімен қош айтысты. Ол өз өтініші бойынша Қазақстан халықтары Ассамблеясы төрағасының орынбасары қызметінен босатылды. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев аталмыш ұйымның сейсенбіде өткен XII сессиясында мәлімдеді. Қазақтың шапағатын бір адамдай-ақ көрген Терещенконың ұрпағы соңғы кезде орыс диаспорасының сойылын жиі соғып, қазақ зиялыларының шамына тие бастаған-ды. Мемлекет басшысы ескі серігі болғанымен, Ассамблеядағы өз орынбасарының «бетімен кете берсе», біраз дүниені «бүлдіретінін» аңғарса керек, оны «интернационалистік» қызметінен алшақтатты. С.Терещенконың орнына Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Сергей Дьяченко конжиды.

Әгарәки орындалатын болса, Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында жақсы ұсыныстар айтылды. Елбасы қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесіне қатысты озық ойларды ортаға сала келіп, тілдің өркендеуі әуелі қазақтардың өзіне тікелей қатысты екеніне тағы бір мәрте тоқталды. Ақыр аяғында он бес жылдың ішінде тілді аюға да үйретуге болатынын баса айтты. Санасында саңылауы бар кісіге осының өзі-ақ

түсінікті. Оған қоса Президент мемлекеттік тілді білмегендердің алдағы уақытта мемлекеттік қызметте жұмыс істеу мүмкін еместігін жастар жағына шегелей жеткізді. Бұл әрбір санында мемлекеттік тіл деп «зар жылайтын» қазақ баспасөзі еңбегінің еленгені шығар. Қалай болғанда да, бұл саны уақыт санап артып келе жатқан қазақ әлеуметінің мүддесіне биліктің құлақ қоймасына шарасы жоқ екендігін көрсетеді.

«Біз қазір ұлттық идея туралы көп айтып жүрміз. Меніңше, біздің барлығымыз үшін ең бастысы ұлттық идеяның – ұлттың бәсекеге қабілеттілігі болуы керек», – деген Мемлекет басшысы бұл мақсатқа жету үшін бір-бірімен байланысты орасан зор шаруаны атқару қажеттігіне де тоқталды.

Оның сыртында жиын барысында Елбасы латын әліпбиіне көшу мәселесін қайта қарайтын кез келгенін де айтты. «Қазақ әліпбиін ауыстыру мәселесін қайта қарайтын кез келді деп ойлаймын. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да латын әліпбиі бүгінде телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сол себепті бұрынғы кенестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқтық емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тіліне оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал біздер барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ. Әрине, бұл істе асығыстыққа жол беруге болмайды», – деген Мемлекет басшысы белгілі бір кезеңге дейін кириллицаның қатар қолданыста болуы қажеттігін де жеткізді.

Әрине, мәселе дәл қазір латын әліпбиіне тіреліп отырған жоқ. Ол алдағы күннің еншісінде. Гәптің төркіні орыс тілін мемлекеттік тілдің қатарына қоңсы жасауға талпынған орыс ағайындарға жұмсақ ескертумен астасып жатыр. «Қажет болса мемлекеттік тілге көшпек түгілі, әліпбиімізді де ауыстыруға мүдделіміз. Сол себепті орыс тілін күн тәртібіне қоя берудің қажеті шамалы». Осылайша, Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясына қатысқан аталмыш ұйымға мүше 364 бірлестіктің 357-сінің атынан қатысқан делегаттар

Қазақстанның алдында тұрған осындай өзекті мәселелерден хабардар болып қайтты. Мемлекеттің тіл десе кежегесі кейін тартып, орыс тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтеруден дәмелі «Лад» қозғалысының мүшелері өздерінікі утопия екенін енді аңғаратын болса керек.

2007 жыл





ПРЕЗИДЕНТТІ КІМ ҰЯТҚА ҚАЛДЫРДЫ?

Мемлекет басшысының осы аптадағы кездесулерінің, қабылдауларының ішінде басқасын қайдам, қос кездесуінің шоқтығы бөлек болды біздіңше. Ертеңгі күннен үлкен үміт күтетін халық емеспіз бе. Ендеше, екі кездесу де келешекпен астарласып жатты. Астарласқаны сол, кездесулер елдің ертеңгі тірегі саналатын жастар өкілдерімен болды. Қос кездесудің қайсысы маңыздырақ деген тұрғыда сараптай келе, екеуінің де маңызы жоғары екенін пайымдадық. Әйтсе де, әңгімені бір күн кешірек өткен басқосудан бастағанды жөн көрдік.

Сәрсенбі күні Мемлекет басшысы Ақорданың Күмбез залында мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда қызмет ететін мемлекеттік тілді меңгерген ұлты қазақ емес жас қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері қазақ тілін дамыту мен қолдану аясын кеңейту жөнінде пікір бөлісіп, Елбасының Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзіне қолдау білдірді.

Елбасының сөйлеген сөзінде мәлім болғанындай, бүгінде республикамызда болгар диаспорасының – 29 пайызы, кәрістердің – 28, еврейлердің – 17, поляктардың 10 пайызы мемлекеттік тілді біледі. Республикада барлық оқушылардың 57,4 пайызы мемлекеттік тілде білім алады. 19 мыңнан астам басқа ұлт өкілдері қазақ мектептерінде оқиды. 2005 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесінде өз білімдерін дәлелдеп,

«Алтын белгімен» марапатталған оқушылардың 56,7 пайызы – қазақ мектептерінің түлектері. Бұл жағдай қазақ мектептерінің білім беру деңгейі төмен деген алып-қашпа пікірдің негізсіз екенін дәлелдейді.

Елбасымен кездесуге еліміздің 16 аймағынан, жасы 30-ға толмаған 15 ұлттың өкілі қатысты. Олардың басым бөлігі мемлекеттік қызмет пен ұлттық компанияларда қызмет етеді. Осыған көңіл бөлген Мемлекет басшысы алдағы уақытта да мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдерін мемлекеттік қызметке кеңінен тарту туралы тиісті органдарға тапсырма беретінін жеткізді.

Алматы қаласының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің бас маманы Роза Магай, Атырау облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті директорының орынбасары Олег Басиев, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Хатшылығының аға сарапшысы Марина Бухарина, Президент Әкімшілігінің бас инспекторы Сергей Коновалов сөйлеген сөздерінде мемлекеттік тілдің ұлылығын танытып, қазақ тілінде өз ойларын бүкпесіз жеткізді.

Елбасы бұл кездесуде бір жағынан мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт жастарына мемлекет тарапынан ұдайы қамқорлық болатынын ескерте отырып, екінші жағынан басқа ұлттардың мемлекеттік тілді меңгеруіне деген ықыласын тудырды. Оның ішінде басқа ұлт жастары арасынан мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі қаншалықты ұлғайған сайын, соншалықты түрде қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейе түседі. Басқалай айтқанда, Мемлекет басшысы бір кездесуде қос мәселені шешіп отыр. Қазақстанның ертеңгі тізгін ұстар азаматтары мемлекеттік тілді меңгеруді қолға алса, тіл төңірегіндегі түйін өздігінен тарқатылатыны сөзсіз.

Сондай-ақ, осы кездесуден бір күн бұрын ел Президенті Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай өнер саласында қызмет ететін бір топ жасқа Астана қаласынан пәтер кілтін табыс етті. Қуанышты-ақ сәт. Мәдениет саласында қызмет ететін жастар жайлы пәтерге жайғасып, елі үшін риясыз қызмет ететін болады. Алайда, көңілге кірбің ұялататын

бір жағдай болды. Ол жастарға пәтерлердің «Москва» тұрғын үй кешенінен берілуі еді. Дау-дамайы көп, біраз уақыт бойы тұралап қалған тұрғын үй кешені. Тұрғын үй салушы мердігерлердің алды сотталып, үйге ақша салған тұрғындар әуре-сарсаңға түскелі қашан. Енді сол үйден, әлі құрылысы аяқталмаған үйден жастарға Елбасының қолымен пәтер кілтін тапсырды.

«Тапсырды» деп айтып отырғанымыздың жөні бар, «Москва» тұрғын үй кешенінің «тарихынан» Мемлекет басшысы бейхабар болуы мүмкін. Сонда Астана қалалық әкімшілігіндегілер әдейі жасап отыр ма? Әлде, елордада сынғырлап даяр тұрған пәтер болмағаны ма? Қалай болғанда да, бітпеген үйдің кілтін тапсыру Елбасына абырой болмағаны анық. Ендеше, Президентті ұятқа қалдырған кім?

2007 жыл





«КРЕПОСТНОЙЛАР» КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Былайғы күнде халықтық проблема атаулының «атасы» қандай екенін пайымдай бермей, күнделікті көкейкесті мәселелердің ауқымын айналшықтап жатамыз. Тұтас ұлтқа індет қаупі төніп тұрғанда, әлеуметтік-экономикалық түйткілді проблемалардың бәрі еңсерілетін қиындық тәрізді көрінеді. Есірткі атауының құлаққа сіністі болып бара жатқанының өзі қорқынышты. Айнала-сын жалмап келе жатқан есірткінің ауыр зардабын қазақ халқының бастан кешкен ашаршылық, қуғын-сүргін кезеңімен салыстыруға да болатындай. Өйткені, бұл дерттің салмағы кейбіреулердің жеке өмірінде пәлендей сезіле қоймаса да, қоғамның өн бойына дендеп еніп бара жатқаны байқалады. Қоғамды жайлаған дерт оның әрбір мүшесінің тағдырына әсер ететіні түсінікті емес пе.

Жақында Елбасының төрағалық етуімен Қауіпсіздік кеңесінің күн тәртібіне есірткі мәселесінің қойылуы осыны аңғартады. Сол жиында Мемлекет басшысы есірткіге қарсы күрес елдің дамуының маңызды шарты болып табылатындығына айрықша тоқталды. Сонда есірткі дегеніңіз қауіп-қатер тұрғысынан терроризмнің өзімен тайталасатын болғаны ғой. Есірткіге қарсы күресте бейғамдық танытқан өркениетті әлемнің өзі қазір шарасыз күйде. Есірткінің дәмін бір татқандар айналасына сол дертті жұқтырып, өзі тектес шоғырды топтастыруға тырысып бағатыны анық. Оған мемлекет бел шеше кіріспесе, қоғамды тамырымен қопаруға тырысады бұл індет. Есірткі атаулыны

түбегейлі жойып жібермегенмен, мемлекеттің күш-жігерінің арқасында есірткі пайдалануды төмендетуге әбден болады. Статистика осылай сөйлейді. Қазақ халқын есірткі індетінен мемлекет пен бұқараның оған қарсы белсенді күресуінің арқасында арашалауға болатындай. Ал әзірге есірткі қазақ жастарын өзінің дегеніне көндіріп, «крепостной құлға» айналдыра бастады. Бүгінде елімізде 54 мың нашақор тіркеліпті. Бұл ресми тіркелгені ғана. Тіркелмегені қанша екенін бір құдай біледі?

Есірткі бизнесі қару-жарақ сатумен бара-бар болып табылады. Сол себепті есірткіні мейлінше көбірек таратуға мүдделі жандар шоғыры да қомақты. Өйткені, есірткіден қыруар пайда түседі. ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары -Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің төрағасы Анатолий Выборновтың айтуынша, дүниежүзі бойынша есірткі заттарын сату нарығы 400 миллиард АҚШ долларына тарта қаржы айналымын құрайды екен. Сондай-ақ бүгінгі күні Ауғанстанда 6 мың тоннадай есірткі өсіріліп, одан 4-5 мың тонна героин өндіріледі. Аталған есірткі заттарының 10 пайызға жуығы Орталық Азия елдері арқылы өтеді және есірткінің ауыр түрлері Қазақстанға Ауғанстаннан тасымалданады.

Есірткі бизнесіне қарсы күрес жүрудейін жүріп-ақ жатыр. Мәселен, жыл басынан бері елімізде есірткі тарататын 3 мыңнан астам нүкте жойылған. Оған қоса жыл басынан бері 2019 «ірі» есірткі сатушылар ұсталған. Олардың арасында 17 құқық қорғау органының қызметкері бар болып шықты. Міне, құқық қорғау органдарының өзі есірткі таратуға дәнекер болып жатса, басқалар туралы не айтуға болады?

Есірткі ұлттың болашағына балта шабады деп бекер айтып айты отырған жоқпыз. Себебі, қазағы қалың шоғырланған жерлерде де есірткіге елтігендер саны жыл санап өсіп отыр. Басқасын айтпағанда, Маңғыстау облысында есірткімен әуестенгендер саны жан ауыртады. Қаймағы бұзылмаған, рухы түспеген өңірді есірткі дерті жайлаған. Үстіміздегі жылдың сегіз айы ішінде облыстық есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі басқарма қызметкерлері 32 килә 873 грамм есірткіні тәркілеген. Сегіз ай ішінде 174 есірт-

кі қылмысы анықталып, оның ішінде 152-сіне қылмыстық іс қозғалған. 62 – есірткі құралдарын өткізу, 61 – есірткі сақтау факті, бір есірткі ұрлау, сондай-ақ притон ұстау фактілері тіркелген.

Осындай жан шошытарлық деректер «біздің отбасымызға қатысты емес» деген бейғамдықтан гөрі ұлттық апаттың алдын алуға үндейді.

2007 жыл





«ӨЗІҢ ТАПТЫРҒАН БАЛАНЫ БАСҚАҒА БАҚТЫРМАС БОЛАР!...»

Ұлт мүддесіне, ұрпақ тәрбиесіне келгенде тартынып қалуға әсте болмайды. Онсыз да қазақ жұртын жан-жақтан қаумалап, материалдық игілігін иемденуге күллі әлем болып жанталасып жатыр емес пе. Сонымен қатар, рухани кеңістігіне қол салып жатса, қалай үндемей қаларсың. Сондықтан да баһадүр Бауыржан Момышұлының «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі» деген қанатты сөзін жадымызға токи отырып, ойымызды оқырманға жеткізуге жанталасынымыз бар кейде. Ондағымыз – қолдан келетін тірлікті, әсіресе, балаларға білім беру ісін, болашақ ұрпақ тәрбиесін басқалардың иелігіне беріп қоюға байланысты өрбиді. «Нұр-Астананың» №6 санында жарияланған «Баланы басқа идеямен былғамайық» деген дүниеміз де осындай ойдан туындаған болатын.

Айтпақшы, аталған мақалада қазақ-түрік лицейлерінде қазақ ұландарын «түрікшілдікке» баулу төңірегіндегі проблема қозғалған-ды. Сөйтсе, қазақ-түрік лицейлерінің басқа да «қыры» бар екен. Оны жақында Жезқазғанның прокуроры Марат Наурызбаев тексеру барысында анықтады.

Марат Наурызбаевтың айтуынша, прокуратура Қарағанды облысындағы дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицейі оқушыларының ата-аналарынан заңсыз ақша жинау фактілерін анықтаған. Лицей ата-аналармен келісім жасасып, сол келісімге сай соңғылары арнайы құрылған ата-аналар қайырымдылық

қорына демеушілік көмек көрсетуге тиесілі болған. Ата-аналар комитетінің шешіміне сәйкес 7 мен 11-сынып оқушыларының ата-аналары ай сайын қорға 7 мың теңге төлесе, лицей табалдырығынан тұңғыш аттағандардың ата-аналары 75 мың теңге төлеген.

Бір атап өтерлігі, прокуратурада атап көрсетілгеніндей, төлем әрбір айдың 1-і мен 25-і аралығында жүзеге асырылып, егер ақша уақтылы есепшотқа түспесе, оқушылар сабаққа жіберілмеген. Оған қоса, қарызы бар оқушылар оқу жылының аяғында келесі сыныпқа көшірілмей, ал 9 және 11-сынып оқушыларына негізгі мектепті бітіргені туралы куәлік, орта білім туралы аттестат, сертификат берілмеген.

«Лицей тарапынан көрсетілген білім беру қызметі ақылы білім беру қызметінің санатына жатпайды. Бұл өз кезегінде бюджеттік қаржыландыру негізінде жүзеге асырылатын «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі» деген Қазақстан Республикасы Конституциясының нормасын бұзу болып табылады», деп мәлімдеді прокурор.

Сондай-ақ, тексеру барысында бюджет қаржысын негізсіз пайдалану фактілері де кездескен. Прокуратура тексерісінің нәтижесінде, аталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде Қарағанды облыстық білім департаменті директорының атына ұсыныс жасалып, лицей директорына қатысты әкімшілік іс қозғалған.

Ал керек болса, қазақ-түрік лицейлері қазақ ұлдарының бойына өз идеологиясын сіңірумен қатар, ашық ауыз ата-аналарды да алдап, ақшаны заңсыз жинап келген болды ғой?!.

«Туа білген халық тәрбиелей де білу керек. Ұрпағынды өмірге әкелген екенсің, оны баули да біл» дейді классик жазушымыз Ғабиден Мұстафин. Ал қазекең баланы өзі таптырғанмен, басқаға бақтырғанды әлі күнге дейін мәртебе санайды. Бәлкім, бұл өз ұрпағының болашағына немқұрайлы қарағандығынан болар, сірә...

2007 жыл



...«ОПОНЕНТТЕРГЕ» ҚАШАНДА ОҢАЙ БОЛМАҒАН!

Күні кешеге дейін «жауды» сырттан іздеуге бейім едік. Бәріне кінәлі – Ресей патшасының озбыр отаршыл саясаты-тұғын. Бертін келе оған Компартияның тоталитарлық жүйесі келіп қосылды. Екеуінің тұсында да қазаққа оңай соққан жоқ: шұрайлы жерінен, асыл туған ерлерінен, қолындағы билігінен айрылды. Тәуелсіздігін жариялап, тізгінге ие болғанша, басынан әңгір таяқ кетпегені де рас қазақтың. Осы кезге дейін «Бәленің бәрі – басқаның боданында болғандығынан» деп келген қазақ жұртының ендігі жерде, тәуелсіздік алған тұста елге танымал ерлерінің абақтыға қамалып, ойда-жоқта опат болып жатқаны неліктен?

Сөйтсе, мәселе біреудің боданында болу-болмауға да байланысты емес екен. Гәп билік жүйесіне, биліктің төңірегіндегі тұлғаларға қатысты болып шығады. Қоғам өзгергенмен, адамның билікке деген көзқарасы, баққұмарлығы мен таққұмарлығы өзгеруі әманда қиын соғатын тәрізді. Ынсаппен сауап, әділеттілік пен шапағат екі пенденің бірінің басына қона бермейтін үлкен қасиетке ұқсайды. Атам қазақтың Аяз би іспетті тұлғаны болашақ ұрпағына өнеге тұтып, аңыз ретінде қалдырып кеткені де осыдан болса керек-ті. Бүгінгіше айтқанда, билікке «оппонент» болғандардың тағдыры қай заманда да оңай болмаған екен...

Өтемістің Махамбетінің басын биліктің жандайшаптары алғанына кімнің күмәні бар? Өр рухты Кенесарының басы да

Ресей патшасының арнайы тапсырысымен Санкт-Петербургқа апарылуы да көп жайттан хабар берсе керек-ті. Жанқожа батыр да, дарға асылған Бекболат та бәрі-бәрі өз заманындағы басқарушы билікпен араздасып өткен, бетпе-бет күреске көтерілген тұлғалар. Араздасқанда, қара басының қамын күйттегендігінен емес, «қара қазан, сары баланың қамы үшін» атқа қонған. Бұлар – отаршыл патша саясатының құрбандары. Кеңестік кезеңде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Халел Досмұхамедов, Темірбек Жүргенов, Мұхамеджан Тынышбаев және тағы басқаларының да көзқарастары кеңестік өкіметпен «сыйыса» қоймаған. Олар да «бөтен ойда» болғаны, билікке оппонент болғаны үшін опат болды емес пе. Бұл тоталитарлық жүйенің балама көзқарастағы тұлғалардың даусын тұншықтыру әдісі еді. Біз қазақтың, Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен, жанын қиған осы тұлғаларды ардақтай отырып, бүгінгі тұлғаларымызды әлі де өз деңгейінде бағалай алмай жүрміз бе деген ой туады. Жазушы Әбіш Кекілбайұлының «**Батпан-батпан байлық тек жер көкірегінде ғана емес, ел көкірегінде де тұнып тұр. Сүйінерге жарайтын жақсы мен жайсаң тек жер астында жатқан жоқ, жер үстінде де жүр**». Сол жер үстінде жүрген жақсы мен жайсаңды көзі тірісінде ардақтайтын күн қазаққа туа ма екен тегі?

...бектерін дер кезінде бағалай алмаған халықтың әділетті қоғам туралы арманының орындалуы қиын-ау, сірә. Қазіргі қазақ қоғамындағы сан қилы әрекеттер осындай күмән-күдікке итермелейді. Тарихтан асқан төреші жоқ тегінде, талай-талай оқиғаға куә болған қазақ тарихы әлі де сандаған оқиғаның куәгері болатыны анық. Алайда, ендігі жерде қатыгездіктің емес, жанашырлықтың, абыройсыздықтың емес асқақтықтың жаршысы болса екен дегіміз келеді де.

2007 жыл



ПАРТИЯ ҚАЙДА БОЛСА...

Кенес Одағы тұсында «Халық пен партия бірге!» деген жалаулатқан ұран болатын. Сол ұран ірі қалалардан бастап ауыл-аймаққа дейін атшаптырым аумақта ілулі тұратын еді. Нақты өмірмен астасып, үйлесіп жатса, нағыз ұранның көкесі сол ғой. Ал іс жүзінде халқың бір жағына, партияң келесі жаққа қисайып тұрса, бірліктің де, биліктің де берекесінің қашқаны қашқан. «Жауырды жаба тоқу» әдісі, яки көрер көзге ғана «бәрі керемет» етіп көрсетудің акыры құрдымға жіберетіні бар. Кеңестік қоғамның түбіне жеткен де компартия мен халықтың жарасымдылығы үйлеспей, арасының алшақтап кеткендігі болса керек-ті.

Өйтпесе, компартия жантәсілім етер шақта халық «аттандап» көшеге шықпағанымен, ең болмаса кәдімгідей жоқтау айтар еді ғой. Жоқтау айтпақ түгілі қалың жұрт қамықпады да. Бұл бәлкім, халықтың партиядан әбден көңілі қалғандығынан болар. Жетпіс бес жылға жуық кеңестік кеңістікте үстемдігін жүргізіп, елдің еңсесін әбден езгілеген нән партия әп-сәтте осылайша тарихи сахнадан жылыстап кете барды. Жылап-сықтаған тірі жан болған жоқ...

Қайдағы-жайдағыны еске түсіріп, бақилыққа кеткен компартияны неге еске алып отыр дерсіз? Қазір «Халық пен партия бірге» деп ұрандатпасақ та, Қазақстан таңдау жасап отырған демократиялық қоғамның партиясыз күні қараң. Өйткені, соңғысы – қоғамды демократиялық жолмен өркендетудің негізгі тетіктерінің бірі. Сол себепті, қалың бұқараның жақсы

өмір сүріп, жағдайын жақсартамын десе, партияларға таңдау жасамауға мүмкіндігі жоқ. «Партия қайда болса, жеңіс сонда» болатын жаңа кезеңге келе жатырмыз, бұйырса. Келмеске кеткен қоғам мен қазіргі қоғамның айырмашылығы көппартиялылыққа байланысты деседі саясаттан хабары бар кісілер. Соңғысын қуана-қуана құптайсың ғой, әйтсе де, көкейде тағы бір сауалдың жыбырлап-ақ тұрғаны...

Өзіміз әрең дегенде құтылған тоталитарлық жүйенің тірегі болған компартияның сара жолына қайта түсіп жүрмейміз бе, осы? Тоталитаризмге ендігі жолы тура түспесек те, басқа бір «авторитеті» бар «изм»-дердің ауылына ат басын бұруымыз әбден ықтимал. Көкейдегі күлбілтелеген сауалға жауап іздеп отырғанымыз сондықтан. Өйткені, әнебір әйдік партияның айбыны кезіндегі компартиядан бір мысқал да кем емес. Барған сайын «оборот» алып келеді. Жер-жердегі комиссияларда да солардың өкілдері өріп жүр. Қысқасы, партиялық құрылым кеңістігін сол партия еркін жүріп, кең жайлай бастады. Сонда дейміз-ау, елдің тұтқасын ұстауға ұмтылып отырған партия шынайы халықтың қолдауына ие ме? Әлде, көрер көзге халықтың мұң-мұқтажын көздейтіндігін жапа-тармағай насихат арқылы әйгілеп отыр ма?

Халықтың мұң-мұқтажы демекші, аталған партия әп-сәтте халықтық-демократиялық партияға айналып шыға келді. Ондағысы – басқа партиялардан гөрі өзінің халыққа біртабан жақын екендігін көрсеткісі келеді. Задында, партияның атауын өзгерткеннен немесе оны «халықтық» деп атағаннан бар мәселе шешіледі деп айту қиын ғой. Әсілі, атауынан гөрі сайлаушылардың көңілінен шығатын іс тындырып жатса, сонысы нағыз халықтық іс болып шықпай ма? Қолдан жасалған, арнайы ұйымдастырылған насихаттың ақыры қай қиырға бастайтынын компартияның тағдыры әйгіледі емес пе?..

Кейде ғалам жұртшылығы дүние бір полярлы әлемнің қанжығасында кетті деп мазасызданып жатады. Біздікі де құдды осы тәрізді. Әлемдік деңгейдегі шаруаға қатысымыз шамалы, алайда қазақ қоғамы бір партияның қанжығасында кетпесе екен деп алаңдайтынымыз рас.

2007 жыл



«АХАЖ – ДАҒЫЛАР АТЫ-ЖӨНДІ ДҰРЫС ЖАЗА АЛМАЙДЫ...»

Аталған сыни мақалаға (№36, 5-12 қыркүйек, 2007 жыл) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметінің комитеті төрағасы С.Әбіштің қолы қойылған жауап хат келді.

«Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 55-бабында балаға ата-анасының (немесе олардың орнындағы адамдардың) келісімі бойынша қойылады, аты-жөні әкесінің аты бойынша не ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып беріледі деп бекітілген.

Баласының тегі ата-анасының тегімен айқындалады. Ата-анасының тегі әртүрлі болған жағдайда балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегі беріледі».

Әрине, баланың тегі қалай болатыны пәлендей талас тудырмайды. Оның үстіне дүниеге келген сәби әкесінің атын иемденбегенде, кімдікін иемденбек? Оқырмандарды толғандыратын бұл емес, басқа жағы. **Туу туралы куәліктің мемлекеттік тілде сауатты толтырылуы.** Сөйтсе, оның машақатынан арылу оңай емес екен.

«Бала дүниеге келгенде баланың тегі, аты, әкесінің аты ата-анасының қалауы бойынша және тек солардың құжаттарының негізінде жазылып тіркеледі.

Мақалада көрсетілген **Мурзахметов Дамир Кайргельдинович** деп Дамирдың әкесінің аты жіңішкелік белгісімен

әкесінің төлқұжаты негізінде жазылуы тиіс. Балалардың тегін, атын және әкелерінің аттарын жіңішкелік белгісінсіз жазу үшін олардың туу туралы актілік жазбаларына өзгеріс енгізу қажет. Ол үшін азаматтар тұрғылықты жеріндегі АХАЖ бөлімдеріне міндетті түрде өздері барып өтініш берулері керек».

Мәселенің проблемалық тұсы да осы. Кезінде қазақ есімдерінің барлығы дерлік зорлықпен орыс емлесіне сәйкес жазылды. Ендігі жерде мемлекеттік тіл өз тұғырына орнығуы үшін қазақ есімдері қазақ тілінің заңдылығына сай жазылуы тиіс емес пе. Әйтпесе, **Джолдасов, Давлетова, Демейсенов, Ченгельбаева, Исбулатова** деп жазу ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді.

Жіңішкелік белгісінсіз жазу үшін ғана азаматтар тұрғылықты жеріндегі АХАЖ бөлімдеріне міндетті түрде өздері барып өтініш берулері керек екен. Сонда адамның аты-жөнін мемлекеттік тілде жазуды талап етуге бола бюрократиялық кедергілерді бастан өткізу керек көрінеді. Бұл мемлекеттік тілдің қанат жаюына жасалып отырған қарсылық па? Атқарушы органдар жұмысты жеңілдетудің орнына қиындата түседі. Осылай жалғаса беретін болса, орыстың жұрнағынан үстіміздегі ғасырда да құтыла алмаппыз, сірә. Қазақ тілінде **Мыңбаев, Әбдікәрімов** жазылғаны не керек, құжат **Минбаев, Абдиқаримов** болып толтырылса. Сондықтан туу туралы куәлік пен төлқұжат қазақ тілінің заңдылығына сай сауатты түрде толтырылуы тиіс. Әділет министрлігіндегілер «Нұр-Астана» көтерген құжаттарды азаматтардың аты, тегі және әкесінің атын мемлекеттік тілдің ережесіне сай толтыру туралы мәселеден ауытқып, қайтарылған жауапта **атын, тегін және әкесінің атын өзгерту жағына ойысып кетіпті**. АХАЖ-дағыларды айтпағанда, Әділет министрлігіндегілердің өздері де қазақша түсінбейтін болғаны ма?

2007 жыл



БІЗГЕ БАЙЛЫҚ ЕМЕС, МІНЕЗ ЖЕТІСПЕЙ ЖҰР!

Бізде бәрі бар, бұрынғы ағаларымыз айтпақшы, «құстың сүтінен басқаның бәрі». Материалдық тұрғыдан алғанда ғой, бұл. Алайда, сол игілікті ел қажетіне жарататындай, ұлт мүддесіне сол барды ұқсатып бағатындай мінез жағы кемшін соғып жатыр қазіргі қазақтың ерлерінде.

Мінезділердің өзі мінезсіздердің көптігінен, табансыздықтың кесірінен көбірек зардап шегетіндей. Мінезсіздіктен сорлап отырмыз деп айтатынымыз да сол. Ел тәуелсіздікке ие болғанымен, ерлер жағы басыбайлылық қамытынан әлі құтыла алмай келеді. Басыбайлы мінезі тұрғысынан. Әлихан Бөкейхан ұрпағы айтқандай: «**Ұлтына, жұртына қызмет ету — білімнен емес, мінезден**». Ресей, АҚШ, Ұлыбритания оқу орындарын бітіргендер кәсіби білімі жағынан емес, халықтың жай-жағдайын, ұлттың мұң-мұқтажын ойлау тұрғысынан олқы соғып жүр.

«Он бес жылда осыншама жетістіктерге қол жеткіздік!» деп қуаныштан қазақы бөрікті аспанға атып, әйтпесе, «ҚазСАТ» арқылы ғарышқа жолдауға да болар еді. Бірақ, елдің экономикалық әлеуеті мен халықтың әлеуметтік деңгейін, байлардың қазынасы мен қарапайым қазақстандықтардың өмір сүру жағдайын салыстырып көретін болсақ, бәрі де тайға таңба басқандай көрінеді. Қазақ жерінің бар байлығы, оның түгелдей он бес миллион жұртының үлесін түгендеп, дәулетін асыруға қызмет етіп жатыр ма, әлде...

Айтпақшы, сыбайлас жемқорлық дегеніңіз керенау кеңселерді түгелдей жайлап алғандай. Құдды ұлықтар байлығын тұтастай анау жаққа өздерімен бірге ала кететіндей жанталаса тірлік кешеді. Көзі тірісінде өзіне алтыннан ескерткіш тұрғызған Сапармұрат Ниязов та дүниеден өтті емес пе. Байлықтың құлына айналғандар жиған-тергенінің барлығы, басқа емес өз ұрпақтары арасында күні ертең-ақ алауыздық тудыратынын шынымен түсінбей ме?

Ұлықтардың көбі қазақтың ұлы ақыны Абайды да оқымайды ғой. Оқыса, соншалықты далбасалап, ел-жұрттың наласына қалып, заңды белден басып, байлық жинауға жанталаспас еді-ау. Ақын «Ескендір» поэмасында жаһанды билеген Александр Македонскийдің өзін де «тәубасына» түсіріп, адамның көзі бір уыс топыраққа ғана тоятынын данышпан Аристотельдің дуалы ауызы арқылы ұғындырған жоқ па! Абай шығармасын оқымаған қызметкердің адамдық, адалдық әліппесінен бейхабар болуы да бір жағынан заңды тәрізді...

Әсілі, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеретін оқу орындарында «Ескендір» поэмасынан бастап ел басқаруға қатысты пәлсафалық трактаттарды оқытуға басымдық берсе ғой. Құжынаған көк қағаздың бергі дүниенің «шлагбаумынан» әрі қарай өте алмасын түсінген шенеуніктер осыдан кейін оған аса құнықпас па еді, кім білсін. Билікке құмарлық, байлыққа деген ашкөздіктің ақыры ынсапсыздыққа бастау болып тұр. Ал оның ақыры қарақан басы үшін кез келген дүниені құрбандыққа шалуға, яғни мінездікке ұласып жататыны тағы бар...

Айтар ойымыздан сәл қиыстау кеттік білем, енді соған қайта оралсақ. Шынында да, қазіргі қазақ қоғамы мінезді жандарға зәрулік танытуда. Осындайда бұрынғы аға ұрпақ өкілдері еске түседі, «солар болғанда жағдай қалай болар еді» деп түйесін іштей.

Қысқасы, қазір қазақ оқығандарында Жұмабай Тәшеновтің табандылығы жоқ, Жұбанның жүрекжұтқандығы тапшы болумен қатар, Асқар Тоқпановтың айбаты жетіспей жүр, сондай-ақ Баукеңнің батылдығы да керек болып тұр. Токетері, Кенесары-

ша қайырғанда, «Кезенген жаумен кескілесіп тұрып өлісуге шыдайтын ұл болмаса, сондай ұлды туғызып тұрған ел болмаса, қазақтың қай ісі өрге басар дейсін?!»

2007 жыл





ӘРБІР ОН АЛТЫНЫҢ БІРЕУІ МҰСЫЛМАН ЕМЕС...

Қазақ жерін діни плацдармға айналдыруға ұмтылушылар жағы жеткілікті. Бұрын-соңды атын естімеген неше түрлі діни ағымдар соңғы он жылдың бедерінде қазақ сахарасын шарлап кетті. Алуан түрлі секталар қызметін жандандырып, қазақ қауымын жаңа Құдайымен қауыштырып жатыр. Басқа дінге құлшылық ететін қазақтардың шоғыры да қомақты көрінеді.

Басқа емес Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Әбсаттар Дербісәлінің айтуынша, бөгде дінге мінәжат ететін қазақтардың саны бүгінде 600 мыңды дөңгелектеген көрінеді. Енді бір он жылда миллионнан асып жығылатын болса, онда Қазақстан «көпұлтты», ал қазақтар «көпдінді» ұлтқа айналады емес пе. Діни секталардың өсу динамикасы осындай тұжырым жасауға әкеледі.

Жалпы, құзырлы органдардың діни бірлестіктерге қатысты ұстанымдары да қызық. «Ел қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырмаған бірлестіктердің қызметіне тыйым салуға болмайды». Оларды дер кезінде бұғауламаса, мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін тұста мүлде кеш болады емес пе. Өйткені, тамырын жайып үлгерген секталарды ауыздықтау кейінірек қиын тиеді. Оның үстіне дәстүрлі емес діндердің қызметіне тұрақты қолдау беріп отырған тысқары жерде қуатты елдер бар. Сол себепті, олардың қызметін заң аясы тұрғысынан реттейтін тұста халықаралық деңгейде байбалам туындайды. Алматы облысының Қаскелең ауданында шоғырланған Кришна

қоғамына байланысты жағдай осыны көрсетіп отырған жоқ па? Оның мүшелері арасында сырттан келген миссионерлер ғана емес, жергілікті халықтың болуы жағдайды одан әрі ушықтыра түсуде.

Кезінде жеткілікті мән бермеген «Хизб-ут-Тахрир» діни-экстремистік партиясының жақтаушылары соңғы кездері ел қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіретінін ұғынған қауіпсіздік органдар бел шешіп күресе бастады. Осылайша мемлекеттік билікке қауіп төндіргенше, діни ағымдардың қызметін бақылауды бетімен жіберу қажет пе? Бүгінде бет-бетімен кеткен мәсіхшілдер, бахаилар, «иегова куәгерлері» діни тұрғыда үстемдігін жүргізіп, «ар-ождан бостандығына сәйкес» өз құқықтарын алға тартып, өздерін дәстүрлі дін ретінде мойындауды талап еткенше, құзырлы органдар қимылсыз отыра бере ме?

Діни сенімге қатысты ала-құлалық күні ертең ұлттық сенімге де көлеңкесін түсіреді. Қазақстан халқының 70 пайыздан астамын мұсылман жамағаты құрайды деген дерек төңірегінде талас туындайды. Себебі, басқа дінге бой ұрған қазақтардың есебінен мұсылмандардың саны азая түседі де, керісінше бұрын-соңды қазақ жерінде болмаған жатжұрттық діндерге құлшылық етушілер қатары өсе түспек. Сөйтіп, қазақ жерінің діни тұтастығына сызат түсіп, Балқан түбегіндегі тәрізді діни қақтығыстарға жол берілмеуіне кім кепілдік береді? Болмаса, тілі бір, діні басқа Ливан халқының мұсылман мен христиан болып қырқысуы қазақ қоғамына, қазақ билігіне сабақ болса керек-ті.

Бүгінгі бетімен кеткен наным-сенім еркіндігі ертең елдің қауіпсіздігіне қатер төндірсе, ол қандай еркіндік?! Қалай болғанда да, биліктің діни қарым-қатынасқа байланысты саясатқа сергек қарайтын мезгілі жеткендей. Әйтпесе, «Харе Кришна» әуені Ақорданың іргесіндегі «Пирамидадан» естіліп жатса, халқының 70 пайызы мұсылман болып табылатын мемлекет үшін хас масқара ғой...

2007 жыл



ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫ БИЛІК ЕЛЕСІ КЕЗІП ЖҮР

«Билік дегеніміз – есірткі, онсыз саясаткерлер өмір сүре алмайды және оны (билікті) сайлаушылардың өз ақшасына солардың өздерінен сатып алады», дейді Ричард Нидем. Шынында да, биліктің «бұғауына түскендердің» одан құтылуы қиын болатын тәрізді.

Билікке аяқ астынан келген Қырғызстанның президенті Құрманбек Бакиев оппозицияны әлсіретіп алған соң, өз билігін күшейтуге бекінгендей. Әуелі оппозицияның қысымымен қабылданған Конституция жарамсыз деп танылды. Енді қырғыздар жаңа Конституцияны референдум арқылы қабылдауға әзірленуде. Осы бағытта «Конституция, реформа және өркендеу үшін» қозғалысы құрылды. Қозғалысты ұйымдастырушылардың пікірінше, референдумға шығарылатын Конституция жобасына сай билік тармақтары халыққа бағынышты болмақшы. Оппозиция өкілдері, керісінше, жаңа Конституция Бакиевтің жеке билігін күшейтуге арналған деп отыр.

Ал Құрманбек Бакиев өз өкілеттігін асыра пайдаланбайтындығын, жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты өз мерзімін ұзартпайтындығын ресми түрде мәлімдеді. Айтпақшы, референдум атаулы бұрын-соңды Өзбекстанда, Тәжікстанда, Қазақстанда, тіпті Қырғызстанның өзінде де өткізілген болатын. Оларда көтерілген мәселе президенттің өкілеттік мерзімінің ұзартылуына байланысты болған-ды. Ба-

киев те орталықазиялық осы үйреншікті сүрлеуге түспекші дейді кейбір сарапшылар...

Түркіменстанның президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтің үлкен саясаттағы жолы енді басталып жатыр. Алайда, ол да таққа отырысымен Ниязовтың кадрларымен қоштасып, айналасына өзінің сенімді серіктерін топтастырып үлгерді. Биліктің нағыз дәмін татқаннан кейін ол да Түркіменбашыдан «тағылым» алып, референдум өткізіп, биліктегі ғұмырын мейлінше соза түспесіне кім кепіл?

Ал Бакиев пен Бердімұхамедовтен бір көйлек бұрын тоздырған Тәжікстанның президенті Эмомали Рахмон орынтағына әлдеқашан орнығып үлгерді. Рахмон басқарудың амалтәсілін әбден меңгеріп те алды. Қазіргі кезде елдегі оппозицияның да қарқыны бәсеңдеп, басты қарсыластары бас сауғалап кетті. Республикада референдум өткізіп, президенттік мерзімді жеті жылға да ұлғайтты. Қысқасы, Рахмонның «қошгасу вальсіне» әлі ерте.

Үстіміздегі жылдың аяғында Өзбекстанда кезекті президенттік сайлау өтеді. Басты үміткер – Ислам Әбдіғаниұлы Каримов. Қазірдің өзінде сарапшылар елдің қазіргі президентінің «бәйгені шапай алатындығын» айтады.

Ислам Каримовтің Өзбекстанның билік тұтқасын ұстағанына он сегіз жыл болды. Алдымен Өзбекстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы, кейін оны елдің Жоғарғы Кеңесі президент етіп сайлады. 1991 жылғы президенттік сайлауда Ислам Әбдіғаниұлының асығы алшысынан түсті. 1995 жылғы референдум барысында Каримовтің бірінші президенттік мерзімі тағы да бес жылға ұзартылды. Ал 2000 жылдың басында өткізілген президенттік сайлауда Каримов қайта сайланды. Бұл жолы 7 жылға. Ислам-ака тағы да кезекті сайлауға түсіп отыр...

Құдды Орталық Азияда «Тақта кім көбірек отырады?» деген астыртын бәсеке жүріп жатқандай. Токсаныншы жылдардың басында басталған додadan әзірге екеуі шығып қалды. Қырғыз елінің басшысы Асқар Ақаев елдегі саяси ахуалдың шиеленісуіне байланысты жарыстан аяқасты шығып, бүгінде ол ірі доданың

көрерменіне айналды. «Мәңгілікке сайланған» Түркіменбашы да «мәңгілік сапарға» аттанды. Дүбірлі додада әзірге Өзбекстан мен Қазақстан басшыларының пырақтары құйрық тістесіп келеді. Соңғысының қолында күшті көзір бар. Еркі қаласа, оның алдағы уақытта президенттікке түсуіне шек қойылмайды. Өзбек президентінде ондай мүмкіндік жоқ. Әзірге. Қысқасы, Орталық Азияны билік елесі кезіп жүр.

2007 жыл





МЕН УКРАИН БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ...

Мен басқа емес, украин болғым келеді... Қазақ болудан әбден қажыдым: аталарымыз ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткіздік дегенімізбен, өз қолымыз өз аузымызға жеткен тұстың бұралаңы көбейіп барады. «Қазақ, басқаға болдық мазақ!» әу басында қалжың ретінде қабылдағанымызбен, шынында да осы ыңғайдан көрінеді. Жұрт не десе, о десін, ұлтымды өзгерткім келеді. Қазақ болып «қатырғаным» шамалы, одан да ендігі қалған өмірімде басқа ұлттың өкілі болып, емін-еркін өмір сүрейін. Басқалардың алдында төменшіктемей, басын биік ұстайтын.

– Сонда кім болғың келеді?

– Украин.

– Неге?

– Білмейсің бе? Қазір бұрынғы кеңестік кеңістікте украиндардан басқа аты озып тұрған ұлтты көріп тұрғаным жоқ.

Басқасын айтпағанда, ағайынды Кличколардың өздері неге тұрады! Бірінен соң бірі кәсіпқой бокс федерацияларының барлығының тәжін иеленді. Жылдар бойы кәсіпқой бокстың көрігін қыздырып келген америкалық, еуропалық боксшылар украин ұландарының алдында дәрменсіз күй кешті. Ұлтының рухын асқақтатқан Кличколар тұрғанда украиндықтардың асығы әманда алшысынан түссе керек-ті.

«Алтын доптың» иегері Шевченконың аяқ алысы қандай десеңші! Әлемдік ареналарда ойқастағанда, жанкүйер қауым «Шеваның» қимылына кәдімгідей риза болады-ау. «Шевалардың» арқасында ғой, қарт құрлық біріншілігінде атой салғаны Украина құрамасының. Футболдың бәсін асқақтатқан «ко»-лардың ойын өрнегі енді Киевтің төрінде футбол көрігін қыздырады. Еуропа чемпионаты Польша мен Украинада қатар өтетін болады.

Не десе де, «Кобзарьдың» ұрпағы азаттықтың дәмін шын мәнінде сезініп келеді. Тәуелсіздігін жариялаған жиырма жылға жуық уақыттың ішінде төрт президент таққа отырды. Әуелі Кеңес одағының ыдырауына ықпал еткен елдің тұңғыш президенті Леонид Кравчук билікпен қош айтысты. Жанталасқан жоқ, тізгіннен ажыраса «өліп қалатындай» күй кешкен жоқ, алып елдің үлкен креслосын Кучмаға табыстап кете барды. Кучма да екі рет сайланды. Конституцияға сәйкес. Ол ел билігін Януковичке аманаттағысы келіп жанталасқанымен, халық өз таңдауын жасады. Сайлауда Виктор жеңіске жетті. Ющенко. Алайда, үшінші президенттің шама-шарқы бес жылға әрең жетті. Кезекті сайлауда басқа Виктордың, Януковичтің бағы жанды. Украина жұртшылығы өз байламын айтты. Айтпақшы, еңсегей бойлы ерлермен тайталасып жүрген Юлияның да орны бөлек-ау. Ол президенттікке бәсеке барысында қарсыласынан бар болғаны екі пайыздың үстінде дауысты аз жинағаны мәлім болды. Осыдан кейін украиналықтарға риза болмай қайтесің.

Бір қызығы, билікпен қоштасқандары бет жыртысып жатпайды да. Саясат ыңғайында алуан түрлі сөз айтылғанымен, ұлттық мүддеге келгенде бірауыздылық көрсетеді. Біздің ұлықтарға өнеге-ақ болатын жайт.

Шетінен сен тұр, мен атайын, Рада депутаттарын айтсайшы, атқарушы биліктің қалғуына мүмкіндік бермейтін. Қысқасы, қысқа мерзімде украиндар Еуропамен терезесі

теңесетіні айқын. Еңсегейлі ерлері тұрғанда. ЕҚЫҰ-ға төрағалық жасағанымызбен, біздің Қазақстанның демократиядан ауылы алыс. Сондықтан да украин болғым келеді менің.

Украин болғанға не жетсін, рухың асқақ жүретін!

2008 жыл





ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ҺӘМ ТҰҢҒЫШ ЧЕМПИОН

Қазақтың талантты тұлғаларына басқалардың ортақтасқысы келіп-ақ тұрады. Бұл жағынан алғанда, түбі бір өзбек жұрты «өзімсінетін» жандар жеткілікті. Әрідегі әл-Фараби бабамызды айтпаған күннің өзінде, берідегі генерал Рахимовты туысқан халықтың еншілеп алғанын, батырға көрсетілген көрші елдегі құрмет айғақтай түседі.

Бергінде талантты суретші Орал Таңсықбаев та тегі жағынан болмаса да, насихаты жағынан «өзбек» болған-ды. Әйтеуір, Сабыр Рахимовтың зайыбы «аттандап» жүріп, батырды туған жұртымен қайта қауыштырып еді. Алайда, генералдың ерлігін еліне паш етудегі еңбек әлі кемшін соғып жатыр. Даңқты баскетболшы Әлжан Жармұхамедовті де орыстар «өзбекстандық» деп бағалайды. Соған қарағанда қазақ саңлақтарының мәртебесі басқа жұрт қызығарлықтай болғаны ғой. Ал біз барымызды бағалауға, таланттарымызды асқақтатуға келгенде әлі баяғыдай бейғам күйдеміз...

Әлжан Жармұхамедов – қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы. Тоғыз дүркін КСРО чемпионы (1970-1978 жж, 1980 ж.), КСРО құрамасының сапында үш мәрте Еуропа чемпионы (1967, 1971, 1979 жж.). 1972 жылы Олимпиада чемпионы атанды. 1979 жылы «КСРО-ға еңбек сіңірген спорт шебері» атағына ие болды. Қос саусағы мен көру қабілетінің кемшіндігіне қарамастан, Әлжан КСРО-ны қоса алғанда, кәрі құрлықтың талай додасында топ жарған-ды.

Ұзынтұра қазақтың шеберлігіне тәнті болмағандар кем де кем. Әлемге әйгілі жаттықтырушы Александр Гомельскийдің өзі Әлжанды «құрығына түсіру үшін» сан түрлі әдіс қолданған. Ақыр аяғында спортшыны Мәскеуге «конвоймен» алдыртуға мәжбүр болыпты. Осының бәрі қазақтың бағына туған баскетболшының талантын еріксіз мойындағаны үшін...

Әлжан ағамыз оңтүстігіміздегі көршінің ыңғайына жығылғанда, әлдеқашан-ақ Ташкенттің төрінде мадақ-марапатқа малынып отырар ма еді... Ол қарағайға қарсы біткен бұтақ тәріздес қалпында. **«Мені қазақ емес деп кім айтады? Әлде, 1972 жылдан бұрын Олимпиада чемпионы болған қазақ бар ма? Әкем Мүсірбектің тегі тарихқа енді, оны өзгерту әсте мүмкін емес. Менің әкем – қазақ, шешем – орыс...»**, дейді даңқты баскетболшы.

Тұңғыш Олимпиада чемпионын халқымен жақындастыруға жанын салып жүргендер – сол баяғы журналистер. Әуелі Әлжан Жармұхамедов журналист Талғат Батырханның жанкештілігінің арқасында басылым бетінде жұртымен қауышты. Одан кейін Алматыға ат басын тіреді. Онда да биліктің емес, спортқа жанашыр жандардың шақыруымен. Жақында сырттағы қандастарымыздың өкілі ретінде елордаға келді. Даңқты баскетболшының жанынан тағы да Талғатты көрдік. Елорда төрінде де «Түркістан әбжыланымен» бұқаралық ақпарат өкілдері әңгіме-дүкен құрды...

Ана бір жылы Александр Винокуров бір топ шетелдік спортшымен келгенде, «қырылып қала жаздағанбыз». Ұлықтарымызға дейін зыр жүгірген қызмет етіп, Әлжан келгенде, басқа емес Туризм және спорт министрлігіндегілердің өзі тым-тырыс. Әлде, «қалай қарсы алу туралы» «команда» болмаған ба? Солай шығар, біздің шенеуніктер бұйрықсыз аттап баспайды ғой. Ал бұйрық болса, бәрінің тас-талқанын шығарады...

«Бұйрықсыз қимылдайтын» Үкімет те, Парламент те жымжырт. Бәлкім, Премьер-Министр мен палата төрағалары Әлжан Жармұхамедовтің еңбегінен, оның елордаға келгені-

нен бейхабар шығар? Әлде Әлжанды қабылдау ол кісілердің денгейіндегі шаруа емес пе?

...Ал біз бұйрық бере алмаймыз. Ел-жұрттың көкейіндегі сауалды, арман-тілекті керенау кеңселердегі төрелерге жеткізуге тырысамыз. Мемлекеттің мәртебесін көтеру дегеніңіз – тұлғалардың еңбегін бағалаумен, асқақтатумен астасып жатады емес пе! Жұртшылық тұлғаларға қарап бой түзейді. **Еліміздің тұңғыш Президенті ұлтымыздың тұңғыш Олимпиада чемпионы Әлжан сынды саңлақты Ақорданың төріне оздырып, марапат көрсетіп жатса, керемет-ақ емес пе!**

2008 жыл





АРТЫҒАЛИДЫҢ ЕСЕНИННЕН НЕСІ КЕМ?

Тараздықтардың орыс әдебиеті мен мәдениетіне деген шектен тыс құштарлығына таңғаласың. Әлде Таразидеологиясының тұтқасын орыс мәдениеті мен әдебиетінің тереңіне құлаш ұрған тұлғалар ұстап отыр ма? Қалай болғанда да, жат жұртта «жанашырлары» бар Ресейге ра-қат, басқаларды «уысында» ұстайтын. Өйткені, мәдениетті санаға сіңіру арқылы кез келген жұртты тұсаулап тастауға әбден болады емес пе. Ендеше, орыс идеологиясының ұпайы түгел.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Гайдайдың «Джентельмены удачи» фильмінің кейіпкерлеріне қоладан ескерткіш орнатылды тарихи шаһардың төріне. Кейіпкердің фильмде «Джамбулды» атағаны үшін. Қазекеңнің бір ауыз сөздің құдыретін ерекше бағалайтынын осыдан-ақ көре беріңіз.

Жақында Таразда «Есенин оқулары» өтті. Үшінші рет өткізіліп отырған «Есенин оқулары» барған сайын тараздық жастардың арасында кеңінен қанат жайып келеді. Жыл сайын Есениннің туған күні жырсүйер қауым ақынның ескерткіші маңына жиналып, оның жырларын оқып және шайырға өздерінің шығармасын арнайды.

– Стихи его бессмертны и бесценны, Сергей Есенин будет жить всегда! – дейді орыс тілінен отыз жыл бойы дәріс оқыған Татьяна Голышева.

Апыр-ай, сонда казак акындарының жырлары мәңгілік емес пе? Әлде Голышева сынды әдебиетті насихаттаушылар жағы кемшін бе? Не десек те, әлі күнге дейін орыс мәдениетінің шылауынан шыға алмай жүргенімізді ешкім жоққа шығара алмас?! Әйтпесе, Сергейдің жырларынан бір мысқал кем емес жыр жазған, керек десеңіз таланты жоғары тұратын шайырлар аз ба қазақта!

Қамыкпа, досым камыкпа,
Келер күн бақыт сыйлайды.
Адамдар сыяр табытқа,
Акындар бірақ сыймайды, -

деп жырлаған Артығалидың жырлары Есениндікінен кемшін соға ма?

Тараз шаһарының мәдениет саласын басқаратындар Артығали акынның поэзиясынан бейхабар болар, бәлкім. Олай болса, қысқаша соған да тоқтала кетелік. Бар болғаны 21 жыл ғана ғұмыр кешкен (1953-1974) Артығали Ыбыраев артында өшпес жыр қалдырды. Ол Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Саудақент ауылының Байкадам артындағы орта мектебінде оқыған. Жасындай жарқылдап өмірден өткен акынның жырлары өткірлігімен құнды.

Әр нәрсеге құлақ түріп,
Әр нәрсені біл, түсін!
Кейбіреулер жылап тұрып,
Жасырады күлкісін.
Бұл өмірдің тұнық сырын,
Біліп болар қай кісі.
Кейбіреулер күліп тұрып,
Жасырады қайғысын.

Жиырмадағы жігіттің өмірлік философиясы қай қиырлардан Қозғайды десеңші. Адамның бүкіл болмысын, тіршілігін қос шумак өлеңнің аясына сыйдырып жібергендей.

Тұлпар - өмір,
Жалыңа ерте жабыстым.
Тіршілікпен,
Тізе қағып таныстым.
Езге атылдым,
Жебесі боп намыстың...

«Намыстың жебесі боп атылған» Артығали жырларынан Тараз қаласының тізгінін ұстаған ұлықтар бейхабар шығар?.. Әйтпесе, тарихи шаһардың төріне Артығалидың сұлу мүсінін орнатып, жырсүйер қауым соның айналасында жыр оқып, мүшәйра өткізіп жатса, ғажап емес пе! Қазақ мәдениеті мен әдебиетіне қолдау көрсету осындай шаралардан бастау алатын болар. Сіз не дейсіз, оқырман?

2008 жыл

БАҚИЛЫҚ БОЛҒАНДАР КҮТЕ ТҰРСЫН БА?

«Нұр Астана» республикалық жастар апталығында «Жетпіс жеті жылдан кейінгі жаназа немесе ұлт зиялылары неге үнсіз?» (27.02.2011) деген мақала жарық көрген болатын. Жарияланымда алаш қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының сүйегі елге жеткізілгендігінен оқырманды хабардар ете отырып, ұлт зиялыларына деген базынамызды да жеткізгенбіз. Әйтсе де, зиялылар сол үнсіздігін әлі бұзған емес. Аруақ сыйлаған ел едік, жаңа ғасырда ол қасиетімізден де ажырап қалғандаймыз. Амал жоқ, сол мәселеге қайта оралып отырған жайымыз бар. Өйткені, Қазақ елі үшін опат болған Смағұл Сәдуақасұлының сүйегі әлі жер қойнына табысталған жоқ. Арыс сүйегінің күлі Астана қаласындағы Сәдуақас қажы Ғылмани атындағы мешітте әлі сақтаулы тұр. «Қауіп еткеннен айтамын» демекші, жоғарыдағы мақалада осыған байланысты өз ойымызды да білдірген едік:

«Өлі риза болмай, тірі байымайды». Қазақ асыл азаматтарының сүйегін жер қойнына арулап жөнелткен. Өлік жөнелтуді дауға айналдырмаған. Ендеше, Мәскеуден жеткізілген Сәдуақасұлының сүйегін мұсылмандық жөн-жоралғымен туған топырағына табыстау - Қазақ еліне үлкен сын. Ел тұтқасын ұстағандарға сын. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аталып өтетін жыл ел азаттығы үшін жанын Қиған қайраткер Смағұл Сәдуақасұлына құрмет көрсету - тәуелсіздікке тәу етудің өзіндік бір үлгісі болмақ.

...Жетпіс жеті жыл жат жерде жатқан сүйекті енді атажұртында алты күн сақтаудың жөні жоқ, сірә.

Халықтың қаһарман перзенттерін қастерлеу осындай игі шаралардан бастау алар болар?!

...Біз айттық, келесі қадам - билікте!»

Тағы да үнсіздік зиялылардың қоғамдық пікірге құлақ аспауында бір гәп бар ма, әйтеуір құзырлы кеңседегілер де кимылсыз. Әншейінде наукандық шараларға белсене кірісетін шенеуніктер шоғыры Смағұл Сәдуақасұлының сүйегі атажұртқа жеткізілгенінен тіпті бейхабар тәрізді...

Алаш қайраткерінің сүйегі атажұртқа жеткізілгеніне де кеше 40 күн толды! 40 күн! О заман да, бұ заман қай қазақ бабасының сүйегін 40 күн бойы көмусіз сақтаған?! Сүйекті осылай қорлауға бола ма? Сүйегін жер қойнына беруді кідірте тұратындай тұлға ма еді Смағұл?! Ол Сәдуақастың перзентінен алаштың қайраткеріне айналды емес пе?!

«Өлі разы болмай тірі байымайды». Бұрын-соңды қазақ әуелі бакилық болған азаматын алыс сапарға аттандырып алып, тіршіліктің тырбаңына сосын кіріспеуші ме еді?! Әлде, қазір алдымен тірілердің мәселесі шешіліп, наукандық шаралар өткізіліп, кейінгі кезек бакилық болғандарға келе ме? «Жүре берсең, көре бересің» деген осы шығар, бәлкім?!

2011 жыл

СҮХБАТТАР

Сайлау Батыршаұлы:

ОЙ ТҰСАЛҒАН ЖЕРДЕН ТОҚЫРАУ БАСТАЛАДЫ

Сайлау Батыршаұлы ылғи да ұлт мәселесіне келгенде көңілі толмай, алқалы жиындарда өзінің осы ыңғайдағы пікірін жеткізіп жатады. Осыдан жиырма шақты жыл бұрын Алматы қаласында қазақ мектептерін ашуға жанталасып жүргенде де қазақ тілінің мүшкіл халіне көңілі толмайтын еді. Қазіргі кезде де сол. Біздің сұхбатымыз да «Ұлт мәселесіне келгенде неге күйректікке салына бересіз?» деген сауалдан басталды.

- 1959 жылғы санақта қазақ халқының саны 29,3 пайыз болған уақытысында да ұлт мүддесі үшін күрескенбіз. Сондай қиын кездің өзінде де үлкен сенім алға жетеледі. Қазіргі кезде ақырзаман орнатудың тіпті жөні жоқ. Алайда, өз тізгініміз өз қолымызға тиген тұста ұлттық мүдденің кенжелеп жатқанына күйінетінім рас. Сол себепті менің жазған кейбір мақалаларымда, сөйлеген сөздерімде осындай көңіл күй болуы мүмкін. Оның бәрі өзіне тиесілі тұғырына қона алмай отырған ұлттық мүддемен астасып жатады. Шын мәнінде оптимиспін. Үкімет келеді, кетеді халық қалады. Ұлт бар жерде оның мүддесі шешіледі деген сөз.

Қазақ мемлекеттілігін қайта қалпына келтірген тұста, сарыуайымға салынатын тіпті жөніміз жоқ. «Қытай халқының мынандай мақалы бар: «Тоқпан жілік қаншама жуан

болғанмен, оны құмырсқа түбінде мүжіп бітіреді». Менің өмірлік кредом - осы. Қанша жерден ұлт мүддесіне қатысты проблемалар шаш-етектен болғанымен, түбінде біз оны «мүжіп» бітіреміз. Әйтсе де, осы мәселелерді мейлінше жедел жүзеге асыру қажет деп ойлаймын. Бір тілді барлығы - қоғам, өкімет жабылып 16 жыл бойы оқытпайды ғой. Сол себепті жаңаша бетбұрыс керек.

- Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі жерде қазақ ұлтының жок-жітігі түгенделіп бітті ме? Сіздіңше, тәуелсіздікті жариялаудың «біссімлләсі» неден басталуы керек еді?

- Ұлттың жок-жітігі түгенделіп бітті деп айту қиын. Қайта ұлт мәселесінде атқарған ісімізден, алдағы атқаратын шаруамыз шаш-етектен дегеніміз дұрыс шығар. Әңгімеміз ұлт мәселесі тәңірегінде болғаннан кейін бір сәт КСРО-ның күйреуінің салдарына үңіліп көрсек. Мәскеудің басты қателігі сол, Кеңес Одағындағы 15 одақтас республиканы, 30 шақты автономиялы республиканы біртұтас кеңес халқына айналдырамыз дегені. Яғни осыншама халықты жаппай ұлтсыздандыру саясатына тоқпағының астына салып бермекші болды. Әрине, бұған көптеген ұлт қарсылық көрсетті. Баршаның көкейінде «Мен өз ұлымды жоғалтсам, мұндай социализм кімге керек?» деген сауал пайда болды. Соншалықты алып, құдыретті мемлекет ыдыраған уақытта соны жақтап бірде-бір ұлт көтеріліске шыққан жок. Саяси жүйенің принциптері өзін-өзі ақтамай, ұлттарды жоюға бағыт алғаннан кейін социализмнің әу бастағы гуманистік идеясы әдіра қалды. Ұлттарды жоямын деген алып империяның өзі күйреді. Одақ құрамындағы республикалардың бәрі мейлінше Мәскеудің бұғауынан тезірек құтылғысы келгені де ұлттық мүддеден өрбіді.

Тәуелсіздік аспаннан салбырап түсе калған жок, бабаларымыз азаттық үшін талай арпалысып, бодандық бұғауына Қарсы сан мәрте көтеріліске шыққан. Тұрар, Ахмет, Әлихан, Міржакып, Мұстафа, Халел, Сұлтанбектер не үшін басын тікті? Ұлт үшін, ұлттың бостандығы үшін. Кейбіреулер айтады: «Ешкіммен күрескеніміз жок, құдай аспаннан тәуелсіздікті

бере салды» дейді. Бұл қате тұжырым. Басқасын айтпағанда, қазақ жастары 1986 жылы көтеріліске неге шықты? Әбден тапталған ұлт санасына сілкініс әкеліп, ұлттық рухты не үшін көтеруге әрекет жасады? Бәрі де ұлт мүддесі, қазақтың елі, жері, тілі, намысы үшін. Сондықтан да біз тәуелсіздікке үлкен құрбандықтармен қол жеткіздік. Азаттық үшін құрбан болған бабалар еңбегінің өтеуі бұл. Тәуелсіздік алған уақтағы ел президентінің кеңесшісі Ғани Қасымовтың: «Нам независимость пустилось с неба, у нас не было никогда государственности. Первый глава государства Нурсултан Назарбаев» дегенді айтуы да бекер. «Қазақтың тарихында бұрын-соңды мемлекеттілігі болған жоқ» деу - қиянат.

Бұл жағынан алғанда, алақандай Грузия бізге үлгі-өнеге болатындай. Кеңес одағы тарағаннан кейінгі олар өздерінің саяси мақсатын: «Восстановление грузинской государственности» деп мәлімдеді. Біз де осылай Тәуелсіздік туралы заңды қабылдаған кезде: «Қазақ мемлекеттілігінің қалпына келтірілуі» деп таңбалауға тиіс болатынбыз. Басшылар «біз тумай тұрып та қазақ халық болып келді, ел басқарған басшылары болды, біз бүгін солардың ізін жалғастырушылармыз» деп парасаттылық танытуы тиіс еді. Алайда, оған биліктегілердің тәуекелі жетпеді. Керісінше, Қасымовтар жоғарыдағы бос сөзді айтты. Осыдан кейін Жириновскийлер «қазақта мемлекет болған жоқ» деп бөседі. Өзіміздің тарихымызды өзіміз жоққа шығарып отырғанда, басқалар не демекші?

- Қазақстан әлемде тәуелсіздігін жариялаған жалғыз мемлекет емес қой. Олай болса, қазақ еліне сабақ боларлық басқа тәуелсіздік алған елдердің қандай алғашқы қадамдары бар?

- Өткен ғасырдың 50-ші жылдары Азия мен Африканың біраз елі өз тәуелсіздігін жариялады. 1917 жылы Африкада екі-ақ мемлекет — Египет пен Либерия тәуелсіз ел санатында еді. Соңғысы АҚШ-тың қара нәсілділерді тоғытып әкеліп, қолдан жасаған мемлекеті ғой. Қос құрлықтағы басқа елдердің бәрі де Англия, Испания, Францияның отары болып келді. Ал 1960 жылы Африкада үш-ақ отар мемлекет қалып, қалған 50-

ге жуық ел өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Олар ең алдымен отарсыздандыру процесін жүзеге асыра бастады. Оған білім мен бүкіл ағартушылық жүйесін жаңа бағытта, ұлттық мүдде тұрғысынан қарайтын соны бағдарламалар жасады. Оқулықтар да осы ыңғайда әзірленді. Бұрын-соңды Ұлыбританияның патшайымы мен Француздың императорын мадақтаған дүниенің бәрі алынып тасталды. Отар елдердің экономикасы да бодан болған елінің экономикасына маталып қалған, тәуелді болатын. Экономиканың тәуелділігі ұлт мүддесінің де басыбайлы болуына әкеледі. Сол себепті жанадан тәуелсіздік алған елдер біртіндеп экономика саласындағы тәуелділіктен де арыла бастады. Мәселен, Алжир Франция экономикасына тәуелді еді, техниканың 60 пайызы Францияныкі-тұғын. Олар Кеңес одағымен, басқа елдермен байланыс орнатты да француз технологиясының мөлшерін 30 пайызға дейін төмендетті. Сол сияқты Қазақстанда да отарсыздандыру процесін жүргізіп, Ресеймен қайта құшак айкастыра жакындасуға ұмтылудың кажеті шамалы. Керісінше, өндірісі алға дамыған басқа елдермен байланысты нығайтатүсуіміз керек. Экономикалық дербестігімізге қаншалықты қол жеткізсек, қалған салалардағы да жоспарымыз жөнге келеді.

Отарсыздандыру процесі жер-су аттарында, жалпы идеологияда жүруі тиіс. Әлі күнге дейін империяның көзіндей көріп Павлодар мен Петропавлдың атын өзгертпей отырмыз? Ресей ұлықтарының қазақ жерін отарлап алғаннан басқа қандай еңбегі өтіп кетіп еді? Бертінге дейін айтылып жүрген «өз еркімен қосылу» деген бос нәрсе. Ешбір халық өзінің бостандығын басқа біреудің босағасына апарып байлап бермейді. Әбілқайыр бодандыққа өз еркімен илікті дегенге сенбеймін, амалдың жоқтығынан барды. Егер қол қоймаса, әскердің күшімен жаулап алатын болды. Мұндай әрекетті дипломатия тілінде «принудительная мера» деп атайды. Осындай «мәжбүрлеу шарасы» арқылы қазақты өзіне қаратқан елдің ұлықтарының есімімен коштасуды әлі күнге қимай отырмыз...

- «Қимай отырғанда» емес мәселе, гәп орыс ұлты өкілдерінің көп екендігінде. Біздің билік бишігіндегілер әңгіме төркінін осы киырдан қозғайды ғой?

- «Орыстар көп қой, олар қалай қарайды» деген ұғымды ба-
сынан шығарғысы келмейді олардың. Қазақстан тәуелсіздігін
жариялаған 15 жылдың ішінде көп нәрсе өзгеріп кетті ғой.
Тәуелсіздік алған тұста республикадағы қазақтар саны 40 пай-
ыздан сәл асса, бүгінде 60 пайыздан жоғарылады. Мәселе,
басқа ұлттардың аздығы мен көптігінде емес, гәп казак
билігінің табансыздығында. Қазақстанда мемлекеттіліктің
темірқазығы болып отырған казак ұлты екенін айтуға өзіміз
жасқаншақтық та, барша жұрт мойындайды. Орыстар көп
дейді, Украина тәуелсіздік алған кезде осы елде 13 миллион
орыс болған екен. Қазір 11 миллионның шамасында. Осын-
шама нөпір орыс бар екен деп, жалтақтап отырған олар жоқ,
елдің түпкір-түпкірінде қолданыста украин тілі жүреді.
Бізде небәрі 3 миллион орыс бар деп, бүкіл мемлекеттіліктің
мәселесін солардың қас-қабағына байлап қойдық. Кететін
адамдар қанша жерден қас-қабағына қарап, асты-үстіне түссең
де кетіп қалады. Қазақстанда қиыншылық болған кезде арты-
нып, тартынып 2,5 миллион халық кетіп қалды емес пе. Рас, біз
ұлтшылдық ұранын көтеріп, «кет» деп айтпауға тиіспіз. Бірақ,
казак халқының мүддесін басқа ұлт өкілдеріне жығып беру
мүлдем қате. Қазақстанның, Қазақ мемлекетінің иесі - казак
халқы. Сондықтан мемлекеттіліктің жауапкершілігі казак
ұлтына жүктеледі.

«Қазақстандық ұлт» десеңіз жауапкершілік кімдерге
жүктеледі? «Қазақстандық ұлт»-тың өкілдері қазақтың мол
байлығын үрлеп ішіп, шайқап-төгіп, қиын кезде атажұртына
қоныс аударып кете барды емес пе? Сосковоң, Пачин, Тё мен
Гиллер жиған-тергенін арқалап, кеткен жоқ па қыр асып. Сая-
си ойынның да өзіндік өргені бар. Достық пен тыныштық үшін
басқа халықтармен қарым-қатынасымыз жақсы болуы қажет.
Бірақ, казак халқының мәртебесін диаспоралар дәрежесіне
дейін төмендету қате. «Қазір барлығы - дүнген де, ұйғыр да,
ингуш та, өзбек те, казак та бірдей» деген сөз биліктің аузы-
нан жиі айтылады. Құдды кешегі Кеңес одағының көшірмесі
іспетті. Конституция талаптарына сай азаматтық құқықтарымыз
бірдей. Бірақ, атам заманнан осы жерде мекендеп келе жатқан

оның толыққанды иесі, мемлекет атын иемденіп отырған ұлт бар емес пе? Неге оның құқы шектелуі тиіс?

- «Қазақстандық ұлт» деген ұғымды айтып қалдыңыз, бұл кешегі «кенес халқының» бүгінгі «бауыры» емес пе? «...стандық» соншалықты қимайтындай беделімізді биіктетер жұрнақ па?

- Бұл идеяны ту кылып көтерушілер мысал ретінде АҚШ-ты айтады. АҚШ федеративті, ал Қазақстан біртұтас мемлекет. Сол себепті екеуін салыстыру мүлдем дұрыс емес. Қазақтар этнос ретінде атам заманнан, мыңдаған жылдар бойы осы жерді мекендейді. Ал америкалықтардың абориген-үндістердің атамекенін, бүгінгі АҚШ аумағын бағындырғанына екі жүз жылдың жүзі болды. Қазақтарды атажұртында ту тіккен халық ретінде бүгінде күллі әлем мойындайды. Ендеше, әлем мойындаған ақиқатты айтудан біз неге жасқанамыз?

Франция жұртын жалпылай француздар, Түркиядағы халықтарды ұлтына ажыратпай түріктер деп атайды, ал бізде неге қазақстандық ұлт болуы тиіс? Еуропада франциялық, түркиялық, германиялық деген ұлт жоқ. Қолдан жасалған ұлт «кенес халқының» ақыры қайда апарғанынан бейхабармыз ба? Қазақ ұлтын «қазақстандық ұлтқа» айырбастау ұғымды басқаша мағынасына қарай бұрмалау болып табылады. Егер шын мәнісінде бір ұлт жасағысы келсе, басқа диаспора өкілдері «қазақ ұлты» болып жазылсын. Бірақ, оларды мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Қазақстанда туып-өсіп, оны Отаным деп санайтындар «қазақ ұлтын» қабылдаймын десе өз еріктері. Қысқасы, «қазақстандық ұлт» дегенге қарай қисаюдың қисыны тіпті жоқ.

Атажұртында қазақтар азшылыққа айналып, 40 пайыз болғанда, «ойбай үндемейік, азбыз», дедік. Енді уақыт әміршінің өз сөзін айтатын кезі келді. Қазақ халқының саны 60 пайыздан асты. Шекарамызды шегендеп алдық, экономикамыз өсу үстінде, елдің тұрақтылығы орнықты. Ұлттың сана-сезімі жоғары. Сондықтан ендігі жерде Қазақ мемлекеті, қазақ халқы, Қазақ ұлты дегенді қалпына келтіруіміз керек. Ата Заңымызда «Қазақстан - қазақ халқының мемлекеті, онда басқа ұлттардың өкілдері де тұрады» деп жазылуы тиіс.

- Ниет түзу болса, тілді меңгеру дегеніңіз аса қиын шаруа емес секілді, оған біздің Премьер-министрлер «премьер» бола алады. Олай болса, Қазақстанда басқа ұлт өкілдері мемлекеттік тілді меңгерген жағдайда президенттікке бәсекеге түсуге әбден құқы бар екен. Келесі жолы Сергей Терещенко додаға түсіп жатса, таңғалмайсыз ба?

- Таңданатын несі бар, Ата Заңның аясындағы қабылданған заңдар Терещенконың президенттік бәсекеге түсуіне мүмкіндік береді. Конституция бойынша мемлекеттік тілді меңгерген еліміздегі кез келген ұлт өкілі де президент бола алады. Биліктегілердің бұған да айтатын уәжі дайын. «Демократиялық дамуды алдына мақсат етіп қойған кәрі құрлықта осындай. Еуропада, мысалы, Францияның Конституциясында президент міндетті түрде француз болуы керек деген сөз жоқ, немістерде де солай». Оларға ондайды жазудың қажеттілігі де жоқ. Себебі, француздар өз елінде 85 пайыздан астам, ал немістер Германияда 90 пайызға жуық. Ешқашан ол жерде басқа ұлттар президент болуы мүмкін емес, жазбайтын себебі де сол. Басқа ұлт өкілдері сайланып кетуі мүмкін деп қауіптенген елдерде оны мықтап тұрып Конституциясында бекітеді. Мәселен, Моңғолияда президенттің моңғол болуы, оның үстіне ол Моңғолияда туылған болуы міндетті. Біздің де Ата Заңымызда осылайша таңбалануы тиіс. Қазақша үйрену қиын боп па?

Ата Заңға енгізу керек демекші, Перуде төмендегідей жағдай болды. Жапония осы елге үлкен инвестиция құйды. Сөйтіп, елдегі бүкіл экономиканың тетігі жапондардың қолына көшті. Алайда, инвесторлар жарылқайды деген сенімнің алдамшы екені көп уақыт өтпей-ақ мәлім болып қалды. Тарихта бір халық екінші халықты асыраған жағдай болған емес. Уақытша асыраған күннің өзінде де түпкі мақсаты өз мүддесімен астасады. Перуліктер инвесторларға көңілі ауғаны соншалық, барлық жұмақты жапондықтар орнататындай күй кешті. Тіпті кезекті президент сайлауында түбі жапондық Альберто Фухимориді мемлекет басшысы етіп сайлап жіберді. Әрине, ол алғашқы кездері жақсылық жасаған сыңай танытқанымен, екінші жағынан

Перудің байлығын Жапонияға қарай тасыды. Бүкіл байлық жапондардың қанжығасына бөктерілді. Ең ақырында жағдайы нашарлаған халық көтеріліске шығып, президентті қылмыстық жауапкершілікке тартуды талап етті. Президент болса ұшаққа отырып Жапониясына тайып отырды. Оның үстінен қылмыстық іс қозғалғанымен, Жапония оны әлі күнге дейін бермей келеді. Ата Заңымызға қазақ елінің президенті қазақ болуы тиіс дегенді шегендеуіміз қажет дейтініміз де сол.

-Уинстон Черчилльдің: «Англияның мәңгілік достары да, мәңгілік жаулары да жоқ, мәңгілік мүдделері ғана бар» деген қанатты сөзі дүниеге тарап кетті. Сол сияқты қазақтың мәңгілік мүдделері жөнінде қайсыларын атар едіңіз?

- Қазақтың мәңгілік мүддесі, ең алдымен, қазақтың өзін ұлт ретінде толыққанды санауымен бағамдалады. Соңғы уақыттарда қазақ әлі ұлт ретінде қалыптасқан жоқ деушілер қайта атқа қонды. Басқа түгілі халық қадір тұтқан Олжас Сүлейменовтің өзі «қазақ әлі халық ретінде қалыптасқан жоқ» дегенді айтып жүр. Өткенде оқыған, көзі ашық деген қазақтың бір азаматы: «балалардың бәрі орысша оқиды, қазақша басылымдарды оқитын қазақтар аз, бұл қазақтың ұлттық деңгейге көтерілмегендігін көрсетеді» деп сайрап отыр. Мен әлгіге: «осындай әңгімені айтып отырған сенің ұлттық сана-сезімің әлі жетілмеген», дедім. Біз ешбір ұлттан кем емеспіз. Әңгіме кеңес өкіметі тұсындағы жетпіс жыл ішінде Мәскеу бізді жаныштап, басып тастады. Құдайға шүкір, қалпымызға қайта келдік. Сол себепті ендігі жерде біздің төменшіктейтін жөніміз жоқ. Ұлт ретінде, халық ретінде Мәскеу не дейді, Пекин не айтар екен, Еуропаның пікірі қандай, Вашингтон қалай дер екен деген жалтақтықтан арылуымыз керек. Бұл жерде басты мүддеміз -қазақ халқы, қазақ мемлекеті, қазақ мемлекетінің тұтастығы болуы керек.

Иә, біз басқалармен сауда-саттық, техникалық байланыс орнатуға мүдделіміз. Алайда, біреудің айтқанына көніп, айдауымен жүрмеуіміз керек. Мәселен, менің ойымша, Қазақстан АҚШ-пен қанша жерден стратегиялық әріптес болса да, оның

Иракка әскер жіберуі қате деп есептеймін. Өйткені, бірде-бір араб мемлекеті, АҚШ-тың ең басты одақтасының бірі болып табылатын Кувейт, Сауд Арабиясы, Катар, Египет бірде-бір жауынгерін Иракка жіберген жоқ. Мұсылман әлемі де қыбыр етпеді. Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан да әскерін шекарасынан әрі шығармай отыр. Ал, мұсылман әлемі қазақтардың ұстанымына түсінбестік танытады, «бұлардың бүйрегі басқа жаққа бұрады» деген сынайда. Иракта АҚШ-тың ғана мүддесі бар, оған Қазақстанның қатысы шамалы. Сол себепті бір мұсылман мемлекетінің келесі бір мұсылман мемлекетінің аумағына әскерін кіргізу дұрыс емес. Иракка АҚШ әскерінің кіргенін көршіміз Ресейдің Сыртқы істер министрлігі басқыншы ретінде баға беріп, мәлімдеме де жасады. АҚШ-тың Иракка қарсы шабуылын БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі қолдаған жоқ. Өзінің сыбайласы Ұлыбритания болмаса, Еуропа Одағы да Вашингтонның ниетін құп көрмеді. Сыртқы саясаттағы мұндай қадамнан ешқашан ұпай таппаймыз. Сондықтан неғұрлым әскерді тезірек шығарып алсақ, соғұрлым бізге абырой болады. Мәңгілік мүдделер, ең алдымен өзіндік мүдделерді жүзеге асырудан басталады.

- Ұлттық мүдделерді жүзеге асыруда ұлт зиялыларының ықпалына байланысты екені анық. Осы төңіректегі ұстанымдар тұрғысынан қарағанда қазіргі қазақ зиялыларына көңіліңіз тола ма?

- Зиялы қауымның ұлттық мүдденің бастауында тұруға тиіс екендігі басы ашық мәселе. Өкінішке қарай, біздің бүгінгі зиялы қауым өз міндетін атқара алмай әлек болуда. Қазақ халқын қазақстандық халыққа айналдырамыз деп отырғанда, олар ауыздарына су толтырып алғандай үндемейді. Көбісімен жеке-жеке ұлттық мәселе төңірегінде әңгіме өрбіте қалсаңыз, қолдап-қуаттай жөнеледі. Ал енді осы пікіріңіздің бәрін алқалы жиында неге айтпайсыз? десең: «Жасымыз келді, бізге саясатпен шұғылданудың керегі не?» деп ат-тонын ала қашады. Олардың көпшілігі - «Халық артисі», «Халық ақыны», «Халық жазушысы», кілең «халықшыл» тұлғалар. Ал шынайы халықтық мәселеге келгендегі әрекеті жоғарыдағыдай. Кейбіреулері тіпті

адам ұялатын сөз айтады. «Мен жақында 60-қа келемін, таяуда 70-ке келемін, соның алдында ұлттық мәселені қозғау ұят». Сондағысы - биліктен қатты қағаз бен сылдырлақ темір күтеді. Құдды сол қағаз мен медальды алғаннан кейін абыройы аспандап шыға келетіндей. Одан да биліктің алғыс хатына емес, халықтың алғысына бөлену бәрінен де қымбат емес пе. Темір-терсек орден-медальдардың Кеңес одағы тұсында нешебір көкесін алған көкелеріміз жүр ғой арамызда. Солардың өзін бүгінгі ұрпақ түстеп тани ма екен? Әлде, осы кісінің пәленбай орден-медалі бар деп төрге отырғызып, құрмет көрсетіп жатырма?

Бауыржан Момышұлы, Жұбан Молдағалиев, Шона Смаханұлының есімі бүкіл жұртқа танымал. Олар орден мен атаққа бола қызмет етпей-ақ халықтың ілтипатына бөленді ғой. Көп халық Бауыржанның Кеңес Одағының батыры атағын бертінде алғанын білмеуі де мүмкін, ал Жұбанды халық КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты ретінде емес, биліктің өктем саясатына қарсы шыққан от жүректі ақын ретінде бағалайтыны сөзсіз.

Зиялы қауым демекші, олардың қалың шоғырланған ортасын билік өз қолымен быт-шыт қылды. Баска емес алып Компартия санасуға мәжбүр болатын Жазушылар одағы, кезінде Жұбанның Колбиннің шыбын жанын шырқырататын қаламгерлер шаңырағы бүгінде мыңдаған қоғамдық ұйымның біріне айналды. Ондағысы «АҚШ-та, Еуропада жазушыларды қаламы асырайтын көрінеді». Баяғыдан келе жатқан дәстүрді бір сәтте үзіп тастап, ал енді батыстың жазушысындай өмір сүр дейді. Олай болса, батыстың құндылықтарына мойынсұнсақ, тағы да «ұқсап бағудың» әдісі бұл. Ұлттың болашағын, мәдениетін, халықтың ертеңін ойлайтын мемлекет зиялысын ешқашан тұсаулап ұстамайды. Ой тұсауланған жерде даму жайына калып, тоқырау басталады.

Кесек-кесек ойлардың ордасына айналған Ғылым Академиясы экономикасы қарыштаған Қазақстанда қоғамдық бірлестік деңгейіне түсті. Ғалымдар өз ойын биліктегілердің көңілінен шығатын пікірлермен безбендеуге кірісті. «Милы

бастарды» тұрмысқа тәуелді ету олардың Үкімет алдындағы «жауапкершілігін» де күшейтеді. Арпалысқан арыстандарды тәубасына түсіру осылайша өкіметке оңайға түседі. Оның үстіне бұрын пікірі онсыз да солқылдақтар биліктің «қорасына» әдемі кіре салады.

- Бүгінде ұлт зиялылары халыққа емес, билікке қызмет ететін болып тұр ғой сонда. Билік бір кездегі партноменклатура сияқты «айдауына жүргізіп, айтқанына көндіргісі» келетіндей ме, қалай?

- Дұрыс айтасыз, «уысында ұстау» жағынан бізде өткен қоғамнан көп айырмашылық жоқ. Үкімет жазушыларды да, ғалымдарды да, тұтас зиялы қауымды «шөміштен қысып» отыр. «Қысымның» күштілігі зиялыларды ұлттық мәселеге келгенде сипай қамшылай айтуға мәжбүр етеді.

- Сіз кеңестік кезеңде қалай «ұлы» болып жүрсіз? Момышұлы, Қыдырбекұлы, Смаханұлылардың қатарында...

- Бала кезден Баукеңнің ерлігін естіп өстік. Ұлты үшін күрескен жақсы хикаяларын жадымызға түйдік. Баукең 1944 жылы майданнан келіп Ғылым академиясында лекция оқыған. Қанды соғыста жүріп қазақ халқының бүгінгі жағдайы, тілі, қазақтың ұрпағын қалай тәрбиелеу керек, қазақ ұлты төңірегінде кеңінен әңгіме қозғайды. Осының бәрін оқи жүріп, ұлтқа қызмет ету үшін ұлттық фамилия болуы керек дегенге тоқтадым. Мектепте жүрген кезде-ақ «ұлы» болып жазылдым. «Ұлы»-лардың бәрін ұлтшыл дейтін ол кезде. Шынында да, олардың бәрі де ұлтқа жанашыр жандар еді. «Ұлы» сөзі адамға үлкен міндеттер жүктейді. Бұл жерде ұлттық намыс, ұлттық қасиет басым болуы тиіс адамда. Өйткені, қазақ екеніңді әйгілеп тұратын үлкен сөз бұл.

- Әңгімеңізге рақмет.

2006 жыл

Серік Аксұңқарұлы:

АДАМДАРҒА АУЫЗДЫ БЕРГЕН АЛЛАҒ:
«АҚИҚАТТЫ АЙТЫП ӨТ», ДЕГЕН БОЛАР!

- Қазақстан бәсекеге барынша қабілетті әлемдегі 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылуда. Жекелей алғанда қазақ поэзиясы алғашқы елуліктің қатарына ене ме?

- Қазақстан экономикасы жағынан, басқа да параметрлері жағынан елулікке қосылар, бәлкім, одан да жоғары биікке ұмтылар. Оған уақыт төреші. Әйтсе де, менің айтарым, әлемдегі алдыңғы қатарлы 50 елдің арасында қазақ поэзиясымен тізгін қағыстыра алатын поэзияны көріп отырған жоқпын. Өйткені, адамзаттың көркемдік ойлау дәрежесінің бір көрсеткіші поэзия болатын болса, осы жағынан алғанда ең кереметі - түркі тілді поэзия, соның ішінде қазақ поэзиясы. Анау Асан қайғы, Ақтанбердіден бастап бертіндегі Абай, Мағжан, Қасым, бүгінгі Маралтайға дейін жазған дүниесінің бәрі керемет емес пе. Қазақтың көркемдік ойлау жүйесі бәрінен асып түседі.

- Жалпы, қазақ поэзиясының деңгейі басқаларынан шоқтығы әлдеқайда биік делік. Алайда, дәл қазіргі поэзияны ертедегі қазақ поэзиясымен салыстыруға келе ме?

- Мен қазақ әдебиетінің басқа жанрлары қандай дәрежеде екенін былай ішім сезеді. Бірақ, қазақ поэзиясы әлі де өз тұғырында деп айтар едім.

- Жөн-ақ. Қазақ поэзиясы замана биігінен сөйлейді дейтін болсақ, сіз неге заманауи тақырыпқа жазбайсыз? Мәселен, уақыттың үнін жеткізетін тәуелсіздік, «Бәйтерек» сынды тақырыпқа неге қалам тербемейсіз?

- Мен ондай тақырыпты жаза алмаймын. Мен Алланың айтқанымен, жүректің әмірімен ғана жазатын жанмын. Жақында Тыныштықбектің сұхбатын оқыдым. Ол айтады: «Ақын - Тәңірінің өкілі, әкім - патшаның өкілі». Осыған үндес екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Сталиннің айтқан бір сөзі бар: «Гитлеры приходят и уходят, а Германия остается». Сол сияқты қаншалықты уақыттың науқанына орай қалам тартқанымен, олардың бәрі өткінші. Науқаншылдық ұранның бәрі өтеді де кетеді, ал ақиқат - мәңгілік. Ал нағыз ақын ақиқатпен бірге қалуы керек. Мен қазақ поэзиясын «Бәйтерек»-тің деңгейімен бағалап отырған жоқпын.

- Сонда қазіргі қазақ поэзиясын кімдермен бағалайсыз?

- Мен бүгінгі поэзияның деңгейін Есенғалиға, Тыныштықбекке, Жәркен Бөдешке, Маралтайларға, Танакөздерге, Дәурендерге қарап бағалаймын.

- Қай заманда да сарай ақындары әдебиет тарихында қалса, тек мықты ақындармен сөз сайысы арқылы қалған емес пе. «Бәйтерек», «2030» сынды арнау жыр жазған кейбір сарай ақындарының әдебиет тарихында қалмайтындығын солар неғып түсінбейді? Әдебиет тарихынан олар әлде бейхабар ма?

- Жоқ, олар бейхабар деп ойламаймын. Тіпті олардың ішінде таланттылары да болуы мүмкін. Әйтсе де, олардың барлығы кеңестік жүйенің жұрнағы. Бәрі кешегі заманда арнау жыр жазып дағдыланғандар. Компартияны, Ленинді жырлаған ақындар. Бүгін енді әкімдерді, ел басшыларын жырлайды. Қазақ әдебиетінің беделі бір жағынан төмендеп бара жатқан себебі де сол. Ода жазғандарды мен ақындар санатына қоспаймын. Ал жалпы, қазақ поэзиясының деңгейін мен ондайларға қарап емес, негізгі діңіне, түбіне қарап бағалап отырмын. Қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік ізденістері өте тереңге кетті.

Ал сарай ақындары қай уақытта да болған, бола береді де.

Сарай ақындарынсыз нағыз ақындардың сәні кірмейді. Бір жағынан ондайлардың жүргені дұрыс та.

- Сіздіңжырларыңыздан әкім атаулыға деген салқынды лебі аңғарылады. Бұл не себепті? «Әкім болар едім ғой, акын болмай... Ақыл-есім егерде «дұрыс» болса!» деген өлең жолдары тағы бар. Әкімдер соншалықты көңіліңізді қалдырған ба?

- Оны бір жағынан қылжақтап айтқаным ғой. Әйтпесе, мына өмірге қайта келсем, бәрібір акын болар едім. Барлығынан ақындықты биік қоямын. Ал биліктің тізгінін ұстағандар мың жерден ішіп-жеп, дүниені шайқай берсін, олардың бәрі өткінші. Нағыз поэзия мен нағыз акын жоғарыда айтқанымдай, мәңгілік. Ақындық - құбылыс. Мен мәңгіге калатын құбылыспын. Ал әкімдердің бәрі жаман десек, тағы күпірлік. Олардың ішінде мәдениетті, әдебиетті түсінетін жақсылары да бар. Мәселен, Қарағанды облысының бұрынғы әкімі Камалтин Мұхамеджановты керемет сыйлаймын. Себебі ол мені акын ретінде алақанына салды. «Серік акын не айтады екен? Соны тыңдаңдар. Серікке жағдай жасау керек, оны еркелету керек. Біз келеміз де, кетеміз. Акын - мәңгілік» деген тәрізді сөздерді айтқан да Камалтин. Сондықтан ақынды, поэзияны құрметтеген әкімді қызметінен кетті екен деп пікірімді өзгерте алмаймын.

- Жоғары қызметте жүргендердің ішінде ұлт мәдениетіне жанашырлық танытатын тұлға жоқ деп ойлайсыз ба?

- Бар. Неге жоқ болсын! Күлтегін жазбасының ата-жұртына оралуына бірден-бір себепкер болған Иманғали Тасмағамбетовтың еңбегінің өзі қандай! Оның қай қызметте жүрсе де, ұлттың мәдениеті мен әдебиетіне бүйрегі бұрып тұрады. Бүгінде Алматы қаласының әкімі ретінде каншама қыруар шаруа тындырып жатыр. Басқасын айтпағанда, алматылық шығармашылық өкілдерінің бүгінде еңсесі көтеріліп, жағдайы жақсарды. Алматыны айтпай-ақ, Қарағандыдағы ақынның жарық көрген жаңа шығармасына жылы лебіз білдіруінің өзі оның ұлт әдебиетін қалай құрметтейтінін

көрсетеді емес пе. Жеделхатты алған сәтте керемет толқыдым. Егер мемлекеттік билікте жүргендердің барлығы Иманғали сияқты ұлт мәдениетіне жанашырлық танытса, қазақ мәдениеті әлдеқашан-ақ әлемдегі мәдениеті озық елдердің қатарынан көрінер еді.

- Жалпы, қазақ қоғамында әкімдерге деген солақай көзқарас калыптасып отырған тәрізді. Бұл неге байланысты?

- Мен ұлт мүддесіне шекесінен карайтын әкімдерді жақтырмаймын. Олардың бойындағы жаман қасиеттің бәрі орыска бодан болған тұста бойға сіңген. Мысалы, ерте заманда казактың ел тұтқасын ұстаған азаматтарының дені өзі әкім, өзі ақын, өзі батыр болған. Ал қазіргінің әкімдері олай емес, оларға қарсы антипод болып отыр. Адам тұлға болу үшін ол қасиет ананың сүтімен берілуі керек, генетикалық түбінде керемет бір тек болуы тиіс. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек мен би болайын деп ешкімнен билікті сұрап алған жоқ қой. Ол өзінің құдіретімен, талантымен, айрықша елге жаққан қасиетімен би болды. Ал бүгінгі әкімдерді жоғарыдан тағайындайды, сол себепті олар халықтың мұң-мұқтажын жете түсінбейді. Осы тұрғыдан келгенде, мен әкімдерді сайлау керек деп есептеймін. Президентті сайлаған халықтың облыс әкімін сайлауға өресі жетпей ме? Мен осыған таңғаламын. Халықтың жүрегін өзінің қабілетімен жаулап алған әкім елге де орасан зор пайдасын тигізеді. Өзінің еңбегімен көрінген әкімді халық қайтып жек көрмекші. Бір әкімді алып тастап, екіншісін тағайындай бергеннен ештеңе өзгермейді.

- «Біз - бассыз қалған денеміз, «Бассыз салт атты» секілді» дейді ақын Серік Ақсұңқарұлы бір өлеңінде. Енді осы ойды тарқатып көруге ұмтылсақ.

- Бассыз қалғанымыздың себебі мынау. Өйткені, біз Махамбеттің басын алғаннан бастап «ақынды өлтіруге болады екен» деген орыстың құдай ұрған өнегесіздігі біздің халыққа да жұқты. Бұған дейін қазақ халқы ақынды пайғамбардай сыйлаған еді, ал Махамбеттің басы шабылғаннан кейін халықтың қасіретін ашық айтатын ақындыққа қатысты қасіретті

сойқан басталды. Кенесарының, Махамбеттің басын алған адамдар құрметке бөленді, маралатталды. Ресейдің билігі, қоғамдық пікірі тарапынан, қазақтың ішкі дүниесі тарапынан. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қуғын-сүргінге де алдымен ақындар ілікті. Мағжан бастаған, Сәкен қоштаған ақындар оққа байланды. Содан кейін интеллигенцияны - «іріңді топты» (Сталин) жеккөру басталды. Осылайша, акын әрі батыр халықты бордай тоздыру белең алды. Сол психология әлі күнге дейін біздің елде салтанат құрып отыр. Бассыз қалған денеміз деп айтатыным да сондықтан. Елге бас болатын тұлғаларын құрбандыққа шалғасын, «бассыз қалған денеміз» демегенде не?

- Сіздің өлеңдеріңізде қай қоғамда болсын ондағы ахуалға көңіл толмаушылық ауаны анық байқалады. Өз еркіңіздегіні жүзеге асыру мақсатында эмиграцияға кетіп қалу ойыңызда болған жоқ па?

- Біз сияқты бодан елде өскен ой адамының бәрі - эмигрант. Біз негізі эмиграцияда жүрміз. Бірақ, еврей ұлты өкілдерімен салыстырғанда, біздің бір трагедиямыз бар. Олардың баратын елі бар, Израилы бар. Біздің табан тірейтін еліміз жоқ, бізді ешкім қабылдамайды. Баратын жері жоқ эмигранттар - қазақтың акын-жазушылары. Мәселен, Асқар Сүлейменов баратын жері жоқ эмигрант-тын. Біз Алланың алдына ғана барамыз эмигрант болып...

- Эмиграцияға қазақтың қайраткері Мұстафа Шоқай кетті ғой...

- Одан басқа шетелге кеткен адам жоқ қазақ топырағында.

- Бұл неге байланысты?

- Бұның жауабы Абайда бар ғой: «Туған жер, өскен мола жібермейді, Әйтпесе тұрмас едім осы маңда». Ұлы акын осылай мойындаған-ды. Шын мәнінде, қазақ халқы туған жерін өте жақсы көретін халықтардың санатына жатады. Әсіресе, өскен жұрттан, туған топырақты қиып тастап кете алмаймыз. Дұрыс па? Сосын сормандай болып отырғанымыз.

- Орыстың оқығандары Қазан төңкерісінен кейін де, Кеңес Одағының «кемелденген» тұсында да эмиграцияға

кетті ғой... Батысқа барып орыстың еркін ойының, ұлттық рухының болмысын сақтап қалды емес пе? Біздің Мағжан, Сәкендердің шетелге кетіп жан сақтауына болмас па еді?

- Осы ой кейде мені де мазалайды. Неге Мағжан шетелге қашып кетпеді екен? Мағжан эмиграцияға кеткенде тірі қалушы ма еді, қайтер еді?.. Бірақ, қазақтың өзіне тән менталитеті ақынды туған топырағынан жібермеді. Не болса да, көресімді еліммен бірге көрейін деген ой оны алысқа ұзатпады. Мағжанның түбіне жеткен осы менталитет. Мұндай ой қазақтың оқығандарының бәріне тән.

- Бертінде тіпті Кеңес Одағы тұсында Солженицын де шетелге кетіп бас сауғалады емес пе?

- Оның мынадай мәні бар. Ол тұста қос лагерь - социализм мен капитализмнің текетіресі Солженицыннің тағдырына кәдімгідей әсер етті. Ол кеңестік идеяның арқасында тірі қалды. Солженицын өзінің талантының арқасында емес, ол антикеңестік идеяның арқасында жазушы болды. Кеңестік қоғамның жаулары оған қолдау көрсетіп, өз мүддесіне эдемі пайдаланды. Ал қазақтың жанына қуат болатын шетелде қай жақыны бар? Қазақтың проблемасы тек қана қазаққа керек, сол себепті оны жат жерде ешкім құшақ жайып қарсы ала қоймайды. Сол себепті қоғамға көңілі толмаған қазақтың оқығандарының барар жер, басар тауы жоқ туған жерінің эмигранттары деп айтып отырғанымыз да сол. Қалай болғанда да, біз өз жерімізде боздап өлеміз.

- Кеңес тұсында антисоветшіл болдыңыз, ұлт рухына қатысты шығармаларыңыз жарық көрмей, цензураның сүзгісінен өтпеді делік. Ал енді Қазақ елі тәуелсіздік алған тұста да сіздің бөркіңізді аспанға атып отырғаныңыз байқалмайды?

- Кеңес одағы тұсында жазылған «XX ғасырдың жиырма сәті» деген дүнием кеңестік жүйеге қарсы шығарма ретінде ту-талақайы шықты. Ол толық күйінде еш жерде жарияланған жоқ. Кеңес Одағы тұсында жазғандарымды жариялау мүмкін болмады. Ал ел тәуелсіздігін алғаннан кейін жарық көрген шығарманың өзіне қаламақы төлемей қайыршы етіп қойды.

Адал еңбекті әділ бағаламаған жүйені қалай ұнатарсың? Тәуелсіздікке қол жеткіздік дегенімізбен, оның жетістігі қарапайым халықтың өмірінен сезіле ме? Гәп осында. Қазба байлықтың рақатын кімдер көріп отыр? Басқаны айтпай-ақ қояйын, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жерде үш кітабым жарық көрді, үш тиын қаламақы алғам жоқ. Масқара емес пе? Бұл не деген сұмдық?!

- Шығармаларыңызды оқи отырып орыстың, Батыстың ақын-жазушыларын көп оқығандығыңызды байқадық. Былай қарасаңыз, орыстың болсын, батыстың болсын ақын-жазушыларының шығармалары оқырманды еркін ойлауға, өз пікірін ашық айтуға жетелейді. Сіз бәсін асырып отырған қазақ поэзиясы осы принципті жеріне жеткізе айтып жүр ме?

- Неге жеткізбесін! Қалайша? Мысалы, Ақтанберді, Қазтуғандарды қараңыз. Олардың жырларында айтылмаған ой бар ма? Кеңес Одағы тұсында өмір сүрген Қасымның өзін қара. Мағжан халық жауы боп, атылып кетті. Біздің буын Мағжанды оқыған жоқ, Қасым Аманжоловты оқып өстік. Тұманбай, Қадыр, Жұмекеннің бәрі Қасымның «балалары». Қасым соғыстан шинелін сүйретіп келді де, қазақ поэзиясын қайтадан туғызды. Қасымның поэзиясында не айтылмады, бәрі айтылды ғой. Ең бастысы - еркіндік бар. Сол тоталитарлық кездің өзінде, цензураның қылышынан қаны тамып тұрған күннің өзінде Қасым айтарын айтты емес пе. Ал Мұқағалидың кезінде цензура болмады ма? Қалай айту акынның өзіне, акынның алымының шалымдығына байланысты.

- Қалай айту акынның өзіне байланысты демекші, кезінде Олжас өзін кінәлаған кейбір ақын-жазушыларға «заман солай болды, цензура күшті болды дейсіздер. Жазған, бірақ цензурадан өтпеген, тартпаларда жатқан шығармаларыңызды көрсетіңіздерші» деп айтқаны бар еді. Бұл жағынан алғанда қазақ әдебиетінің қоржыны олқы түсіп жатты...

- Ол рас. Бізде ақын-жазушылардың жарыққа шығаруға болмайтын бірде-бір шығармасы жоқ екен. Түк айтпаған болып

тұр ғой сонда. Әйтсе де, біраз дүниені тоталитаризм тұсында Қадыр да айтты, Есенғали да айтты. Айтатындар, айта алатындар қай уақытта да айтады. Адамдарға ауызды берген Аллаһ: «ақиқатты айтып өт», деген болар!

- Сіздің мынадай өлең жолдарыңыз бар. «Отанның өндіріс-олжасы! Ерке бол, тентек бол, мейлі! Тек қана - жетім болмашы!» Егер туған Отаны бар болса, қайдағы жетімдік?

- Мен тірі жетімдерді айтып отырғаным жоқ. Қазақ халқының өзі жетімнің күйін кешуде. Әйткені, қазақ халқының жағдайын, ұлттық мүддесін ойлап отырған ешкім жоқ қазір. Идеология керегі жоқ деп бір қойды. Енді мемлекеттік идеология керек деп айтады. Негізі мен былай ойлаймын. Бізге бір-ақ идеология, тек тәуелсіздік идеясы керек, қандай жолмен болсын тәуелсіздікті сақтап қалу идеясы керек. Егер біз осы идеологияны қалыптастырып алатын болсақ, онда қазақ халқының да, қазақ поэзиясының да, қазақ әдебиетінің де жағдайы жақсы болушы еді. Қазір қазақ халқының жағдайын ойлап отырған кім бар? Бәрінің ойы - ішіп қалу, жеп қалу, өзінің қарны ғана. Осындай қимылмен, тобырлық психологиямен қайда барамыз? Он бес жылда ұлттық тұрғыда өркендеуге байланысты бірдеңеге қол жеткіздік пе? Қайта бұл тұрғыда басқалар қарыштап дамып бара жатқан тәрізді...

- Мысалы...

- Мәселен, 1987 жылы Украинаның Қарағандыдағы күндері өтті. Делегацияның құрамында екі украиналық акын қыз келді. Сонда олар әңгіме барысында Киевте украин тілінде мектеп жоқ деп еңірегінде етегі жасқа толды. «Балаларымыз түгел орыстанып барады» деп мұң шақты. Осыдан бір-екі жыл бұрын елдегі президенттік сайлау кезінде теледидардан қарасам, Украинаның билік басындағылардың бәрі украин тілінде сайрап тұр. Олар он бес жылда ең болмаса тілін жөндеп алды. Ал біз тіпті бұрын-соңды қазақта шекара болмаған деп соғамыз келіп. Неге? Неге Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында чешендер казактың намысын таптайды? Ұйғырдың істеп отырғаны - анау. Бізді аз ұлттарға дейін басына бастады. Егер

ұлттық саясат дұрыс жүргізілмесе, мұның ақыры ұлтаралық қақтығысқа ұласуы да ықтимал.

- Қазақ халқының тарихы оның поэзиясы арқылы көрінеді. Біз тіпті, ертеректегі тарихпен танысу үшін сол тұстағы ақын-жыраулардың поэзиясына үңілеміз. Қалай болғанда да, ақындар өзі өмір сүрген заманның болмысын болашаққа бұталақсыз жеткізетін бірден-бір барометр тәрізді ме, қалай?

- «Мені де барлаушы... боп өтті деңіз, «Ақыннан сақта, Құдай!» деп тілеңіз. Болашақ ұрпақтардың құлағына, Біздер де бірнәрсені... жеткіземіз!!!». Евгений Евтушенконың «Шпионы будущего» деген өлеңін аударған едім, бұл сонда айтылады. Сол сияқты ақындармен ойнауға болмайды, замананың ақиқатын болашаққа бұталақсыз жеткізетін ақындар болып табылады.

- Евтушенко айтудай-ақ айтқан екен...

- Оны айтасыз, Евтушенконың «15 мальчиков» деген керемет өлеңі бар. Мен оны да тәржімаладым. Сөйтсе, он бес бала билікке, көсемдікке таласады, бәрінің бірінші басшы болғысы келеді. Он бесі «көсем мен боламын», «жоқ, мен боламын» деген текетірісте бірін-бірі өлтіріп тынады. Бұл өлеңді Евтушенко жазған кезде Орталық Комитеттің Саяси бюросының 15 мүшесі бар екен. Ақын осыны өлеңіне арқау етіп жазған ғой. Орыс поэзиясының ұлылығы да осында. Цензураның қылышынан кан тамып тұрған кезі ғой. Жаза білуде мәселе.

- Орыстың мықты ақындарының шығармаларын аудардыңыз. Соларды тәржімалаған кезде олардың қай қыры, қай қасиеті сізді көбірек тәнті етті?

- Шыншылдығы. Біздің қазақ ақындары шыншыл емес, өтірік, боямалап суреттейді. Сосын көрінген дүниеден, құбылыстан өлең құрайды. Ал орыс ақындары өлең құрамайды, өлеңді жүрегінен тудырады. Орыстарда біздегі сияқты екіншісі бірі ақын емес. Сондықтан олардың поэзияға деген талғамы өте жоғары. Олар ақындарды керемет қадірлейді.

- Орыс ақындарының ішінен қайсысын ерекше құрметтейсіз?

- Менің жақсы көретін ақындарым жыр әлеміне өткен ғасырдың 60-шы жылдары келген ақындар - Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенский, Роберт Рождественский, Белла Ахмадулина. Біздің буыннан да осындай ақындар шығып еді. Қадыр, Мұқағали, Жұмекен, Тұманбай шықты. Сол буыннан жалғыз Мұқағалидың шоктығы биік әдебиет тарихында. Көзі тірілерінің не жазып жүргенінен қазіргі оқырман толықтай хабардар. Ал орыс ақындары бағындырған биігінен бір пәс төмендеген емес, әлі күнге дейін сол тұғырында.

Андрей Вознесенский 71 жасында да өлеңді бұрқыратып жазып жатыр. Және қандай жырлар десеңші! Бір өлеңі екіншісіне ұксамайды. Вознесенскийді оқыған сайын басқа бір жаңа элемді ашқандай боласың.

Ал біздің жетпіске иек артқан ақындарымыз не жазады? Әкім мен ұлықты мактап ода жазады. Қазақ поэзиясында бұрын патшаны мадақтаған өлеңді оқығаныңыз бар ма? Сталинді мактаған Жамбыл атамыздан басқа. Оның өзін Жәкем «госзаказбен» жазды. Соны бір жақсы көргеннен мактаған жоқ. Тіпті, ол кеудесіне Ленин орденін тағып тұрғанда Сталинді қазақша «сыбап» жіберген. Ал біздің ақындар әкімдерді кәдімгідей сүйсініп тұрып мактайды. Солардан ат мінеді, мәшине мінеді. Олардың махаббаты соған ауып кеткен. Өйтпін өлеңнің обалына қалғаннан, өз биігін аласартқаннан гөрі оны жазбаған дұрыс. Бұл тұрғыдан менің Фариза апам дұрыс істеді. Ырзамын.

- Неге?

- Әйел ақындардың ішінде ең мықтысы - Фариза. Марина Цветаева, Анна Ахматова сияқты орыс ақындары бар, солардың біреуі де Фаризаның деңгейіне жетпейді. «Әйелдің монологы» - керемет дүние. Ол осы өлеңімен-ақ ұлы ақын. Өйткені, мұндай өлеңді әлем әдебиетінің, орыстың әйел ақындарының бірде-біреуі жазған жоқ.

- Қазіргі кезде ақиқатты ардақ тұтқандардың жолы ауыр. Құдды ол әділеттілік жөнінде әңгіме қозғағаны үшін «халық жауына» пара-пар кейіпте қабылданады. Неге?

- Бұрыннан солай ғой. Ақиқатты айтқандарды кім ұнатады

дейсің?! Мысалы, ұлы Абайды алайық. Ақынды айналасы жақсы көрді дейсің бе, тіпті түсінбеген. «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» дейтіні де сол ғой Абайдың.

- Ортаның ақынды түсінуі, қабылдауы деп жатамыз? Ал сіздің сағынатын ортаңыз қайсы?

- Сағынатын ортам жоқ, мен кітаптар әлемінде өмір кешемін. Ең таза дүние - кітаптар әлемі. Мен классикалық әдебиеттерге көбірек үнілемін. Ал пендешілігі көп, бақай есепке құрылған қоғам адамды жабыркатып жібереді. Менің ойымша, ақынды сүйсіндіретін орта өмірі болмайды. Егер шынында менің көңілімнен шығатын болса, онда несіне өлең жазамын? Маған сол өлең жаздырып отырған да ортаның көңілімнен шықпағандығы шығар?

- Өлең сонда көңілден шықпағанда ғана туа ма?

- Нағыз өлең не сүйгенде, не жеккоргенде туады. Есің кетіп сүйесің, сол кезде туады. Не иттің етінен жек көресің, сол кезде туады. Ал екіұдай сезімде шынайы жыр тумайды. Не сүю керек, не жеккөру керек. Меніңше, ақын кашанда өлімнің өтінде тұруы тиіс. Ол ешкімге ұнауға ұмтылуы тиісті емес.

- Нағыз ақындар өмірдің тепкісін жиі көретіні неліктен?

- Дүниеден пәленбай Пайғамбар өткен ғой. Алла сол пайғамбарларды адамзатқа Алланың күдіретін түсіндіру үшін жіберген. Адамзат оны түсінген жоқ, біреуін атып тастады, біреуін дарға асты, біреуін түйенің боқтығына көмді. Ал ақын деген әулие Алланың сөзін тобырдың құлағына жеткізгісі келді. Пайғамбарды қалай жек көрсе, тобыр ақынды солай жек көрді. Будда, Иссус Христос, Мұхаммед Алланың көкпен жіберген өкілдері болса, ал ақындар күнәһар адамзаттың Аллаға жіберген өкілдері. Ақындар сондай, ешкімге ұнамайды, бізді өлгеннен кейін бір-ақ түсінеді. Сондықтан өлмеу керек, біз ұзақ жасауымыз керек...

- Әңгіменізге рақмет.

2007 жыл

Болат Әбіғиев,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

ТАБИҒИ БОЛМЫСЫМА САЙ МІНДЕТІМ ДІ АТҚАРЫП ЖҮРМІН

- Ә дегенде, сіздің позицияңызды түсіну қиын. Жармахан Тұяқбай жетекшілік ететін жиындарда жиі көрінесіз. Бұған себеп бұрынғы спикермен екі арадағы жолдастық қарым-қатынас па, әлде шынымен оппозицияның ұстанымын қолдайсыз ба?

- Біріншіден, Жармахан Тұяқбаймен бұрын қызметтес болғаным рас. Ол тұста қызмет барысында әртүрлі жағдайлар кездескенімен, жаман істеген жоқпыз. Мен Жармаханды үлкен азамат ретінде сыйлаймын. Ол өзінің азаматтығын, ұстамдылығын, қайсарлығын жан-жақты көрсете білді. Мұны мен ғана емес, елдің бәрі де біледі. Онымен жолдастық тұрғыдан соншалықты аралас-құраластығымыз да жоқ. Әйтсе де, адам өмірінде қилы кезеңдер болады ғой, Жармаханның өмірінде де осындай жағдайлар болды. Ол өткен жылы президенттік бәсекеге түсемін деген тұста: «Біздің жиынға қатыссаңыздар» деген өтінішін жеткізді. Мен олардың жиналысына қатысып, «талап оң болсын» деп айттым. Бар болғаны осы. Кеше бірге қызмет істеген азамат президенттік додаға түсіп жатыр екен деп сырт қарап кетуге болмайды деп есептедім. Президенттік сайлауға қатысу әркімнің өзінің құқығы. Сол себепті де Жармаханның шақыруын қабылдадым.

Жармахан Тұяқбай өзінің социал-демократиялық партияның ұйымдастыру жиынына да шақырды. «Жаңа партия құрғалы жатырмыз, мүмкіндігі болса осы жиынға қатысуыңызды сұраймын» деді. «Мен барамын» дедім, бардым да. Қазір партиялар көптеп құрылып та, қосылып та жатыр. Олардың болашағы қандай болатынын алдағы уақыт көрсетеді. Социал-демократиялық партия - солардың бірі. Негізі социал-демократиялық бағыттағы партияның біздің қоғамдағы орны ойсырал тұр. Әртүрлі партиялар «біз социал-демократиялық бағыттағы партиямыз» дегенді жиі айтады. Алайда, олардың сөзі мен ісі осы күнге дейін ұштаспай келеді. Ал енді тұсауын кесіп жатқан социал-демократиялық партияның бағдарламасына, оның басшыларының сөзіне назар аударсақ, меніңше, олардың болашағы бар тәрізді. Оның қаншалықты халықтың сенімінен шығатынына уақыт төреші болмақ.

Жармахан Тұяқбай жетекшілік ететін қозғалыс пен партияның жиынында төбе көрсетті екен деп мені оппозицияның адамы дейтіндердікі - жаңсақ тұжырым. Социал-демократиялық партия өз мақсатына сай қызмет етуде, ал менің өз жұмысым да бастан асады. Сондықтан бұл жерде түсінбейтін ештеңе жоқ, мен заң шығарушы органдағы тікелей өз қызметіммен шұғылданудамын. Ал қозғалыстар мен партиялардың жиынына қонақ ретінде қатысу солардың позициясын қолдайды дегенді білдірмесе керек.

- Оппозицияға іш тартады дейін десек, екінші мәрте депутат болып сайландыңыз. Билікке қарсылардың өкілетті органға сайлануы қиын деседі. Олай болса, сіздің қайта сайлануыңызда қандай гәп бар? Оппозиционердің «рөлін ойнайтын» депутаттардың ғана жолы болса керек-ті...

- Жалпы, биліктің айтқанына жүріп, айдауына көнбейтін, өзінше әрекет етіп, тәуелсіз қимылдауға тырысатын адам ұлықтарға ұнайды дейсің бе? Басында атқарушы билік менің де кезекті рет сайлануыма кедергі жасап бақты. Биліктің «батасын алған» тізімнің ішінде тегімнің жоқ екенін де біреулер жеткізді. Тіпті, сайлана қалған күнде талай жігіттің қызметімен қоштасуына «жағдай жасайтын» көрінемін. Осыны естігеннен

кейін өзім де ойланып қалдым. Тым жақсы жұмыс істеп жатқан жанашыр жігіттердің обалына қалып қайтемін деп түйдім. Менің депутаттығыма бола, олардың отбасылары зардап шегуі қаншалықты әділеттілікке саяды? Біраз толғанып жүрдім. Алайда, жергілікті жердегі сайлаушыларым өздерінің бастамашыл, ынталы топ құрып жатқандықтарын жеткізді. Сайлауға бел шеше кірісуімді өтінді. «Біз сені кезекті мәрте қолдауға эзірміз, өйткені, сен бес жыл адал қызмет істедің. Мүмкіндігіңді мейлінше сарқа пайдаланып, біздің мұн-мұқтажымызды шешуге елеулі үлес қостың. Сондықтан біз де саған қызмет жасауға тиістіміз» деді. Осыдан кейін барып тәуекел еттім. Сайлау алдында әкім ауысты да, облысқа істің көзін, депутаттық қызметтің қыр-сырын білетін жаңа басшы келді. Ол менің Парламенттегі қызметімнен жан-жақты хабардар болғандықтан, бар таңдауды халықтың өзіне салды. Сөйтіп, кезекті мәрте халықтың сеніміне ие болдым.

Кез келген мәселені объективті түрде сарапқа салатын болса, бәрі тайға таңба басқандай көрінеді. Мәселенің ашығын, ақиқатын айтқандардың бәрін жау ретінде бағалау дұрыс емес, қайта сол сын мәселенің түйінін тарқатуға көмектеседі емес пе. Ал проблемаларды алға тартқан адамды билік басындағы кейбіреулер оппозиция деп қабылдайды. Бұл мүлдем қате тұжырым. Мен оппозиционердің рөлін емес, өзімнің табиғи болмысыма сай міндетімді атқарып жүрмін.

- Сонда сізді оппозицияның ауылына неге телиді? Солардың қатарынан көруге қандай күштер мүдделі болып отыр?

- Мен халықтың өкілі ретінде өз сайлаушыларымның мұн-мұқтажын Парламент мінберінен жеткізуге тырысамын. Бұл билік басындағы кейбіреулерге аса ұнай қоймайды. Қайдан ұнасын, олар ұрандатып, барлығы керемет, халықтың жағдайы тамаша деп мәлімет беріп жатқанда, кемшіліктерді біреу ақтарып отырса. Олардың мені оппозицияның әңгімесін айтады дейтіні сондықтан. Ол оппозицияның сөзі емес, өзім көріп-біліп, құлағдар болып отырған жағдай. Оппозиция әйтеуір айту үшін өзінің мүддесіне орай, саяси айқындамасына сай айтып жа-

тады, ал менікі - қарапайым сайлаушылардың проблемасының шешілуіне ықпал ету. Атқарушы биліктегілердің аттандаған ұранына қосылар болсам, ертең сайлаушылармен кездескенде, маған өтірік айтуға тура келеді. Мен мұны жақсы көрмеймін. Парламентте ұстанымым қалай болса, сайлаушылармен кездескенде де солай болуға ұмтыламын. Ақты ақ, қараны қара деуге тырысқан адам кінәлі ме? Осы принципім үшін мені «басқа көзқарастағы адам» санатына қосқысы келетіндер бар. Маған бәрібір, басқалар не десе, о десін. Маған кейбіреулер қандай саяси баға береді, ол мені қызықтырмайды да. Ең бастысы, өз сайлаушыларымның алдында шамам жеткенше адал жұмыс жасауға тырысамын, жасап та жатырмын. Екінші мәрте сайлауға түскенде халыққа айттым, бес жыл ішінде атқарған қызметім үшін сіздердің алдарыңызда қысылып, қызаратын тұсым болған жоқ деп. Мен үшін үлкен жетістік осы.

- Айтпақшы, сіз қай партияның мүшесісіз?

- Ешқандай партияның қатарында жоқпын. Депутаттыққа өзін-өзі ұсыну жолымен сайландым, яғни таза өз сайлаушыларымның өкілімін.

- Сіздің іс-әрекетіңізден Үкімет тарапынан ұсынылған кез келген бастамаға деген немқұрайдылық байқалады. Үкіметтің қызметіне неліктен көңіліңіз толмайды?

- Ең алдымен Үкіметпен, яғни атқарушы орган мен заң шығарушы органның қарым-қатынасына көңілім толмайды. Ата заңның 3-бабының 4-тармағында «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады» делінген. Яғни биліктің тармақтары өзара тепе-тең жағдайда қызмет жасап, бір-біріне бақылаушы рөлін атқаруы тиіс. Сонда ғана демократиялық құндылықтар орнығып, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді. Қазіргі таңда өкінішке қарай, билік тармақтарының арасындағы қарым-қатынас ондай дәрежеде емес, атқарушы биліктің үстемдігі жоғары болып тұр. Өйткені, әлеуметтік мәселелерді шешудің бүкіл тетігі соның қолында.

Атқарушы билік заң жобаларын әзірлеуге қатысты да аса бас ауыртпайды. Жоспарланған заң жобаларының сыртында басқа да заң жобаларын Парламент қоржынына әкеліп үйіп тастайды. Оның үстіне Үкімет әзірлеген заң жобаларының сапасы да сын көтермейді, атқарушы билік қалай болғанда да заң жобаларын Парламентке жіберіп, тезірек қабылдауды алдына мақсат етіп қояды. Заң шығарушы органда өздерінің лоббилері болар, солар арқылы заң жобасын өткізуге жанталасады.

Ал депутаттардың өздерінің бастамасымен дүниеге келген заң жобаларының қабылдануына қалай болғанда да кедергі жасап бағады. Ең акырында Конституцияның 61-бабының 6-тармағына сілтеме жасап, депутаттың бастамасына түбегейлі нүкте қояды. Аталған бапта «Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін» деп жазылған. Қаржысыз қандай мәселені, оның ішінде әлеуметтік мәселені шешуге мүмкін бе? Жалпы, қаржылық тұрғыдан негізделмеген заң жобасының тиімділігі қандай болмақ? Үкімет осы «көзірді» пайдаланады да, Парламент депутаттарының жақсы идеясын «жерлеп» жатады. Тіпті, кей кезде өздері «жарамсыз» деп тапқан депутаттардың заң жобаларын араға уақыт салып, Үкімет өздері ұсынады.

Үкіметтің «үстемдігі» әдетте, қаржы мәселесіне, бюджет мәселесіне келгенде айқын байқалады. Негізі бюджеттің үш түрі бар. Бірінші, тиісті қаржы жылына арналған бекітілген бюджет. Екінші, атқарылу барысында Парламент немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет. Осыларға қоса тағы «түзетілген бюджет» деген бар. Ол дегеніңіз «тиісінше Қазақстан Республикасы Парламентінде немесе мәслихатта нақтыланбай, Үкімет немесе жергілікті атқарушы органдар енгізген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып бекітілген немесе нақтыланған бюджет» болып табылады. Соңғысына Парламенттің құзыры жүрмейді, жоғарыда айтылғандай оның тағдырын атқарушы билік шешеді. Жалпы,

бұл дұрыс саясат емес. Бюджетті қалыптастыру деңгейі қиын болған кезде әңгіме басқа, ал қазір бюджетті қалыптастыруға қаржы жетіп-артылады. Осылайша, Парламенттің негізгі функциясының бірі бюджетті бекітуді Үкімет өз ыңғайына пайдалануда. Осыдан кейін сынамағанда, не істейсің?

Үкімет бюджетті талқылау барысында депутаттардың ұсынысына құлықсыздық танытады. «Өз комиссиямызда осындай шешім қабылдағанбыз» деп қарап отырады. Қысқасы, атқарушы орган мен заң шығарушы орган арасындағы қарым-қатынас әзірге өз деңгейінде емес. Кез келген мәселені тек өзіне тиімділік тұрғысынан шешкісі келетін Үкіметті жиі сынайтынымыз да сондықтан.

- Парламенттің өкілеттігіне деген ықыласыңыздың да олқы соғып тұрғаны аңғарылады. «Бәрібір біздің пікірімізге ештеңе байланысты емес» дейсіз. Бұл неден пайда болған пессимизм?

- Үкімет Парламенттің қатысуынсыз 2005 жылы бекітілген, нақтыланған бюджетті 20 рет (!) қарап, 20 рет (!) түзету енгізіпті. Онда қомақты қаржыға өзгеріс енгізілген. Мұның астарында «Парламент депутаттары айтса айта берсін, мәселені бәрібір шешетін өзіміз» деген әрекет бар. Парламентпен санасатын, тепе-теңдік қатынасты сақтауға тырысатын Үкімет осылай жасай ма? Сондықтан атқарушы биліктің жоғарыдағыдай әрекетінен, Парламенттің дәрменсіздігінен кейін кейде пессимизмге бой ұруға тура келеді.

«Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық». Конституцияда осылай жазылған. Ал халықтың билікке толыққанды ықпал ете алмай отырған себебі, Парламенттің өкілеттігі шектеулі. Басқаша айтқанда, халықтың атынан билік жүргізетін органның өкілеттік аясы тар. Заң шығарушы органның өкілеттігі шектеулі болғандықтан, көп мәселені шешуге құзыреті жете бермейді. Тіпті, Парламент депутаттарының басқаны айтпағанда, министрлермен кездесуі үлкен проблема. Халық сайлаған депутаттардың өзі осындай кедергіге тап болып отырғанда, қарапайым жандар олардың босағасынан сығалай да алмайды.

Елбасының өзі соңғы кездері Парламенттің рөлін, мәртебесін көтеру керектігін жиі қозғап жүр. Сондай-ақ, заң шығарушы органға бақылау функциясын берген дұрыс шығар дегенді де айтты.

Ол болашақта түптің түбінде жүзеге асады деп ойлаймын. Өйткені, демократиялық жолды таңдаған елдердің бәрі осы бағытта дамып келеді.

- Жалпы, нағыз кәсіби Парламент болу үшін заң шығарушы органға қазіргі кезде не жетіспейді деп ойлайсыз?

- Жоғарыда айтқанымдай, алдағы уақытта заң шығарушы органның өкілеттігі кеңейіп, түбінде елімізде шынайы кәсіби Парламент орнығатыны белгілі. Әрине, ол үшін ең алдымен саяси шешім қабылдау қажет болады. Яғни, әуелі Парламенттің мәртебесі өзгеріп, өкілеттілігі кеңейіп, «Парламент және Парламент депутаттарының мәртебесі туралы» Заңға, Ата заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс. Басқалай айтқанда, заң шығарушы органға бақылау функциясын беру керек. Заңды қабылдағаннан кейін оның орындалуын да қадағалау қажет. Елдің іргелі құжаты республикалық бюджетті ел Парламенті қабылдайды. Әйтсе де, заң шығарушы органда оны толыққанды бақылау құзыреті жоқ. Атқарушы билік республикалық бюджеттің орындалуына сай мәліметтер ғана беріп отырады да, бюджеттің орындалуына қатысты Парламент тарапынан ешқандай шешім қабылданбайды. Қысқасы, қазына қаржысын қалай жұмсауды тағы да атқарушы биліктің өзі шешеді.

Кәсіби Парламентке қатысты тағы бір мәселе, ол - Парламенттің жанынан заң институтын құру. Онда депутаттар белгілі бір заң жобасына қатысты идеяны, ұсынысты аталған заң институтына жолдайды. Институттағылар ұсынысты жан-жақты зерттеп, зерделеп, басқа елдердің тәжірибесіне үңіледі, халықаралық қалыпқа сүйенеді, қысқасы, ол жөнінде түбегейлі шұғылданып, заң жобасын әзірлейді. Сөйтіп, әлгі ұсыныс айтқан депутаттың бастамасымен жаңа заң жобасы Парламент қарауына ұсынылады. Бұл қабылданатын заң жобаларының сапасын, заң шығарушы органның кәсіби біліктілігін де арт-

тыра түседі. Парламент жанындағы осындай заң институты өркениетті елдердің барлығында бар деп айтуға болады.

- Конституция бойынша Парламент депутаттарының да заңға бастамашылық жасауға құқығы бар емес пе. Олай болса, қазіргі кезге дейін депутаттар тарапынан қанша заң жобасы ұсынылып, қабылданды?

- Рас, депутаттардың заңға бастамашылық жасауға құқығы бар. Осы мәселеге қатысты өткен шақырылымда қабылданған заң жобаларының ауқымына тоқтала кетелік. 1999 жылғы желтоқсан мен 2004 жылғы маусым аралығында Парламент Мәжілісіне 790 заң жобасы келіп түскен. Оның 613-не Үкімет, 177-сіне Парламент депутаттары бастамашы болған. Ел Президенті заң жобаларының 11-ін жедел, 15-ін басым жоба ретінде жариялаған. Жалпы, осы аралықта Мәжіліс 603 заң жобасын мақұлдап, Сенаттың құзырына ұсынған. Соның ішінде 570-не Мемлекет басшысы қол қойған. Елбасы қол қойған заңдардың ішінде Парламент депутаттары бастамашы болған 50 заң жобасы да бар. Яғни, депутаттар ұсынған заң жобасының үштен бір бөлігі ғана қабылданған. Ашығын айтар болсақ, қабылданған заң жобаларының көпшілігі өзгерістер мен толықтыруларға қатысты болып келеді. Ал аса қажетті «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы», «Ардагерлер туралы» және ана мен бала тағдырына тікелей қатысты әлеуметтік мәселе төңірегінде депутаттар бастамашы болған заң жобалары Үкіметтің кезекті «сынағынан» сүрінді. Төктері, Үкіметтің оң қорытындысына ие болған жоқ.

- Сіз кезінде табанды түрде қарсы болған «Ветеринария туралы» заң жобасы бәрібір қабылданды. Алайда, сол заңның кемшілігі жөнінде бүгінде ешкім ауыз ашпайды. Соған карағанда заңда кем-кетік жоқ сияқты. Олай болса, сіз неге қарсы болдыңыз?

- Мен онда концептуалды екі мәселеге қарсы болдым. Біріншісі, емдеу-профилактикалық жұмыстарға байланысты. Қызмет көрсетудің осы түрі мемлекеттің құзырында болғаны жөн деп есептеймін. Сондай-ақ, ветеринарлық-санитарлық сараптау мәселесі де мемлекет тарапынан жүргізі-

ілгені дұрыс. Алайда, олардың екеуі де Үкіметтің ұсынысы негізінде қабылданып кетті. Емдеу-профилактикалық жұмыстарды жеке меншік фирмаларға жүктеудің ақыры қайда апарып соқтыратынына қазір куә болып отырмыз. Мәселен, жылдар бойы ұмытылып қалған топалаң тәрізді мал аурулары еліміздің барлық облысында бой көрсете бастады. Ал емдеу-профилактикалық жұмыстар жеке меншік фирмалар арқылы жүргізілетіндіктен, ол тендер арқылы жүзеге асырылады. Тендерді ұйымдастырамын дегенше, бірталай уақыт өтеді. Жеңімпаз атанған фирмада арнайы мамандар бар ма, жоқ па, ол да өзекті мәселе. Егу жұмыстары жүргізіле ме, жоқ па, жүргізген күнде оны арнайы мамандар орындай ма, әйтеуір егудің төңірегінде осындай жауапсыз сандаған сауал бар. Егу жұмыстары қаншалықты деңгейде шалғайдағы шаруашылықтарды қамтиды? Әлдеқашан ұмыт болған аурулардың соңғы кезде қайта «тірілуі» бұл саладағы жұмыстардың қаншалықты түрде жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Аусыл ауруының шығуы да осының дәлеліндей. Тіпті, малды егу тек қағаз жүзінде іске асып жатқанын айғақтайтын деректер мәлім болуда. Мұндай ахуал Қостанай, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облысында байқалады. Бұған дер кезінде тиесілі шаралар қабылданғаны жөн. Сол себепті, әлі де аталған заңға қайта оралып, оған кейбір өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет деп ойлап отырмыз.

- Жоғарыда бір сөзіңізде лоббиға қатысты айтқан едіңіз. Парламентте белгілі заң жобаларын қабылдауға мүдделі лоббилық топ бар деу қаншалықты шындыққа саяды? Басқалай айтқанда, нақты заң жобаларының қабылдануына мүдделі топ депутаттармен «келіссөз» жүргізеді дегенге қалай қарайсыз?

- Ондай лобби бар екенін сеземіз. Бірақ оған мен өз тарапымнан баға беруді артық санаймын...

- Депутат болып сайланғанға дейін Ақтөбе облысы Темір ауданының тізгінін ұстадыңыз. Әкімдікпен ат құйрығын үзісуге не себеп болды? Әлде, облыс басшылары мәдениетті

түрде әкім креслосын депутаттық мандатқа айырбастауды сұрады ма?

- Сегіз жыл аудан әкімі қызметін атқардым. Депутат болып сайланғанға дейін Темір ауданына жетекшілік жасадым. Халқадарымның келгенінше бар шаруаны ойдағыдай орындауға тырыстым. Аудан аумағына газ құбырын тарту, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешу тәрізді біршама жұмыстар игерілді. Әрине, ол жылдар ел экономикасындағы ең ауыр кезең болатын. Банкроттықтың белең алып, тлем мәселесі тығырыққа тірелген тұс. Ауыл шаруашылығы құлдырап, бағаның шарықтаған уақытытұғын. Зейнетақы жарты жылға, балалардың жәрдемақысын төлеу екі жылға дейін кешіктірілді. Қабылдау бөлмесі күн сайын жағдайын айтып, көмек сұраған халықтан арылмайтын. Соған қарамастан, қиын кезеңнен қысылмай шыға білдік. Ол кезде пәлендей жаңсақ басқан қадамым болмағандығы шығар, әйтеуір басқарған аудан халқының ықыласы жақсы. Депутаттыққа түскенде аудан халқының көрсеткен сенімі осының өтеуі де шығар деп ойлаймын.

Депутаттыққа түсу мәселесіне келер болсам, ешкім әкім креслосын босатуды сұраған жоқ. Аудан басқарып отырғанда күрмеуі қиын мәселелермен жиі жолығасың. Олардың көбі заңдарға барып тіреледі. Ал заңдар кейде жергілікті жағдаймен қабыспай, үйлесімін таппай жатады. Сонда Парламенттегі депутаттар жергілікті ахуалдан бейхабар ма деген ой туады. Оған мынадай тұрғыда өзгерістер енгізілсе деген ой түрткілейді. Әкім қызметінде жүрген соң ондай ұсыныс жасауға құзырың жоқ, субардинация деген тағы бар. Ұсынысың басқаша ыңғайда қабылдануы да ықтимал. Оған қоса өмір бойы әкім болмайтының тағы мәлім. Сөйтіп жүргенде, кезекті Парламент Мәжілісіне сайлау барысында аудан жұртшылығынан құрылған бастамашыл топ депутаттық Додаға түсуге ұсыныс жасады. Қысқасы, депутаттыққа жоғарыдағылардың «өтінішімен» емес, өз таңдауыммен, халықтың қалауымен сайландым.

- Сіз депутат болып сайланған Шалқар өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәз емес. Жол каты-

насы да қиын. Осы тұрғыда депутат ретінде қандай өзекті мәселелерді шешуге ұйытқы болдыңыз?

- Сайлау кезінде халыққа не айттым, қандай уәде бердім соны орындауға ұмтыламын. Менің сыншым да, ақылшым да өз сайлаушыларым. өз басым жалаулатқан ұран сөздерді ұнатпаймын. Алғаш рет сайланғанда берген ең бірінші уәдем, бес жыл ішінде алыс елдімекендердегі сайлаушыларыммен кем дегенде бір мәрте жүздесемін дедім. Республика бойынша Парламент Мәжілісіне сайланған депутаттардың ішінде ең үлкен округ менікі, ол Ақтөбе облысының жеті ауданын қамтиды. Шалқар, Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар, Алға, Темір, Ойыл аудандарында қаншама елдімекен бар, солардың қай-қайсысына депутат ретінде ең болмағанда бір рет барып халықпен кездесіп, әңгімелестім. Кей елдімекендерге төрт-бес мәрте баруға тура келді. Аудан орталықтарына екібастан жиі барасың, ал шалғайдағы елдімекендерге жиі ат басын бұруға мүмкіндік бола бермейді. Ең болмағанда бір мәрте кездесемін деп уәде бергенім сондықтан. Уәде берген кейбір мәселелерді шештім, оны сайлаушылар да жақсы біледі.

Әрине, оның сыртында сайлаушылардың мұң-мұқтажын Үкіметтің назарына ұсынып, ауқымды мәселелерді республикалық бюджетті талқылау барысында шешуге күш саламыз. Осы төңіректе ең алдымен әлеуметтік салаға қатысты мәселелерге тоқтала кеткен жөн болар. Оның ішінде өзектісі әлеуметтік нысандар құрылысы болып отыр. Арғысын айтпағанда, 2006 жылдың республикалық бюджетінен Темір ауданының Кеңесту ауылында 320 орындық орта мектеп, Шалқар ауданының Мөңке би ауылында Тәжин атындағы 320 орындық мектеп, сондай-ақ, осы ауданның Байқадам ауылында 270 орындық Қорғантұз орта мектебі құрылысына қаржы бөлінуіне қол жеткіздік. Оның сыртында бір ауысымда 200 адам қабылдайтын емханасы бар 60 төсектік Байғанин аудандық орталық ауруханасының құрылысы мен Шалқар қаласындағы балалар мен әйелдер консультациясы, 30 төсектік күндізгі стационары және балаларға арналған сүт өнімдері кухнясы бар 250 адам қабылдайтын аудандық орталық емхананың құрылысын

қаржыландыру да республикалық бюджет есебінен үстіміздегі жылы шешімін тапты.

Ойыл селосындағы, Ноғайты ауылындағы су құбыры желілерін, Кеңқияқ кентіндегі сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту жұмыстарын қаржыландыру мәселесі де биылғы жылдың республикалық бюджеті арқылы жүзеге асырылуда.

Ал 2007 жылы республика бюджетінен Байқадам ауылындағы 270 орындық орта мектеп, Шалқар қаласындағы 140 орындық балабақша құрылысын аяқтауға қаржы қарастырылып отыр. Оған қоса Ойыл аудандық орталық аурухана, Шалқар қаласындағы орталық аудандық емхана, Байғанин аудандық орталық аурухана құрылыстарын республикалық бюджеттен қаржыландыру шаралары келесі жылы да жалғасын табатын болды. Сондай-ақ, сумен жабдықтау мәселелеріне байланысты бірқатар жобалар да республикалық деңгейде қаржыландырылады.

Республикалық бюджетті талқылау барысында жоғарыда айтылған әлеуметтік нысандармен қатар экологиялық апатқа ұшыраған Арал өңіріндегі азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау, білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің жалақысын көтеру, зейнетақы реформасы, көпбалалы аналар құқын қорғау мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Осы мәселелердің бәрін алдағы уақытта Парламенттегі басқа да әріптестеріммен бірге көтеріп, проблеманың түйінін тарқатуға тырысамыз.

- Әңгімеңізге рақмет.

2007 жыл

Зейнолла Алшымбаев,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА КЕЛГЕНДЕ ҮКІМЕТТІҢ ҮНІ БӘСЕҢ

- Зәке, сіз Парламенттегі «Әділет» демократиялық партиясының жалғыз өкілісіз. Неге демпартияны таңдадыңыз? «Өсетін жігіттер» «Отанды» төңіректемеуші ме еді...

- Демпартияның Парламенттегі жалғыз өкілі болғандықтан, фракция немесе депутаттық топ құру мүмкіндігі жоқ. Бірақ оның қажеті де шамалы. Себебі, мен «Аймақ» депутаттық тобының мүшесімін. Топтың отырысында көптеген өзекті мәселелер қаралады. Ал Демократиялық партияны таңдау себебім, оның құрамында кәсіби деңгейі жоғары, елімізге танымал, тәжірибелі заңгерлер бар. Оның үстіне демпартия - елімізде зайырлы, демократиялық мемлекет құруды ұстанған партия. Заң шығарушы органда осындай партияның бағыты басымдық танытқаны жөн деп санаймын.

Сіздің «өсетін жігіттер» «Отанды» төңіректеуші еді дегеніңіз де орынды. Өйткені, ол биліктің партиясы екені рас. Әйтсе де, биліктегі қызметке тек «Отанның» мүшелері барады дейтін болсақ, біздің қоғам одан үлкен ұтыс таппайды. Сол себепті қай қызметте де қай партияның өкілі екеніне карамастан кәсіби біліктілігі жоғары, нақты шешім қабылдай алатын мамандар қызмет жасауы керек.

- Парламент депутаттары Үкіметтің алдына мәселе қойғанымен, ал оның орындалуын талап етуге келгенде дәрменсіз дегенге кейбір депутаттар қарадай күйінеді. Сіз атқарушы билікке жолдаған депутаттық сауалыңыздың қаншасына оң жауап алдыңыз?

- Күрделі мәселелердің түйінін тарқатуға ықпал ететін қолымыздағы бірден-бір тетік - депутаттық сауал. Екі жылдың шамасында мен 50-ге жуық депутаттық сауал жолдадым, бұл аз емес. Олардың ішінде оң шешімін тапқандары да бар. Әуелі соларға тоқтала кетелік. Өзекті мәселені күн тәртібіне қоя білумен қатар, оны шешу жолдарын көрсете білу де маңызды. Кеңес заманында, нарықтық кезеңде жинақтаған тәжірибем осындайда кәдеге асуда. Мәселен, 2004 жылдың аяғында Қарағанды университетінің Ақтаудағы филиалы жабылу алдында тұрды. Онда оқып жатқан 500-ге жуық студент қыстың күні сабағын тоқтатуына арашашы болдық. Енді оқу орнындағы студенттер диплом алғаннан кейін барып филиал өз жұмысын тоқтатады.

Білім және ғылым министрлігінің комиссиясы білім беру стандарттарының талаптарына сай келмейді деп, Ақтау қаласындағы «Болашақ» институтының қызметін тоқтату немесе басқа жоғары оқу орнына қосу мәселесін қойғанды. Министр Б.Әйтимоваға оқу орны жабылатын болса, халық арасында әлеуметтік шиеленіс туатынын айтып, «Болашақ» институтының қызметін жалғастыруына мүмкіндік беруін сұрап хат жолдадым. Министр өтінішімізге қолдау білдірді.

Өткен жылы Теңге мектебінде орнаған қиын ахуалға қатысты хат алдым. Мектептегі балалар саны екі есеге көп. Мектеп көршілес жатқан басқа ғимараттарды жалға алуға мәжбүр болыпты. Жаңа мектеп салу 2008 жылға жоспарланған екен. Білім және ғылым министрі Б.Әйтимова мен Экономика және бюджетті жоспарлау министрі Қ.Келімбетовке осы мәселені шешулерін сұрап мәселе қойдым. Білім және ғылым министрлігінің тиісті мамандарымен бірлесе отырып, жергілікті мамандар жедел түрде құжаттарын даярлап, 2006 жылғы бюджет жобасына 640 орындық мектеп салуды енгіздік. Қазір мектеп құрылысы басталып жатыр.

- Депутаттық сауалыңыздың дені білім саласына қатысты болып шықты ғой. Сайлаушылардың басқа ыңғайдағы қордаланған проблемаларының аз болғаны ма?

- Бұл алдымен ауызға ілініп жатқандары ғой, әйтпесе басқа да көкейкесті мәселелер жетіп артылады. Әсіресе, әлеуметтік салада проблема дегеніңіз шаш-етектен. Мәселен, Маңғыстау облысында мұнайшылар тұратын Жетібайда аурухана салу ісі сағызша созылып келеді. Осыған орай Үкімет басшысына бірнеше мәрте сауал жолдауға тура келді. 100 төсектік аурухана құрылысына қатысты ұсыныс 2006 жылдың бюджетіне енгізіліп, құрылыс жүріп жатыр. Сол Жетібайда Республикалық бюджеттік комиссия мақұлдаған 150 орындық емхана құрылысы да 2007 жылдың бюджетіне енгізбек.

Маңғыстау өңірінің халқы ауыз суға зәру. Облыстың Акшымырау, Қызан елдімекендеріне халық суды «водавозбен» таситын. Мемлекет тарапынан бөлінетін субсидия облысқа бөлінбеген. Өткен жылы республикалық бюджеттен ауыз суға субсидия бөлуге қол жеткіздік. Соның арқасында халық бүгінде ауыз судың бір кубатурасына 38 теңгеден төлейді. 1000 теңге мен 38 теңгені салыстырсаңыз соның өзі-ақ, түсінікті емес пе.

- Шалғайда жатқан облыстың басқа облыстармен көлік қатынасы қиын. Мұнайлы облыстағылар тек ұшақпен ұшады, оның өзінде қалтасы көтеретіндер. Темір жол қатынасы күн тәртібіне жуық арада қойыла ма?

- Жалпы, Қазақстанның халықаралық транзиттік маңызын көтеру жөніндегі мәселені Елбасы жиі көтеріп жүр. Оның бер жағында елдің оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысы қоян-қолтық араласа алмай отыр. Оның себебі, көлік жүйелері жақсы дамымаған. Маңғыстау облысы, оның ішінде Ақтау қаласы ең бір шалғайда, көлік қатынасы қиындау. Осы мәселені қозғап, Ақтау мен Астана арасында тікелей ұшақ ұшыруға қол жеткіздік. Жазғы маусым кезінде Алматыға тағы екі рейс ашуға мүмкіндік туды. Әуе қатынасына қатысты проблеманың бір жағы бұл.

Оның сыртында, қазынаға табыс түсіріп отырған Ақтаудағы халықаралық әуежай өткен жылы жекешелендірудің

қармағына ілініп кете жаздағаны бар. Жекешелендіргенде, соған инвестиция құйып, жағдайын жақсартатын «Боинг», «KLM», «Люфтганза» сияқты ірі авиакомпаниялармен бірге бірлескен кәсіпорын құрылып жатса, әңгіме басқа. Ал оған қожайын болғысы келген компания өзінің жұмысшыларына уақытылы жалақы төлей алмай отырған көрінеді. Ақтау әуежайын әуірімдеп солақай жекешелендіруден аман алып қалдық. Қазір облыс әкімінің көмегімен әуежайға демеушілер тартып, терминал, ұшақ конатын алаң жобалары жасалуда.

Тікелей пойыз қатынасы түгілі, Маңғыстау облысында әлі күнге дейін өзінің төл темір жол басқармасы жоқ. Ұзақ жылдар бойы облыстық темір жол бөлімшесі Атырау темір жол басқармасына бағынып келді. Екі ара - 500 шақырым. Маңғыстаудың даму деңгейі өте жоғары. Алдағы уақытта «Маңғыстау» темір жол стансасы мен Порт-Шевченко қаласына, теңіз айлағына 132 шақырымға темір жол тартылмақшы. Теңізді игеруге база жасалуда. Құрықта үлкен терминал салынып, мұнай тасымалдау қарқынды жүргізілуге тиіс. Ол да шойын жолды қажет етеді. Шалқардан Бейнеуге қарай тартылатын темір жол жобасы тағы бар. Осының бәрін жергілікті жерде отырып басқармаса, үлкен қиындық тудырады. Темір жол басқармасының қажет екендігін дәлелдеп, мен Үкіметке бірнеше мәрте сауал қойғанмын. Соның негізінде, алдағы жаңа жылдан бастап облыстық темір жол басқармасы құрылмақ. Ал облыс орталығы мен басқа аймақтар арасындағы темір жол арқылы жолаушылар тасымалдау мәселесі келер күннің еншісінде. Ол да біртіндеп шешімін табады деген үміттеміз.

- Сіз сайланған Маңғыстау облысы - донор облыстың бірі. Ендеше, облыстың орталыққа берген қаржылық жәрдемінің қайтарымы қандай деңгейде? Байлықтың үстінде отырған халықтың әлі тарқатылмаған түйіні көп. Сіздің ойыңызша, бұл әлеуметтік әділетсіздікке жатпай ма ?

- 2007 жылдың республикалық бюджетінде Маңғыстау облысында бірде-бір мектеп салуға қаржы қарастырылмаған. Тек бір ғана мысал Жаңаөзен қаласындағы білім беру мекемелерінің сыйымдылығы 15376 оқушыға арналған болса,

2006-2007 оқу жылы 21057 оқушымен бастап отыр. Яғни, 5686 оқушы сыйымдылықтан артық. Әлі де орташа алғанда 7-8 мектеп жетіспейді деген сөз. «Рахат» шағын ауданындағы орта мектептің жағдайы тіпті ауыр. 624 орындық мектепте күні бүгін 2597 оқушы білім алуда, оқушылар саны төрт есе артық. Осыған орай, «Рахат» шағын ауданында 960 оқушыға арналған мектептің техникалық құжаты әзірленіп, тиесілі құжаттардың бәрі Қаржы министрлігіне, Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігіне тапсырылған. Алайда, мектеп құрылысы 2007 жылға арналған бюджеттің жобасына енгізілмей отыр. Парламент қабырғасында бюджетті талқылау барысында осы мәселелердің бәрін көтерудемін.

Жалпы, Маңғыстау облысының жылдық кірісі - 42 миллиард 293 миллион 640 теңге. Соның өзінде қалатыны - 17 миллиард 816 миллион 896 теңге. 24 миллиард 436 миллион 144 теңгесі ортақ қазанға түседі. Қазақстан үшін Маңғыстау мұнайының беріп отырған үлесі қомақты. Әйтсе де, жергілікті халықтың шешілмей жатқан проблемасы да шаш-етектен. Өндіріп жатқан мұнайдың ризығын жергілікті халық та көруі керек қой. Жастардың келешегін ойласақ, олардың білім алуына баса назар аударуға тиістіміз. Ал мұнайлы Маңғыстауда бір дені дұрыс университет жоқ, не ғимараты жоқ. Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті өлкеміздегі іргелі жоғары оқу орны. Онда 11 мың студент дәріс алады. Бірақ студенттерді оқыту заманауи талапқа сай емес, ғылыми-техникалық базасы төмен. Кезінде университет балалар бақшасы, техникумдардың ғимараттарын алған. Олар да шашыраңқы, қаланың әр бұрышында орналасқан. Ел экономикасына қыруар байлық беріп жатқан облыс орталығында ең болмаса бір университет қалашығын салуға болады емес пе. Оған бас-аяғы 2,7 миллиард теңге ғана керек. Жобаның әлеуметтік қана емес, экономикалық та маңызы жоғары. Оның барлық құжаттары дайын, жедел қаржыландыруды қажет ететін нысандардың құрамына кіруге тиіс. Елдің тілегі осындай.

Шынында да, мемлекет қазынасына қомақты кіріс әкеліп отырған облыс оның қайтарымын көргені жөн. Субвенциялық

облыстар бар, мысалы, Қызылорда өзінің бюджетіне қосымша _ 14,8 миллиард теңге, Қостанай -13,4 миллиард теңге, Солтүстік Қазақстан - 16,5 миллиард теңге, Ақмола облысы 19,6 миллиард теңге қосымша көмек алады. Ендігі жерде олар өздерінің салық базасын кеңейтіп, өндірісін дамытып, ел экономикасына үлкен ауыртпалық салмауға тырысуы қажет қой. Бар салмақ қашанғы Алматы қаласы, Атырау мен Маңғыстау облыстарына түсе береді? Әрине, орталық қазанға үлес қосу қажет. Әйтсе де, донор облыстардың проблемасы әңгіме болған тұста, республикалық бюджет комиссиясы оған баса назар аударуы да керек. Басқалай айтқанда, біз қашанғы тіленші болып, сұраншақтана береміз?

Ақтау мен Жаңаөзен қаласының арасындағы автомобиль жолы сын көтермейді. Ол жолды жергілікті халық «ажал жолы» деп атайды. Әйткені, екі мәшине тізгіндесе келгенде, жолға сыймай қалады. Жол көлігі апаттарының жиі болатыны содан. Жаңадан жол салмай-ақ, жолдың екі қапталын бір-бір метрден созса, жолдың өтімділігі кеңейер еді. Міне, осыған да қаржы керек. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы жыл сайын 25 миллиард теңге шамасында салық төлейді. Компанияда қызмет ететін мұнайшылар негізінен Бозашы мұнай өндіру кәсіпшіліктерінде еңбек етеді. Бірақ Ақтау мен Бозашы арасындағы жол да адам көргісіз, шұрық-шұрық тесік. Байлықты игеруге апаратын жолдарды жөндеу де аса қиын шаруа емес. Тек жеткілікті деңгейде назар аударылмай келеді.

Қысқасы, облыстың орталыққа берген қаржылық жәрдемінің қайтарымы өте төмен деңгейде. Себебі, облыстағы қордаланған көп мәселе шешімін таппай келеді. Биылдың өзінде республикалық бюджеттен қаржыландыруға біраз нысан еңбей қалды. Мәселен, Жаңаөзен қаласындағы канализацияны тазарту құрылымы әбден тозығы жетіп, Жетібай кентіндегі Қалқанды ағаштан салынған емханаға да қырық жылдан асты. Қазір апатты жағдайда. Жетібай осыншама жылдар бойы отандық экономикаға қанша тонна мұнай берді? Қазірдің өзінде жылына 3,5-4 миллион тонна мұнай өндіреді. Ел байлығына елеулі үлес қосып отырған елдімекеннің ахуалы осындай. Сол

себеіті, байлықты өндіріп жатқан халық бергенін базарлай білуі де керек.

- Облыстағы халықтың тыныс-тіршілігі қандай? Басқа облыстармен салыстырғанда Маңғыстауда айлық жалақы жоғары көрінеді?

- Маңғыстауды айтқан кезде көбіне-көп бай облыс деп санайды. Рас, облыста орташа жалақы 76 мың теңгені құрайды, республикалық көрсеткіштен де жоғары. Бұл көрсеткіш мұнайшылардың жалақысына байланысты. Ал мұғалімдер, дәрігерлер мен бюджет саласында қызмет жасайтындардың айлығы өте төмен, 15-20 мың теңгенің деңгейінде. Оның үстіне Маңғыстауға көкөніс, азық-түліктің барлығы да тасымал түрінде келеді. Сондықтан азық-түлік, күнделікті тұрмысқа қажетті тауарлардың бәрі қымбат. Көп жағдайда ортақ көрсеткіш алынады да, халықтың әлеуметтік жағдайы соның төңірегінде көрсетіледі. Облыста тұратын халықтың бәрі мұнайшы емес қой, олардан басқа жұрттың күнкөріс деңгейінің қандай екені неге ескерілмейді?

- Мұнайлы өңірге ат басын бұрған қандастарымыздың да саны күрт өсіп келеді. Алайда, олардың да ахуалы маз емес, көпшілігі әлі күнге дейін саяжайларды паналап жүр. Осы көші-қон мәселесін қалайша реттеуге болады?

- 1992 жылдан үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейінгі аралықта Маңғыстау облысына 20 543 отбасы, яғни, 69 070 адам қоныс аударған. Атамекенге оралған бауырларымыз ә дегенде мемлекет тарапынан берілетін қаржылай көмекке іліге алмай, әлекке түседі. Баспана мен жұмысқа орналасу да өзекті проблема. Шетелден Отанға оралғандарды бейімдеу орталығын Ақтау қаласында салуға келіскенбіз. Оның құжаттарын жасау үшін алдымен 9-10 миллиондай теңге керек екен. Бірақ, болмашы қаржының өзін республикалық бюджет комиссиясы бөлмей отыр. Келесі жылдың бюджетін талқылау барысында бұл мәселені де көтеріп отырмын.

Маңғыстау облысына ат басын тірегендердің ішіндегі еңбекке жарамдылары - 62 пайыз, мектепке дейінгі және мек-

теп жасындағы балалар - 36 пайыз, зейнет жасындағылар 2 пайызды құрайды. Жоғары білімділер - 3,5 пайыз, орта арнаулы білімі барлар - 38 пайыз. Сондықтан оларға бірден елге сіңісіп, араласып кету оңай емес. Бейімдеу орталығын салу 2006-2009 жылдар аралығына жоспарланған еді. Оған қажет қаржының жалпы сомасы 600 миллион теңгені құрайды. Келесі жылы ең болмаса құжатын әзірлеп, одан соңғы жерде бейімдеу орталығының құрылысын жүргізу қажет. Соған тиесілі қаржы бөлінуі қажеттілігін тиісті органдар түсінуі тиіс.

- Өзекті мәселенің шешімі қазынаға келіп тіреледі. Шүкір, қазір қазынаның бүйірі тоқ, тіпті кейбір министрліктер мен ведомстволар бөлінген қаржыны толық игере алмай, жыл аяғында әуреге түсіп жатады. Үкімет неге үнемдеуге құмар?

- Әрине, республикалық бюджетте жыл сайын өсім бар. Оның түсімінде де, шығысында да. Бір қызығы, республикалық бюджет комиссиясының жұмысы негізінен шілде, тамыз айларында өтеді. Ол кезде Парламент депутаттары өз ұсыныстарын береді де, демалысқа кетеді. Олар келемін дегенше, комиссия өздеріне ыңғайлап, бюджеттің жобасын қатырып, әзірлеп қояды. Көптеген ұсыныстары өтпей қалған депутаттар бюджетті талқылап, қабылдау барысында өз ұсыныстарын енгізуге жанталасады.

Қаржы жоқ дейді Үкімет. Қаржы жетеді, оның көздері де көп. Біріншіден, республикалық бюджетті жоспарлаған кезде қаржы жеткізе алмай жанталасатын бюджет емес. Алайда, Үкімет жұмысты өзі жеңілдетіп алады. Мәселен, біз шілде айында биылғы жылдың бюджетін нақтылап бердік. Бір позициядан, корпоративтік салық түрінен нақтыланған цифрдың өзі - 560 миллиард теңге. Он күннен кейін Үкімет соны 698 миллиард теңгеге өзгертеді. Яғни, алдындағы цифр қате берілген. Бұл үкіметтегілердің кәсіби төмендігі ме, әлде әдейі жіберілген қателік пе?

2007 жылғы республикалық бюджетті жоспарлаған кезде Үкімет корпоративтік салық мөлшерін 596 миллиард теңгеге

жоспарлайды. Сонда қай цифрға сенуге болады? Арада қалып қойған цифр резерв емей немене? Жүйелік емес түсімдер деген бар. Бұл 2000 жылы тіпті ескерілмеген. Ал одан 2003 жылы - 8,6 миллиард, 2004 жылы - 3,8 миллиард теңге, 2005 жылы 17,4 миллиард теңге түскен. Ол түсімдер 2007 жылдың жоспарына тіпті кірмеген де. Бұл резерв емей немене?

Табиғи ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдерді биыл маусымда үстіміздегі жылдың нақтыланған бюджетінде 140 миллиард теңге шамасында бекітіп бердік. Үкімет оған он күннен кейін өзгеріс енгізіп, 218,8 миллиард теңгеге көтерді. Яғни, 78,8 миллиард теңгеге көбейтті. Сонда тағы бір жерде есептелмей қалған қаржы көзі болып тұр ғой. Осы түсімнің ағымдағы жылдың 1 тамызға орындалуы 247 миллиард теңгені құраған. Нақтыланғанының өзі 140 миллиард теңге болса, ол 100 миллиард теңгеге артығымен орындалған. Табиғи ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдерді Үкімет 2007 жылғы республикалық бюджеттің жобасында 208 миллиард теңге шамасында жоспарлап отыр. Биыл жеті айда 247 миллиард теңгеге орындалса, оның келесі жылы 208 миллиард теңге шамасында жоспарлануы мүлдем түсініксіз. Мұның аржағында миллиардтаған теңге шамасындағы резерв менмұндалайды. Аяқ асты мәлім болған түсімдерді есептеген күннің өзінде де резервте жүздеген миллиард теңге бар. Әңгіменің тоқетері, Үкімет, министрліктер тиімді жоба жасап, жеңілдетілген жүйемен жұмыс жасайды.

Болмаса, Үкімет 2007 жылғы республикалық бюджеттегі теңгенің 1 долларға шаққандағы бағамын 117 теңгемен алған. Қазіргі бағам 126-127 доллар шамасында. Бұның алдағы жылы өсетіні сөзсіз ғой. Олай болса, 117 теңгеге неге жабысып отыр? Осының өзінен-ақ, республикалық бюджет 32 миллиардқа кемиді. Ең болмағанда, доллар бағамы бойынша 4-5 миллиард теңге кірісті жоспарлауға болады. Қаржы резерві мол екендігі осыдан да түсінікті. Қысқасы, Үкіметтің кімнен, неге қаржы үнемдейтіні түсініксіз.

- Осындай басы артық қаржыны әу баста-ақ түйіні тарқатылмай жатқан әлеуметтік салаға бөлуге болмай

ма? Үкімет пен Парламент қаржыны тиімді бөлуді қашан игереді?

- 2006 жылы ең төменгі айлық жалақы көрсеткіші - 9 200 теңге, ең төменгі зейнетақы - 9700 теңге. 2007 жылы ең төменгі айлық жалақы көрсеткіші 9752 теңге, ең төменгі зейнетақы 10736 теңге шамасында жоспарлануда. Қазақстанда зейнеткерлердің саны шамамен 1 миллион 643 мың. Жалпы, экономикаға еңбек ететін 7 миллион 400 мыңдай адам бар. Қаржы қорлары өсіп, ішкі резервтер ұлғайып, алтын-валюта қорлары артуда. Олай болса, зейнетақы мен жалақы мөлшері де көбеюі тиіс қой. Оған мүмкіндіктеріміз мол деп есептеймін.

Жалпы ішкі өнім әр адамға шаққанда келесі жылы 6560 долларға жетпек. 2005 жылы ол 3700 доллар болды. Жалпы ішкі өнім екі есеге жуық өскеннен халық қандай пайда көруде? Қазіргі өркениетті елдер деңгейін алып, зейнетақы мөлшерін сол ыңғайға келтірер болсақ, зейнеткерлеріміз ай сайын 24-25 мың теңге алған болар еді. Мұндай зейнетақы алмақ түгілі мұғалімдеріміз бен дәрігерлеріміздің айлық жалақысының өзі осы төңіректе. Сол себепті, мемлекеттің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енуі, оның әлеуметтік салаға басымдық беруімен бағамдалады.

- Қорғаныс министрі кезінде сіздің атыңызға хат жолдаған құзырындағылардың іс-әрекетіне «шала бүлінгені» бар еді. Министрдің «шамына тиген» баспанасыз офицерлердің кейінгі тағдыры не болды?

- Жалпы, әскерилерді баспанамен қамту үлкен проблема болып тұр. Әскерилердің, әсіресе, 20-30 жыл әртүрлі гарнизондарда қызмет етіп, тұрақты орналасатын жерге келіп, баспаналы боламын дегендерінің көбі сотта жүр қазір. Мысалы, Қорғаныс министрлігіне баспанаға қатысты 2006 жылы 22 сот шешімі жолданып, соның 12-сі орындалыпты. Яғни, қазіргі таңда офицерлер өздеріне заң бойынша тиесілі баспананы тек соттасып алуға мәжбүр. Өйткені, мұның бәрі әскери қызметшілерді баспанамен қамтамасыз етуде жүйеліліктің жоқтығына байланысты болып отыр. 2005 жылы Ішкі істер министрлігіне қарасты ішкі әскерде 1448 адам баспананы қажет

ететін болса, 2006 жылы 1587 адамға жеткен. Республикалық ұланда баспана кезегіне 2005 жылы - 1200, 2006 жылы 1288 адам тіркелген. Ал Қорғаныс министрлігінен 164 офицер зейнеткерлікке шығып, баспанасыз жүр. Осыларды шешу үшін 13 миллиард теңге мөлшерінде қаржы керек.

Қоғамдық тәртіпті сақтауда ішкі әскерлердің рөлі өте жоғары. Тұратын жатақхана мен тұрмыстың қиындығынан, олар бүгінде Астанадан Қарағандыға қоныс аударуда. Ішкі әскерлерге 2007 жылы салынатын тұрғын үйлерінің жобалық құжатына, сараптамасына қажетті 186 миллион теңге қаржыны республикалық бюджет комиссиясы бөлмей отыр. Қысқасы, офицерлерді баспанамен қамтамасыз ету жағы күрмеуі қиын мәселе болып тұр.

- Биліктегі ұлықтардаи шетелдік инвестицияның көптеп тартылып жатқандығы туралы жиі естиміз. Инвесторларды жер-көкке сыйғызбай мақтап та жатамыз. Инвесторлардың салған қаржысы мен тапқан пайдасының мөлшерін салыстыратын болса, кімнің ұтысқа шығары айқын білінер еді-ау...

- Жалпы, Қазақстан өзіне инвестиция тартып, инвесторларға қолайлы жағдай жасау жағынан әлемдегі алдыңғы қатарлы бес елдің санатына кіреді. Біздің заңдарымыз инвестицияға толықтай жағдай жасауда. Мемлекеттің сыртқы тауар айналымы он жылдың ішінде үш есе өсті. Қазақстан экономикасына 40 миллиард доллар шамасында инвестиция салынды. Осының арқасында 2008 жылы Қазақстанның ішкі жалпы өнімі екі есеге өседі.

Инвесторлар елімізге не береді? Біріншіден, жаңадан жұмыс орындары ашылса, жұмыссыздық азаяды. Дұрыс пайдалана білсек, инвесторлардың жаңа салаларды игеруге де үлкен көмегі бар. Салыққа, ұлттық қорға қосып жатқан үлесі де қомақты. Үстіміздегі жылдың шілде айынан бастап мұнайдан түскен қаржының бәрі Ұлттық қорға аударылады. Яғни, оның белгілі бір бөлігі тұрақтандыру қызметін атқарады да, ішкі инфляцияның төмендеуіне септігін тигізеді. Екіншіден, Ұлттық қор жинақтаушы рөлін атқарып, болашақ ұрпақтың мүддесіне қызмет етеді.

Әйтсе де, шетелдік инвестицияға катысты бізде үлкен бір мәселе бар. Тәуелсіздіктің елең-алаңында Қазақстан инвестициясына қаржы салған алпауыт компаниялар салық төлеу жағынан үлкен жеңілдіктерге ие болған. Соларды қайта қарау үшін биылдан бастап Үкімет Қаржы министрлігінен арнайы бөлім ашты. Келісімшарттарды қайта қарау өте күрделі мәселе. Инвесторларды үркітіп, шошытып алмаған жөн. Бірақ екінші жағынан өз ризығымыздан айырылып қалуға тағы болмайды. Бұл соңғы кезде жиі көтеріліп те жүр. Әйткені, шетелдік инвесторлардың тапқан табысынан қазынаға құятын салық мөлшері өте төмен. Тіпті, бір жарым-екі жарым пайыз шамасында төлейтіндер бар. Қиын кезде сондай жеңілдіктермен уағдаласқан ғой. Үкіметтің шетелдік компаниялармен қол қойған келісімшарттары жария етілмейді. Оларды енді жариялайтын уақыт келді. Әрине, бұл шетелдік мамандарға, шетелдік инвестицияға кедергі қою деген сөз емес. Инвестицияның тиімділігін іріктеп ала біліп, өз мүддемізді, талабымызды да орнымен қоя білу болып табылады.

- Қазақстанның даму көрсеткіштері ТМД-дағы кейбір елдерден көш ілгері. Әйтсе де, біздің мүмкіндік әлеуетіміз бен шынайы тірлігіміз бір-бірімен сай келе ме?

- Деректерге ден қоятын болсақ, шынында да ТМД-дағы кейбір елдерден көш ілгеріміз. Қазақстан әлемдегі 215 мемлекеттің ішіндегі әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енді мақсат етіп отыр. Алға қойған осындай іргелі мақсаттың арқасында халықтың әлеуметтік хал-ахуалы да өзгереді деген үміт бар. Ішкі жалпы өнімнің өсу қарқыны жөнінен Қазақстан ТМД елдерінің алдында, Шығыс Еуропа елдерінің деңгейіне шамалас деп айтылып жүр. Ішкі жалпы өнімнің адам басына шаққандағы 3800 доллар деңгейіндегі көрсеткішпен Түркияны, көптеген Азия елдерін артқа тастап, Ресейден басқа ТМД елдерінің алдына шыққанымыз рас. Алайда осы көрсеткіштің өзі Сингапурде - 30 мың доллар, Венгрияда - 14 мың доллар. Сол себепті Қазақстан үшін алдыңғыларына тоқмейілісімей, соңғыларының қатарын толықтыру міндеті тұр.

Дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің 75-80 пайызы жаңа технологиялар негізінде жасалынады. Бізде бұл көрсеткіш әлі төмен. Бүкіл әлемде ғылыми негізде шығарылатын өнімнің мөлшері белгілі. Оған Давос форумы аясында және АҚШ-тағы Гарвард университеті деңгейінде сараптама жасалады. Жаңа технологиялар негізінде өнім өндіру бойынша алдыңғы қатарда АҚШ, Жапония, Германия тұр.

Бүгінгі таңда Қазақстанның қаржы секторы жақсы дамып келеді. Қаржылай кіріс соңғы он жыл ішінде бес есе өсті. Алайда, бюджеттің әлеуметтік салаға бөлінген қаржысы ішкі жалпы өнімнің бестен бір бөлігін ғана құрайды. Бұл да өте төмен. Мысалы, Нидерландия, Швеция, Германия, Дания, Италияда әлеуметтік салаға бөлінетін қаржы ішкі жалпы өнімнің 26-30 пайызы шамасында болса, ал АҚШ-та ол 60-70 пайызды құрайды. Әлеуметтік жағдайымыздың төмен болатын себебі, елімізде әлеуметтік салаға қаржы жеткілікті деңгейде бөлінбейді. Мүмкіндік әлеуетіміз жоғары, алайда әлеуметтік салаға келгенде, Үкімет сарандық танытады да отырады.

Егер Үкіметті сөйлете қалсаңыз, ол білім мен ғылым саласына 2005 жылы 53,5 миллиард теңге қаржы бөлінсе, ол 2007 жылы екі есеге өсіп отырғандығын алға тартады. Тыңдауға өте жақсы. Дегенмен оны салалап тексере келсеңіз, көп позициялардың орындалмай жатқанына куә боласыз. Мысалы, құрылыс нысандарына қатысты материалдық-техникалық қамтамасыз ету дегеніңіз бар, соның үстіміздегі жылғы тамызға орындалысы 26 пайызды құраған. Қалған 3-4 айда ол қалай орындалмақ?

Денсаулық сақтау саласына 2005 жылы 57 миллиард теңге бөлінсе, 2007 жылы 93 миллиард теңге жоспарланып отыр. Қарасаңыз, әжептәуір цифр. Бірақ кешегі Оңтүстік Қазақстан облысында болған оқиға денсаулық саласындағы жұмыстың сапасын көрсетеді. Мұндай ахуал тек қана Оңтүстік Қазақстан облысына ғана емес, басқа облыстарға да тән. Қысқасы, қаржының бөлінуі мен оның сапалық орындалысы арасында әжептәуір алшақтық бар. Сол себепті, кез келген салада қаржының қаншалықты өскені емес, бөлінген қаржы аталған

саланы каншалыкты сапалык деңгейге көтергендігімен өлшенеді.

- Әңгімеңізге рақмет.

2007 жыл

Қаржаубай Сарткожаұлы,
түрколог-ғалым:

АЛЛАҢ КЕШІРЕДІ, АРУАҚ КЕШІРМЕЙДІ

- Түркі этносының мәдени-рухани құндылығын, түркі халықтарының әлем өркениетіне қосқан үлесін жан-жақты зерттеп жүрген ғалым ретінде әуелі аталған этностың қалыптасу тарихына тоқтала кетсеңіз.

- Түркі этносына Ұлы Түркі қағанатын құрудың мүмкіндігі біздің заманымыздың бес жүзінші жылдарының басында туды. Оның көсемдері Яғалақар, жамылардың заманынан (б.з. II-Ү ғ.ғ.) әрекеттене отырып, Бұмынның заманында сәті түсіп, қыпшақ тайпасы, қыпшақ тайпалық бірлестігін құрды. Сөйтіп, біздің заманымыздың 535 жылы Бұмын қаған бүгінгі Монғолия жеріндегі жылқылы, қалың оғуз тайпаларын қоластына біріктіріп, одан соң Саян-Алтайдағы темірші, кенші тайпаларды бір тудың астына жия отырып, алғашқы Түркі қағанатын орнатты. Алайда, жасы келген Бұмын қаған Алтын тақта көп отыра алған жоқ, 551 жылы дүниеден өтті. Інісі Істемі қаған бір жыл бойы Орталық қағанатты басқарып тұрды да, кейін империяның Батыс қанатын (Батыс Түрік хандығы) басқаруға аттанды. Себебі, Батыс қанатының жер көлемі аса үлкен болғандықтан, оның елін, экономикасын бір

орталықтан басқару қиын еді. Сол себепті Істемі қағанаттың Батыс қанатын қолға ала отырып, Иран, Парсы, Византиямен сауда және дипломатиялық қатынас орнатуға бел байлады.

Істемі қағаннан соң Орталық қағанатқа Мұқан қаған билік жүргізді. Істемі, Мұқан қағандардың заманында Түркі қағанаты Орта және Орталық Азиядағы барлық түркі тайпаларының басын қосты. Сонымен қатар шығыс жағындағы монғол, мәнжүр, оңтүстігіндегі Тибет-тангад, Эфтелит (Евті-елі), Жетісудағы Үйсін, Сыр бойындағы қалың оғуздар бір тудың астына бірікті.

- Мұқан қаған билік жүргізген тұста ел аумағында үлкен реформа жүргізген. Жүргізілген реформа қай салаларды қамтыды?

- Мұқан қаған үлкен бес реформа жүргізді. Бірінші, қағанаттың басқару ісіне Хунну дәуірінде қолданған үштік жүйені енгізді.

Екінші, Қағанат идеологиясының алтын бағанасы болған Бөгу(Тәңірлік) дінінің беделін арттырып, арнайы институттың дәрежесіне дейін көтеруді көздеді. Соған дейін түркілердің ғибадат ететін орны үңгірлер мен ұлы таулар болып келсе, ендігі жерде әдет-ғұрыптар тауда емес ғибадатханада өтетін болды. Тәңірлік діннің ғибадатханалары ел астанасынан бөлек орнатылды. Орхон дарияның оңтүстігіне астанасын салса, солтүстікке астанадан 20 шақырымдай жерге барқтарын салған. «Барқ» деген сөз бұл мұсылманға қатыстырып айтсақ мешіт деген мағынаны білдіреді.

Үшінші, байырғы түркі руна жазуына реформа енгізіліп, ежелден халық ортасында қолданыста келе жатқан түркі әліпбиінің жазу емлесін жасатты. Түркі әліпбиі мемлекеттік әліпбиге айналдырылды. Ұлы ғибадатханалардың жанына ұстын орнатып, оған байырғы түркі әліпбиімен қоғам қайраткерлерінің өмірбаянын, ел тарихын ұштастыра жазып, кашап қалдыруды дәстүрге айналдырды.

Төртінші, Қағанаттың мемлекеттік тілі империяны орнатушы - билік жүргізуші қыпшақ тайпасының тілі таңдап алынды.

Бесінші, шаруашылық, яғни салық реформасын жүзеге асырды. Ол кезде салықты «берім» деп атаған. «Таз тайпасының көсемі бидай берімін(салығын) бермегендіктен ол бауыздалды» деп жазады сол кездегі тарихи ескерткіштерде. Салыққа қатал қарағаны соншалық, салық төлемегендер осылайша қатаң жазаға тартылып отырған. Ол кезде көктүріктер негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Аздаған егін шаруашылығы да болған. Оған «Орхон бойы менің таралығым еді» деп жазылған ескерткіштер дәлел. «Таралығым» деген сөз - егін алаңым дегені. Қарап тұрсақ, егін шаруашылығымен де шұғылданған оның сыртында аң шаруашылығы да дамыған. Қалың әскерді қаруландыру, киіндіру де әсте оңай емес. Әскерлерге қару-жарак, күнделікті тұрмысқа қажетті дүниелерді жасайтын арнайы ұстаханалары болған. Қала құрылысы қарқынды жүргізіліпті. Осының бәрі әскери тәртіппен жүзеге асырылған.

- Ұрпағына аманат еткен тарихи ескерткіштердің құндылығы бабаларымыздың рухани даму деңгейі де жоғары болғандығын көрсететіндей. Осыған байланысты тарихи жазбалар жөнінде ой өрбіте отырсаңыз.

- Тұй-ұқұқтың (Тоныкөк) ғибадатханасын қазған кезде үйдің қабырғасына жазылған жазуды көзіміз шалды. Қабырға сылақтарын аршып, ондағы жазулардың басын біріктіріп оқығанда, оны жазған құрылысшының сауаты тым нашар болмағандығын аңғардық. Ал үлкен ұстындарға қашалып жазылған ескерткіштерді көрсеңіз, тіпті керемет. Сібірдегі, Тывадағы, Хакасиядағы, Алтайдағы ескерткіштердің мәтіні бір жол, екі жол, үш жолдан тұрады. Онда «Пәленбай қайтыс болды. Соның басында өкіндім, еңіреп жыладым» деген жазу кездеседі. Ал үш-төрт метр ұстындарға тасты кашау арқылы жазылған ескерткіштердің құндылығы жоғары. Мәселен, Күлтегін мен Біліге қаған ұстынының мәтінін Йолығ - тегін деген есімді білімпаз жазса, тасқа қытайлар кашаған. Тұй-ұқұқтыкін өздері тасқа кашаған. Бұл Түркі қағанаты тұсындағы

бабаларымыздың рухани дайындығы өте күшті болғандығының дәлелі.

Түркі тілінің сол кездегі ерекшелігін де керемет тап басып білген. Мәселен, тілдің сингармонизмі бар емес пе, бар әріп сол сингармонизмге үйлестірілген. XX ғасырда жетілдік, мықтымыз деп отырған қазіргі заманғы күннің өзінде тілдің өзіндік үйлесімін табудағы еңбегіміз түркілердің білімпаздығына жете бермейді. Қазір әлемдегі түркі тектес 38 ұлттың ішіндегі ең жетілген, мықты дегендері казак, өзбек, эзирбайжан, түрік, түркіменнің тілдік грамматикасы, жазуы кезіндегі түркі әлілбиінің деңгейіне маңайламайды да.

- Неге?

- Түріктер Батыстың ықпалында, ал біз орыстың ықпалында болдық. Осының кесірінен біздің тілдік артикуляциямыз өзгеріп кетті. Кириллицаға бейімделдік. Ал түркілер өзінің әлілбиін жуан, жіңішке айтылуына орай төл таңбасын жасаған. Мәселен, 17 дауыссыз дыбысыңыздың 12-сіне екі-екіден кескін арнаған.

Қазак тілі сингармонизмге кұрылған тіл, көктүріктер заманындағы бабаларымыз осыны жақсы түсінген. Алайда, бертін келе орыс ғалымдары түркі жұртының өзіне ғана тән үйлесімділіктің быт-шытын шығарды. Мәселен, Баскаков сияқты атакты ғалымдар каракалпакка, түркіменге, өзбекке бөлек-бөлек әлілби жасап берді. Мысалы, «н» әрпінің өзін пәленбай түрмен белгіледі. Мәселен, өзбек тіліндегі н-ның айтылуы казак тіліндегіге мүлде ұксамайды. Кескінінің өзінде бөлек-бөлек жасады. Бұл - түркі халықтарын бірінен-бірін алыстатуға байланысты туындаған сорақы саясаттың зардабы. Тіпті, дыбыстың фонетикалық айтылымы мүлдем өзгеріп кетті. Қазак тілінің өзі бүгінде өзгеріп, бір казак екіншісін түсінуі қиын боп барады емес пе.

- Түркі қағанаты тұсындағы тарихи ескерткіштердегі елдік тұрғысындағы мәселелерге қайта оралсақ.

- Біліге қағанда да, Түй-ұқұқта да, Күлтегін ескерткішінде де елдік, бірлік туралы өте көп айтылады. «Жақын жүрсең бір-

біріңе күш бересің». «Жіңішкені үзу оңай, ал топтасатын болса, оны үзу қиын» дейді. Көрдіңіз бе, топтас, бірік дегенді айтады. Сосын кейінгі ұрпақ мәселесіне қатты көңіл бөлген. «Бір адам жаңылса, бесігінің бесігіне дейін зардап шегеді» дейді. Яғни ұрпағының ұрпағына дейін қиналады дегенді меңзеп отыр емес пе. Бір адам жаңылғанда деп кімді айтып отыр? Ел билеушіні, ханды. Хан жаңылуға, хан қателесуге болмайды. Бұл қазақтың төл макалымен де астасады. «Ханда бауыр жоқ, таста тамыр жоқ». Бұл билеуші, ел тізгінін ұстаған адам өте әділ болуы керек деген сөз.

- Түркі империясы заманында ел басқару қалай жүзеге асырылды?

- Көктүріктердің ел басқару жүйесіне тоқталар болса. Елдің басында қаған отырды. Елді билеу үш қанат жүйесіне сай жүргізілді. Бір қанатын тардуш (оң қанат), екінші қанатын - төлес (сол қанат) болған. Үшіншісін немесе орталық өкіметті ішірік дейді, яғни хан ордасы. Хан ордасында Қағанмен бірге Бас бұйрық (бас қолбасшы) орналасты. Оны орыс ғалымдары «приказчик» деп аударып, деңгейін төмендетіп жіберген. Әскери 24 атау, лауазым болған. Бас қолбасшының қоластында онмыңдық, бесмыңдық, мыңдық, бесжүздік, үшжүздік, жүздік деген сияқты бөлек-бөлек әскербасылары тағы бар.

Бас бұйрықтың Кеңесі, оң қанаттың, сол қанаттың өзінің жеке-дара кеңесі болған. Кәдімгі парламент тәрізді. Мәселенің өзектісі хан ордасында талқыланады. Жоғарыда қабылданған шешім төменге қарай ауысып, сол қалпында орындалатын болған. «Қытайдан бізге қарсы әскер аттаныпты» деген хабар жетсе, елдік басқару жүйесіне сәйкес әзірлікке қатысты өмір беріледі де, ол жоғарыдан төменге дереу жеткізіледі. Тұрақты әскер тек орданың маңайында ғана болған, ал қалғандары ел ішіне елге қауіп төнген кезде атқа қонған. Тұрақты әскерді тұрғақ деп атаған. Осындай билік жүйесінің арқасында әлемге көктүрік империясының аты кетті.

- Бағзыдағы бабаларымыз ұлт, ел мүддесіне үлкен жауапкершілікпен қараған екен-ау...

- Жұртым деп аласұрған, елім деп еңірегені көрініп тұр ғой. Олар кара басының камын күйттемеген, елдің, халықтың, ұрпағының болашағын ойлаған. Өзіңіз ойлап қараңызшы. Айдаладағы тәу ететін жерге 3-4 метрлік ұстын орнатып, соған мәңгілік сөзін, өсиет қалдыру деген адам таңғалатын керемет дүние емес пе. Ұстындарды көргеннен кейінгі маған алғашқы сап еткен ой: «тастарды қайдан әкелді екен?» Үлкен-үлкен көк тастарды жақын маңнан кездестіре алмайсыз. Тарихи ескерткіштерді зерттеу барысында Орхон өзенінің бойымен талай кездім ғой, мәшинемен, атпен, кейде түйемен жүруге де гура келді. Өзен бойында сәл жоғарырақта үлкен сарқырама бар. Сол сарқыраманың төменгі жағында үлкен жартас тұр екен. Қарасам, тас Күлтегіннің ұстынының тасына ұқсас. Су тасып жатқан кез болатын-ды. Мәшине жүре алмайды. Өзеннің арғы бетіне жайдақ атпен өтуге тәуекел еттім. Жүзіп отырып сарқыраманың аржағына да шықтым. Үлкен жартас екен. Сөйтсе, тасты қиып алған. Сол жерде Күлтегін тасына ұқсас тағы екі тас жатыр. Екеуі екі жағына қарай сынған. Тағы бір таңданарлығы, Күлтегін тасының салмағының өзі 12 тонна. Оныңар жағындатағы 16 мүсінтас бар. Тағыбір кубик пішіндес тас тұр. Соңғысының өзі 20 тоннадай. Осындай ауыр салмақты тастарды ұстындар орнатылған маңға қалай жеткізген? Өзеннің бойымен есептесек 100 шақырым шамасында. Тура тартатын болса, 60 шақырымдай. Ол заманда осыншама алыс жерге тастар қалай жеткізілуі мүмкін?

- Расында да, қалай жеткізілген екен? Бұл сауалдың жауабы табылды ма?

- Табылды. Әлгі тастарды көріп болғаннан кейін сол маңдағы жергілікті моңғолдармен шай ішіп, әңгімелесіп отырғанбыз. Әңгіме ауаны тастың жеткізілу жайына ойысты. Дастарқан басында отырғандар әрқайсысы өзінің болжамын айтып бақты. Біреуі шанаға жегіп жеткізді дейді. Алайда анандай ауыр тасты шананың көтеруі әсте мүмкін емес. Дегенмен, айтылған болжамдардың ешқайсысы көңілге қонбады.

Қысқасы, көкейдегі сауал жауапсыз қалғандай еді. Пештің маңайындағы шай кайнатып отырған кемпір біздің әңгімемізге құлақ түріп отыр екен. «Ой, сендер бастарың шіріп кеткен бе?» деп күлді. «Сүймен дегенді білесіңдер ме?» Сонда ғана барып есімізді жидық. Үй шаруасындағы кемпір бізден гөрі әлдеқайда сұңғылалығын көрсетті.

Сөйтсе, тастың астына кесілген сырғауыл ағаштарды төсейді де, соның үстіне тасты қондырады. Одан кейін сүйменмен сүйемелдеп алға жылжытып отырады екен. Ал тасты ілгері сырғытқан сайын сырғауыл ағаштарды да алдыға қарай жылжытып ауыстырып отырады. Ұстын тастарды дйттеген жеріне жеткізуге осындай әдісті қолданған көрінеді. 100 шақырым жерге еңбектеп отырып, пәленбай тонна тасты апару қандай бейнетқорлық. Не үшін осылай істеді? Тек ұрпаққа сөз, осие т қалдыру үшін. Көктүріктер қағазға да жазған, алтынға да жазған, күміске де жазған. Бәрі де жойылып кеткенін бастан кешіп, түсініп, тек тастар ғана мәңгілік деп есептеген. Тастарды тасымалдаудың бейнетіне осыдан кейін көнген. Ұрпақ тағдыры үшін. Не деген биік, өршіл рух бұл! Ұрпаққа деген не деген адалдық!

«Қытайлармен жақындассаң, мәңгілік өкінішке қаласың, алыс жүрсең өзінді қорғай аласың» деген кезінде түркі бабаларымыз. Бұл дегеніңіз өмір-бақи қытай халқына сенбе деу ғой. Ал қазір қыздарымызды қытайлардың қойнына салып беріп, бабалардың бейнетқорлықпен жеткізген аманатына қиянат жасап отырмыз. Мұнымызды «Аллаһ кешіреді, аруақ кешірмейді». Рух өліп, бабалардың намысынан айырылып қалдық.

- Қазак қоғамын жайлаған осындай намыссыздық барлық пәленің, қайшылықтың бастауына айналып отырған жоқ па?

- Түркі империясы тұсында адамдардың сезімі таза, адами қасиеті өте жоғары, ел үшін жауапкершілігі асқақ болды. Ал бүгінгілер қулық сауған адамға айналды. «Әуелі қалтама қанша

түсер екен» деп ойлап тұрады. Миллиардер болсам, қайткенде байысам деген пиғыл басым. АҚШ-тың бір сенаторының айтқан сөзі бар еді. «Қазақстандық дипломаттарға таңғаламын. Айтып отырған нәрсесі бөлек те, ойлап отырғаны мүлдем басқа. Екі ел арасында қандай да бір келісімге қол қою туралы келіссөз жүріп жатса, ал олар мемлекеттік мүддені емес мүлдем басқаны ойлап отырады. Осының бәрін қалай меңгергені түсініксіз». Халықаралық шарттардың өзінен дипломаттардың жеке мүддесіне қанша пайда келетіндігін ойлайтыны дағдыға айналып кеткен. «Үкіметке мынанша түседі, ал маған мынасы жетеді». Жалпы, дипломаттар болсын, үкімет басындағылар, коммерсанттар болсын осы жағын көбірек ойлайды депті америкалық сенатор.

- Елдік мәселелерді мақсат-мұратына айналдырған Түркі империясының ыдырауына не себепкер болды?

- Қағанаттың ыдырауына қатысты Күлтегін былай деп айтады: «Ағалы-бауырлы кектескендігінен, бір-бірін жеккөргендіктен». Және «Құлы құл ұстады» дейді. Сонда қағанаттың құлының өзі құл ұстайтын дәрежеге жеткен болып отыр ғой. Керемет байып, қарны тойып, қорасы қой мен жылқыға толып, молайғаннан кейін біріне-бірі кеуде көтере бастаған. Билікке таласқан. «Ағалы-інілі кектескендіктен, кетіскендіктен, жоғары-төмен бір-біріне жауласқандықтан, Түркі қағанаты құлады» дейді Күлтегін.

- Әлемдік жүйеге ықпал еткен Түркі қағанаты енгізген дәстүрден ажырап қалуымыздың себебі неде? Біздің рухымыз экспансияның алдында неліктен әлсіздік танытты?

- Басқаның қол астына кіргеннен кейін бізде мемлекеттік билік жағынан құқық болған жоқ. Сол себепті отарлаушылардың құлақкесті құлына айналдық. Мәселен, Түркі империясы кезіндегі ханталапай да келе-келе ұмыт қалды. Қағанды сайлағаннан кейін тұйғындар, яғни әскерлер келеді екен де ханның бүкіл дүниесін халыққа нәпақа ретінде таратып береді екен. Мысалы, Күлтегін өлгенде де осылай болған.

Күлтегін қайтыс болғанда, оның төрт мың жылқысы халыққа таратылып берілген. Қазір атақты адамдарымыз қайтыс болғанда, тәбәрік ретінде дүниелер ұсынылады ғой. Бұл да сондай. Қаған сайланғанда да «ханталапай» ретінде оның дүниесін таратып береді де, халық оны кейін жиып береді. Хан болып сайланып, ақ киізге көтергеннен кейін халқы оның төбесіне алтын құятын болып тұр ғой. Қазақты орыс империясы жаулап алғаннан кейін көп дүниеміз жойылды. Ақсүйектік, бекзаттық, дегдарлық қасиеттердің бәрінен, салт-дәстүрден айырылды.

- Көк тастарда жазылған бабалардың аманаты қаншалықты дәрежеде жүзеге асып жатыр?

- Құдайға шүкір, «Мәдени» мұра бағдарламасының аясында біршама тірліктер жасалуда. Үкімет тарапынан көмек мол деп айтар едім. Жақсы жағдай жасалған. Тек ғалымдарымыз бұл мәселеге жан-жүрегімен беріле кірісе алмай келеді. Шеттен келген казакпын, кеңестік психология, осыны пайдаланып біреуден бірдеңе алып қалайын деген ой жоқ менде. Атажұртқа ат басын тіреген 6 жылдың ішінде бес кітап шығардым. Бұлардың бәрі казактың намысын қайрайтын, ұлттың ұлт екендігін танытатын еңбектер деп ойлаймын. Барлық ғалымдар іске осылай кіріссе, талай шаруаны қопарып тастауға болар еді. Әйтсе де, бізде әлі патриоттық сезім, отаншылдық, ұлтшылдық жағы ақсап жатыр. Қып-қызыл қаны тамып тұрған ұлтшыл болғаны жөн. Бұндай іске жүрегіңмен берілу қажет. Жас кезімде қызға ғашық болдым, алайда көктүріктердің тарихына деген ғашықтығым одан әлдеқайда асқақ болып шықты.

- Шет жерлердегі қазақтың тарихына қатысты ескерткіштерді түгендеп болдық па?

- Сібірдегі, Моңғолия жеріндегі түркілердің тарихына қатысты ескерткіштердің біразы түгенделді. Былтырдан бастап Қытай жеріндегі ескерткіштерімізді зерттеуге кірістік. Биыл бұл жұмыс тағы да жалғасын табады. Германиядағы көне дүниелерімізді, біздің заманымыздың X-XII ғасырына қатысты деректерді де алып жатырмыз. Құдайға шүкір, түркілер тари-

хына қатысты қомақты қор жиналды. Алдағы уақытта біздің жинақтаған қормен жұмыс жасайтын болса, жастар көп мәселелердің бетін ашады. Біз жоқ дегенде, қазақтың байырғы тарихына қатысты дүниелердің 50 пайызына жуығын елімізге жеткіздік. Қалғандары Қытай мен Германияда.

- Түркі тарихына қатысты ескерткіштер Германияға қайдан барып жүр?

- Неміс ғалымдары Шығыс Түркістандағы дүниелерді 1901 жылдан 1924 жыл аралығында өздеріне тасыған ғой. Берлин академиясының қорында жинақталған. Мен олардың біразын әкелдім. Алайда, тағы да алатын дүниелер жеткілікті.

- Ежеллі тарихымызға қатысты табылған дүниелер, ашылған жаңалықтар ғылыми айналымға енуі тиіс. Ал бұның ғылыми айналымға ену дәрежесі қандай дәрежеде?

- Ғылыми айналымға ену қажет екендігі сөзсіз. Осы арқылы жастардың бойында отаншылдық сезімнің дамуына кеңінен жол ашылады. Тарихи ескерткіштер арқылы жастарға танымдық қоздырғыш күш беріп отыруға тиіспіз. Ол үшін Үкімет түркология саласына қамқорлықты ұлғайта түскені жөн болар еді. Әйтпесе, біздің жұмысымыз қазір бір лабораторияның шеңберінде. А.Яссауи атындағы Қазақ-түрік университетінде түркітану орталығы құрылып еді, оның алдағы тағдыры беймағлұм. Аталған университетте шығатын «Түркология» журналы да былтыр жабылып қалды. Сол журналды, түркологияның түпнұсқасын мол құжаттары жинақталған Еуразия ұлттық университетіне берсе, алып кетер едік. Осы ұсынысты алдағы күндері Білім және ғылым министрінің назарына ұсынбақпыз.

- Жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу керек дейсіз, осы тұста көктүріктер кезеңіндегі елдік мәселесі мен қазіргі идеологиясына қатысты салыстырмалы тұрғыда пайым жасасақ қалай болар еді?

- Ұлттық идеология дегеніміз - тіліміз, дініміз, тарихымыз. Осы үшеуін халыққа сіңіре білсек, ұлттық идеология

деген осы. Осыны бойға сіңірудің жүйесін жасауымыз керек. Жүйе дегеніңіз - тарихтан хабардар болу. Яғни, Түркі империясы тұсындағы керемет құндылықтарды болашақ ұрпақтың санасына дарытсақ, мемлекеттің мызғымас іргетасының кепілі сол болмақ. Түркияда бұл мәселе жақсы жолға қойылған. Түріктердің төртінші сыныпта оқитын бүлдіршінінен бастап президентіне дейін көктүріктердің тарихын жатқа соғады. Оларда түркілер тарихын тереңдетіп оқытады. Сол арқылы ұрпағын ұлтшыл, отаншыл етіп тәрбиелеуде. Орыстардың өзі қазір тарих пен орыс тілі мәселесіне деген көзқарасты қайта көтеріп, ұлтшылдықтың рухын асқақтатып отыр емес пе. Сондықтан қазақтың тарихын ұлттың миына сіңіре білу қажет. Ұлттық идеологияңыздың көкесі - осы.

Бүгінде біздің идеологиямызды Қазақстан халқы Ассамблеясы ұстап отыр. Осы жағынан алғанда ұлттық идеология туралы әңгіме қозғаудың өзі қиын. Елдің рухын асқақтатып, бағыт-бағдарын көрсетіп отыратын еліміздің бас идеологы болу шарт.

- Ұлттық идеология туралы әңгіме қозғалғанда, оның соңы билік басындағыларға барып тірелетіндігі белгілі. Шенеуніктердің өздері тол тарихымыздан бейхабар, олардың назарын тарихқа қалай бұруға болады?

- Қытайда шенеунік болып, ел басқару ісіне кірісесіз бе, онда Қытайдың 25 тарихын жатқа білуге міндеттісіз. Аспан асты елінде төменгі шенеуніктен бастап ел басшысына дейін тарихтан жан-жақты хабардар. Мемлекеттік қызметшінің лауазымы өскен сайын одан Қытай тарихы бойынша 25 тарихтан емтихан алынады. Оның ішінде саясаты бар, стратегиясы бар, тактикасы бар, ұлтының рухы бар. Соны жаттап өскен, біліп өскен адамның мемлекеттік қызметте асығы алшысынан түседі. Біз неге осылай істемейміз? Жаттап өспей-ақ қойсын, ең құрығанда ел тарихын білетіндей болса, шіркін! Туған елінің тарихын білмейтіндер ұлт үшін жұмыс жасап қарық қылмайды.

- Қазіргі қазақ қоғамындағы қай мәселеден қауіптенесіз?

- Кезінде бүкіл Еуропаны дірілдеткен Хазар деген қуатты империя болды. Ол неге құлады? Ол әуелі көптеген діннің қанат жаюына мүмкіндік беріп, көпдінділіктің орталығына айналды. Кейін діни алауыздықтың кесірінен быт-шыты шығып, аталған мемлекет тарих сахнасынан біржола көшті. Оның түбіне көпдінділік біржола жетті. Біз осы Хазардың тағдырын бастан кешпесек екен деп қауіптенемін. Көпконфессиялы, көпдінді мемлекетпіз деп жариялап, өзімізді құртатын бомбаны өзіміз әзірлеп жатқан тәріздіміз. Егерде дін атаулының барлығын осы бетімен қоя берсек, дәл сол Хазардың күйін кешуіміз әбден ықтимал. Қазақстанда ислам, православиеніңдерін ұстанушылар жағы басым. Католик дініндегілерге де рұқсат беруге болады. Ал басқа діндердің, конфессиялардың қазақ жерінде қанат жаюынатыйым салған жөн. Бұл біріншіден. Екіншіден, кейбіреулер айтып жүргендей көпұлтты мемлекет емеспіз. Мемлекет құраушы ұлт - қазақ ұлты, басқалары диаспоралар. Сол диаспоралар мемлекет құраушы ұлттың мәдениетін, шашбауын көтеруге қызмет етуі тиіс.

- Қысқасы, «қазақтың мың бірінші рет өлуге» хақысы жоқ дейсіз ғой?

- Әрине, енді «өлетін» болсақ, «тірілу» жағы неғайбыл. Хазардың жағдайын жоғарыда айттым. Соған ұқсас ахуал алғашқы Түрік қағанатының соңғы кезеңдерінде болды. Үкіметтің басына басқа ұлттарды, саудагерлерді алып келді. Бүгінгіше айтқанда елді жатжұрттық инвесторлар биледі. Ақыр аяғында алғашқы Түрік қағанатының тас-талқаны шықты. Қазақстанның бүгінгі ахуалы соған бейімдеу, әйтеуір қит етсе шетелдіктердің көмегіне жүгінуіне дайын тұрады. Зандарымызға дейін халықаралық деңгейге үйлестіреміз деп жанталасып, ұлттық менталитетіміз әдіра қалады. Тағы да сол шетелдік сарапшылардың байламына иек артамыз. Тарих бәріне төреші. Тарихымызда мынандай қателік болып еді,

ендігәрі соны қайталауға құқымыз жоқ дегенді ойлау керек. Тарихтан тағлым алу жағын қараған жөн. Қазақтың басынан не өтпеді, бәрі де өтті. Ауыз бірлік болса, бабалардың аманатына адал болсақ, бодан болмаған да болар едік...

- Тарихтан тағлым алған жөн дейсіз, ол үшін тарихтан хабардар болу қажет екендігі сөзсіз. Олай болса, қазақтың тарихын оқытудың қазіргі деңгейі көңіліңізден шыға ма?

- Біз бүгінде төл тарихынан бейхабар мәңгүрттерді әзірлеп жатырмыз. Еуразия ұлттық университетінің қабырғасында М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы бар. Онда қазақ жастарына Ресей тарихын оқытады. Ал Қазақстан тарихын бір кездегі кеңестік кезеңдегі бағдарлама бойынша үйретеді. Астанадағы Қазақстан-Ресей университетіндегі жағдай да осы. Тәуелсіздік алдық дегенімізбен, болашақ ұрпақ күні бүгінге дейін орыс саясатының негізінде тәрбиеленуде. Басқалай айтқанда, бұл қоғамды қажаратын бомбамен бірдей. Білім және ғылым министрлігі аталмыш оқу орындарының бағдарламасын тексеріп, олардың идеологиясы қай бағытта екендігінен хабардар болуы тиіс. Әйтпесе, ел қазынасынан қаржы бөле отырып, мемлекет мүддесіне қарсы жұмыс жасап отырғанымызды қалай түсінуге болады?

- Әңгімеңізге рақмет.

«ҚАРА МАЙОР»

2007 жыл

ҒАСЫРДЫҢ ҮШ ҚАСІРЕТІ
НЕМЕСЕ АЛТЫНБЕК ҚОРАЗБАЕВТЫҢ ҮШ ӘНІ
ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ОЙ

1. Қара кемпір

...Әні, тағы да қырқадан асып барады. Бір қолында таяғы, екінші қолына ешкінің жүнінен ескен жіпті іліп алған. Әлденені күбірлеп, өзімен-өзі сөйлесіп қояды. Отынға бара жатқан іспетті. Ылғи осылайша отынды арқалап тасиды. Бүгін де сол төбеге отынға бара жатыр ғой деймін. Күндегі әдеті осы. Бүкіл ауыл оның бұл тіршілігіне үйрене бастаған. Алғашында тіпті балалар ізінен қалмай, «жынды кемпір» деп айқайлап, соңынан тас лақтырушы еді. Тек үлкендер жағы ғана балаларға жекіріп, «тәйт» десіп ұрсып, қуып салатын-ды. Ауыл балалары да өсе келе бәріне түсіне бастағандай. Кейуана көрінбей кетсе, ауыл іші біртүрлі қаңырап бос қалғандай көрінетін.

Жұмыр басты пенденің тіршілігінен хабардар етіп, «мен әлі тірімін» дегендей ол күншығысқа - биік төбені бетке алып барады. Бүгінгі бейбіт күннің карауылы, төбенің иесі осы кемпір сияқты. Әйтеуір күнделікті ыңылдап, өзінің азалы әнін айтып, өмір ағысынан қалыспай келеді...

«О-о-о-о, дүние-ай!

Сағындым, Жексенқұлым, Қосшығұлым,

Өзекті жарып шыққан қос шыбығым,
Қырық жыл аңыраған сорлы аныңның,
Зарына құлағыңды тосшы бүгін...»

Осы зарлы әуенді естіген сайын өне бойың шымырлап, көзіңе ыстық жас үйіріледі. Ұғына білген жандар еріксіз егіледі, қараң қалғыр соғысқа лағнет айтады. Қара кемпірді қос құлынынан айырған, тағдырдың тәлкегіне түсірген заманның қайта оралмасын тілейді. Бұл Қали апаның басындағы ғана жай емес, соғыстан қалған мыңдаған жесірдің зары сияқты. Бәлкім, соғыс жылы туғандар, кейінгі жастар да ол әнді айта беретін болар. Әлі де жалғасын табар. Алайда, бар гәп онда емес қой. Басқада... Басқада...

Алтынбек айтады:

«Біздің Қызылсай ауылында Қали деген кемпір бар-тұғын. Ол кісінің шалы соғыс алдында ашаршылықтан қайтыс болыпты да, Қосшығұл мен Жексенқұлы соғыстан оралмаған. Әлгі кемпір 15 шақты қойын өзі бағып жүретін де, оның маңына ешкімді маңайлатпайтын да. «Ұрлап кетейін деп жүрсің бе, бұл Жексенқұлдыкі, Қосшығұлдыкі» деп ұрсатын. Әрі сол қойларды жылына екі рет қырқып, оны сатып, ақшасын балаларының ризығы деп жинай беретін».

...Бала кезімде ауылда «генерал кемпір» деген кісі болатынды. Әу дегенде әке-шешесінің азан айтып қойған атын мүлде білмейтін. Бәлкім, оны үлкендердің өздері де білмейтін болар. Бүкіл ауыл оны «генерал» деп атайтыны да сондықтан. Үлкендерді қоя берші, біреуге айдар тағып алса, бүкіл ауылға жайылып кетеді. Сол сияқты, «генерал апа» соғыс кезінде колхозда бригадир болыпты. Бүкіл азаматтар ауылдан кеткенде азамат орнын басатын біреу керек емес пе. Сол ерлердің орнын басқан мықтылардың бірі - «генерал апа». Құлан иек таң атқаннан түн жарымға дейін ат үстінен түспей жүретін еді деп айтысып отыратын үлкендер әңгіме арасында. - Соғыстың сұрапыл кезі адамның қисанын, енжарлығын, босандығын көтермейтін шак. Оның үстіне, бригадир де катал. Қия бассаң, айғайлап шыға келеді бақырып-шақырып.

Ол осылайша «генерал» атағын тылда жүріп-ак алған-ды. Задында адам деген қызық-ау, бригадир қатал болды деседі. Оның дауысынан «жылаған бала уанады» екен. Қазір ойлап отырсаң - «генерал аламыз» бүкіл ауылды аштан өлтірмей, соғысқа да өз үлестерін қосыпты. Оның қаталдығы табиғи жаратылысынан емес, өмірдің қатал сынағынан, лағынет атқыр соғыстың кесірінен туындаған. Бар астықты майданға аттандырар масақ үшін жан аямай күрес қаталдық деп атауға болса да жауыздық деп атауға болмас.

...Бүгінде «генерал кемпірдің» жайы бөлек. Ері де, екі баласы да майданнан оралмаған. Бір баласы мен шалынан каралы қағаз келсе, екінші баласы із-түзсіз кетіпті. Алайда, кейуана сол баласын күні бүгінге дейін күтумен келеді. Баяғыдай қайратты емес, өмірдің сокқысын көп көргендіктен, шашы ағарып кеткен. Солдат жесірі демекші, балалары мен отағасын күтіп, тұрмысқа да шықпаған. Онысына өкінбейді де. Тек балаларының өліміне түсінбейтін жандардың кемпірді кінәлайтыны болмаса...

-Қақпаскемпір,балаларыңменшалыңныңбасынсенжұттың. Сені құдай да алмайтын шығар, бәлкім. Біздің басымызды да жұтарсың?! - Бұл туған інісінің долы қатыны Нәзипаның сөзі. Ылғи кемпірге күндегі айтатыны осы. Қайраты, көші барында дүниеде апасынан жақсы адам жоқ болатын-ды. Інісі кемпірдің қуаты қайта бастаған соң ел-жұрттан ұялды да, азын-аулақ малымен өз қолына алған еді. Келіні кемпірдің малын өзіне сіңіргеннен кейін әлгіндей «өнер» көрсете бастады.

Тағдыр тәлкегі осы дейсің іштей. Бойдан күш-қуат кетіп, қартайған соң бәрінің алдында дәрменсіз боласың. Өмірдегі өткеннің бәрін сызып тастайды. «Генерал кемпірдің» де баяғы қауқары қалмаған. Әйтеуір шүкіршілік етіп құдайдан жанын қинамай алуын тілейді. Тек бұл біздің ауылдағы «генерал кемпірдің» басындағы жай ма? Жоқ, соғыс кезінде қазақ ауылдарынан талай-талай «генерал кемпірлер» шыққан. Тек соғыстан соңғы өмірі әлдеқайда оларды санжасқа қартайтып жібергендей. Сонда қайтпексің, пешенеңе жазылған осы демекшісің бе? Тағдырдың сан алуан тақсіретін көрген мынау өмірден үн-түнсіз келіп-кетіп жатқандар қаншама?

Алтынбек айтады:

«Қара кемпір сияқты әр қаланың, әр селоның өз кара кемпірі бар десе артық емес. Ол - ақиқат. Кіммен сөйлессең де, біздің ауылда да осындай тағдыры қиын жандар бар еді дейді. Тіпті бес баласы майданнан оралмай қалған дейді біреулер. Дегенмен, олардың ошақ оты сөнген жоқ. Сөндірілмеген әлгі бойында намыс оты бар қара кемпірлер».

Қайран біздің шешелер!

Арды ойлаған,

Шілік шауып, ши орып, бау байлаған, - деп акын Мұқағали Мақатаев айтқандай сол аналарымыз жетіскеннен жесір болды деймісіз. Оларға «тұрмысқа шықпа» деп көлденең тұрған біреулер болды ма екен?! Жо-жоқ, олай емес. Олардың жан дүниесіне ешкімнің үстемдігі жүрмейтін еді. Олар тек қана халықтық қасиет, қарапайым ұлылық арқылы өзге босағадан аттаған жоқ.

Ал, бүгін ше? Сол кейуаналардың бүкіл өмірін жокқа шығарып, бар еңбегін сызып тастағымыз келеді. Өркениетті елде зиялы ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз дейміз. Өткенінен, туған анасынан безген ұрпақ елдің ертеңгі бетке ұстары болады деп қалай айтарсың? Күш-қуат бойында тасып тұрған сәтінде аналар керек те, қартайған шағында коқыс сияқты лақтырып тастайтынды шығардық. Лақтырып тастап, немесе туған анасын көзі тірісінде қарттар үйіне тоғытып жатсақ. Бабаңның қай дәстүрінен қалып еді бүл үрдіс?

Осындай керемет кемелге келген, жетістікке жеткізген, барымен жарылқаған қоғам деп келдік осы кезге дейін. Өз ұрпағын өзіне атыстырып, қарсы қойған қоғам кімге керек. Әр халықтың өзіндік бояуға толы дәстүрі қайда? Сол сияқты біз де қазақи қасиеттерімізден ажырап кеттік. Айқайлап ұрандап айту мақсат емес, алайда, Аналар тағдыры болашақ тағдырының орны о бастан бөлек.

Бәрі де «Қара кемпір» әнінен басталып еді ғой. Енді кішігірім төбедей бол қалған қара кемпірлердің көңіліне сызат түспесе екен. Тек олар ғана емес-ау, бүкіл қазақ қарияларының жаны жүдеу тартпасын дейміз.

Қымбатты оқырман, сонымен қатар сіздерге бір жайды құлаққағыс еткелі отырмыз. «Қара кемпір» атты соғыста туыстарынан, жақындарынан айрылған Аналарға арналған монумент Ташкент-Алматы тас-жолының бойында, Аспара өзенінің жанында бой көтермекші. Монументке өз үлесін қосамын деушілер болса, қордың мекен-жайын хабарлаймыз. Жамбыл облысы, Мерке аудандық мәдениет бөлімі, Өнеркәсіптік-өндірістік құрылыс банкісі. Соғыста туыстарын жоғалтқан Аналарға арналған монумент қорына, қор есебі: №000142029.

2. Қара шал

Жалпы жасы үлкендер жағы ауыл ішіндегі той-томалақ пен жаназаға бүкіл ауыл-аймақты шақыруды балаларға тапсыратын-ды. Осындай бір, арнаулы үлкен тапсырма маған да тиген болатын. Көршіміз Балтабайдың үйіндегі Қожахмет ақсақал дүниеден кайтты да, бірнеше бала соның жаназасына шақырысты бөліп алдык. Тізім деген болмайды ол сәтте. «Ана ауыл, мына ауыл» деп бөліп береді де, сол бойынша бүкіл ауылға хабарлап шығатын. Әдетте, көбінесе, «біреудің әкесі, біреудің шешесінің намазы» деп нақтылап, өзің білетін адамдарды шақырасың. Өйткені, оны өзің де білесің, жиын болып жатқан үйдің «кімі екенін». Алайда, осы рет мүлдем басқаша болды. Біз енді «Балтабайдың үйіндегі Қожахмет ақсақалдың» жаназасына деп хабарладык. Алақандай ауылда бәрі бір-бірін бес саусағындай біледі, «Неге Балтабайдың әкесі емес, үйіндегі қарт?!» Беймағлұм еді маған сол кезде. Әйтеуір ауылды құлақтандырып, қалың ойдың шырмауында парыздан құтылғанына, үлкеннің алғысын алғанына қуанасың.

Бүгінде сол жайды бағамдап отырсам, енді ғана түсіне бастағандаймын. Себебі, Қожахмет қарт көршіміздің жама-

ғайын туыстары боп саналады екен. Қарттың кемпірі ертеректе қайтыс болады да, өздерінен ұрпақ қалмаған-ды. Денсаулығы жүдеген қарияны Балтабай үйіне алдырыпты. Солайша қарияны бағып-қағып, дүниеден өткен соң ел-жұртты шақырып, арулап жөнелткен. Ауылдың ынтымақ-іргесі бұзылмай тұрған сәтте адам жаны мейірімділік шуағына толы тәрізді. Осы күндері өз кіндігінен жаралған ұл-қыздары туған әке-шешесін қарттар үйіне өткізген деген сөздерді естісем, есіме сол баяғы өзім туып-өскен Жаңадәрия ауылы, мен білетін Балтабай көршім елестейді. Қатыгездік атаулыға жаны қас менің көршім сияқты жандар көбейе, түссе, қазақтың бірде бір қариясы қарттар үйі дегенді білмес еді-ау. Қайтесің, бүгінде бәрі өзгеше.

Кәдімгі «Қара шал» немесе «Қарттар үйінен хат» толғауы да осындай арды аттап, ұятты белшесінен басуымыздың аркасында дүниеге келген екен ғой.

Қаусаған қасіретті кара шалмын,
Бұл күнде кара шалмен санасар кім?
Жанымды жегідей жеп қарттар үйі,
Күн санап, қу ат кеміп, аласардым.
Онша тар емес еді пәтерін де,
Осында тастап кеттің әкелдің де.
Сынаптай сырт айналса туған балаң,
Тірідей өлгені ғой әкеңнің де.

Қазақтың кара шалының толғауға негіз болған зарлы үні осындай. Қаусайтын халге жеткеннен кейін, тіпті қариямен таласатын жан қалмағанын сезесің, күйінесің. Өзге түгіл туған баласы туған әкесінен «сынаптай сырт айналғанда» қайтерсің? Бүгінге дейін әкесін өз дегеніне көндіру, өз эмірін орындату казаки дәстүрімізде болмағаны анық. Алайда, қазір кейбір қатыгез жандардың жаны жақын кімге болса да өз «бұйрығын жүргізетініне» куә боласың, іштей налысың да.

Алтынбек айтады:

«Газет-журналдардан оқып жүріп қарттар үйінде болып жатқан каракоз қариялардың жайы мені тіптен толғандыр-

ып жіберді. Бұны жазбас бұрын жамбылдық інім Әзімбек Жанқұлиевті ертіп, Жамбыл қаласындағы қарттар үйіне барған болатынмын. Ең бастысы, көңілге кірбің ұялатқан осы толғаудың негізгі арқауы десе болғандай, бір жайды айта кетейін. Осы қарттар үйінде Луговой ауданынан «Алғабас» шаруашылығының бөлімшесінен бір қария жатыр екен. Бөлмесіне барғанда өкінішке қарай, ол кісі болмай шықты. Содан ол кісі қайда деп едім, тәрбиешілер айтты: «Осы жерде бау-бақша бар еді, сонда бос бөтелке жинап жүрген болар».

- Бос бөтелкені қайтеді?! Тамағы, киімін тегін беріп отырсаңдар. Бұл не деген сұмдық? Ұят емес пе?! - деп мен біраз ойланып қалдым.

Сөйтсек, сол Жамбыл қаласында Макаренко мектеп-интернатында қарияның бір-екі немересі оқитын көрінеді. Сол немерелері сенбі, жексенбі сайын келіп тұрады. Соларға қария әлгі бөтелкелерінен жинаған тиын-тебенін ұсынады екен. Мен сонда немересі болса, оның әкелері қайда деп сұрадым. Шынын айтқанда, ақсақалдың бес баласы бар болып шықты. Екі үлкен баласы жастайынан арақ ішіп, жаман жолға түсіп, қара басына қарай алмай кеткен көрінеді. От басынан айрылып, бей-берекетсіз сотталып кеткен. Екі қызы болса, тұрмысқа шығып, өз шаңырағының қамын күйттеп, өз босағасынан аттап шыға алмайды. Ал кенже баласы сол сәтте әскерде болған еді. «Қара шал» әні дүниеге келгеннен кейін әлгі кенже баласы ауылға келіп қайтыпты. Осында әкесінің қарттар үйінде жатқанын естіп, ауылының атқамінерлеріне, жасы үлкендеріне арызын шағып, жылап кетіпті:

- Егерде әскерден тірі оралар болсам, әкемді бір күн де қарттар үйінде жатқызбаймын. Мүмкін ендігі шығарып та алған болар».

Міне, бүгінгі қазақтың қара шалдарының тағдыры. Кезінде аталарымыз әке алдында сөйлеуге именетін болса, енді қазіргі ұрпақ әкесін қолтығынан сүйелеп, «емдейді, қарттардың тамаша демалыс орны» деп қарттар үйіне қарай жетектейді.

Алтынбек аға әңгіме барысында тағылымды бір жайтты ортаға салды.

- Алайда, әлі де болса билігі үстем ауыл, әділетті қариясы бар орта кездесетініне бейтаныс қарттың әңгімесінен кейін тәнті болдым, - дейді композитор. Қария айтқан әңгіменің ұзын-ырғасы мынандай. - Біздің ауылымыз бір атаның баласындай жандар едік. Арамыздан бір ақымақ шығып, өзінің туған әкесін 82 жасқа қараған кезінде Қапшағайдағы қарттар үйіне апарып тастапты. Ел болып, жұрт болып әлгі ақымақты қызметінен босатып, ауылымыздан аластаттық. Бірақ, оның баласы қалып қойды. Әскерден жаңадан келіп, үйленген жігіт еді. Ауыл ақсақалдары жиналып, оған да: егерде Қапшағайдағы атанды әкелмесең, саған да біздің ауылда орын жоқ, - дедік.

Сөйтіп, әлгі баланың жанына ауылдағы комсомол комитетінің хатшысын қосып, атасын алып келуге жібердік. Немересі бір-екі күннен кейін қартты ауылға алып келді. Сонда әлгі бірге барған хатшы айтады: -Тіптен қарияны алып келгеніміз ақыл-абырой болған екен, қария алдындағы асын да өзі іше алмайтын халге жетіпті. Алдында тұрған асын қасығын ұстап, наны қайда, көжесі қайда деп қалтырап-дірілдеп жанында отырған тындау келген өзге ұлттың өкілдері біздің ақсақалдың тамағын тартып ішіп қояды екен. Енді болмаса шал аштан өлер ахуалға жетіпті.

Келгеннен кейін қария бірер аптадан соң, туған босағасынан аттап барып дүние салды. Ауыл-аймағымыз жиналып, қартты ақ жуып, арулап қойдық. Ұялмай, қызармай, әлгі қарттар үйіне өткізген өз баласы келіп тұр. Ел болып, жұрт болып лағынет айтып, бетіне түкіріп, қатыгез баланы ауылға жолатпадық.

Міне, алдымызда үш тағдыр, үш өмір. Бағамдай қарасақ, ұрпақ тәрбиесіне жалғаспай қалған дәстүрлер жетерлік секілді. Кешеден бүгінге қазақи қасиетімізге кірбің түсірмей жеткізуші кім еді, соны сарапқа салайықшы. Қазір жастар бұзылып кетті, имандылықтан безді, мейірімділіктен ада, өңшең қатыгез жандар дейміз. Қайтсек те «біз осыған қалай келдік, оны осы

қасіреттен қалай құтыламыз» деген өлкен ойдың өресін ашып алған дұрыс сияқты. Ақыл айтып дандайсу да, біреулерді жаппай кінәлау да оңай. Алайда 60-шы жылдардан бері қарай ұлттық дәстүр, қазақи қасиеті өз бояуын өзгерте бастағандай. Кейде біз бәрін уақыт ағымына артып, өзіміз сүттен ақ, судан таза болып көрінгіміз келеді. Түптеп келгенде осы қадір-қасиеттің бәрі жүрегінде оты бар, бойында қазақтың қаны бар әрбір азаматқа сын болмақ.

Міне, біз сөз етіп отырған жайлардың сілкінісі де, жақсы дәстөрі де бүгінгі ұрпақтың бойынан көрінеді. Яғни, үзіліп қалған үрдіс жалғасын таба бастаған сияқты. Сондықтан да бұл қайғы-қасіреттен арылуға «Қара шал» толғауының да алар орны бөлек. Ол жайлы Алтынбек айтады:

«Осы толғауды тыңдаған адам бойында қазақтың қаны бар жан ойланбауы мүмкін емес. Әрине, қазақ тілін біліп, түсінетін адам. «Қара шалды» тыңдағаннан кейін әкесін қарттар үйіне өткізбейтініне мен сенімдімін. Ал ана тілін ұмытқан мәңгүрттер жайлы айту қиындау. Бір қуаныштысы, осы толғау дүниеге келгеннен кейін мен бірнеше адамның өзінің ата-анасын өз ошағына әкелгенін көзім көрді. Осының өзі үлкен бір медет».

Иә, ән күдіреті осындай-ақ болар. Алтынбек айтпақшы қарттар үйінен туған босағасына оралған қариялар саны көбейе түссін. Ал, алдағы уақытта қарттар үйінде «Пәлен процент қазақ бар екен» дегенді естімей-ақ қоялықшы, ағайын. Ол, әрине, бәрімізге де тікелей қатысты арыстай азамат, өрімдей жас, өскелең ұрпақ.

3. Қара бала

Не сұмдыққа тірлікте кез боласың,
Көресің ғой маңайда көз болғасын.
Арамызда сайрандап қылмыскер жүр,
Өз қолымен өлтірген өз баласын!

Осы бір өлең жолдарын оқи отырып, есіме ертеректе болған бір оқиға оралды. «Арамызда сайрандап қылмыскер жүр», дейді, - ау, ә...ақын.

Мен көрген жай да осыған ұқсас еді. Әлде, «өз баласын өз қолымен өлтірудің» басы сол кезден басталды ма екен?.. Әрине, сол кезден басталды ма, жоқ па, ол жағы маған беймағлұм. Тек білетінім, шыр етіп дүниеге келген пендені өз қолымен жарық дүниемен коштастырған қатігез жанның кездескені ғана.

...Бір күні ауыл шетіндегі «орыс әулиесінің» жанында доппен ойнап жүргенбіз. «Орыс әулие» демекші, онда бірекі орыстың зираты болғандықтан, жұртшылық солай атап кеткен. Зираттың айналасы қалың бұта мен ағаштардан көрінбейді. Балалардың бірі сол бұта жаққа кеткен допты іздеп жүріп бір кезде, «бері келіндер» деп айқай салды. Бар бала «не нәрсе» деп солай қарай шұбырыстық. Ақ жаймаға ораулы бірдеңе жатыр, өткен түннің қалдырған суық ізі сияқты, әлі жаймасын шаң басып үлгермеген. Көрші үйдің ересектеу ұлы ауылдағы әйелдердің бірін шақырып келді. Бірнеше әйел келіп, ақжайманың орауын шеше бастады. Балалық сезіммен «ішінен не шығар екен» деп таңданып, қызықтап біз тұрмыз. Осы күнге дейін сенер-сенбесімді білмеймін...ақжайманың ішінен қызылшақа сәбидің болар-болмас сұлбасы көрінді. Кіндігінің түбінен істік темір сұғылған. Көп тұра алмай үйге қарай бездім. Кейін сол маңайдан жүруге біразға дейін қорқып жүрдім... Сол жерден өтіп бара жатсам, әлгі бейкүнә сәбидің құлындай шырқыраған даусы құлағыма келетіндей. Әйтеуір, әлденеден тынышсызданып, адам да өз перзентін осындай жауыздықпен өлтіре ме екен деген сауал мазалайды.

Сөйтсек, аудандық прокурордың баласы бір қызбен жүріпті де, кейін оны тастап кеткен. Турасын айтқанда, «текті жердің қызы емес» деп әке-шешесі алдырмапты. Әлгі қыз дүниеге перзентін әкелгеннен кейін тұла бойы тұңғышын әлгіндей жағдайға душар еткен...

Енді, міне, бүгінде қыздарымыз оң босағада отырып-ақ «перзент» сүйе бастады. Халқымызда жоқ «қадыр-қасиетті», жоқтан өзгені басқадан үйреніп жатқан жайымыз бар. Талай

қара домалақтарға «тастанды», «тірі жетім» деген айдар тағып жүрміз. Тіпті бұл сөздер күнделікті құлаққа сіңісті болып бара жатқандай. Бар гәп осы сөзде ғана емес-ау, немесе оларды некесіз дүниеге әкелген жастарда деп кесіп-пішу де киын. Онсыз да күнделікті басылым беттерінде жігіттер қыздарды, қыздар жігіттерді күстәналап жатқаны аз деймісіз. Бізді толғандыратыны - дүниеге келген Адамның болашағы, алдағы тауқыметі, көрер қызығы мен шуақты күндері, жетімхана жәйі.

Бір ашылмай қабағым,
Неге жетім қаламын.
Мүмкін емес болмауы,
Мені туған ананың.
Тас жетім боп қалғаным, -
Туа біткен арға мін.
Бір иіскесем анамды,
Болмас еді арманым.

Жетімектің мұн-зары анасының бар екеніне көзі жетеді. Алайда, ол кім? Қайда? Тек сол жағы беймағлұм. Мейрамбектің балғын сезімімен орындауындағы осы ән талай жүректерге жол тапқан-ды. Қаншама адам «жетімнің зарын» түйсігімен қабылдады. Бәлкім, осы ән жолдарындағы «Керегі жоқ ешкімге, Болғаным ба тастанды?» деген сөздерді ести отырып, әйтеуір сөз ұғатын жан бір нәтиже шығаратын шығар. Егерде ән тыңдаушысының кәдесіне жарап жатса, халық игілігіне айналса, әнші мен композитор үшін де үлкен мерей болмақ.

Алтынбек айтады:

«1988 жылдың қараша айының соңында Ленин атындағы сарайда өнерпаздық кешім өтіп жатқан-ды. Концерттің екінші күні Орталық Комитетке шақырылдым. Қазірде Қазақ ССР-інің Мемлекеттік кеңесшісі, белгілі әдебиеттанушы Мырзатай Жолдасбеков (ол кезде Орта-

лық Комитеттің идеология бөлімі меңгерушісінің орын-басары) қарсы алды.

- Алтынбек, сені біз елемей, тыңдамай жүр демегін. Кеше концертінде болдым, өте ұнады. Әсіресе, халықтың мұң-шерін, әлеуметтік мәселелерді негізге алады екенсің, - дей келіп, өз ұсынысын айтты. - Сенен ағалық өтініш десең де өзің біл, адамгершілік өтініш десең де өзің біл, мен сенен үлкен бір істі талап етіп отырмын. Кейінгі кездері Қазақстан көлемінде «тастанды балалардың» проблемасы қатты толғандырып жүр. Әдепсіз қыз-жігіттер, жезөкше қыздардың өз баласын тастап кетуі көбейіп кетті. Республикадағы жетім балалардың 80 проценті қазақ балалары екен. Сол үшін, бауырым, осы тірі жетімдерге арнап бір ән жазасың.

Мен бұрын сұраныспен ән жаза алмайтын едім. Ол кісінің өтінішін кинала қабылдадым. «Бозторғай» немесе «Қара бала» әнінің дүниеге келуіне осы жай себеп болғанды».

Соңғы кезде «тірі жетімдерге» деген қамқорлық аясы жандана бастағандай. Алайда, біз жұртшылықты қайырымдылыққа үндей отырып, басты назарды материалдық жағына көбірек аударамыз. Әрине, бүгінде өмірдің жұтаңшылық жағдайында материалдық жай үлкен роль ойнайтыны белгілі. Солай десек те бойында мейірімділік нәрі, қазақ иісі бар адам ең алдымен адам тағдырына бас ауыртар болар. Олай дейтініміз, қазір «әулеттік негіздегі балалар үйі» деген пайда бола бастады. Жаксы бастама екеніне дау жоқ. Жетімханадан төрт-бес баланы асырап алғандарға төрт-бес бөлмелі үй, әрі тәрбиеші ретінде жалақысы беріледі. Міне, осындай ынталандыру жағына қызықты ма, қызылордалық бір танысымыз Алматыға телефон шалыпты: «Осындай да осындай, мен бала асырап алайын деп едім, - дейді. Бұндағылар келіседі де, үй-жайды Қызылордадан, яғни тұрған жерден аласың депті. Оған әлгі бауырымыз «Маған Алматыдан керек» - деп талап қойған екен. Ал керек болса саған, өз еңбегін бұлдаған қай қазақты көріп едің. Егер әлгі азаматтың қарекеті

осындай болса, болашақ жетімдердің тағдыры қандай болмақ? Әлде, астананың қақ ортасынан үй алудың амалы ма? Әлде, жетімдерге шын жаны ашығандық па? Бірақ бауырымыздың осы сөздеріне қарап, қарақан басының қамын күйттеу дегеннен басқаны айтпас едік. Жаутаңдаған жанарлар жетімсіреп, тағдыры кім көрінгеннің қолында кетері жанға батады.

Қазақстанда жылына 400 мың түсік (аборт) жасалады екен. Яғни, осыншама болашақ сәби жарық дүниені көрмей, тұншығады деген сөз. Соған қарамай, «отбасын жоспарлау» деген пәлені желеу етіп, өлкен мәселелік деңгейге көтергіміз келеді. Экология мен табиғаттың бұзылуынан «қазақ әйелдеріне көп баланы дүниеге әкелу зиянды екен-мыс» деушілер шыға бастады. Табиғат «түзелгенше» бала тууды шектеу тұралық деу - халқынның, ұрпағының болашағын байлау. Бүгінде ұлт тағдыры, тіл-діліміз тағдыры шешіліп жатқанда, бұлайша сәуегейлік айту әлдекімдердің қасакана ойластырған «қараңғы» ойы болмасын деңіз.

Бұларды қойғанда, жылына 19-20 мың қазақ отбасы ажырасып, 20-24 мың бүлдіршін жетімдік зардабын тартады екен. Ананың сазды үнін, әкенің мейірімді қабағын бағып өспеген, ана тілінен ада, көкірегі шерлі, халықтық қасиетінен айрылған сәби ертең елінің жоқшысы болады деп айту қиынақ. Бұл біздің халықтың педагогикадан алшақтап, кезінде оған «отсталый» деп мұрын шүйіре қарап, европалық стильді қуана қарсы алғандығымыздың «пайдасы». Біз әндетіп «төбеміз екі елі көкке жетпей тұрғанда» жетімханадағы сәбилердің қолы әке-шешесіне жетпей жатты. Сөйтіп, айға қол созып жүріп аяқ астындағы дүниені ұмытып кеттік. Әйтпесе, шырқырап ана түсін іздеп жатқан сәби тілі шықпай жатып өзін дүниеге әкелген адамға қарғыс айтпас еді ғой. Иә, Қарғыс... оны естігенді кім қаласын? Алайда, бар нәрсені бүлдіре жүріп, бейкүнә сәбидің шырылдаған үні бізге осындай «үкім» шығарып жатқанын басқаша түсінгіміз келеді. Жоқ, адам өз қолымен істеген жамандығы мен жақсылығын қатар көруі тиіс. Ол заңдылық. Имандылығы басым адам ең алдымен осыны ойлауы қажет.

Алтынбек айтады:

«Ән дайын болған соң мен Мейрамбекті қасыма алып, Жамбыл қаласындағы балалар үйіне бардым. Жетімдер үйінің айналасы көкала шөп. Жай-жағдайы жақсы, бөлмелерінің ішінде түрлі-түсті телевизор. Бар жағдай жасалған. Тек ананың аялы алақаны мен әкесінің мейірімді бейнесі жоқ. Балаға керегі де осы емес пе? Үстелде тамақ ішіп отырған 12 баланың 10-ы қазақ екен. Мұнда бір күндіктен жеті айлықка дейінгі сәбилер тәрбиеленеді. Бәрінің тұстарына аты-жөнін жазып қойыпты. Біреулерінде ол да жоқ. Кез келген есімді қоя салады екен. Алматыдағы «Саяхат» автовокзалының жанынан тауып алған нәрестеге де Саяхат деп ат қойыпты ғой. Оларда да сол сияқты. Сол жердегі қызметшілер өз фамилиясын бере салады. Түрі мұсылман болғанымен, неше түрлі «интернациональней» есімдер шыға келеді, күні ертең. Сөйтіп, аты мен затының қайсысына сенеріңді білмей дал боласың».

Қазақта «пұшпағы қанамаған» деген сөз бар. Әрине, олар табиғаттың жаратылысынан бересіні құдайдан тілеп, ала алмаған жандарға айтылған сөз. Олар жалғыз перзентке, жас иіске зар болып, өзгенің туған нәрестесін өз етегіне салып әлдилеп, бағып-қағып тәрбиелейді. Сол үшін барын алдына тосады. Перзент зары деген осы. Ұрпағы кіндігінен жаралмағаны үшін беретін тағдыр қасіреті де осы. Ол үшін ешкімді кінәлай алмайсың. Ал тәңірдің бергенін, өзінің туған кіндігінен жаратылған қызылшақаны далаға тастау, жетімханаға өткізу - қылмыс. Алайда, рухани жарымжан жандар, таным-тағылымы тым таяз жастар уақыт өткен соң қателігінің зардабын түбі бір тартары анық. Болашақ ұрпақтың қуанышы мен қасіреті алдамшы сәттік қызыққа мастанған екі «ересек бала», жігерсіз жігіт пен жезөкше қыз, сендердің қолдарыңда. Бәлкім, бұл атауды қабылдағың да келмейтін болар, бірақ осындай дәрежеге әрекет істегеннен кейін басқаша атауға хақымыз жоқ.

Терезеге телміріп бүлдіршін жүр,
Соның арман-қайғысын білдірсін жыр,

Өлең, сенен жалғыз-ақ өтінерім,
Мұңсыз әке-шешені бір күрсіндір!...

Егер де осы жолдар әлдекімге ой салар болса, онда аз да болса кішігірім еңбектің өтелгені. Қазақтың халықтық қасиеті қайта тұтанды деген сөз.

Міне, құрметті оқырман, Әке-Ана-Бала тақырыбына қалам тербеген тілші очерк-триптихының соңғы нүктесін қойғанымен, ұрпақ тәрбиесі, ұлт болашағы, елдігіміз жайлы әңгіме тәмамдалды дей алмаспыз. Арамызда «Қара кемпір», «Қара шал», «Қара бала», «жарқанат жігіттер» мен «түнгі бикештер» жүргенде бұған ешкім де бейжай қарай алмаса керек. Бұл жөнінде әлі талай әңгіме, өлең-жыр жазылса да артық етпейді. Өйткені, ұлтымыздың бойына төскен қара құрт, бұндай дерттен құтылудың жалғыз жолы - бәріміз болып қарсы тұрар халықтық көрес. Ендеше, ойлан, жеңілтек қыз, безбөйрек замандас!

1991 жыл

«ҚАРА МАЙОР»

«Ауғанстандағы айкастарда аты аңызға айналған командирді сырттай мақтан тұтушы едік», дейді бұрынғы «ауғандық» жауынгер. «Қара майор» десе дұшпандардың өзі айылын жиып, оның алдында бас иетін-ді. Тіпті оның әскери құрамасы тұрған жерден аулақ жүретін». Оқ пен оттың ортасынан оралған және бір байырғы жауынгер осылай дейді. «Генералдар Борис Громов, Руслан Аушевтар «кара майорды» керемет қадірлейтін» деп еске алады кешегі кеңестік офицер. Ауған тауларын даңқымен дүркіреткен «кара майор» кім болды екен?

Бұл сауал мені жиі мазалайтын. Сөйтіп жүргенде «Аргументы и факты» газетінің Қазақстандағы қосымшасында (№33, 1995 жыл) шағын мақала жарық көрді. Әйтеуір, аты аңызға айналған «күпия майордың» ептеп сыры ашылғандай болды. Кідіртпей оның жұмыс орны - Ауғанстан соғысы ардагерлерінің қазақ республикалық ұйымына хабарластық. Телефон тұтқасының ар жағынан гүрілдеген дауыс естілді. Іздеген «кара майорың» мен боламын» деп гүр етті. Дауысынан-ақ арғы жақтағы кісінің осал еместігі білінгендей. Сонымен белгіленген уақытта кездесіп, дидарластық.

...1980 жылы әйгілі Борис Громов басқарған 40-армияның құрамында арнайы мақсаттағы отряд құру керек деген шешім қабылданды. Бұл отряд ауған соғысы басталғаннан-ақ, яғни 1979-1980 жылдары аралығында өз құрамын іріктей баста-

ды. Арнайы отрядтың өзіндік ерекшелігі, оның құрамының басым көпшілігі мұсылман жігіттерінен жасакталды. Яғни, құраманың жетпіс-сексен процентін қазақ, қырғыз, ұйғыр жастарынан құралған отрядты Қапшағай қаласында жасақтау жұмыстары қызу жүргізілді. Іс жүзінде айрықша мақсаттағы отряд болғанымен, ресми түрде, құжат жүзінде «мотоатқыштар отряды» деп аталды. Оның командирі қазақ ұлтының өкілі болу керек деп ұйғарылды. Сөйтіп, Теміртау қаласында қызмет етіп жүрген Борис Керімбаев Мәскеуде арнайы әңгімелесуден өткен соң, бес жүз адамдық отрядтың командирі болып тағайындалды.

Отряд ұзак-сонар дайындықтан кейін 1981 жылдың 29 қазанында сағат таңғы бесте бұрынғы Одақтың шекарасын кесіп өтіп, Ауғанстан жеріне аяқ басты. Шекарадан өткен соң екі сағаттан кейін-ақ отряд соғысқа кірісті. Кімді кім атып жатқаны беймәлім. Айналадан зуылдап оқтар ұшып жатады. Әйтеуір ату керек. Жаттығудағы үйренген әдіс-қарекет пен соғыс үстіндегі қимыл үйлесе бермейді. Соғыс сәтінде мүлдем басқа қимыл. Керімбаев бастаған отрядты ауған жері алғашқы күні осындай қаһарлы қақтығыспен қарсы алды. Құраманың алғашқы табан тіреген тұсы - Ауғанстанның солтүстік провинциясы Паряв, оның орталығы Маймене қаласы болды. Әрине, ол кезде құраманың алдына отаншылдық мақсат - оңтүстік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті қойылған-ды. Отряд командирінің көкейінде басшылық алдына жүктеген міндетті орындай аламыз ба, жоқ па деген үрей мен қорқыныш, үміт пен күдік кезек-кезек арпалысып жатты. Алайда, жауынгерлерге іштегі бұлқынысты сездірген жоқ-ты.

Дұшмандардың аты шыққан әскери басшыларының бірі Мавлови Кара деген болды. Ол талай шайқастарда жеңіске жеткен-ді. Сондықтан Борис Керімбаевтың ұрысқа кірген алғашқы кездегі жеңістері онымен тепе-тең түсіп жатты. Сол себепті кеңестік әскерлер арасына лезде Мавлови Караға қарсы біздің «қара майорымыз» соғысады деген аңыз тарап кетті. Кейін ол Керімбаевтардың ел арасында кең танылған негізгі есіміне айналды.

Сол жылдың 2 қарашасында болған үлкен шайқаста құрама шыдас беріп бақты. Дегенмен Одақтан келе жатқан машинелер керуен-көшін қорғау барысындағы үшінші айқас өте ауыр болды. Осы ұрыста тұңғыш рет отрядта орта командирі, комсомол ұйымының хатшысы ауыр жараланып, екі жауынгердің мүрдесін елге жіберуге тура келді. Осы айқас жауынгерлердің жүрегінде дұшмандарға деген өшпенділігін оятты. Кектенген жауынгерлер өздерінің күш-жігерін көрсете бастады. Тіпті, осы кезде отрядты жұдырықша жұмылдырып, дұшмандардың осал жерін дөп басатын «қара майорды» өлтіруге дұшмандар тарапынан ірі мөлшерде ақшалай сыйлық та тағайындалған екен.

Келесі жылдың қаңтар айында отрядқа ірі әскери операцияға қатысу міндеті жүктелді. Ол «Дарзав операциясы» деген атпен ауған соғысы тарихына енді. Құрама операция жүзеге асырылатын мекеннен 90 шақырым қашықтықта орналасқан-ды. Осы аралықты отряд үш күн бойы жаумен соғыса жүріп өтті. Сонымен Дарзавқа қаңтар айында кіріп, мамырға дейін отряд жергілікті ауған үкіметін орнықтыруға көмектесті. Қарапайым халық дегенің соғыстан әбден қажыған. Бейбіт тірлігімен айналысқысы келеді. Балашағасының болашағына алаңдайды. Кеңес әскерлерін тыныштықтың тірегі санайтыны да сондықтан. Бандылардан өлердей қорқады. Егер де «шурабилер», яғни орыстар кететін болса олар да қышлақтарын тастап шыға береді. «Қара майор» отряды орнықтырған жергілікті ауған үкіметі ұзақ тұра алмайды. Отрядты басқа бір тапсырмамен келесі жаққа жіберуге тура келеді. Құрама Дарзаевтан кеткен соң-ақ 10 мыңдай халқы тоз-тозы шығып туған топырағынан безіп кетті. Өу баста Ауғанстандағы кеңес әскерінің қолбасшысына «отрядты бізде қалдырыңыздар, біз өзіміз тамақтандырамыз, керек-жарағымен қамтамасыз етеміз. Тек осы жерде қалса екен» деп жергілікті халық ұсыныс жасаған-ды. Дегенмен бұйрықтың аты - бұйрық. Отряд келесі бір тапсырманы орындауға аттанды.

Қай жерде болсын «қара майор» Керімбаевтың отряды жергілікті тұрғындармен етене араласты. Мешіт тұрғызуға,

жолдарды калпына келтіруге жәрдемдесті. Халыққа дәрігерлік көмек көрсетті. «Қара майордың» өзі ауғандық ақсақалдарға барып, саликалы әңгіме қозғайтын, жиналыстарда сөз алатын. Қарапайым халық қашанда бейбіт тірлікті аңсайды ғой. Оған мүдделі де. Бір күнгі бейбіт тірлігіне ештеңені айырбастамақ емес. Керімбаев ауған топырағынан осыны ұқты. Өзінің өзгеге озбырлығы жоқ катынасы арқылы ауғандықтар арасынан қаншама тілектес жандар тапты. Тіпті бұл халыққа бөрідей тиген содырлардың өзін тәубесіне келтірді. Қайратпен арпалысып, кабакпен танысқан дәрежеге дейін мойындатты. Соның нәтижесінде содырлардың басшысы Мавлови Пахлаванның өзі Керімбаевпен кездесіп, бейбіт келіссөз төңірегінде әңгіме қозғады. Осының эсерінен аз уақыт болса да қан аз төгілді, тыныштық орнады.

Әдетте, соғыста жаудан тайсалмайтын, қорықпайтын адам болмайды. Бұл - Керімбаевтың өз түйіні. Ауған жерінде аты аңызға айналған, дұшмандарға дейін оның батылдылығына мойынсынған «қара майор» оны ашық айтады.

- Ауғанстанда болған екі жылдан астам уақыт ішінде өне бойымды қос қорқыныш билейтін-ді. Ең бастысы, әрбір жауынгер тағдыры үшін қорқыныш. Қайткен күнде соларды ажал оғынан арашалауға болады? Қандай жағдайда туған ошағына аман-есен оралады? Жанды жегідей жейтін, сәт сайын бебеу қаққан қорқыныштың қоңырауы сананы осылай сілкілейтін, - дейді ол. - Екінші бір қорқыныш - қалай да тұтқынға түспеу. Өйткені, баскалардангөрі дұшмандардыңқолына мұсылманның тұтқынға түсуі әлдеқайда ауыр. Себебі, олар шарифатты бұзып, мұсылманға қарсы соғыстың деп жазғырады. Аяушылық жасамайды.

Қаншалықты дінді кие тұтқан халық Құранға бас иіп, тәжім етеді дегенмен, әсте дұшмандардың зұлымдығы бәрінен асып түседі. Жолдасыңды азаптап өлтірсе, кімнің ыза-кегі қайнамас дейсін. «Қара майор» осындай талай-талай қасіретті бастан кешті. Соның біреуін ғана тілге тиек етейік.

Бір күні халық күнелтіп отырған жалғыз диірменді дұшмандар басып алды деген хабар келіп түсті. Екінші ротаның командирі, аға лейтенант Қаныбек Ахметов танкімен диірменге

беттейді. Сөйтсе, дұшмандар балалардың барлығын танкі табанына тастайды. Не істеу керек? Балаларды таптап өтуге болмайды. Дегенмен, бұйрықты орындап диірменді қайтарып алу қажет. Аға лейтенант отряд командирімен рация арқылы байланысты. «Қалай да басқа жолын қарастыр. Балаларды басушы болма» деген бұйрық берілді. Сонымен амал жоқ, рота командирі танкі қорабынан шығып, дұшмандармен келіссөз жүргізуге бет алды. Сол сәтте диірмен тарапынан оқ жаудырып қоя береді де, танк табанында жатқан балалар жан-жаққа беже жөнеледі. Аға лейтенант Ахметов сол жерде жан тапсырады. Ал дұшмандар танк жүргізушінің басын кесіп алады.

Мұсылмандардың қасиетті, киелі орнын қорғаныс шебіне айналдырып жүрген де дұшмандар. Қарапайым жұртшылық мешітте оқ ататындар тек дінсіздер, яғни кеңес жауынгерлері деп біледі. Ал шын мәнінде содырлар мешіттің мұнарасына орналасып алып, сәждеге бас қойған адамдарды атқылайтын. Осындай мақсатпен арандатушылық жасайтын, кеңес әскеріне деген сенімсіздіктің өршуіне дәлелдер қарастыратын.

«Қара майор» мешітте жиналатын халықтың осыған көзін жеткізу керек деп ойлады. Сол арқылы ғана өздеріне деген жергілікті жұртшылықтың күмән-күдігін, үрей-қорқынышын сейілтуге болатынын ұқты. Сөйтіп, мешіттің жоғарғы жағына, дұшмандар оқ атады деген жерге миналар орналастырды. Күнделікті намаздыгер шағында жұрт намаз оқуға жиналды. Осы шақта содырлар тобы да өздерінің лайықты орнына қару-жарағымен орналаса бергенде, алдын-ала дайындалған «сыйлықтар» сыр берді. Сонымен бандылар ісі әшкереленіп, олардың қылмысы қалың елдің алдында маскара болды. Мешітке жиналған жұртшылыққа қасиетті орынды, киелі орданы құрметтемейтін адамның ешқандай қадірлі нәрсесі болмайтынын ұқтырды.

Осындай жағдай кейін де бірнеше рет қайталанды. «Қара майордың» көкейінде дұшмандар әруақтар жерленген зиратты да өздерінің арам пиғылы мақсатына пайдаланады деген ой болды. Кезекті бір операция үстінде үлкен зираттың жанымен өтуге тура келді. Майор Керімбаев жауынгерлеріне зиратты окпен атқылап, бақылау жасап көруге бұйрық берді. Оны

естіген операцияға басшылық жасаушы генерал-лейтенант Шкруднев: «мүрделерге оқ ататын қандай мұсылмансың өзін», - деді. - Зиратта дұшмандар болуы мүмкін емес.

Басшының айтқанына көнуге тура келді. Жауынгерлерді оқ шығармай-ақ бақылап көруге жіберді. «Қара майордың» ішкі түйсігі алдамапты. Айтқандай-ақ, зират маңайынан бақылауға жіберілгендерге қарсы оқ атылды. Соның кесірінен лейтенант Оразалиев қайтыс болып, бірнеше жауынгер ауыр жараланды.

Ауғанстан соғысы тарихында «Паншера» операциясының орны бөлек. Ол 1982 жылы сәуір-май айларында іске асырылды. Операция 40-армияның құрамындағы 12 мыңға жуық кеңес жауынгерінің қатысуымен жүргізіледі. Операцияның екінші атауы «Ажал алкабы» деп аталды. Паншера дұшмандардың бас қолбасшысы Ахмет Махсудтың туған жері. Ахметтің кім екендігін мынадан-ақ бағамдай беріңіз: ол Ауғанстанның үштен екі аумағына билік жүргізді. Бұл өкімет басына Бабрак Кармальдан келген тұсы еді. Оған кеңес әскерлері тарапынан азат етілген жерлерге үкімет әскерлерін қоюға ұсыныс ұсыныс жасалды. Бірақ үкіметтің аймаққа әмір жүргізуге күші жеткіліксіз еді. Сондықтан кеңес әскерінен көмек күтті. Паншера аңғарына «қара майор» бастаған отрядтың келуі осы мақсатпен туды. Бұл ғаламат айқас алдында майор Керімбаев сол кездегі КСРО қорғаныс министрінің қабылдауында болып, тиісті тапсырма алып қайтқан...

Ахмет соңғы Кеңес әскерін құртпай тынбасқа Құран ұстап ант берді. Сөйткен Ахмет әскерімен «қара майор» отряды сегіз ай бойы бетпе-бет кездесті. Дұшмандар құралайды көзге атқан мерген болып келеді. Оның үстіне олар жергілікті жердің ой-шұңқырын, сайын даланың бұтасы мен тасының қалай орналасқанын, тау сілемдерінің қай жері шабуылға қолайлы екендігін бес саусағындай біледі. Дегенмен тәртіп бар жерде олар да айбынатын. Күші басым қарсыласымен келісімге келе білетін. Аңғар айналасын түгелдей қоршаған дұшмандар ортасында өздерінің мықтылығын мойындатуға тура келді. Егер амалын тапса күші басымды, тәсілі мықтыны жауы да мойындайды екен. Бейбіт келісімге келмеген тұста күшке салды. Әйтеуір «қара майордың» қайсар қайраты мен

темірдей тәртіптің аркасында Паншера алқабында сегіз ай бойы тыныштық орнады. Толассыз соғыстан аңғар айналасы сәл тыншу тапқандай. Оққа ұшқандар мүлде жоқ демесе де қан бұрынғыға карағанда аз төгілді. Ахмет-шахтың орынбасарымен кездесіп, шәй үстінде әңгімелесті. Бейбіт өмір туралы келісімге келді. «Қара майордың» «Паншера королі» аталатыны да осы тұс. Қалай десе де мықтылығын мойындатқан адам ғана осындай аңызға айналатын болар. Әйтпесе, жат жерде жүрген «корольдық» шені кім-кімге де бұйыра бермес-ті. Ол кезде «король» бар болғаны 33-те болатын-ды...

Сегіз айдан соң келісім бойынша отряд Паншера алқабын тастап шықты. Одан кейін Гүлбаһар қаласын алуға аттанды. Қала орталығындағы Ауғанстан мемлекетіндегі үлкен өнеркәсіп орнының бірі - тігін фабрикасы соғысқа байланысты тоқтап тұрған. Озбырлық атаулы үстемдік еткен жерде дағдылы жұмыс ырғағы болушы ма еді. Отряд аумақты дұшман шабуылынан қорғай отырып, әрі қаланың тыныс-тіршілігін арнасына түсіруге көмектесті. Сөйтіп, 1983 жылдың наурыз-сәуір айларында тігін фабрикасы іске қосылды. Жұртшылық бейбіт күннің тынысына бейімделе бастады. Отрядтың ауған атырабындағы өміршең рухы осылай жалғасын тапты.

«Қара майор» киян түкпір - ауған жерінде болған екі жылдай уақыт ішінде нелер қиындықты бастан өткізді. Қаһарлы дұшмандардан қаймықпай, қайсарлығымен оларды тәубесіне түсірді. Жанарынан жалын атқан өрімдей жастардың еңсесін ездірмей, талай қанды шайқастан аман алып өтті. Қарамағындағы сарбаздарға каталдықпен қараса да әділетті болды. Босаңсығанын жазалайтын, қатты айтатын. Алайда жауынгерлер командиріне әсте ренжіген емес. Қайта «батыя» деп құрақ ұшып күні бүгінге дейін хабарын үзбейді. Жауынгерлердің «батыясы» да мен үлкен іс тындырдым деген емес. Бәрі жауынгерлердің арқасы, отрядтың мықтылығы дейді.

- Ауған даласындағы отрядтың ерлік шежіресін жазғандар тегінде Алматы әскери училищесінің түлектері еді. Офицерлер құрамының 70 проценті осы училищеден тәлім алғандар. Олар өз ісінің білгірлігін, тәжірибелілігін соғыс кезінде сан мәрте

дәлелдеді. Жауынгер үшін командир оның әкесі де, анасы да, сондықтан сардар мен сарбаз арасында шенге қарап шек қою болған емес: бір табактан ас ішіп, бір темекіні бөліп тартты. Сардар сенімді болса, сарбаздар қандай қиындықты болсын жеңіп шығады. Сенім бар жерде батылдық болады. Бойын батылдық билеген сарбаздың сыр беруі тағы мүмкін емес. Отряд құрамындағы 28 офицердің барлығы осындай биіктен көріне білді. Олардың ішінде нелер маркасқа жігіттер болды, - дейді Керімбаев.

...Әу баста 500 адам құрамында аттанған отрядтың саны бірге-бірге көбейіп, 2000-ға жетті. Осыншама тағдырдың өмірін сақтап қалу міндеті «қара майорға» жүктелген еді. Командирдің көрегенділігі мен батылдығы, қатаң тәртіп орнатқаны нәтижесінде жауынгерлердің, сардарлардың барлығы дерлік отбасына аман-есен оралды. Екі жыл ішінде отряд төрт офицерден, бір прапорщик пен 45 жауынгерімен мәңгілікке қош айтысты. Бірақ екі жыл бойына каншама рет қанды соғысқа кірді. Әрине, адам шығыны мүлде болмағаны жақсы болар еді. Әйтсе де соғыстың аты - соғыс. Шығын болмай тұрмайды. Әйтпесе қайсыбір адам жолдасын ажалға қияды дейсің. Тіпті, осыншама адамның бір ғана соғыс операциясы кезінде құрбан болатын да сәті кездесті. Бәлкім, жып-жинақы келген отрядтың, оның қолбасшысы майор Керімбаевтың батылдығы мен алымдылығы оларды ажал оғынан көбірек арашалап қалған да шығар.

«Қара майордың» соғыстан кейінгі тағдыры да Ауғанстанмен тікелей байланысты. Әуелі десанттық бригада командирінің орынбасары бола жүріп, ауған жеріне баратын сарбаздарды дайындады. Дегенмен, ауған топырағында алған жарақаттар кейін «сыр» беріп, денсаулығына байланысты демалысқа шықты. Бүгінде полковник шеніндегі Керімбаев Ауғанстан соғысы ардагерлерінің республикалық ұйымы торағасының орынбасары болып қызмет етеді. Әлі күнге дейін Ауғанстанда қанды майданды бірге кешкен әріптестері Борис Громов, Руслан Аушевпен кездесіп, ауған тақырыбы төңірегінде әңгіме қозғайды, өткенді еске түсіреді.

- Қазақстандағы 19 отбасы үшін ауған соғысы әлі аяқталған жоқ. Соғыстың аяқталғанына жеті жылға жуық уақыт өтсе де, із-түзсіз кеткен жауынгерлердің отбасы әлі үмітін үзген жоқ. Біздің бүгінгі мақсатымыз - осы хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлерді іздестіру, мүмкіндігінше соларды ошағымен қайта қауыштыру. Әрине, қазіргі кезде Одақтың ыдырауына байланысты бұл жөнінде үлкен қиындықтар бар. Дегенмен, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев егерде осы 19 жауынгердің бірі табыла қалған күнде оны қайтарып алуға бар мүмкіндікті пайдаланатынын айтқан еді. Осының өзі көңілге демеу. Ендеше, олардың қазақ жеріне оралады деген сенімі де өшпек емес. Тек әйтеуір, халқымызды бейбіт күнге жазсын, - дейді кешегі «қара майор», бүгінгі полковник.

Қазіргідей өткенге деген көзқарас оңды-солды өзгеріп жатқан тұста, одақ кезіндегі олқылықтар өз бағасын нақты ала алмай отырған кезде, бәлкім, осыны жазудың қажеті бар ма екен дейтіндер де табылар. Оның үстіне «ауған тақырыбы» жөнінде алуан түрлі пікір бар. Қалай десек те тарихтың аты - тарих. Онда жазылған жәйттарды сызып тастауға болмайды. Ауғанстан мәселесі Қазақстан тарихының да бір бөлшегі іспетті. Қаншама қазақстандықтар ауған жерінде қаза тапты. Қаншасы отбасына мүгедек болып оралды, қаншасының жүрегінде жазылмаған жара қалды. Ендеше, Борис Керімбаев бастаған отрядтың ерлік шежіресін де тарих сахнасынан шығарып тастай алмаймыз. Ол - Шындық. Олай болса, шындықты жалғандықпен тағы да бүркемелеуге болмайды.

1995 жыл

ТЕҢІЗ БОЙЫН ТЕРМЕМЕН ТЕРБЕТКЕН

Қаншама білетін ел ғой дегенмен, жалғыз өзі барып байқауға қатысса, үлкен мерей емес пе? Оның үстіне Еуропаның маңдай алды мықты әншілері қатысқан додада топжарып, жүлделі орынды немденген әншіге құрмет өз уақытында болса қайтеді?

...Бәрі аяқ астынан болды. Республикалық «Қазақстан» телерадиокомпаниясының саз бағдарламасына Балтық бойынан тілдей қағаз келіпті, онда жастардың Халықаралық «Вильнюс-93» атты белгілі әндер байқауы өтетіні хабарланыпты. Соған Қазақстан атынан жас әншілердің біреуін жіберуді сұраған екен. Бәлкім, Қыдырәлінің әншілік өнерінің соңғы кездегі жетістігі болар, музыка білгірлері осыған тоқтаған. Әрине, айтар ауызға жеңіл-ақ, тілдей шақыру қағазында «белгілі әндер орындалады» дегеннен басқа ештеңе жазылмаған. Қандай ән апару керек, байқаудың шарттары қандай - ол жағы Қыдырәліге беймағлұм болды. Әйтеуір ел атынан бара жатқан соң намысқа тырысып бақты. Бір жақсы жері, осында бірнеше рет белгілі композитор Кеңес Дүйсекеевтің басқаруындағы «Қазақстан» телерадиокомпаниясының жанындағы оркестрдің сүйемелдеуімен дайындық өткізді.

Халықаралық деген атына сай аталмыш байқауға өзіміздің бұрынғы Одақтағы Украина, Ресей, Грузия, Молдова сынды мемлекеттерді айтпағанда, Канада, Румыния, Швеция сияқты елдердің тандаулы әншілері бас қосқан. Қазақты білетіні бар,

білмейтіні бар жандардың арасында болғанда Қыдырәлінің басты мақсаты - мүмкіндігінше кібіртіктемей, сахнада өзін еркін ұстау болды. Оның үстіне жол азабымен кешігіңкіреп барған ол бара сала дайындыққа кірісіп кетті. Үш күн бойғы дода жиырма шақты жас әншілердің дайындығы мен байқауы қаз-қатар жүріп жатты. Мойын бұруға мұрша жоқ, апыл-ғұпыл дайындалып кешке сахнаға шығатын. Тіпті керек десе, өзге қатысушылармен кеңінен әңгімелесуге де уақыт болмапты ғой, сірә. Алғашқы күні Естай ақынның «Қорланын» таныстырған қазылар алқасы түгілі, көрермендер арасынан сол сәтте бір қазақты кездестіре алмаған еді. Сондықтан қазақтың әсем әуенінің орындаушысы да, түсініп-тыңдаушысы да өзі болған. Жо-жоқ, саз тәржіманы қаламайды екен. Оны осы Литва сапары Қыдырәліге терең ұғындырғандай болды. Олай болмаса, қиырдан барған қазақ баласына біреу араағайындық жасады дейсіз бе? Әсте өзінде жүлде алайын деген ой болған да жоқ. Ең болмаса, мүмкіндігінше қатысушылар мен тыңдаушыларға қазақ әнінің асқақтығын ұқтыру еді, әуезділігін сахнаға сіңдіру-тұғын.

Келесі күні Рамазан Елебаевтың «Жас қазағын» әуелетті. Сөзін түсінбегенімен, саздың әсерлігінен тыңдаушылар мойындағандай. Әлсін-әлсін көрермен залына көз тіккенде, оны өзіне деген көрермендердің қошаметінен байқады. Әрине, Балтық елдерінің мәдениеті, білімі, сауаттылығы жоғары адамдарын карапайым нәрсемен таңдандыру әсте қиын. Оның үстіне олар еуропалық саз деңгейін терең біледі, сол арқылы әлем мәдениетіне жол ашады. Алайда Балтық бойының адамдарын да ыңғайын тапқан әншіге таңдандыруға болады екен.

Соның бір әдісі - қазақтың термесі. Қыдырәлі осылай пайымдаған. Нұртуған жыраудың термесін ақтық сайыс күні орындағаны да сондықтан. Жас әншінің үміт-түйсігі алдамапты. Терменің өзіндік әуезділігі мен нақыш-ырғағы қазылар алқасының да көңілінен дөп шыққандай. Өйтпегенде, не музыкалық жетекшісі жоқ, не музыкалық менеджері жоқ, жалғыз өзі барған қазақ әншісін мойындамаса, жүлде тиюі қиын-ау. Мойындады, содан соң ғана жүлделі бірінші орынды

казакстандық жас әнші Қыдырәлі Болмановқа беру керек деп шешіпті.

Байқауға қатысып, казак әнінің абыройын аспандатып қайтты-ау. Бірақ қаржы болмағанда оған қатысу қайда-а-а!..

Әйтеуір, өнерді түсінетін «Комснабстрой» акционерлік қоғамының президенті Мәнтай Төлегенов, атақты палуан Дәулет Тұрлықанов, жезқазғандық шағын кәсіпорынның директоры Ахметов сынды үлкен азаматтардың демеушілік еңбегін ерекше айтуға болады. Қиын сәтте қол ұшын бергендерге қалай риза болмассың. Бұл олардың тек жеке Қыдырәлі Болмановты ғана емес, казак өнерін бағалайтындығы шығар.

«Әруа-а-ақ» деп аттандап шыққан қағылез әншінің әдемі әуені Халықаралық «Азия дауысына» қатысушылардың есінде әлі ұзақ сақталанатын болар. Жас әнші Қыдырәлі Болманов өз болмысымен, әуезділігімен, казақи қасиетімен өнер сүйер литвалықтарды осылайша тамсандырған болатын. «Нар тәуекел» деп бейтаныс Вильнюске тартып кеткен де «құдайға шүкір» деп астанаға жүлдемен оралды. Осы екі ауыз сөздің арасында әншінің қаншама тағдыр-талайы жатыр десеңші. Қыдырәлінің ғана емес-ау, казак әнінің бір биігі жатыр десек артық болмас. Халық өнері тыңдаушыға жеткізе айтатын әншісімен ғана шоктығы биік, мерейі үстем.

— Жырақта жүріп сахнаға шығар алдында, көз алдыма казактың кең сахарасы мен көкөрай шалғын ақ шағаладай киіз үйін айналасындағы бүкіл болмыс-бітімімен елестетемін. Сондықтан болар, сахнаға сеніммен шығамын, әрбір әнді сағына орындаймын,-дейді Қыдырәлі. Бәлкім, бұл жас әншінің өзіндік бір қыры болар. Несі бар, әлем жұртшылығы казақы әннің, өнердің құдіретін ұғынып болған жоқ қой әлі. Осы тұста Қыдырәлі Болманов сынды ұлттық өнердің мерейін биіктете беретін жастар қатары көбейе түссе, казак өнері өзгелерден кенже қала қоймас деген ой келді.

1995 жыл

ЖЕЛАЯҚ

Өмірдерек:

Серікказы Әзімбаев 1966 жылы дүниеге келген. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Семей педагогикалық институтын бітірген. Спортпен 1980 жылдан, ал марафонға жүгірумен 1989 жылдан айналысады. Жартылай марафон бойынша Қазақстанның екі дүркін жеңімпазы марафон бойынша 1992 жылы Қазақстанның жүлдегері атанды. Бүкілодақтық жеңіл атлетикалық марафондардың 14 дүркін жеңімпазы. 12 шақырым 195 метрге 2 сағат 17 минөт 48 секөнт нәтиже корсетеді. Абайдың 150 жылдығына арналған мерейтой құрметіне орай Алматы-Жидебай аралығын жүгіріп өтті. Әлем Кубогының жеңімпазы (1996), 100 шақырымға жүгіруде Чэлси Сити Маратоник кубогының жеңімпазы, АҚШ кубогының (1997), Пано Американ конфедерация 100 шақырымға жүгіруден жеңімпазы (1997).

Талай дүбірлі жарыстардан жүлдемен оралып жүрді. Жетістік жылнамасы әрі қарай жалғасып кете берер ме еді? Бар пәле сол қырсықты күннен басталды. Аяқ асты жаттығу кезінде аяғын сындырып алғаны. Сөйтіп бір жыл босқа кетті. 1994 жылы жалғыз өзі жаттыға бастады. Қазақстандағы Зыков басқаратын жеңіл атлетика федерациясы Серікказы Әзімбаевты әлдеқашан тізімнен сызып тастаған, мерзімі біттіге санаған-ды. «Ештеңе шықпайды, болашағы беймәлім спортшы».

Қатты қиналды. Намыс буды. Өзін-өзі шыңдай түеті. Бәлкім, ішкі рухының мықтылығы шығар, жаттығу өз нәтижесін бере

бастады. Өзін ертерек спорт әлеміндегі несібесінен айырғысы келгендерге кім екендігін дәлелдеу үшін сан мәрте тер төкті. Сөйтіп, казакстандық спорт мамандарына қолды бір сілтеді де, Ресейге тартты. Зыков бастаған топқа ерегескенде, марафонды қойып, супермарафонға түбегейлі ауысты. 1995 жылдың қазан айынан Санкт-Петербург құрама командасының сапында өнер көрсете бастады.

1996 жылы әлем кубогында 100 шақырымдық қашықтықта жеңіс тұғырына көтерілді. Көрсеткен нәтижесі - 6 сағат, 15 минут 97 секунд. Австралияның Мельбурн қаласы қайсар ұлдың кекілінен сипады. Әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған 600-ге жуық желаяқтың ішінде бала кезден боз даланы шандатқан казак жігітінің бағы жанды. Ресейден барған бес жүйріктің екеуі алғашқы ондыққа табан тіреді. Екінші, үшінші тұғырға көтерілген Бельгия мен Испанияның саңлақтары Серікқазыдан 8 минуттан кейін мәре сызығын қиып өтті. Мықтылығыңды мойындата білсең, оны бағалай білетіндер де табылары хак. Осы жолғы Ресейдің спортына қосқан үлесі үшін желаяқ Әзімбаевқа «Ресейдің халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағы берілді.

Ресей марафоншылары дүниеде бәйгені «шаппай бер» дейтін деңгейге жеткен мықтылар шоғырынан тұрады. Әлемдік додаларда талай мықтының Ресейден келген спортшыларды көргенде аптығы басылып қалады. Қайдан білсін, сол алып мемлекеттің атағын аспандатуға атсалысып жүрген Абай туған топырақтағы Ақжардың ұланы екендігін. Канаданың Торонта қаласында өтетін Чэлси Сити Маратоник кубогіне ғаламның түпкір-түпкірінен шашасына шаң жұқпай баптап отырған 1500 спортшы қатысты. Әлемнің 70 мемлекетінен келген өңшен «сен түр, мен атайын» дейтін жігіттер. Алда 100 шақырымдық қашықтықтың дүбірлі бәсекеде кімнің мерейі үстем болатынын дүлдүлдердің көзіне қарап-ақ аңғаруға болады. «Көз - адамның айнасы». Ол алдамайды. Спортшының дайындығы қандай? Бабында ма? Әлде жасқаншақтық танытып тұр ма? Тәуекелге шыдамы жете ме? Психологиялық-кісілік болмыс-бітімі жеңістің нәтижесін жарыс басталмай тұрып-ақ жіліктеп береді. Торонтада да тарлан Серікқазы өз әдісімен жеңіс тұғырына көтерілді. Көкейде бір ой қалқып тұрған-ды. «Әттең, осы жеңіс Қазақстанның атымен астасып жатса ғой, шіркін!»

Кейде кездейсоқ жайт болашағына бастамашы болады. Серікқазының өміріне де осындай кездейсоқтық түбегейлі бетбұрыс жасады. Жетінші сыныпта оқып жүрген кезі-тұғын. Мектеп бойынша кезекті спартакиада қызу жүріп жатыр. «Физрук» ағайы Серікқазыны аяқасты үш шақырымдық додаға қосып жіберді. Аяғында биік өкше туфли. Спорт костюмінсіз, кедісіз бара салған еді. Қызық болғанда, биік өкшелі туфлимен жүгіріп-ақ Серікқазы талай баланы шаң қаптырды. Мұғалімі де риза болды. «Бала, дайындал, аудандық жарысқа барасың». Мінекей қызық дегеніңіз, бүгінде әлем таныған Әзімбаевтың спорттық жылнамасы осылайша «биік өкше туфлимен» жүгірумен бастаған еді. Ауданда тоғызыншы орынды немденді. Жеңіл атлетикаға түбегейлі ден қоя бастады. Адам өмірінде кездейсоқтықтың тағдырдың тамыршысы тәрізді бағыт-бағдарға айналатыны сондықтан да болар.

Абайдың мерейтойына бағыштаған 25 күнге созылған жүгіріс әсте есінен шықпайды. Жаздыгүні. Мидай ыстық. Қазақ ертегілерінде айтылатын темірдей таяк тебендей болатын тұстың нағыз өзі. Алматыдан жүгіріп келеді. Әсіресе, ең ауыр тигені Талдыкорғанның Семей жағына ұласатын таулы жер табанға салмақ түсіреді. Оның үстіне табанды ыстық тілгілейді. Әншейінде қалыпты күндері бес-алты литр су ішетін еді. Таулы жерде жүгіру қиындығына күн қызуы қосылғалы суды көбірек ішуіне тура келді. Бір күні он үш литр су ішіпті. Алматы мен Жидебай арасын «сызып өтуге» 28 күн белгіленген еді. Серікқазы оны 25 күннің ішінде «тіліп шықты». Алматы-Жидебай арасы 1570 шақырым. Оны Серікқазы 105 сағат 56 минут 52 секундта жүгіріп өтті. Алматыдан бастаған қашықтықтың соңғы нүктесін Жидебайда қойған ЮНЕСКО-дан келген меймандар арасында мейманасы тасып, қазақтың бабасына тағзым еткен бір ұланы тұрды.

Абай тойында қызықты жәйттер де кездесті. Семей аумағына кіргеннен соң-ақ бәрі таныс бейнелер. Бірі «жарайсың» десе, келесі біреулері «аптап ыстықта жүгіріп не көрінді» деседі. Абайдың мерейтойына мәшинемен келе жатқандар: «Біз Алматыдан мәшинемен шығып, әлі жете алмай келе жатырмыз, сен қашан жеттің жаяу жүгіріп», - деп күліп қояды. Кекеткендер де кездесті. Қызықтың көкесі туған ауылына жақындаған тұста болды. Ақжар жүгіріп өтетін басты бағыттан 18 шақырым

қашықтықта орналасқан еді. Үлкен бағыттың үстіндегі жол бұрылысында күтіп алған ауылдастары: «Ауылға да кіріп шыксаңшы, саған не тұрады. Жолдағы ауылдарға да кіріп шығыпсың. Әйтпесе ауылдастарың ренжиді», - деді. Амал жоқ, Серікказы 18 шақырым тағы да қиыс тартты. Ауылдастары мәзмейрам. «Біздің Серік Алматыдан жүгіріп келе жатыр», - десті.

Келесі жылы әлем кубогын жеңіп алғаннан кейін Семей қаласына барған-ды. Сәйгүлік баптаған достары: «Мықтылығыңды көрелік, біздің тұлпармен жарысып көрші» деген-ді. Талай бәйгеден жүлде алып оралған сәйгүлікпен 60 шақырымға жарысу көлденең көк аттының ойына келе бермейтін жәйт. Әйтсе де, аттың жылдамдығын, өзінің қабілетін бағамдай білетін Серікказы келісе кетті. Әрине, әдегеннен тұлпар атырылып жүйткіп, ала жөнелді. Сағатына 40 шақырым жылдамдық көрсететін аттың барған сайын шабысы саябырси түсті де, ал бұл біртіндеп жылдамдығын үдете түсіп, атты 53 шақырымды артқа тастап, көздеген межеге 20 минут бұрын жетті. 20 минут. Әншейінде бәйгеге түсіп жүрген атпен жарысып, одан адам озыпты дегенді есту қиын-ақ. Ал адам қабілетінің мықтылығы сол, 100 шақырымға желе жортатыны. Серікказы сол 100 шақырымды шандатып, мәреге сыр бермей жетіп жүр емес пе.

Санкт-Петербургтағы спорт клубы эсте Әзімбаевтың еңбегін жеген емес. Ірі жарыстардан жүлдемен оралған сайын жеткілікті дәрежеде сыйақы төленеді. Шүкір, тұрмысы жаман емес, бала-шағасының қамы үшін жетіп жатыр.

Бірақ... бар мәселе осы «бірақта» ғой. Әйтеуір Серікказыға бір нәрсенің орны жетпей тұрғандай сияқтанады да тұрады. Ол - туған жерге деген ыстық ықылас. Шіркін, көк байрақтың астында жеңіс тұғырына көтерілсе ғой. Осы мақсат оның туған топырағына қайта оралуға мәжбүрледі. Өткен жылы Қазақстан атынан Мәскеудегі 100 шақырымдық бәйгеге қатысты. Бұл жолы да бағы жанып, көмбеге дара келді. Екінші тұғырға көтерілген Подольск қаласынан келген Камиль Сафин одан кейін 6 минуттан соң мәре сызығын қиып өтті. 325 үміткердің ішінен шашасына шаң жұқтырмаған Серікказы Әзімбаев тұғырда толқып тұрды.

2000 жыл

МЕН ІЗДЕГЕН КЕЙІПКЕР

Журналистиканың ауылына енді араласа бастаған кезім. Ой көп. Тақырыптардың қай-қайсысына да қалам тартқың келеді. Ел сенің сол мақаланды оқығаннан кейін ерекше бір естен кетпес әсер алса дейсің. Әдетте, жас журналистің көкірегінде романтизм атойлап тұрады емес пе.

Алғаш рет іссапармен шалғайдағы ауданға бардым. Редакцияның берген тапсырмасы өз алдына. Оған қоса, оқырманды таңғалдыратын керемет дүние жазғың келеді. «Ешкім жазбаған кейіпкер болса ғой, шіркін» дейсің. Ауғанстандағы соғыс тақырыбының түкірігі жерге түспей тұрған кезі-тін. «Керемет кейіпкерді осы төңіректен іздеу керек». Аудандық газеттегі эріптестеріммен әңгімелестім.

- Аудандарыңызда Ауғанстан соғысына қатысып, «герой» атанғандар бар ма?

- «Герой» жоқ, бірақ сол соғысқа қатысып, екі бірдей аяғынан айырылған бір жігіт бар.

«Міне, тақырып!» Әуелі көз алдыма Кеңес Одағының батыры Сұлтан Баймағамбетов елестеді. Дзоттың аузын кеудесімен жабамын деп қаза тапқан алаштың қаһарман ұлы. «Жоқ, бұл болмайды. Менің кейіпкерім тірі ғой». Бір кезде жадыма Баймағамбетовтің ерлігін қайталап, бірақ тірі қалған халық батыры Сабалақ Оразалинов оралды. «Құдды өзі, сонда менің

кейіпкерім (тіпті меншіктеп те алдым) араға қырық жыл салып Оразалиновтың ерлігін қайталаған ғой...»

«Батыр-кейіпкерім» естен шықпай қойғаны. Кездесуге асықтым. Салып ұрып аудандық әскери комиссариатқа бардым.

- Ауғанстан соғысында ерлік көрсеткен батырдың мекен-жайын тауып берсеңіздер.

Ондағылар батырдың ерлігінен бейхабар болып шықты.

- Рас, екі аяғынан Ауғанстан соғысында айырылған бір жігіт бар. Бірақ оның қандай ерлік жасағанын білмейміз.

«Апыр-ай, батырды ардақтау ұмытылып бара ма?»

- Ең болмаса, сол жігіттің аты-жөнін, мекен-жайын айтыңыздар.

- Қалқораз Сейітмұратов, мекен-жайы мынау.

Кенттің шетіндегі Қалқораздың үйін біраз іздеуге тура келді. Ақыры таптым-ау. Еңселі ақ үй екен. Кірдім.

- Қалқораздың үйі осы ма?

- Осы.

Төргі бөлмеден қос аяғын сылтып басып жас жігіт шықты. «Батыр осы болды ғой».

- Іздеген Қалқоразыңыз менмін. Төрлетіңіз.

Жайғасқаннан кейін біртіндеп әңгіме ауанын келген шаруама қарай бұрдым.

- Мен ешқандай ерлік көрсеткен жоқпын. Тек Отан алдындағы борышымды орындадым. Тіпті дұшмандармен бетпе-бет келіп соғысқан да емеспін. Біз көбінесе әскери-техникалық база орналасқан аумақты ғана күзеттік.

Мен үнсіз қалдым. «Қалай соғыспаған? Соғыспаса, қайдағы батырлық? Сонда екі аяғынан қалай айырылып жүр?»

Менің жүзімдегі сауалдың ізін оқығандай Қалқораз әңгімесін әрі қарай жалғады. - Қос аяғым түнгі күзетке бара жатып, дұшмандардың миңасына түсіп, жараланды.

«Осымен әңгіме тәмам» дегендей, келіншегінен дастарқанның әзірлігін сұрады. «Журналистер тек қана ерлік көрсеткендерді ғана іздейді, сондықтан саған беретін нақты жауап осы», дейтін тәрізді.

Көкейімде кейіпкерімнің керемет бейнесін ойша сомдап қойғаным соншалықты, біразға дейін сол әсерден арыла алмай, дағдарып отырдым да қойдым. Дастарқаннан ауыз тиіп отырғаным болмаса, тамағымнан ештеңе өтер емес. Өректіген көңілді басу үшін айналама көз тастай бастадым. Қабырғаға ілінген түкті кілемнің бетінде екі адамның үлкейтілген суреті тұр: жігіт пен қыз. Қалқораздың әскерде түскен суреті тәрізді. Ал жанындағысы кім сонда?

- А, ол суреттің өзіндік тарихы бар, - деді Қалқораз менің суретке қадала қарағанымды аңғарып. - Жанымдағы осы үйдегі құрдасың - Ұлбосын.

Осы сөзді айтқанда оның жанарында ризашылық толқыны ойнады.

- Ендеше, осы суреттің сырын айтып берсеңші.

- Жарайды, тыңда олай болса. - Сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін Ұлбосын екеуміз кәсіптік-техникалық училищеде бірге оқыдық. Достығымыз сол кезден басталған еді. Кейін Ұлбосын Ташкенттегі байланыс техникумына оқуға түсті. Ал мен әскер қатарына аттандым. Екеуміздің арамыздағы сезімнің оянуына осы ауған соғысы әсер етті деп ойлаймын.

- Үзбей хат жазысып тұрдыңдар...

- Мәселе сонда ғой. Қанша жерден туған-туысқаның жаныңа жақын десең де, өмірдің өз шындығын жоққа шығара алмайсың. Өйткені, әскерде жүргенде әуелі туған әке-шешеннен, бауырыңнан келген хатты емес, сүйген қызыңның сәлемін оқисың. Бұл не деген құдырет екеніне түсінбей-ақ қойдым. Ажалдан Ұлбосынның суреті ғана аман алып қалатындай, төс қалтамда сақтап жүрдім...

Қалқораз аз-кем үнсіз қалды. Өткен кезеңді есіне қинала түсіретін сияқты.

- Жоғарыда жараланғанымды айттым. Сөйтіп, Ташкенттегі әскери госпитальдан бір-ақ шықтым. Ауыр жараланғандықтан, қос аяқты тізеден төмен қарай кестіруге тура келді, протез салатын болды. Сондайда төсекке таңылып жатып, неше түрлі ой келеді. «Жарымжан адамның кімге керегі бар? Әке-шешеме өмір бойы масыл боламын ба? Ұлбосын енді мені

кайтсін? «Жазмыштан озмыш жок», басқа салғанын көрермін-дағы...» Осындай ойлардың арпалысуымен Ташкентте болса да Ұлбосынға хабар беруді кош көрмедім...

Госпитальдағы ауыр күндер көз алдына елестеді ме, Қалқораз ауыр бір күрсініп алды. Сосын шай құйып отырған келіншегіне бір қарады да, толқынысты сезіммен әңгімесін әрі қарай жалғады. - Ұйқы жоқ, таңертеңнен терезеге телмірумен жатамын... Сондай күндердің бірінде есік ашылып, Ұлбосын кіріп келе жатыр. Өнім бе, түсім бе?.. Әлде, есім ауыса бастады ма? Жок, еден сықырлады. Міне, кереуетке жақындап келіп, құшақтады... Өң мен түстің арасы. Біразға дейін Ұлбосынның жанары жасаурап отырды. Сөйтсе, үш-төрт ай бойы хабарсыз кеткен курстасы арқылы тауып алыпты. Курстасының ағасы екеуміз бір палатада жатыр екенбіз...

Қалқораз сәл үнсіздіктен кейін, сөзін қайта жалғастырды.

- Мен үшін үміт пен күдік арпалысқан күндер басталды. Ұлбосынның күн сайын жанымнан шықпай, бәйек болуы «кос аяғынан айырылған бейшараның көңіліне қаяу түсіріп алмайын» деп, амалсыздан жүргендей көрінді. Сол себепті мен оған масыл болмауым керек деп шештім. Іштей өзімді-өзім дайындадым. Шешімімді айтуға бекіндім..

- Ұлбосын, - дедім, дауысым жарықтана шығып, - бес жыл бойы бір-бірімізді ренжіткен күніміз жок. Тағдырдың маған берген тартуы шығар, қайтемін. Қысқасы, мен саған масыл болғым келмейді: Бақытыңды таба бергін... Өзім терезеге қарап жатырмын, жүзімдегі толқуды көрсетпейін деп.

«Неткен ауыр сәт еді бұл. Осы сөздерді айтуды өзіме парыз санасам да, іштей егіліп тұрдым...»

- Жо-жок, айтпа, ондайды, - деп, Ұлбосын жылап жіберді.

- Тағдырың талқыға түскенде тастап кетеді деп ойласаң, қателесесің! Мен сені тастап ешқайда кетпеймін!

- Айтарымды айтсам да, ішкі дүнием арпалысып жатыр еді. Ұлбосынның сөзінен кейін өмірден түңілген сәттеріммен мәңгіге қоштасқандаймын. Сонымен, Ташкенттен қол ұстасып келдік ауылға.

- Үйленгеннен кейін бір жылдан соң Махаббат дүниеге келді. Ол қазір төртке қадам басты,- деді Қалқораз тұңғышын таныстырып жатып. - Ал Ауғанстандағы жүрек тұсындағы жүретін Ұлбосынның суреті мен әскердегі өз суретімді қосып, портрет жасатқанбыз.

Төрде ілулі тұрған суретті көрсетіп Қалқораз күліп қояды.

Мен «герой» ретінде оқырманға таныстырмақ болған кейіпкердің бірі - осы. Соғысқа қатысқан батырды іздеп барып, Қалқоразды жаңа қырынан танып қайттым. Осыдан кейін газет бетінде қос ғашықтың өмірінен сыр шертетін «Бір құдырет ба-рына сенемін» атты мақала жарық көрді.

2003 жыл

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК - ҒАСЫРЛАР БОЙҒЫ КҮРЕС НӘТИЖЕСІ

| | |
|--|----|
| Тарихты тұлғалар жасайды..... | 4 |
| Тәуелсіздік - ғасырлар бойғы күрес нәтижесі..... | 14 |
| Нұраға | 20 |
| Сағатхан..... | 27 |
| Алтынбек | 32 |
| Княгинин | 39 |
| Токтар | 45 |

ЖЕЛТОҚСАН ЖЫЛНАМАСЫ

| | |
|---------------------------------------|----|
| Алаңдағы арпалыс әлі біткен жоқ..... | 52 |
| Қыршыннан қиылған ғұмырлар..... | 60 |
| «Ұлтшыл» ұстаз..... | 68 |
| Он бес күндік оқиға..... | 74 |
| Қалтарыста қалған қаһармандар..... | 81 |
| Дара тұрар даталар..... | 85 |
| «Жайыма қалдырыңыздар мені...»..... | 89 |
| Желтоқсан жастары экстремист пе?..... | 98 |

АРЫЛУ

| | |
|--|-----|
| Ер болатын кезең енді келді!..... | 102 |
| Алаш рухын аңсап жүрмін..... | 107 |
| Арылу | 111 |
| «Рухыңды түсірме, ұлым!»..... | 116 |
| Қазақ рухы қалғып кеткен секілді..... | 120 |
| Қазақтың төл тұмары - «Алтын адам»..... | 126 |
| Діни «плацдарм»..... | 130 |
| Қайран, ірілік! | 136 |
| Бағалай білмегенге бақ тұрмайды | 140 |
| Соңғы мүмкіндік | 146 |
| Сарай ақындары неге тарихта қалмайды?..... | 151 |

«ТОҒЫЗДЫҚҚА» ТИГЕН ТОҚСАН ЖОЛ

| | |
|---|-----|
| Тәуелсіздіктің беделін түсіріп алмаймыз ба?..... | 156 |
| Орыстiлділер Отырарды қайтсін, Париж тұрғанда!..... | 158 |
| Кимдер кімге өкпелі?! | 161 |
| Әбiшұлы деген әдемі естiледi емес пе!..... | 164 |
| «Он бес жылда аюды да сөйлетуге болады»..... | 167 |
| Президенттi кім ұятқа қалдырды?..... | 170 |
| «Крепостнойлар» көбейіп барады..... | 173 |
| «Өзің таптырған баланы басқаға бақтырмас болар!..»..... | 176 |
| ... «Оппоненттерге» қашанда оңай болмаған!..... | 178 |
| Партия қайда болса..... | 180 |
| «АХАЖ-дағылар аты-жөндi дұрыс жаза алмайды...»..... | 182 |
| Бізге байлық емес, мінез жетіспей жүр!..... | 184 |
| Әрбір он алтының біреуі мұсылман емес..... | 187 |
| Орталық Азияны билік елесі кезіп жүр..... | 189 |
| Мен украин болғым келеді..... | 192 |
| Тұңғыш Президент нәм Тұңғыш чемпион | 195 |
| Артығалидың Есениннен несі кем?..... | 198 |
| Бақилық болғандар күте тұрсын ба?..... | 201 |

СҰХБАТТАР

| | |
|---|-----|
| Ой тұсалған жерден тоқырау басталады..... | 204 |
| Адамдарға ауызды берген Аллаһ: | |
| «Ақиқатты айтып өт», деген болар! | 215 |
| Табиғи болмысыма сай міндетімді атқарып жүрмін..... | 226 |
| Әлеуметтік салаға келгенде Үкіметтің үні бәсең..... | 238 |
| Аллаһ кешіреді, аруақ кешірмейді..... | 252 |

«ҚАРА МАЙОР»

| | |
|--|-----|
| Ғасырдың үш қасіреті немесе | |
| Алтынбек Қоразбаевтың үш әні төңірегіндегі ой..... | 266 |
| «Қара майор»..... | 281 |
| Теңіз бойын термемен тербеткен..... | 290 |
| Желаяқ..... | 293 |
| Мен іздеген кейіпкер..... | 297 |

Кітапты шығаруға жауапты -
«Қазығұрт» баспасының директоры
Темірғали КӨПБАЕВ

Ғабит МҮСІРЕН

«ТАРИХТЫ ТҮЛҒАЛАР ЖАСАЙДЫ»

Редакторы Сәуле ҮКЕЛІОВА
Суретшісі Пүран АЙЫМБЕТ
Техникалық редакторы Дарико ОМАРҒАЛИЕВА
Беттеген Ермек ҚАБЛАШБЕКҰЛЫ

ИБ № 352

Басуға ж. қол қойылды.

Қалыбы 84x108² Офсеттік басылым.

Қаріп түрі Times New Roman.

Шарты баспа табағы 16, 0

Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша 2000 дана,
баспа тапсырысы бойынша 200 дана.

Тапсырыс № 1055.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050009, Алматы қаласы,

Абай даңғылы 143, 522-офис.

Телефон (факс): 8(727) 394-42-86

e-mail: kazygurt@list.ru

<http://www.kazygurt.kz>

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ЖПІС РІПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а

E-mail: rpik-dauir81@mail.ru